

Талғат Қасен

Қаламмен өрілген өмір



Талғат Қасен. 1956 жылы Қарағанды қаласында туған. 1972 жылы Қорғалжын орта мектебін, 1980 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтын бітірген. 1985 жылға дейін механик, инженер болып қызмет атқарған. 1985 жылдан журналистика саласында еңбек етті. Қорғалжын аудандық газетінде аудармашы, тілші, редактордың орынбасары болды. 1995 жылы Ақмола облыстық “Арқа ажары” газеті редакциясына ауысып, 2019 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін аталмыш басылымда тілші, аға тілші, Астана қаласындағы тілшілер қосынының жетекшісі, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарды.

Қаламмен өрілген өмір

Қолдарыңызға алған «Қаламмен өрілген өмір» атты жинақта ел өміріне қатысты сал алуан тақырыптағы өзекті мәселелер қозғалады. Жылдар жүгін арқалаған кітаптың құндылығы да осында. Әсіресе, ана тіліміздің жылдар бойы айтылғанымен шешімін таппай келе жатқан сойылдай мәселесі, шалғайдағы ауыл жайы, экономикамыздың негізгі бағыттары ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті дамыту жатық тілмен шынайы баяндалады.

Кітап екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде халық қалаулылары мен ел тізгінін ұстаған әкімдермен өткізілген сұхбаттар топтастырылған. Екінші бөлімінде тәуелсіздік жылдарындағы өсіп-өркендеу, дағдарыстың дауылы көрініс тапқан.

Бір айта кетерлігі әр қилы салада жұмыс істеген азаматтардың орнықты пікірі өткен уақыттың шежіресі іспетті. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары қоғамымызда орын алған ауыр кезеңнің тыныс-тіршілігі де оқырманды бейжай қалдырмайды. Жинақ сонысымен бағалы, сонысымен құнды.

I ТАРАУ

Тарихи жылдар белесінде

Ақпарат құралдары халық қалаулылары атап жүрген депутаттар биліктің бір тармағының өкілі ретінде тәуелсіздік алған еліміздің өркендеп дамуы жолында біршама елеулі еңбектерін сіңірді. Олар биліктің басқа тармақтарының өкілдеріндей емес, халық сайлағандықтан түрлі өзекті мәселелер бойынша өз ойларын ашық айтып, ел өміріне қатысты келелі мәселелерде халық мүддесіне бейім болды және билікпен халық арасын жалғастыратын алтын көпір қызметін атқарды. Арқа төріндегі жаңа астанаға көшіп келіп, тәуелсіздігіміздің іргесін бекіткен сол маңызды тарихи кезеңде журналист ретінде көптеген депутаттармен сұхбаттасып, еліміздің өміріне қатысты әртүрлі келелі мәселелер бойынша әңгімелесудің сәті түскен еді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Байбол ӨТЕПБАЕВ:

«Белсенді болудың жөні осы екен деп жоқ жерден дау шығару табиғатымда жоқ қасиет...»

МІНЕ, күні кеше ғана III шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары да бірінші сессия жұмысын аяқтап, демалысқа кетті. Депутаттар жазда демалумен қатар, сайлаушыларымен кездесіп, көптеген мәселелер бойынша халықтың пікірлерін біліп, олардың да көптеген сұрақтарына жауап береді.

Осы үзіліс алдында Парламент Мәжілісіне Ақмола облысынан сайланған депутат Байбол Әнәпияұлы ӨТЕПБАЕВҚА жолығып, бірнеше сұраққа жауап беруін өтінген едік.

– Сіз, облысымыздағы ең ірі кәсіпорындардың бірі – Васильков кен байыту комбинатында басшы қызметте жүріп, Парламент Мәжілісінің депутаттығына өз кандидатураның ұсынып, жеңіске жеттіңіз. Бұл қадамыңыз саясатқа біржола ден қою ма, әлде «Саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады» деген қағиданың әсері ме?..

– Әу баста менің саясатпен айналысамын деген ойым болған жоқ еді. 1991 жылы Васильков кен байыту комбинатына бас кенші болып орналасқанымда да, кейіннен осы кәсіпорынды басқарып жүргенімде де басты мақсатым – мүмкіндігімше осы саланы дамытуға өз үлесімді неғұрлым қомақты етіп қосу болды. Бұл тұрғыда жұмысым жемісті болды деп ұялмай айта аламын.

Ал енді Парламент депутаттығына келетін болсақ, ол кезде мен облыстық мәслихаттың депутаты едім. Ал, Парламент депутаттығына өз кандидатурамды ұсыну туралы ой маған «Отан» партиясының мүшесі ретінде аталмыш партияның Ақмола облыстық филиалының төрағасы Марат Қойшыбаевпен әңгімелесу барысында келді. Сонымен, додаға түстім. Нәтижесін білесіз. Ендігі мәселе еліміздің кәсіби Парламентінде жемісті еңбек ету, маған үміт артқан сайлаушылардың сенімдерін ақтау.

– Депутат ретінде теледидардан да көп көрінбейсіз. Парламент қабырғасындағы түрлі пікір-таластарда да белсенділігіңізді байқамадық. Сіз мені дұрыс түсініңіз, осыған орай сайлаушылар тарапынан «Біздің депутат қайда?» деген сұрақ туындауы мүмкін ғой.

– Депутаттың жұмысы оның теледидардан қаншалықты жиі көрінетіндігімен бағаланбаса керек. Мен Мәжілістегі Экология және табиғат байлығын пайдалану комитетінің мүшесі ретінде бірнеше заң жобаларын дайындауға қатыстым. Жалпы бірінші сессияда төрт заңның жобасы бойынша тұжырымдамалар дайындадым. Сондай-ақ, түрлі мәселелер бойынша Елбасының, Премьер-Министрдің, Бас прокурордың аттарына бірнеше рет депутаттық сауалдар ұсындым. Бұл арада оның бәрін тәптіштеп айтып жатудың қажеті бола қоймас, дегенмен бірінші сессия барысында толыққанды жұмыс атқардым деуіме әбден болады.

Ал, енді өзіңіз айтып отырған белсенділік мәселесіне келсек, Парламентте қаралатын қандай да сұрақтар тұрғысында өз ойымды әрдайым ашық айтамын. Ал, белсенді болудың жөні осы екен деп жоқ жерден дау шығару табиғатымда жоқ қасиет. Айтпақшы, мен жалпы көп сөйлемейтін адаммын. Микрофонға көп ұмтылмауыма мұның да әсері бар шығар.

– Облысымыздың табиғаты қаншалықты әсем екендігі белгілі. Оның ішінде кербез сұлу Көкшетаудың жөні белек. Осы Щучье-Бурабай курортты аймағын дамыту, туризмнен пайда табу қашан дұрыс жолға қойылады?

– Бүгінде бұл мәселе шынында да өте өткір тұр. Осыған орай бұған Елбасымыз да ерекше мән беріп отыр. Оның айғағы ретінде Президентіміздің Щучье-Бурабай курортты аймағына Мемлекеттік табиғи-қорықтық аймақ мәртебесін беру керектігі жайындағы тапсырмасын айтуға болады.

Өкінішке орай, мәселе «баяғы жартас, бір жартас» қалпынан өзгермей тұр. Тіпті, бұл аймақты дамыту бағдарламасын талқылау мәселесі тұйыққа тіреліп қалды десем, артық айтқандық емес. Неге екені белгісіз, осыған ат салысуға тиісті Индустрия және сауда, Ауыл шаруашылығы министрліктері де Су ресурстары комитеті де, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органы да жайбарақат отыр. Сондай-ақ, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі болса аталмыш бағдарламаны республикалық бюджеттік комиссия қарайтын мәселелер тізіміне қосудан бас тартып отыр. Міне, тиісті министрліктер мен ведомстволар тараптарынан орын алып отырған осындай солақай көзқарас мәселенің оң шешілуіне кедергі болып отыр.

– **Енді депутат ретінде бір әрекет жасамайсыз ба?**

– Осыған орай мен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Даниал Ахметовтың атына мән-жайды толық баяндап, депутаттық сауал жолдадым. Енді жауабын жазбаша түрде береді деп күтіп отырмын. Егер тағы да бұл проблема «ұзын арқан, кең тұсауға» салынар болса, Президентке жүгінуге тура келеді. Қалай болған күнде де, Щучье-Бурабай аймағын әлемдік жоғары талаптарға сай демалыс орындарына айналдыру бірінші кезектегі шаралардың бірі. Осы тұрғыдан алып қарағанда, бұл мәселенің шешімін табар күні алыс емес деп сенемін.

– **Табиғатымыздың әсемдігімен қатар, Қазақстанның жер қойнауы да қаншалықты бай екендігі белгілі. Енді маман ретінде түсіндіріңізші, біз жеріміз бай деп мақтанамыз. Ал, іргедегі Өзбекстан алтынды бізден үш-төрт есе көп өндіреді? Ештеңе қиыспай тұр-ау осы...**

– Ол рас. Өзбекстан алтынды бізден көп өндіреді. Нақты деректерге жүгінер болсақ, олар бізден 5-6 есе артық шығарады.

Бұл сонау Кеңес Одағы кезінде қалыптасқан жағдай. Біздің жеріміз бай болғанымен, кен байыту фабрикалары аз. Ал жұмыс істеп тұрғандарының мүмкіндіктері өте төмен. Ащы да болса, шындықты айтайық, ол кезде Қазақстанды тек шикізат көзі деп қана қараған ғой. Мәселен, бізде шығарылған алтын рудасын сонау Армениядағы комбинатқа жіберіп, таза алтын сонда шығарылатын кез болған. Ал, Өзбекстанға келетін болсақ, ондағы бір ғана Новай тау-кен металлургия комбинаты жылына 60 тоннадан артық алтын өндіреді.

Айтпашқы, бұл комбинат орналасқан Мұрынтау қаласы бір кезде Қазақстанның иелігінде болған. Мұның бәрі тағы да қайталап айтайын, сол кездегі солақай саясаттың салдары. Сонымен қатар, Өзбекстанда алтын өндіру саласына біздегіге қарағанда Үкімет тарапынан біршама жеңілдіктер берілгендігін де айтуымыз керек. Енді осыған Өзбекстанда алтын өндіру саласында аттары әлемге әйгілі шет елдік компаниялар жұмыс істейтінін қоссақ, мәселенің мәнісіне түсінуге болар. Қазақстан Үкіметі де бұл мәселеге оң көзқарас білдірсе, бізде де алтынды қазіргіден біршама көп өндіруге мүмкіндік туар еді.

Жалпы, қандай да болмасын мәселені шешуде Үкімет тарапынан экономикалық тұрғыда жан-жақты негізделген кешенді бағдарлама қажет.

Сонда ғана іс алға басады. Өкінішке орай, біздің Үкімет бұл тұрғыда шабан қимылдап отыр.

–Ақмола облысының экономикасы мен әлеуметтік жағдайына, бүгінгі даму барысына көңіліңіз тола ма?

–Әрине толады. Облыс жақсы дамып келеді. Бұл тұрғыда Ақмола облысының әкімі Мәжит Төлеубекұлы Есенбаевтың ұстанған бағыты өте дұрыс. Қазірдің өзінде облыс экономикасында біршама өрлеу байқалады. Енді шағын және орта бизнесті қолдап, жер қойнауы байлықтарын дұрыс пайдалана білсек, Ақмола облысы Қазақстандағы ең бай өлкелердің біріне айналады. Сондай-ақ, бізде ауыл шаруашылығы саласының да мүмкіндігі ұшан-теңіз. Енді осыған жоғарыда айтылған туризмді дамытуды, өнеркәсіпті алға бастыруды қоссақ, облыс халқының әл-ауқатын күрт жақсартуға мүмкіндік туады.

–Қарапайым сайлаушылардың мүдделерін қорғау тұрғысында атқарып жатқан нақты істеріңізді білгіміз келеді. Жалпы, сайлаушылармен жиі кездесесіз бе?

–Мен үшін әрбір сайлаушының мұң-мұқтажы, олардың талап-тілектері, аманаттары әрдайым бірінші кезекте тұрады. Сондықтан, сайлаушылармен болған әрбір кездесуде көтерілген мәселелерге мұқият қарап, олардың оң шешілуі үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланамын.

Өкінішке орай, заңға қайшы келетін болғандықтан кейбір мәселелерді шешу мүмкін болмай қалады. Мәселен, бір азамат Астана қаласынан пәтер алып беруімді өтінсе, енді бірі баласына жұмыс тауып беруімді сұрайды. Тіпті, қаржылай көмек сұрайтындар да жоқ емес. Әрине, мұндай мәселелерді шешу депутаттың құзырына жатпайды. Дегенмен, заң аясынан шықпай, қолдан келгенше сайлаушыларды риза қылып жіберуге тырысамын. Сонымен қатар, маған сайлаушылардан күн сайын өтініштер айтылған көптеген хаттар келеді. Олардың көпшілігін жергілікті жерлерде шешу қажет. Мұндай кезде, жасыратын не бар, облыс орталығындағы, аудандардағы өзім білетін азаматтардың көмектеріне жүгінуге тура келеді. Міне бүгінгі сұхбатымызды пайдалана отырып, менің өтінішім бойынша талай азаматқа демеушілік көрсетіп, қолұшын берген Асқар Әлиев, Нұралы Ахметов, Жәдігер Ахметжановқа, Зеренді ауданынан Әбдухап Серікбаевқа, Щучье ауданынан Әлен Сүлейменов, Балташ Қосыбаев, Иван Варкентин және басқа да азаматтарға шын ризашылығымды білдіргім келеді.

–Қазір Президент сайлауының өту уақыты туралы екіұдай пікір туындап отыр. Осы мәселе жөніндегі Сіздің ойыңызды білгіміз келеді.

–Менің пікірім сайлауды биыл, яғни, 2005 жылдың желтоқсан айында өткізу. Жалпы бұл мәселе жайында Конституциялық Кеңеске сауал жіберілгенін білесіздер. Соның жауабы келген соң, Парламентте соңғы нүктесі қойылатын болады.

– Еліміздің аймақтық-әкімшілік құрылымдарында өзгеріс болуы мүмкін деген сөз бар. Басқаша айтқанда, кезінде жабылған кейбір облыстар қайта ашылады-мыс деген қауесет шындыққа қаншалықты жақын?

–Бұл сұраққа жуырда Президентіміз нақты жауап берді ғой. Менің оған алып-қосарым жоқ. Шындығында да, экономикамыз көтеріліп, халықтың жағдайы жақсарып келе жатқанда «бүйректен сирақ шығарып», әкімшілік құрылымдарға өзгеріс жасаудың қажеті жоқ.

Рас, Семей, Торғай облыстарын ашу қажеттілігін айтып, мәселе көтеріп жүрген депутаттар бар. Бірақ, олар әзірге көпшіліктің қолдауына ие болып отырған жоқ. Сондықтан, әзірге ешқандай өзгеріс бола қояды деп ойламаймын.

– Сіз ірі кәсіпорын басшысы болдыңыз, бүгінде Парламент депутатысыз. Сізді бай адамдар қатарына қосуға болатын шығар...

– Кедеймін десем, күпірлік болар. Бірақ, баймын деп те айта алмаймын. Мәселен, кредит алу мәселесіне келгенде Қазақстан Халық Банкінің тұрақты тұтынушыларының бірімін. Менің қаншалықты ауқатты адам екенімді осыдан-ақ біле беріңіз.

–Әңгімеңізге рахмет! Жұмысыңызға табыс тілеймін.

–Сізге де рахмет!

(«Арқа ажары» газеті, 16 шілде 2005 жыл).

**Парламент Мәжілісінің депутаты Зәуре ҚАДЫРОВА:
«Мәселені шешу үшін жалаң белсенділік емес,
ТЫНЫМСЫЗ ЖҰМЫС ҚАЖЕТ»**

Қазіргі Парламент Мәжілісі депутаттарының халық қалаулысы ретінде өз міндеттерін атқарып келе жатқандығына да бір жылдан асып барады. Әрине, олардың өз мүмкіндіктерін көрсетулері үшін алда біраз уақыт бар. Дегенмен, сайлаушылар тарапынан өткен бір жыл ішінде қандай іс тындырылды, қандай ауқымды мәселелер шешілді деген сияқты сауалдар туындауы әбден мүмкін. Осыған орай біздің тілшіміз Ақмола облысынан сайланған Парламент Мәжілісінің депутаты Зәуре Жүсіпқызы Қадыровадан бірнеше сұраққа жауап беруін өтінген еді. Соны оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

–Сіздің бұрынғы Жоғарғы Кеңестің екі рет депутаты болғаныңызды айтпағанның өзінде, кәсіби Парламентте үшінші рет депутатсыз. Жалпы, Қазақстанда кәсіби Парламент толық қалыптасты деуге бола ма?

–Қазақстанда қазіргідей қос палаталы Парламент 1996 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Осы уақыт аралығында билікті бөлу жүйесінде жұмыс істейтін қазіргі заман талаптарына сай кәсіби Парламенттің қалыптасу кезеңі аяқталды деуге болады. Соның нәтижесінде мемлекетіміз қоғамымыздың

барлық салаларын жаңғыртуға және дамытуға жол ашатын жаңа заң жүйелерін қалыптастыруға мүмкіндік алды.

Депутаттар корпусының біліктілігі жоғары деңгейге көтерілді. Оған белгілі бір деңгейде кейбір депутаттардың екі, тіпті үш шақырылымда депутат болып сайланғандығы да өз әсерін тигізді деуге болады. Сонымен қатар, халық қалаулыларының көпшілігі өмірдің түрлі бұралаңдарын көрген, кәсіби тұрғыдан білікті де, тәжірибелі адамдар.

Сайып келгенде, мұның бәрі оларға алда тұрған мемлекеттік маңызды мәселелерді шешуде дұрыс шешім қабылдауға және өз сайлаушыларының мүдделерін қорғауда табандылық танытуларына мүмкіндік береді.

–Ақмола облысынан сайланған депутат ретінде осы уақыт ішінде облыста қандай келелі мәселелердің шешілуіне ықпал еттіңіз?

–Жалпы, кейінгі жылдары республика аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрғысында біраз жетістіктерге қол жеткізілді. Бұл үрдіс біздің Ақмола облысында да байқалады. Мәселен, медицина мекемелері қалпына келтіріліп, мектептер салынуда. Мәдениет ошақтарының жұмыстары жанданып, түрлі спорт кешендері жұмыс істей бастады. Осыдан бірнеше жыл бұрын облыс аудандарын аралағанымда шешімі табылмаған көп мәселелерді көрген болсам, кейінгі уақытта жағдай едәуір жақсарды. Осының нәтижесінде бұрын қалаға көшіп кеткендердің біразы аудан орталықтары мен ауылдарға қайтып келе бастады.

Ал енді нақты деректерге келер болсақ, ауылдық аймақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы аясында Жақсы ауданы орталығында 900 орындық мектеп салынатын болды. Сондай-ақ, Есіл қаласында да 520 орындық қазақ орта мектебін салу межеленді. Бұл екеуінің де құрылысы 2007 жылы аяқталуға тиіс. Ал, «Ауыз су» бағдарламасы бойынша Жарқайың ауданының орталығы Державин қаласында су құбыры толық жөндеуден өткізілетін болды. Енді осыған жергілікті әкімдіктер мен «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қолдауымен облысымыздың біраз аудандарында темір жол вокзалдары мен автовокзалдарды қайта қалпына келтіруге қол жеткізгендігімізді қоссақ, біраз игі істер атқарылды деуге болады.

Өкінішке орай, облысымызда қордаланып қалған көптеген проблемаларды бірден шешіп тастау мүмкін емес. Яғни, әлі де біраз тер төгуге тура келеді. Мәселен, облыс аумағындағы жолдар мен ауыз су проблемасы басты қиындық болып тұр. Сондай-ақ, шешімін күткен басқа да мәселелер баршылық.

– Парламент қабырғасында біраз пікір-таласқа негіз болған 2006 жылға арналған республикалық бюджет те қабылданды. Осыған орай, Ақмола облысына не бұйырды деген сұрақ туындайды.

–Республикалық бюджеттен басқа облыстармен қатар бізге де жыл сайын білім беру және денсаулық сақтау салаларын дамытуға және басқа да мәселелерді шешу үшін мақсатты трансферттер қарастырылады. Яғни, биыл да ештеңеден құр қалмаймыз.

– Бұрынғы депутаттар сайлаушылар аманаттарын орындаушы еді. Кәсіби Парламентте ондай түсінік жоқ қой. Осыған орай, Сіз сайлаушылардың мұң-мұқтаждарын қалай шешесіз?

– Бұл мәселеде ең бастысы – жергілікті жерлерде жиі болып, бәрін өз көзіңмен көру. Көп жағдайда, барлық жерлердегі проблемалар бірдей. Олардың ішіндегі мемлекеттік маңызы бар ауқымды мәселелерді тиісті жылдың бюджетін қарағанда шешуге тырысу керек. Ал, ағымдағы мәселерді шешу үшін Парламенттік тыңдау, депутаттық сұраныс, Үкімет пен министрліктерге, ведомстволарға хат жолдау сияқты түрлі жолдар бар ғой. Жалпы, қандай болмасын мәселені шегіне жеткізу үшін құр байбалам салу аздық етеді. Ең бастысы – өзің көтеріп отырған проблеманың маңыздылығы мен көкейкестілігін экономикалық тұрғыдан болсын, басқа жағынан болсын егжей-тегжейлі зерттеп, қажеттілігін дәлелдеп шығу.

– Депутаттардың басым көпшілігі белсенділік таныта бермейді деген пікірге не айтасыз?

– Депутаттардың көпшілігі белсенділік танытпайды деуге болмас. Бұл тұрғыда әркімнің жұмыс тәсілі әрқилы болатындығын ескеру қажет. Кімнің қалай жұмыс істейтіндігіне баға беру үшін баспасөз беттеріндегі сұхбаттар мен теледидардан қаншалықты көрінетіндігіне сүйену дұрыс емес. Басқаша айтқанда, кез-келген депутаттың қандай мәселені қалай шешкендігі көпшілікке көріне бермейді. Бұр арада нәтижеге қарау керек. Сондай-ақ, сайлаушылардың өздерінің де белсенділік танытқандығы абзал. Жергілікті билік орындары да өз міндеттерін талап деңгейіне сай орындап, бәріміз «бір жеңнен қол шығаруымыз» қажет.

– Ақмола облысы республикамызда астықты ең мол өндіретін аймақтардың біріне жатады. Осыған байланысты бізде ауылға қаншалықты көңіл бөлінген деп ойлайсыз? Нақтырақ айтсақ, ауыл жылдарында не тындырылды?

– Бекітілген бағдарламалық құжаттарға сәйкес 2003-2005 жылдары ауыл экономикасына 150 миллиард теңгеден астам қаржы жұмылдырылды. Республика Президентінің 2004-2010 жылдарға арналған ауылдық жерлерді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы бекітілгендігі белгілі. Бұл Бағдарламаның басты мақсаты ауылдық – жерлерді жедел дамыту және экологиялық және экономикалық тұрғыда зардап шеккен немесе болашағы бұлдыр ауылдық аймақтардан қоныс аударған тұрғындардың жұмысқа орналасуларына көмек көрсету болып табылады.

Бұл орайда, нақты деректер келтірер болсақ, 2004 жылдан бастап бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін жыл сайын республикалық бюджеттен 1 миллиард теңге қаржы бөлініп отыратын болды. Ал, 2006 жылға арналған бюджетте Ауыл шаруашылығы министрлігі арқылы 59,5 миллиард теңге бөлінді. Бұл қаржы облыстарда ауыл шаруашылығын дамытуға ауыз сумен қамтамасыз ету нысандарын салуға қосымша 2 миллиард теңге жанар-жағар май алуға көмектесуге тағы да 3,5 миллиард теңге бөлуге қол жеткіздік. Бөлініп отырған бұл қаржылардың біздің облысымызға да тікелей қатысы бар. Яғни, ештеңеден құр қалған жоқпыз.

– Әңгімемізді басқа арнаға бұралық. Сіз қазіргі оппозиция өкілдерінің басым көпшілігін жақсы білесіз ғой. Жалпы, оппозиция өкілдеріне деген көзқарасыңызды білгіміз келеді.

–Бұл сұраққа жауап берер алдында менің есіме осыдан біраз жыл болған бір оқиға есіме түсіп отыр. Өзіңізге белгілі, еліміздегі жағдай қиындап, экономикамыз тұралап, саяси жағдай да ала-құла болып тұрған кезде біз – бір топ интеллигенция өкілдері, елге есімдері белгілі адамдар қол қойып, баспасөз беттері арқылы «Үндемеуге құқымыз жоқ» (орыс тілінде «Не може м молчать») деп үндеу жариялап едік. Оның негізгі мазмұны қоғамымыздың барлық салаларындағы күрделі жағдай, қолға алынған реформалардың стратегиялық бағыттары айқын еместігі, оларды іске асырудың экономикалық негіздері бұлыңғыр екендігі жайында еді. Өкінішке орай, екі күннен соң Үндеуге қол қойған 6-7 адам «жаздық, жаңылдық», «Үндеумен таныспай қол қоя салдық» дегендей уәждер айтып ат-тондарын ала қашты. Ал енді біреулері сол уақытта көтерілген мәселелерді «әлі илеп» келеді. Басқаша айтқанда, бүгінгі қол жеткен табыстарымызды көргілері келмейді. Олардың басым көпшілігі өзіңіз айтып отырған оппозиция өкілдері.

Жалпы, билікті сынаған дұрыс. Дегенмен, сынаудың жолы осы екен деп «көрмес, түйені де көрместің» кебін кию жақсылыққа апармайды. Барды бар деп, жоқты жоқ деп айту керек қой. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, «айтылған сөз – атылған оқ» екендігін ұмытпасақ деймін.

–Мемлекеттік тіл неге өз шешімін таппай келеді? Депутаттардың көпшілігі әлі де орыс тілінен айрылмай отыр. Мұны қалай түсінеміз?

– 1997 жылы қабылданған «Тілдер туралы» Заң мен 1998-2000 жылдарға арналған тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы мемлекеттік тілді қоғамдық өміріміздің барлық саласына енгізуге жағдай тудырып отыр. Осыған орай, іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу біраз облыстарда Қолға алынды. Басқа аймақтарда да іске асырыла бастады. Бүгінгі күні 2001-2010 жылдарға арналған осындай бағдарлама жұмыс істейді.

Жалпы, мен «тіліміз құрып барады, бұл тұрғыда ештеңе істелмей отыр» деген байбаламмен келіспеймін. Тілді дамыту жөнінде Мемлекеттік бағдарлама бар, оны іске асырудың тетіктері қарастырылған. Ендігі мәселе – бәріміз бірдей осы бағытта жұмыс істеу. Бұл орайда, «арбаны өзің бірге сүйреспей, сырттан қамшы үйірудің» қажеті жоқ.

Мәселен, 2006 жылға арналған республикалық бюджетте тілдерді дамытуға 161 миллион теңге қарастырылған болатын. Депутаттардың бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарауы арқасында қосымша 500 миллион теңге бөлінетін болды. Үкімет тарапынан да тіл мәселесіне түсінушілікпен қарап, депутаттарды қолдауы қазақ тіліне деген көзқарастың қаншалықты деңгейде екендігін аңғаруға болар. Яғни, бәз-біреулер айтып жүргендей, қазақ тілі қағажу көріп отыр деген пікірмен келіспеймін.

–Зауре Жүсіпқызы, мазмұнды әңгімеңізге рахмет! «Арқа ажары» газетінің оқырмандары атынан жұмысыңызға табыс тілейміз!

(«Арқа ажары» газеті, 15 желтоқсан 2005 жыл).

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Серік ҚОНАҚБАЕВ:**

«Спорт та, саясат та төзімділікті қажет етеді»

ӨМІРДЕРЕК

Серік Керімбекұлы Қонақбаев 1959 жылы Павлодар қаласында дүниеге келген. 1981 жылы Жамбыл гидромелиорациялық-құрылыс институтын, 1999 жылы Халықаралық Қазақ-Түрік университетін бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты.

Әлемге әйгілі боксшы. Еуропаның 2 дүркін чемпионы, Әлем кубогын 2 рет жеңіп алған. Мәскеудегі XXII Олимпиадалық ойындарының күміс жүлдегері, Әлем чемпионатының күміс жүлдегері. КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері. Кәсіпқой бокс федерациясының президенті. Пан-Азиаттық бокс ассоциациясы (ПАБА) атқарушы комитетінің мүшесі.

Серік Қонақбаев қазақ деген халықтың қандай болатындығын төрткүл дүниеге танытқан біртуар азаматтарымыздың бірі. Спортты бағалай білетін әр адам, оның ішінде бокс жанкүйерлері үшін Серік Қонақбаевтың алар орны ерекше. Өткен ғасырдың 80-ші жылдары әлемде шеберлігі жағынан оған тең келетін боксшы некен-саяқ болды десек, шындықтан алыс кетпегеніміз.

Әрине, әр нәрсе өз уақытында ғой. Кешегі шаршы алаңда атой салып, әлем елдерінің «сен тұр, мен атайын» деген талай сайыпқыранын жеңілістің ащы дәмін татуға мәжбүр еткен Серік Қонақбаев бүгінде белгілі саясаткер, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты.

1999 жылдан бері Парламент Мәжілісінің депутаты ретінде мемлекетімізге қажетті талай заңдардың қабылдануына белсене ат салысып келе жатқан халық қалаулысымен мереке қарсаңында сұхбаттасудың сәті түсіп еді.

–Секе, бокста ешкімге дес бермегендігіңіз белгілі. Дегенмен, саясаттың жөні бір басқа ғой. Осыған орай, депутат ретінде айтқан ұсыныстарыңыз өтпеген сәттерде «шіркін-ай» деген кездеріңіз бола ма?

–Әр адамның өмірінде сіз айтқандай «шіркін-ай», дегізетін сәттер болатын шығар. Тіпті, ол заңды құбылыс деп ойлаймын. Жалпы, тек саясатта

ғана емес, жай өмірдің өзінде де бәрі бірден дұрыс шешіліп, бірауыздан қолдау тауып кететін жайттар сирек кездеседі. Дегенмен, алға қойған мақсатты орындау үшін белсенді еңбек етіп, мәселенің мәнісіне терең үңіліп дегендей, әрдайым табандылық танытсаң, бітпейтін іс бола ма? Ал кез келген кедергіге абыржып, ашуға бой алдырсаң, асығыс шешім қабылданады. Бұл тұрғыда, әсіресе, саясатта жіберілген қатенің бағасы өте қымбат болатындығын ұмытуға болмайды. Яғни, барлық мәселені жан-жақты зерттеп, істің анық-қанығына жетіп барып қана бір тоқтамға келу қажет. Сонда ғана «шіркінайларға» көп ұрынбайсың.

–Қалың жұртшылықтың депутаттар жұмысына баға берерде көбіне олардың теледидардан қаншалықты көрінетіндігіне сүйенетіні бар. Сіз көп көріне бермейсіз. Бұл баяғы бокстағы қоян-қолтық жұдырық алмасуға көп еліктемей, ара-қашықтықты нық ұстап, сәті келгенде қарсыластын маңдайы мен шықшытын шертіп отыратын әдетіңізден қалған құбылыс па?..

–Депутаттардың жұмысына баға берерде теледидар мен баспасөз беттерінде қаншалықты көрінетіндігіне сүйену дұрыс болмас. Кімнің қаншалықты жұмыс атқарып жатқандығын көзі қарақты жұртшылық, жалпы, сайлаушылар біледі ғой. Шындыққа сүйенсек, Парламентте кездейсоқ адамдар болмайды. Біздің әрқайсымызға үміт артып отырған мыңдаған сайлаушыларымыз бар. Ал енді, баспасөз беттерінде көріну мәселесіне келсек, өз басым алдымен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы айқай-шу таратып барып, мәселе шешкенді ұнатпаймын.

Жалпы, мен спортшы болғандықтан шығар, көбінесе маған сұрақты осы саясат пен спортты салыстыру түрінде қояды. Саясат та спорт сияқты төзімділікті, сабырлылықты, байсалдылықты қажет етеді. Алайда, спортта күшпен жеңіске жету әбден мүмкін болса, саясатта тек күш-жігер ғана емес, ақыл-ой, адамның бойындағы жеке қасиеттер қажет. Ал екеуінің ұқсастығына келер болсақ, спорт та, саясат та өте ауыр да, қажырлы еңбек.

–Қазақстанда қос палаталы Парламент қажет пе деген мәселеге қалай қарайсыз? «Қара жұмысты мәжіліс атқарады, Сенат «дайын асқа тік қасық» деген де пікір жоқ емес.

–Бұл мәселе жайында ұзақ пікір таластыруға болады. Қоғамда қанша адам болса, сонша пікір болатындығы ақиқат қой. Біздің Ата Заңымызда бұл мәселе нақты жазылып, заң шығарушы органның екі бөлігінің де құзыреттері толық белгіленген. Қазіргі Парламентке келер болсақ, осы уақытқа дейін екі палата тежемелік, әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара қарым-қатынас принципіне сәйкес бірін-бірі толықтыра отырып, мемлекетімізге қажетті көптеген заңдар қабылдады. Ал қос палаталы Парламент қоғамға қажетсіз болса, өз жұмысын тоқтатқан болар еді.

–Республика бюджетін қабылдайсыздар да, кейіннен қаптаған өзгерістер мен толықтырулар енгізе бастайсыздар. Осыған орай, сайлаушылар тарапынан «Осы депутаттар басында қайда қараған» деген сұрақ туындайды. Бір назар аударарлығы бұл жылда

қайталанатын құбылыс. Сонда, не сіздерге біреу «құлаққағыс» қыла ма?

– Меніңше мұндай сұрақ республикалық бюджет бойынша атқарылатын өте күрделі жұмыс барысын толық білмегендіктен туындайды. Бюджет тек депутаттардың ғана құзырындағы мәселе емес. Ең алдымен бюджет, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде дайындалып, онан соң Үкіметтің талдауынан өтеді. Сонан соң ғана Парламенттің қарауына келеді. Мұнда бірнеше ұсыныстар айтылып, өзгерістер енгізіліп, бірнеше талқылаулардан соң барып қабылданады. Одан әрі қаржының дұрыс жұмсалуды орталық және жергілікті атқарушы органдар қадағалауға тиіс. Бөлінген қаржы мерзімінде игерілмесе, тиімді жұмсалмаса немесе жетіспеген жағдайда өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

– Ұлттық компаниялардың бюджетін қадағалау қажет деп шырылдаған дауыстарыңыздан әлі нәтиже шықпай тұр-ау... Бұл сонда, «Ақша көп жерде, проблема да көп» деген қағида ма?

– Бұған орай, «Ақша есепті сүйеді» десем дұрыс бола ма? Әрине, сөз болып отырған компаниялар «Ұлттық компания» болғандықтан олардың жұмыстарын, бюджетін қадағалау қажет. Осыған орай, екінші сайланған Парламентте менің әріптестерім бұл мәселені көтеріп, заң жобасын ұсынған болатын. Бірақ кезінде олардың бастамалары Үкімет тарапынан қолдау таппады. Жақында өздеріңіз білетіндей, бұл саланы реттеу мақсатында Елбасының Жарлығымен «Самұрық» мемлекеттік холдингі құрылды. Жұмысы жаңа басталды ғой, нәтижесін алда көре жатармыз.

– Әлеуметтік сала министрлерін Парламент депутаттары талқылауынан өткізу қажет деген пікір дұрыс делік. Бірақ, бұл үрдіс министрлерді «ықпалды», «ықпалсыз» деп бөлуге жол беріп жүрмей ме?

– Мен Үкімет мүшелерін олай бөлуден аулақпын. Біріншіден, ол азаматтар мемлекеттік қызмет атқарып, жалпы елімізге жұмыс істеп отыр. Неге олар жеке біреулердің сөзіне еріп, бағынышты болуы керек?! Конституциямыз бойынша Парламент пен Үкімет биліктің екі тармағы. Ал, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық. Ел мүддесі, мемлекет тұтастығы сияқты басты мақсаттарды алға қойып, қоян-қолтық жұмыс істеуден басқа бір-бірімізге тәуелді немесе бағынышты болу жағдайларын көріп отырған жоқпын.

– «Зерлі аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» деген бар ғой. Саясатты бірауық қоя тұрып, қазақтың Қонақбаевы ретінде қазақ боксының бүгінгісі туралы пікіріңізді де білсек.

– Саясатта жүргеніммен мен спорттан, оның ішінде бокстан қол үзген жоқпын. Әрине, бұрынғыдай рингке шықпаймын. Дегенмен, Қазақстанның кәсіпқой бокс федерациясының президенті қызметін атқарамын. Бұл федерация 1992 жылы құрылған. Содан бері спорттағы талай бастамалардың ұйымдастырушысы болып жүрміз.

Мәселен, елімізде кәсіпқой боксшылар арасында әлем және интерконтиненталь чемпионы атағын жеңіп алу жолында бірнеше рет жекпе-жек турнирлері өткізілді. Бұл біздің спорттың халықаралық деңгейге

шығудағы тағы бір жемісті қадамы деп ойлаймын. Ал өткен жылы Марат Мәзімбаев бауырымыз Алматыда бүгінгі таңда өз салмақ дәрежесі бойынша ең үздіктердің бірі екендігін дәлелдеп, әлем чемпионы атанды. Бұл да мемлекетіміздің әлемдегі дәрежесінің өсуі, қазақтың тағы бір саты жоғарылауының көрінісі деп білемін.

Жалпы, бүгінгі қазақ боксына тоқталсақ, біздің спортшыларымыздың деңгейлерінің жоғарылағаны күмән тудырмайды. Кейінгі уақытта тіпті, әлем боксшылары сақтықпен қарайтын кубалықтарды да біздің жігіттер шаң қаптырып жүр. Бұл да біраз жайды аңғартса керек.

Жалпы, спорттағы жетістіктер елдің басқа саладағы жетістіктерінен кем түспейді, тіпті, олар бетке ұстар көрсеткіштердің бірі десек те, шындықтан алыс кетпегеніміз. Осының нәтижесінде еліміз танымал болып, спорт қауымдастығында өзінің беделді орнын алып отыр.

–Кейінгі уақытта елімізде бірнеше белді саясаткер опат болды. Бұл тұрғыда әртүрлі әңгіме өрбіді. Осы орайда, біраз депутаттар нақты пікір айтпады-ау дегенге не айтасыз?

– Депутаттар жеке тұлға, азамат ретінде өз пікірлерін білдіріп жатыр. Менің заңгер ретінде айтарым, бұл мәселе заң шеңберінде өз шешімін табуы керек. Ал тергеу жұмыстары аяқталмай жатып, біреуді қаралап, біреуге жала жабу үлкен қателік болады. Тиісті құзырлы органдар өздерінің тәуелсіз, әділ тексеруін жүргізуі қажет. Ата заңымызда белгіленгендей, адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша, ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі.

Әңгімеміздің соңында «Арқа ажары» газетінің оқырмандарын алда келе жатқан Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтай отырып, әр отбасына амандық пен саулық тілеймін.

–Әңгімеңізге рахмет.

(«Арқа ажары» газеті, 29 сәуір 2006 жыл).

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Серік ҚОНАҚБАЕВ:**

«Кемшілікті өзгеден емес, өзімізден іздейік»

–Секе, әбден жауыр болған сұрақ, бірақ айтпасқа болмайды. Қазақтың біртуар азаматтарының бірісіз, айтыңызшы, осы біз неден соншама қор болдық?! Нақтырақ айтсам, Қазақстанда өз тілін білмейтін не бір шешен немесе ингуш жоқ. Бейшара болып отырған біз ғана. Бізді

құртып кеткен Кеңес Үкіметі де емес, басқа да емес, өзіміздің намысымыздың жоқтығы ғой. Енді қайттік?!

–Тіл туралы қынжылысыңыз өте орынды. Ол жөнінде аз айтылып та, жазылып та жүрген жоқ. Жан түбінде жатқан намысымызды ояттыңыз-ау. Расында да, айтқаныңыз өте орынды. Шындыққа жүгінсек, кінә тағу оңай, ал жіберілген қателіктердің себебін анықтау, оларды түзеу жолындағы жұмыстармен ешкімнің толыққанды айналыспай отырғандығы аян. Көп жағдайда, мәселенің мәнісіне терең бойламай, әй-шай жоқ айғайлап, бәрін тарихқа сілтеп, «бәріне Кеңес Үкіметі кінәлі» деп оңай құтыламыз. «70 жыл бодан болдық» деген сылтау да ақылға сыймайды. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін сылтаудың бәрін жиып қойып, дүр сілкінуге жарамай отырғандығымыз рас.

Әрине, түрлі себептердің болғандығы рас. «Орысша білмесең, адам болмайсың» тарих қойнауында қалды ғой. Тәуелсіз ел болып, әлемдік картада ойып тұрып орын алғандығымызға да 15 жылдан асты. Осы жылдарда мемлекеттік тілде тілі шыққан бір буын өсіп шығатын болды ғой. Бірақ... Міне, бәрі осы «бірақтан» басталады. Алдымен, өзіміздің қазақтар салғырттық танытып отыр. Бізде кез-келген мәселені науқанға айналдыру белең алған ғой. Мүмкін тіл мәселесі де сол «бүгін бар, ертең жоқ» ұранның бірі десе керек, әлі де болса салғырттық басым.

Ендігі бір мәселе, өзіңіз айтқандай, барымызды жұрттан бұрын жоғалта бастағандығымыз. Өзіңіз айтқан шешен, ингуш азаматтары өз тілдерін ұмытқан жоқ. «Кеңес Үкіметі төпелей берді» деген қандастарымыз сол шешендердің қиындықты бізден де көп көргендігін білетін шығар. Екі көйлек, бір шалбарымен жер аударылғанда да олар өздерінің бет-бейнесін сақтап қалды. Ал, біз болсақ, өз үйімізде отырып, тілден жұрдай болуға шак қалдық. «Жаман үйді қонағы билейді» деген осы болар, сірә.

Бүгінгі мәселе, «сен не бітірдің, мен не тындырдым» дегендей, айтыспай, істі нақты қолға алу.

–2007 жыл Қазақстанда «Қазақ тілі жылы» деп жарияланады деген сөз бар. Айтыңызшы, Францияда немесе Германияда «Француз тілі», «Неміс тілі» жылы деп жарияланды дегенді көзге елестете аласыз ба?

–Бұл сұраққа жауап беру үшін мен бірқатар тілдердің әлемдік маңызына тоқталайын. Мәселен, испан тілі – 30 елде, ағылшын тілі – 14, араб тілі – 13, француз тілі – 9 елде мемлекеттік тіл болып табылады. Осыған орай, ойлансақ, бір жылды «Қазақ тілі» деп атап, соның шеңберіндегі шаралармен айналысу ұлттық өреміздің аясын кеңейтпейді. Мұндай алдамшы дүниелерден арылу қажет. Оны Елбасымыздың өзі шегелеп айтты ғой. Біле білген адамға осының өзі ой тастауы керек.

Біз тіл мәселесіне бұлай келетін болсақ, көпұлтты мемлекет екендігімізді ұмытпайық. Күні ертең басқа ұлттар да тіл жылын өткіземіз десе, не істейміз?! Мәселеге бұлай қарайтын болсақ, құдай бетін аулақ қылсын, 120-130 (осынша ұлт мекендейді ғой) жыл бойы тілдерді дамыту жылдарын өткізуіміз керек пе? Жоғарыдағы ойды айтқан адамдар осыны неге ойламады екен?

Әрине, ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлер күндерін өткізудің айыбы жоқ. Дегенмен, «бояушы бояушы дегенге, сақалды бояудың» мүлдем қажеті жоқ.

– Бір тақырыпты айналып шыға алмадық-ау. Айтқаныңыздың бәрі дұрыс. Үкімет те бұл мәселені дұрыстап қолға алғанға ұқсайды. Дегенмен, «балапандарды күзде санармыз». Айтыңызшы, 15 жыл бойы жалындық қой. Нәтиже мардымды емес. Жүзеге асуы күңгірт бағдарламалар қабылдап, бір орыс қазақша ән салса «тіліміз тамаша» деп шыға келеміз.

– Одан да ешкімге жалтақтамай-ақ, еліміздегі бухгалтерия, банк, салық жүйесін күштеп қазақшаға неге аударып жібермейміз? Сонда қазақтың шаласы да, басқасы да мойынсұнбай ма? Әлде, тағы да «Елбасы не дейді» деп отыра береміз бе? Мұнымен «таң атып, күн бататындығына» күмән бар...

– Шынында да, ең алдымен қазақ тілінің қажеттілігін арттыру керек. Егер әрбір адамның күнделікті өмір сүруіне әсерін тигізетін тұтыну тетіктері, дүкендер, шаштараздар, басқа да қызмет көрсету орындары, түрлі төлемдер қабылдайтын орындар, айта берсек, толып жатыр, күн сайын кездесетін мәселелер таза қазақ тілінде жүретін болса, жағдай түзелер еді.

Бұл орайда, бір мысал келтіре кетейін. Қазір халықтың тұрмысы түзелді. Шетелге дем алуға бару немесе іссапармен жол жүру таңсық емес. Сонда, сол іссапарда әркім кем дегенде сол елдің бір-екі сөзін үйреніп келетіндігі кәдік. Барған елінде дүкенге барып, үйде қалған туысқандарға базарлық алу үшін дүкеншімен ымдасып болса да тіл қатысасыз. Сөйтіп жүріп тіліңізді де едәуір сындырасыз. Ал енді сол елге жиі баратын болсаңыз, ақындар айтысына қатыспасаңыз да, нан сұрап жей алатын дәрежеге жетесіз. Бұл деген тілге деген қажеттілік. Міне, біз осыған қол жеткізе алмай отырмыз. Бір министр қызметкерлері жазып бергенді терлеп-тепшіп оқып берсе (кейіннен құдайға сыйынатын шығар) «әжептәуір үйреніп қалды» деп қуанамыз.

Мұны айтып отырған себебім, пендешілік, жалған намыстан арылуымыз керек. Осы ойды жалғастыратын болсам, Елбасының «Туған елім – тірегім» атты кітабында «Қазақты еш уақытта сырттан жау алған емес, ала алған да емес. Қазақ әлсіресе алауыздықтан әлсіреген, күшейсе биліктен күшейген» деген ұлағатты сөзі бар. Олай болса тіл сияқты өресі кең ұлттық мәселеде бұдан артық, бұдан астарлы бағдарлама болуы шарт емес. Яғни, бөліп-жаратын ештеңе жоқ. Төбедегіні төртеу етіп, бір мақсатта жұмыс істеу керек.

– Жуырда ғана жаңа Премьер-Министр тағайындалды. Кәрім Мәсімов үшін дауыс бердіңіздер. Халықтың әлеуметтік жағдайында өзгерістер бола ма? Әлде «қосылғыштардың орнын өзгерткеннен қосынды өзгермей ме?»

– Жалпы, халықтың әлеуметтік жағдайы бір адамның қолындағы шаруа емес. Сондықтан, жаңа Премьер-Министр келіп, ол бәріміздің өмірімізді бір күнде жақсартып жібереді деген ой дұрыс емес шығар. Біздің халқымыздың сана-сезімінде қалыптасқан, көңілге онша қонбайтын бір ерекшелік бар-ау. Біз барлық жүкті біреуге артып қоятын әдеттен арыла алмай жүрміз. Жұмысымыз жанданбай жатса да, қаржымыз жетіспей жатса да біреуді кінәлауға бейім тұрамыз. Бұлай жүре берсек, өмір сүріп жатқанымыздың өзін

міндетсінетін шығармыз. Әрине, Үкімет тарапынан халыққа деген қолдау міндетті түрде болуға тиіс. Дегенмен, кеудесінде жаны бар азамат қимылдау керек қой. Тепсе темір үзетін азаматтар «жұмыс жоқ» деп қол қусырып отыра берсе, «аспаннан құймақ жаумайды».

Елбасы айқындаған, Үкімет қолға алған нақты бағдарымыз бар. Стратегия белгілі, іс қолға алынды. Өзіңіз айтып отырған өзгерістерді өзгеден күтпей, өзіміз жасайық. Кім біздің қолымыздан қағып жатыр? Көршің зәулім үй салса, «Бұл ақшаны қайдан алды» деп бас ауыртпай, «мен неге салмаймын» деу қажет қой.

–Осы орайда 2007 жылғы бюджетке тоқтала кетсеңіз. Өткен жылғы бюджет біраз дау-дамай тудырып еді, биыл белсенділіктеріңізді байқай алмадық. Бәрі тамаша ма?..

–Тамаша, тамаша емес деу оншалықты дұрыс емес шығар. Бәрі салыстырмалы түрде бағаланады. Әрине, 90-жылдармен салыстырғанда «тамаша» шығар. Ал, экономикасы дамыған, өркениетті елдермен салыстырғанда «тамашаның» ауылы алыстау. Тәубәні ұмытпаған абзал, бірақ, бүгінгі әлемдік аламанда «шаң қаппаудың» амалын ойлау қажет.

Енді бюджетке тоқтала кетейін. Жалпы алып қарасақ, биылғы бюджетте әлеуметтік қажетке деген шығындар басымдау. Білімге, денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржы көбейді. Бірақ, бұл салалардағы проблемаларды бірден шешіп тастау мүмкін еместігін де ұмытуға болмайды. Бәрі де рет-ретімен атқарылатын жұмыстар. Осы орайда, бюджет жайлы кейбір ақпарат құралдарында жарияланған материалдар туралы да айта кеткім келеді. Мәселен, олардың пікірінше бюджет қабылданар кезде депутаттар қызылкеңірдек болып айтысып, бюджет айқай-шумен қабылданса ғана оның сапасы жоғары болатын сияқты. Алайда, дау-дамай ешқашан жақсы нәтижеге жеткізбеген. Әр нәрсе сабырмен, ақылмен шешілуі керек. Бюджет дегеніміз еліміздің басты қаржы құжаты. Онда барлық мәселе мейлінше кең қамтылуы керек. Алайда, мәселе туындаса болды, сол мезетте шешіп тастау керек деу де ақылға сия қоймайды.

Осы орайда, нақты жүзеге асуына өзім мұрындық болған бір мәселені айта кетейін. Мәселен, мен Парламент Мәжілісіне екінші рет Жамбыл облысынан сайланғалы 2 жыл өтті. Сол 2004 жылдан бастап бұрынғы Кеңес Одағынан қалған поселкелердің мәртебесін өзгертіп «ауыл» деген статус беру мәселесімен айналыстым. Менің округімдегі сондай 7 елді мекен тұрғындарының өтініші бойынша құзырлы орындармен бірлесе жұмыс атқарып, мәселенің оң шешімін табуына ықпал еттім. Соның нәтижесінде республика бойынша 124 елді мекен «ауыл» категориясына ауыстырылды. Енді міне, биылдан бастап онда тұрып жатқан мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақыларына 25 пайыз қосымша төлем қосылатын болды. Ал, сол 2004 жылы мәселені терең зерттемей, тек 7 елді мекеннің жағдайын жақсартуды ғана қолға алсақ, қалған 117 поселкедегі мұғалімдер мен дәрігерлер «шөміштен қағылар» еді. Бұл мәселеге 2007 жылы 2 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Сондай-ақ, бірнеше жылдан бері көтеріліп келе жатқан

қазақ-қырғыз шекарасында Шу өзенінің жағалауын бекіту, Тасөткел су қоймасының мәселесі өз шешімін тапты.

– Секе, күнде жолыға бермейміз, әңгіме арнасын спортқа бұралық. Әлемде Куба мен Ресейден басқа қарсылас жоқ деп жүргенде соңғы Азия біріншілігінде абыройымыз айрандай төгілді. Кеудемізге нан пісіп кетті ме, әлде басқа себептері бар ма? Неге біздің жігіттер бір сәт «айды аспаннан шығарады да, кейіннен шау тартып қалады?»

– Сұрағыңыз өте жақсы да, күрделі екен. Бұған бір сөзбен жауап беру қиындау болар. Жоғарыда өзіңіз айтып өткендей, жаңа Үкімет тағайындалды. Менің ойымша оның жұмысындағы алғашқы жақсы қадамдардың бірі – министрліктің алқа отырыстарына депутаттардың қатысуы. Жақында барлық министрлер атқарылған істері, алда тұрған мақсаттары жөнінде бізбен пікір бөлісті. Жаңа Үкіметтің жаңа форматта жұмыс істеуі өзінің жақсы нәтижелерін береді деп ойлаймын. Осы бағытта мен Туризм және спорт министрлігінің алқа отырысына қатысқан болатынмын. Онда біз көптеген мәселелер бойынша пікір алмасып, өзекті проблемаларды шешу жолдарын қарастырдық.

Жоғарыда сіз қазіргі жағдай тамаша ма деген сұрақ қойдыңыз. Бапкерлердің жалақысын көтеру, ауылдық жерлерде спорттық мекемелер салу, жасөспірімдер арасында, жалпы елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатын неге тамаша демеске? Бұл тек 2007-2011 жылдарға арналған бағдарлама аясында шешілетін мәселелер. Айтайын дегенім, сол отырыста мен өзіңіз айтып отырған бокс мәселесін көтердім. Оған біріншіден себеп болған жағдай Қазақстанның Халықаралық әуесқой бокс ассоциациясындағы (АИБА) маңызды мүшелігінен айырылғандығы. Менің ойымша, ол осы спорт түріндегі дұрыс жүргізілмеген саясаттың салдары. Еліміздің бокс федерациясындағы тартыс-керістер осындай келеңсіз жайға әкеліп соқтырды. Сондықтан, мен министрліктен спорттың барлық түріндегі федерациялардың жұмыстарын реттеуді талап еттім. Сонымен қатар, соңғы жылдары Қазақстандық спортшылар халықаралық сайыстарда өздерінің көшбасшылық позицияларын жоғалтып алды. Оның ішінде күрестің барлық түрлері бар. Алда Азиялық ойындар, 2008 жылғы Пекин Олимпиадасы келе жатыр. Олардың қарсаңында барша спортқа қатысты қауымның қатты ойланатын сәті келді.

Ал, өзіңіз айтқан бізді боксшыларға келетін болсақ, олардың кеуделеріне нан пісті ме, әлде шамалары сол ма, оны өздері біле жатар. Алайда, спорт мәселесі, оның ішінде, әсіресе, халықаралық деңгейде спорттық жетістіктер тікелей мемлекеттік қолдауға да байланысты екендігін ұмытпайық. Олардың тыңғылықты дайындалуларына жан-жақты жағдай жасамай, тек құдай берген талантқа иек артып отыру болмайды.

– Бір кездері өзіңізбе шаршы аланды бірге бөліскен, талай рет бас жүлде үшін «жан алысып, жан беріскен» Исраэл Акапханян, Мәскеу Олимпиадасында чемпиондықпен бірге Баркер кубогын да уысымыздан алып кеткен Панирисио Оливе сынды сайыпқырандармен хабарласып тұрасыз ба?

–Өкінішке орай олармен де, кезінде бірге жүрген басқа да жігіттермен жиі кездесетін мүмкіндік жоқ. Мүмкіндігінше бір-бірімізге сәлем жолдап, хабарласып тұрамыз. Әрине, жастық шағымызда бірге жаттығып, спортта талай қуанышымызды да, өкінішімізді де бірге бөліскен достармен жиірек жүздесіп тұрғанға не жетсін? Бәріміз жан-жаққа тарап кеттік, кейбіреулері шет елде жүр. Анда-санда түрлі спорттық жарыстарда жолығып тұрамыз. Көбіне мен замандастарыммен Шымкент қаласында жыл сайын өтетін халықаралық турнирде жолығамын. Бұрынғы боксшылардың арасынан шыққан бапкерлер шәкірттерін әлемнің түкпір-түкпірінен алып келеді. Мысалы, өткен жылы өткен XIV турнирге АҚШ, Ресей, Израиль, Қытай, Өзбекстан боксшылары қатысты. Алла жазса, биыл да өткіземіз.

–Секе, кәсіби Парламентте біраз жыл қызмет істеп келесіз. Уақыт шіркін жылдам ғой. Сіз үшін депутаттық кәсіби жұмыс па, әлде уақыт өте басқа бір «қазығыңызды» табасыз ба?

–Ең алдымен, осы уақыт бойы мені депутаттыққа сайлап, сенім көрсеткен халыққа алғыс айтқым келеді. Бұл өзім үшін өте үлкен жауапкершілік деп білемін. Әрине, депутаттық мен үшін бүгінгі күні кәсіби жұмыс. Атқарып отырған қызметімде барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, алда тұрған мәселелерді шешуге бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Ал, депутаттық мерзім аяқталған соң немен айналысатынымды уақыт көрсетер. Алдымызда не болады, ол бір Аллаға аян.

– Секе, мазмұнды әңгімеңізге рахмет! Қызметіңізге табыс тілеймін!

(«Арқа ажары» газеті, 27 ақпан 2007 жыл).

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Байбол ӨТЕПБАЕВ:**

**«Депутаттар қатарын көбейтудің қажеттілігін
көріп тұрған жоқпын»**

– Әңгімеңізді Елбасының Қазақстан халқына күні кешегі Жолдауынан басталық. Бұл жолғы Жолдаудың негізгі ерекшелігі неде?

–Жолдаудың атауының өзі айтып тұрғандай, еліміз өркениетті елдер қатарына қосылып, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» болатын жағдайға жетті. Елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары осыны меңзейді. Елбасының Үкімет алдына қойған он міндетінде оның алғышарттары нақты көрсетілген.

Экономиканы әртараптандыру, электр қуаты ресурстарын басқару сынды мәселелер бірінші кезекте шешілуге тиісті мәселелер. Сайып келгенде, мұның бәрі дамудың жаңа кезеңіне келгенімізді айқындайды. Сондықтан, алдымызда тұрған жаңа кезеңнің негізгі міндеттері де экономикамыздың тұрлаулы дамуын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындап отыр.

–Соңғы уақытта Парламент Мәжілісі депутаттарының санын көбейту қажет деген пікір жиі айтылуда. Бүгінгі күні Мәжілісте 77 депутат бар. Енді екі есе көбейтсек, әр ауданнан бір депутат сайлауға тура келеді. Сіздің бұл мәселеге деген көзқарасыңыз қандай?

–Шындыққа жүгінсек, осы құрамдағы Мәжілістің де «мұрнынан шаншылып жатқаны» шамалы. Басқаша айтқанда, негізгі жұмысын атқару үшін жеткілікті. Әрине, мәселенің саяси жақтары бар. Мәселен, бірнеше партия бірігіп, «Нұр Отан» партиясын құрды. Ол бүгінде Парламенттік басымдыққа ие. Осыған орай, басқалар да «шөміштен қағылмасын» деген ой болу керек. Дегенмен, мәселенің басқа жағы да бар. Мәселен, депутаттар санын көбейтер болсақ қыруар қаржыға салынған Мәжілістің бүгінгі ғимараты тарлық етеді. Мәжіліс залын кеңейту депутаттарға кабинет қажет. Сонда тағы да Парламент үйін саламыз ба?

Әрине, президенттік республика болғанымызбен, мықты да, мүмкіншілігі мол Парламент болу қажеттілігін ешкім жоққа шығармайды. Бұл жайында жуырда өткен Мемлекеттік комиссияның соңғы отырысында Елбасы да қадап айтты. Еліміздегі демократиялық үрдіс қарқын алды. Алайда, менің ойымша тап бүгін депутаттар санын көбейтуден пайда таппаймыз. Саяси реформаның мақсаты биліктің өкілетті органдарының мүмкіндіктерін кеңейту, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыру, сот және құқық қорғау органдары жүйесін жетілдіру, азаматтық қоғам мен партия жүйесін дамыту болып табылады. Қарап отырсақ, бұл тұрғыда атқарар жұмыс ұшан-теңіз.

Ал, тағы да қайталап айтайын, Парламент депутаттарының санын тап бүгін көбейту қажеттілігін көріп тұрған жоқпын.

–Аудандық және облыстық (қалалық) мәслихаттар депутаттарының жергілікті билікке ықпалы жоқтың қасы десек, қателеспеспіз. Осы мәселенің түйіні қалай шешіледі деп ойлайсыз?

–Өз бюджеті жоқ болған соң қандай да болсын мәселеге ықпал ету қиын. Сондықтан, кім болса да кез келген мәселе бойынша алдымен аудан әкіміне келеді. Қолында билік болған соң, ол шешеді. Яғни, мәслихатқа да мүмкіндік беру қажет.

–Мүмкіндік дегеніміз ақша ғой. Мәслихатқа ақшаны кім береді?

–Әр ауданның өзінің тапқаны бар, облыстық, республикалық бюджеттен білгілі бір шаруаны іске асыру үшін бөлінетін қаржы бар дегендей, ақша жоқ емес. Бірақ, көп жағдайда сол қаржы игерілмей жатады. Міне, осыны жергілікті мәслихат қадағалауға тиіс.

–Олар әзірге жылына бір рет бюджетті мақұлдаудан аса алмай отыр ғой. Жергілікті өзін-өзі басқарудың бізде төрт аяғынан бірдей ақсап тұрғандығының бір көрінісі осы емес пе?

–Жоғарыда айтып өткеніміздей, бөлінген қаржының дұрыс жұмсалыуын. Бір жерде игерілмей жатса, басқа бір салаға тез арада бұру деген сияқты мәселелерді шешу – мәслихаттың жұмысы. Міне, осы мәселеге назар аударып, үнемі қадағалап отыратын болса, өкілетті органның жұмысын кім жоққа шығара алады?

– Ендігі бір илеуі қанбай жүрген шаруа – селолық округтер әкімдерінің мәртебесі. Олар шын мәнінде әкім емес, аудан әкімінің ауылдағы өкілі десек, қателеспеспіз. Бұл да толғағы жеткен мәселе. **Талай талқыланды да. Бірақ, нәтиже көріп тұрғанымыз жоқ.**

Бұл да қолда қаржының жоқтығына тіреліп тұрған шаруа. Жалпы, бүгінгі таңда «ақша жетпейді» деп қиналатын ештеңе жоқ. Мәселе – сол ақшаның қалай жұмсалатындығында. Республикалық бюджеттен болсын, басқа да қаржы көздерінен болсын, ақша бөлінеді. Сол қаржы нақты жеріне жеткенше «жұлым-жұлым» болып, ауылдың шаруасы «жетім қыздың тойындай» күй кешеді. Мүмкін шағын ауылда да жергілікті әкім жанында ақсақалдар алқасы сынды бір құрылым керек шығар. Бұл бөлінген ақшаның қалай жұмсалғандығын қадағалауға мүмкіндік берер ме еді...

–Халық сайлаған мәслихат депутаттары дәрменсіздік танытып отырғанда анда-санда бір жиналатын ондай «алқаның» пәрменділігіне күмәнділеу емес пе?

– Қалай болған күнде де, мәселені шешу керек. Бұл осыдан туған ой. Ал ол қалай болады, оны уақыт көрсетер.

Өзіңіз білесіз, жанар-жағар майды арзан бағамен алуға, мал өнімдерін сапалы шығаруға деген сияқты нақты мәселелерге қомақты қаржы бөлінеді. Өкінішке орай, жоғарыда айтып өткенімдей, ол қаржы толық жетпейді. Екі арадан киіп кететін делдалдар «айран ішіп, ауылдағы ағайын шелек жалап» қалатын жағдайлар жоқ емес. Сол сияқты, жергілікті жерлерде салық төлеу мәселесін де бір жүйеге келтіретін уақыт жетті.

Бұл орайда, Елбасының Мемлекеттік комиссия отырысында айтқан аудандық мәслихаттарда сайланған әкімдермен бірге жергілікті өзін-өзі басқару органына айналдырудың болашағы бар деген ойы осындай мәселелерді бір жүйеге келтіру қажеттілігінен туындап отырғандығын атап өту керек. Мемлекеттік органдардың кейбір өкілеттіктерін жергілікті органдарға беру де істің алға басуына септігін тигізеді. Сайып келгенде, мұның бәрі жергілікті биліктің пәрменділігін арттыруға бағытталған. Осы мәселелер шешілсе жоғарыда айтылған жағдайлардың біразы күн тәртібінен түсер еді.

«Әркімнің өз ауызы өзіне жақын» деген бар ғой. Биылғы бюджеттен Ақмола облысына не бұйырды? Нақтырақ айтсақ, облысымызда республикалық бюджеттен қандай әлеуметтік мәселелер қаржыландырылады?

– Шүкір, биыл ренжитін жөніміз жоқ. Қандай нақты мәселеге республикалық бюджеттен қаржы бөлінгендігін тізіп жату артық болар. Дегенмен, бірнешеуіне тоқтала кетейін. Мәселен, Есіл қаласында, Жақсы селосында, Ерейментау ауданының Малтабар ауылында мектеп салынатын болды. Ал, Көкшетау қаласында 50 орындық перзентхана құрылысы қолға алынады. Сондай-ақ, Егіндікөлде, Целиноград ауданының Қосшы ауылында ауыз су мәселесі шешіледі. Енді осыған Астана-Петропавловск бағытындағы жолды қайта жөндеуге (кеңейтуге) 19 миллиард 131 миллион теңге бөлінгендігін қоссақ, біраз шаруаның беті қайтарылады деуге әбден болады.

Бурабайдағы табиғат мұражайы аумағында келушілерге арналып салынатын орталық құрылысына да 188 миллион 353 мың теңге бөлінетін болды. Жалпы, үстіміздегі жылы қаржыдан тапшылық көретін жағдайымыз жоқ. Тек сол ақша дұрыс та, толық игерілсін делік.

–Енді мемлекеттік тіл мәселесіне келелік. Парламенттің тілі шүлдірлеп тұр. Жалпы, барлық Заңдар орыс тілінде дайындалатындығын ескерсек, қазақ тіліне мойын бұрдық деуге бола ма?

– Рас, тап осы мәселеге келгенде кежегіміз кейін тартып тұрады. Бұл тұрғыда біраз алға басушылық бар дегенімізбен, жағдай дұрысталды деуге ерте.

– Қолдарыңыздан кім тартып тұр? Қазақтың бір аталы сөзін сәл бұрмалап айтсақ, «халық депутатқа қарайды, депутат жерге қарайды» болып тұр-ау.

–Еліміз көпұлтты мемлекет болған соң, біраз мәселеге қарайлау да керек...

– «Қарайлағаннан» мүйіз шықса, тап қазақтікі қарағайдай болған шығар. 15 жылда үйренбеген бауырымыз да, қоңсымыз да «әліптің артын бағып» жүр-ау шамасы. Айтыңызшы, қырықтан асқандарды (одан басқасын да) қинамай-ақ, еліміздегі барлық балалар бақшасын таза қазақ тіліне көшірсек, болашақ ұрпақтың тілі қазақша шықпай ма?

–Мемлекеттік тілді білуді алдымен мемлекеттік қызметкерлерден талап ету қажет. Рас, бұл тұрғыда көптеген мекемелер орыс тілінде жазылған құжаттарды қазақшаға аударатын бірнеше аудармашы ұстаудан әрі аса алмай отыр. Әзірге мемлекеттік тілді жетік білмесең мемлекеттік қызметке қабылданбайсың деген тәртіп жоқ. Олай талап қоюға ертерек. Себебін өзіңіз білесіз.

Ал енді, Сіз айтып отырғандай, балалар бақшасының бәрі бүлдіршіндерді тек қазақ тілінде тәрбиелесін деп мәселені төтесінен қою қиындау болатын шығар. Дегенмен, бұл арада ешкімнің заңды құқығы бұзылатындай ештеңе жоқ. Әркім өз тілін білсін, сол тілде оқысын. Бірақ, Қазақстан азаматының тілі мемлекеттік тілде шығу керек екендігі ақиқат. Бұл тұрғыдан алып қарағанда сөзіңіздің жаны бар.

– «Сөзіңіздің жаны бар» деген аздық етеді. Парламент депутаты ретінде осындай мәселелерді «жанын шығарып тұрып» айту керек қой.

–Парламентте болсын, басқа жерде болсын, бұл мәселе аз айтылып жүрген жоқ. Оны өзіңіз де білесіз. Қатты сөз де, ақырын сөз де болып тұр. Мәселе, естір құлаққа байланысты болар. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, ортақ проблеманы бірлесе шешу керек. Кінәліні іздегеннен не шығады?

Әділдікке жүгінсек, тіл мәселесінде едәуір алға басушылық бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Алдымен өзіміздің бауырларымызға тауып берсін делік. Шынында да, құлдық, психологиядан арыла алмай жүргендер аз емес. Қалай болған күнде де, «сең бұзылды» ғой. Қазақ тілінің үстемдік алатын уақыты келді. Оның алғышарттарын көріп отырмыз.

–Бәке, енді әңгімені басқа арнаға бұралық. Ердің жасы 50-ге де келіп қалыпсыз. Қалай, 49-дан айырмашылығы бар ма екен?

–Кімнің қанша жасқа келгендігі оның өзін қалай сезінетіндігіне байланысты деген рас болса, шүкір, тұғырдан таяр жөнім жоқ. Әзірге ешқандай айырмашылық көріп тұрғаным жоқ. Өзіңіз айтқандай, ердің жасына жаңа жеттік қой.

– Қандай тағамдарды жақсы көресіз?

–Сұрағыңыздың астары жоқ шығар. Қара уылдырықты күніне үш мезгіл қасықпен асап жатқан жоқпын. Ондай байлығым да, оған зауқым да жоқ.

Ең алдымен, қазақтың баласы болған соң жақсылап тұрып ет жегенді ұнатамын. Сондай-ақ, макарон өнімдері де дастарханымнан түспейді.

– Оқырмандар біле жүрсін, жеке басыңыз, отбасыңыз туралы аз-маз мағлұмат бере кетсеңіз.

–Мәскеуде тау-кен институтын бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алдым. Депутат болып сайланғанға дейінгі өмірім сол салада өтті. Қатардағы лаборант, шебер болудан бастап, Васильковка кен байыту комбинатының президентіне дейінгі сатылардан өттім.

–Қазақ баласы көп ұмтыла қоймайтын мамандыққа қайдан үйір болып жүрсіз?

–Әкем кенші болған. Сол кісіге қарап «оқ жонғаным» болса керек. Айтпақшы, бауырларым да осы салада.

–Отбасымда үш балам бар. Үлкен қызым жоғары оқу орнын бітірген, мамандығы бойынша жұмыс істейді. Екінші қызым студент. Кенже ұлым мектепте. Осылайша ел қатарлы өмір сүріп жатқан жай бар.

–Бәке, әңгімеңізге рахмет! «Арқа ажарының» оқырмандары атынан 50-ге келуіңізбен құттықтай отырып, отбасыңызға бақыт, жұмысыңызға жеміс тілеймін. Сәтін салса әлі талай мәселелер жайында ой бөлісерміз.

(«Арқа ажары» газеті, 3 наурыз 2007 жыл).

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Жексенбай ДҮЙСЕБАЕВ:**

«Депутат болу дәреже емес, тынымсыз еңбек»

«Нұр Отан» партиясының тізімі бойынша Парламент Мәжілісіне Ақмола облысынан 3 депутат сайланғандығы белгілі. Сайлау алдында талай уәде берілді, біраз соны бастамалар тілге тиек етілді. Олар қалай жүзеге асырылады, сөз бен істің арасында алшақтық жоқ па деген сияқты мәселелер сайлаушылар көкейінен бір сәт кетпейді. Әрине, депутаттардың өз жұмыстарына кіріскендеріне шамалы ғана уақыт өтті. Яғни, «не тындырылды» деуге де ерте сияқты. Дегенмен,

сайлаушыларды әрдайым толғандырып жүрген, кезек күттірмейтін мәселелер аз емес.

Осыған орай, Ақмола облысынан сайланған Мәжіліс депутаты Жексенбай Қартабайұлы Дүйсебаевтан «Арқа ажарының» бірнеше сұрағына жауап беруін өтінген едік.

– Жәке, биыл 20 миллион тонна астық жинап отырып, нанның бағасын өсіруіміз қалай? Сонда бізде әлеуметке бағытталған баға саясаты жоқ болға- ны ма?

– Алдымен, нарықтық қатынастарға көшкеннен соң бағаны қатаң бақылауға алу мүмкін еместігін ұмытпайық. Жалпы бағаны сұраныс белгілейді. Бұл орайда, нан бағасына көп нәрсе әсер ететіндігін ескерген абзал. Мәселен, электр қуатының, жағар майдың, осыған орай көлік қызметінің бағасы да шарықтап кетті. Өз кезегінде ұнның да бағасы өсті. Яғни, нан өнімдерін шығарушылар да пайдасыз жұмыс істемейді.

Дегенмен, кейбір тауарлардың, атап айтқанда, нанның бағасын реттеп отыру қажет. Нан зауыттары да монополиялық тізімге енгізілгендіктен, бұл мәселемен қазір монополияға қарсы күрес агенттігі айналысуда. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі де нақты ұсыныстар түсіруге тиіс. Әрине, бұл нан бағасын бұрынғы қалпына келтіреміз деген сөз емес. Алайда, зейнеткерлерге, көп балалы отбасылар сияқты аз қамтылған азаматтарға Үкімет тарапынан нақты көмек болуға тиіс. Бұл туралы Премьер-министр де айтты. Нақты шешім қабылдануға тиіс.

–Баға туралы әңгімені әрі қарай жалғастырайық. Мәселен, халықаралық баға бойынша (орта есеппен) бір кило ет 5 доллар тұрады екен. Ал, бізде жылқы етінің бір kilosы мың теңгеден асып кетті. Нарық жағдайында баға әлемдік деңгейде болады дегенді көп айтамыз. Мынау одан екі есе қымбат қой.

–Бізде ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде мал өнімдері негізінен делдалдар арқылы сатылады. Әсіресе, ауылдағы жеке меншік иелерінің көпшілігі малдарын алып-сатарларға береді. Олар өз кезегінде базарға әкеліп басқа бағаға ет сатушыларға береді. Сатушылар да пайда табу керек қой. Яғни, олар да қосады. Мұны бәріміз көріп отырмыз.

– Сонда не істейміз?

– Жоғарыда айтып өткенімдей, мүмкіндігінше делдалдарды азайту қажет. Ол үшін әр аудан облыс орталықтарында көтерме сауда базасын ашса дұрыс болар еді. Мәселен, өзіңіз білесіз, мен Целиноград ауданында әкім болған кезімде облыс әкімі Мәжит Есенбаевтың бастамасымен Қосшы ауылында көтерме базар салуды бастаған едім. Бүгінде ол құрылыс жүріп жатыр. Бұл базарға барлық шаруашылықтар, оның ішінде жеке меншік иелері де өз өнімдерін әкеледі. Мұндай сауда орындары барлық ірі қалалардың маңында болуы қажет.

– Құрылысты кім қаржыландыруда?

Жеке меншік иесінің қаржысы жұмылдырылған. Ал, жергілікті билік оларға жан-жақты қолдау көрсетеді. Сайып келгенде, бұл бәрімізге тиімді мәселе.

–Қаржысы шамалы тұрғындар баспана мәселесінде мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасына үміттенеді. Деректерге сүйенсек, келесі жылы бұл бағдарламаға сәйкес 860 мың шаршы метр салуға қаржы бөлінген екен. Оның басым бөлігі Астана, Алматы, Атырау қалаларының үлесінде. Ақмола облысындағы жағдай қалай болады?

– Өзіңізге белгілі, Президенттің тапсырмасы бойынша республикамызда 100 мектеп, 100 аурухана салынуға тиіс. Бұл іс қолға алынды. Енді сол мекемелерде жұмыс істейтін мамандарға тұрғын үй қажет қой. Бұл мәселе де өз шешімін табуға тиіс. Мәселен, осы бағдарлама аясында Ақмола облысына 499 миллион теңге қаржы бөлінді. Сондай-ақ, тұрғын үйді жалға алу арқылы да біраз мәселені шешуге болады. Нақтырақ айтсақ, дайын үйлерді жалға алуға тағы да 447 миллион теңге қарастырылып отыр.

–Оның механизмі қандай болмақ?

–Дайын үйді Үкімет сатып алады да, аз қамтылған тұрғындарға жалға береді. Бұл орайда, ол үйлер жекешелендіруге жатпайтындығын айту керек. Яғни, коммуналдық меншікте болады. Міне, бүгінде осы мәселелер қаралып жатыр. Келесі жылдан бастап нақты қолға алынатын болса, біраз істің беті қайтарылар еді. Біз осының дұрыс шешілуі тұрғысында барлық мүмкіндіктерді пайдаланамыз.

Айтпақшы, біздің облысымызға қарасты Астананың іргесінде орналасқан Қосшы ауылының жанында салынып жатқан қалашық, құрылысына келесі жылға тағы да 2 миллиард 169 миллион теңге бөлінуге тиіс. Міне, осы деректердің өзі-ақ, тұрғын үй мәселесінде Ақмола облысының көштен қалмағандығын байқатса керек.

Әрине, бюджет бекітілгенде аз-кем өзгерістер болуы мүмкін. Алайда, меже белгіленген, соны орындауға күш саламыз.

–Жәке, мұның бәрі дұрыс қой. Дегенмен, көпшілікті толғандырып отырған мәселелер де аз емес. Мәселен, ипотека мәселесінде тұрақтылық байқалмай тұр. Баға шарықтап барады. «Бір шаршы метр 350 доллар болады» дегенді ұмытқалы қашан?.. Жалпы, құрылыс нарығында қашан тәртіп болады?

–Өзіңіз білесіз, нарықтық қатынастарға көшу басталғанда қаптатып дүкен ашу, сырттан тауар тасу сияқты тұрғындардың көпшілігі күнкөрістің қамымен базар жағалай бастаған заман болды ғой. Кейіннен оның бәрі тәртіпке келе бастады. Құрылыс қарқын ала бастағанда да осындай үрдіс бой көтерді. Қаржысы да, қажетті техникалары да жеткілікті құрылыс компанияларымен қатар, «ақша табу керек деген желеумен қолында ештеңесі жоқтар да құрылысқа ден қойды. Осылайша құрылыс компаниялары қаптады. Олардың ішінде құрылысты бастап, пәтер алғысы келетіндердің ақшасын жинап алып, қашып кеткендер де аз болған жоқ. Осындай бей-берекеттіктің «жемісін» енді көріп отырмыз. Сонымен қатар, Америкадағы

ипотекалық дағдарыс та өз әсерін тигізді. Осының бәрі сайып келгенде, құрылыс нарығындағы бүгінгі жағдайға әкелді.

– Оны көріп отырмыз ғой. Қашан, кім түзейді?

– Бұл енді нарықтың алғашқы қиындықтары ғой. Жоғарыда айтқан бір күндік компаниялар құрдымға кетті. Қолынан іс келетін, мүмкіндіктері мол ірі компаниялар қалады. Қаржы жетпегендіктен немесе басқалай себептермен тұрып қалған құрылыстарды да жалғастыратындар бар. Рас, ипотека маңындағы жағдайларға орай біраз абыржушылық туындады. Дегенмен, байбалам салатындай ештеңе жоқ. Бәрі реттеледі деп ойлаймын.

– Жинаған-тергенін беріп қойып, енді үй де жоқ, ақша да жоқ болып отырғандар ше?..

– Бұл мәселені Үкімет бақылауға алды. Бітпеген құрылыстарды сатып алып, оларды аяқтауға жағдай туғызу, тағы басқа да құрылысқа қатысты туындаған проблемаларды шешудің жолдары қарастырылуда. Оның бәріне қанша қаржы қажет екендігі толық есептелген соң нақты шешім қабылдануға тиіс.

– 2008 жылға арналған бюджет жобасын талқылау барысында біраз пікір-талас туындауда. Бұл енді еліміздің негізгі қаржы құжаты болған соң заңды құбылыс қой. Жалпы, бұл жолғы бюджеттің ерекшелігі неде? Одан Ақмола облысына не бұйырады?

– Бұл орайда алдымен бюджеттің кірісі қандай, шығысы қалай қалыптастырылған, басқаша айтқанда не түседі, оны қалай пайдаланамыз деген мәселені жан-жақты пысықтау қажет. Әсіресе, әлеуметтік мәселеге бөлінетін қаржыға баса назар аудару қажет деп есептеймін.

Мәселен, келесі жылғы бюджеттің шығыс бөлігі биылғыға қарағанда 22 пайызға өскен екен. Ал, әлеуметтік мәселелерге бөлінетін қаржы тек 20,6 пайызға артқан. Бұл мәселе жайында мен Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі өкілдерінен сұрадым. Бірақ, олардың жауаптарына қанағаттанбағандықтан, барлық мәселені нақтылап, жазбаша жауап берулерін өтіндім.

Жалпы, қаржы, яғни, бюджеттің кіріс бөлігі көбейген сайын әлеуметтік мәселелерге бөлінер қаржы арта түсуі қажет. Әсіресе, зейнеткерлер мен басқа аз қамтылған азаматтардың жағдайлары басты назарда болуға тиіс. Бұл орайда, келесі жылға болжанған 9 пайыздық инфляцияның әр, деңгейі ескерілуі қажет. Олай болмаған жағдайда да қосқан шамалы ақшаны сол инфляция жеп қояды. Яғни, «қайда барсаң – Қорқыттың көрі» деген сол болады.

– Бюджетті жобалағанда «ауызды қу шөппен сүртеміз» де, жыл аяғында қыруар қаржының игерілмегендігінің куәсі боламыз.

– Бұл енді өзімізге өзіміз жасап отырған қиянат дер едім. Мәселен, бөлінген қаржының өзі қолға тигенше қаптаған қағаз толтырып, талай жерден рұқсат алып, келісіп дегендей әуре-сарсанға түсесің. Яғни, қағаздарынды реттегенше бірінші тоқсан аяқталады, содан ақша келгенше жаз ортасы болатын жағдайлар аз емес. Сүйтіп жүргенде жылдың аяғы да

келіп қалады. Ақша уақытында түспеген соң межелеген жұмыс аяқталмайды. Ақша игерілмеді деген осы. Өкінішке орай, бұл жылда қайталанарды.

–Енді не істеу керек?

– Бұдан былай бюджетті үш жылға белгілейтін болдық. Міне, қазір 2008, 2009, 2010 жылдарға арналған мәселелерді қараудамыз. Әрине, үш жылда түсетін, жұмсалатын ақшаны әрбір үтіріне дейін нақты көрсету мүмкін емес. Дегенмен, негізгі, қадау-қадау мәселелер айқындалады. Кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырады. Бірақ, ең бастысы, бұдан былай бұрынғыдай «ұзын арқан, кең тұсауға» жол берілмейді.

–Бюджетті талқылау барысында бір депутат мемлекеттік қызметкерлердің сыйақысына бөлінген қаржы ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге бөлінген ақшадан көп дегенді айтып қалды. Осының анық-қанығын айтыңызшы. Шынымен солай болса, ... ұят екен...

–Сіздің айтып отырғаныңыз мемлекеттік қызметкерлердің сыйақысына 5 миллиард теңге бөлінеді деген мәселе ғой. Ал, сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге бөлінуге тиіс қаржы 23 миллиард теңгені құрайды. Сондықтан, цифрларды анықтап алмай асығыс байлам жасауға болмас деп ойлаймын. Жаңағы қаржының 16 миллиард 158 миллион теңгесі сумен қамтамасыз ету жүйесін дамытуға жұмсалатын болса, 7 миллиард 230 миллионы соны жаңадан салу мен қайта жабдықтауға кетеді. Бұл өткен жылға қарағанда едәуір көп қаржы. Алайда, менің ойымша бұл да жеткіліксіз. Мәселен, біздің облысымызда бұл қаржыдан ештеңе тимейтін аудандар бар. Сондықтан, «өткен жылға қарағанда ақша көбірек бөліндіге» малдана алмаймыз. Яғни, тағы да қаржы бөлгізуге тырысамыз.

Ал сіз айтып отырған 5 миллиард теңге сыйақыға келетін болсақ, онда адам шошитындай ештеңе жоқ. Ол белгілі бір ұшқыр жобаларды (пилотный проект) жүзеге асырғанда түскен қыруар қаржыдан берілетін ақша. Бұл енді байбалам салатындай дүние емес.

–Сонымен Ақмола облысына не бұйырадыға келелікші.

–Нақты айтар болсам, біздің Ақмола облысына 31 миллиард теңге субвенция қарастырылған. Бұл толық берілетін болса, облыста біраз істің бетін қайтаруға жағдай туады.

–Жәке, бюджетті талқылау барысынла облыстан келген депутат «көрпені өзіне қарай тартуға тырысады ғой. Басқа жаққа «жырылып» кетпей ме дегенім ғой...

–Олай бола қоймас. Тіршілік жасаймыз ғой. Айтпақшы, бұл өткен жылға қарағанда 4 миллиард теңгеге көп. Сондықтан, жоғарыда айтып өткенімдей, облыстың өз табысы бар, субвенция бар, көп мәселе оң шешілуге тиіс.

– Жәке, аудан әкімі болып жүріп депутаттыққа ұмтылуыңызға не себеп? «Біраз жыл ел басқардық, енді депутаттықты да көрейік» пе, әлде басқа себептері бар ма?

–Өзіңіз білесіз, мен «Нұр Отан» партиясының мүшесімін. Әріптестерім мені партиялық тізімге қосты. Сайлауда «Нұр Отан» жеңіске жетті. Депутаттыққа ұсынылғандар тізімінде мен де бармын.

–Баяғыдағыша айтсақ, «партия бар деді, мен кұп дедім» ғой.

–Бұл арада ешқандай астар іздеп қажеті жоқ. Сайып келгенде, депутаттық дәреже емес, тынымсыз еңбек. Ұрандатып кетті деменіз, алайда «Нұр Отан» партиясының сайлау кезінде халық алдында алған міндеттемелері бар. Соны орындауымыз керек. Сол үшін жұмыс істейміз.

–Сайлау нәтижесі бойынша барлық 98 орын «Нұр Отан» партиясына бұйырды. Бұл үлкен жеңіс. Дегенмен, бір сәт ойланып көрелікші. Егер, «бір пайыз – бір орын» деген қағидаға сүйенсек, 3-4 пайыз алған тағы екі партияға да бірнеше орын бұйырушы еді ғой. Сонда демократияға деген ұмтылысымыз ұлғая түсер ме еді деген ой ғой...

–Біріншіден, халық саясатты түсінеді. Қандай партия қандай бағдарлама ұсынды, оны қалай орындайды деген сияқты сұрақтарға жауап іздейді. Шынтуайтқа келгенде әр партияға өздерінше баға береді. Осының негізінде дауыс берді. Яғни, «Нұр Отан» партиясының жеңісіне шүбә келтіруге болмайды. Мен бүгін басқа партияларға баға беруден аулақпын. Дегенмен, бәрін қаралай бермей, қарапайым тілмен айтқанда, «барды – бар, жоқты – жоқ» деу керек қой. Сондай-ақ, кемшіліктерді тізе бермей, оны шешудің нақты жолдарын ұсынған абзал. Кім жұмыс істемейді, сол қателеспейді. Бұл менің сөзім емес. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома.

Ал, енді Сіз айтқан «Бір пайыз – бір орынға» келетін болсақ, ондай «демократиялық ойын» кімге қажет?.. Бұл саяси арена. Біреу ұтады, біреу ұтылады. Бұл арада, «Өгіз де өлмесін, арба да сынбасын» жүрмейді.

–Жексенбай Қартабайұлы, мазмұнды әңгіменізге рахмет! Жұмысыңызға жеміс тілеймін.

(«Арқа ажары» газеті, 11 қазан 2007 жыл).

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Егор КАПШЕЛЬ:**

«Астана мен Ақмола – егіз ұғым»

Егор Яковлевич Капшель 1957 жылы Ақмола облысы, Астрахан ауданындағы Оксановка ауылында туған. 1980 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтын бітірді.

Еңбек жолын Ақмола облысы Вишнев ауданында прораб болып бастаған. 1986-1990 жылдары Вишнев аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1990-1995 жылдары «Анар» кеңшарының директоры қызметтерін атқарды. 1995-2004 жылдар аралығында Ақмола облысы Аршалы ауданының, 2004 жылдан 2007 жылдың тамыз айына дейін Ақмола облысы Ерейментау ауданының әкімі болды. 2007 жылдың қыркүйек айынан бері IV шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Облысымыздың Аршалы және Ерейментау аудандарының әкімі болып, аталмыш аймақтар экономикасының алға басуына елеулі үлес

қосқан, білікті маман, іскер ұйымдастырушылардың бірі – Егор Каппель мырзаның Қазақстан халқы Ассамблеясының тізімі бойынша Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланғандығы белгілі.

Осыған орай, біраз жылдар бойы атқарушы билік саласында қызмет атқарған азаматтың депутат мәртебесіндегі ой-тұжырымдарын білмек болып, бірнеше сауалға жауап беруін өтінген едік.

– Егор Яковлевич, Сіздің Қазақстан халқы Ассамблеясы тізімі бойынша депутат болғандығыңыз белгілі. Дегенмен, біздің облыстың түлегі екендігіңіз ақиқат. Сондай-ақ, Сіз Мәжілістегі Экономикалық реформа және аймақтық даму комитетінің мүшесісіз. Осыған орай, біздің Ақмола облысының жағдайына тоқтала кетсеңіз. Нақтырақ айтқанда, дотацияға иек артпайтын күн алыс па, дегенім ғой...

– Біріншіден, Мәжілістің депутаты болған соң белгілі бір комитеттің мүшесі болатындығың заңды құбылыс. Мен де депутат ретінде осы комитеттің мүшесімін. Осыған орай, біздің жұмыс бағдарымыз да айқындалады. Өзіңіз айтып кеткендей, біз негізінен экономикалық реформалар және аймақтық даму мәселелерімен айналысамыз. Айтпақшы, менің Қазақстан халқы Ассамблеясы арқылы сайланғанымды да ұмытпаған абзал.

Енді өзіңіз айтқан мәселеге келелік. Кеше ғана осы облыстың бір ауданын басқарған адам бірден не айта қойсын...

Дегенмен, облыста экономиканы қарқынды дамытуға мүмкіндік жетерлік. Бүгінгі таңда Ақмола облысы тек аграрлық салада ғана емес, өнеркәсіпте де біраз жетістіктерге қол жеткізді. Бұған, облыс аудандарының Елордамыз – Астананы айнала орналасуы да өз әсерін тигізіп отыр. Нақтырақ айтсақ, Астанадағы Барлық инновациялық жобалар, барлық озық бастамалар Ақмола облысында да өз жалғасын табуда. Осының бәрі сайып келгенде істің алға басуына ықпал етеді.

– Астаналық облыс болудың артықшылықтары басым ба, әлде қиындықтары көптеу ме?

– Шындыққа жүгінсек, екі жағы да бар. Жоғарыда айтып өткенімдей, Астанадағы озық технологиялар, инновациялық жобалар Ақмола облысында да өз жалғасын табуда. Қарапайым тілмен айтсақ, Астана мен Ақмола біте қайнасып жатыр. Бұл – Ақмоланың басқа облыстарға қарағандағы ерекшелігі, яғни, басым жағы.

Сондай-ақ, астаналық облыс мәртебесінің белгілі бір жауапкершілік жүктейтіндігін де ұмытпайық. Мұны күрделілігі дейміз бе, қиындығы дейміз бе, мәселе онда емес. Мәселе жүкті дұрыс алып жүру.

Бұрынғы бастығын мақтады деменіз, дегенмен, Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев сынды білікті басшы жетекшілік етіп отырған Ақмола облысы, ондағы түрлі деңгейдегі қызметкерлер мен кәсіпорын басшылары, орта және шағын бизнес саласының өкілдері, жалпы, облыс еңбеккерлері нарықтық қатынастар жағдайында алдыңғы саптан көрінуге тиіс. Оның алғы шарттары көзге ұрып тұр. Мұның бәрі сіз айтып отырғандай, облыстың ешқандай

дотацияға иек артпай, өз күнін өзі көріп қана қоймай, донорлық аймақ деңгейіне жетер күні алыс еместігіне сенім ұялатады.

–Ақмола облысынан айналып шықпадық деменіз, алайда, осы төңіректе тағы бір сұрақтың тілге келіп тұрғандығы. Күні кешеге дейін өзіңіз басқарған Ерейментау ауданында туризмді дамытуға мүмкіншіліктер жетерлік қой. Өкінішке орай, әзірге лауазымды шенеуніктердің аң аулауынан аса алмай тұрған жағдайымыз бар...

–Рас, 1 миллион 800 мың гектар алқапты алып жатқан Ерейментау ауданы облыс қана емес, елімізде де ең ауқымды аудандар қатарына жатады. Екінші жағынан бұл ауданда кең дала да, орман да, тау да бар. Яғни, қазақтың кең-байтақ Сарыарқасындағы аң-құстың, әсемдік пен кереметтің бәрі осы жерден табылады. Бір «Сұңқар қияның» өзі неге тұрады?! Енді осыған атақты Иманжүсіп «Көзіме бір көрінші» деп жырлаған қасиетті Ерейментаудың Астананың іргесінде орналасқандығын қоссақ, құдыреттің бұл байлығын толыққанды пайдалана алмай отырғандығымыз ұят екендігін мойындау керек.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, қолға алатын іс көп. Бұл аймақта демалыс орындарын, тағы басқа да аудан экономикасына, жалпы, тұрғындарға тиімді шаралар ұйымдастыру қажет-ақ.

–Қажет екендігі түсінікті ғой. Нақты қадамдар жайын білсек...

–Ерейментау алқабында ғалымдар да, Туризм және спорт министрлігінің мамандары да болып, жағдаймен танысқан. Мүмкіндіктер мен болашақта қолға алынар істер пысықталған. Ең бастысы қателеспесем, бес жылға арналған нақты бағдарлама да бар. Ендігі мәселе жұмысқа жұмылу. Егер қаржыландыру мәселесі қолға алынса, жағдай оң серпінге ие болады.

–Әңгіmemіз табиғат мәселесіне ойысты ғой. Айтпақшы, ресейлік Протон ғарыш кемесі құлаған соң, жайылған улы гептил Нұра өзені суын да ластапты деген дерек бар. Бұл жайында депутаттардың ойы қандай?..

–Аталмыш апаттың табиғатымызға көп залал келтіргендігі белгілі. Бұл орайда, Ресей мен Қазақстан жағы бірлескен арнайы комиссия құрып, жұмыс істеді. Сөйтіп, шығын толығымен өтелетін болды. Ал, сіз айтқандай, Нұра өзеніне улы заттар келіп жатыр деген дерек бізде жоқ. Жалпы, мәселенің байыбына бармай жатып, «ұзын құлаққа» ере берудің қажеті жоқ деп ойлаймын.

–Енді еліміздегі ең басты қаржылық құжат бюджетке келелік. Мәжіліс қабылдады, Сенат бір қайтарып берді, сіздер ұсыныс-пікірлерді тағы бір пысықтап Сенатқа жібердіңіздер. Жарайды. Осы орайда, қарапайым, тіпті, орашолақтау сұрақ қойғым келіп отыр. Мәселен, бюджетте мұнайдың бағасы бір баррель – 60 доллар деп жоспарланыпты. Бүгінгі таңда әлемдегі мұнай бағасы орта есеппен 90 доллардан асып тұрғанда, «сақтанудың жолы осы екен» деп, «байдың асын байғұс қорып» тұрған жоқ па?..

–Біріншіден, бүгінгі таңда біздің экономика тұрақты дамып келе жатқандығын ұмытпайық. Рас, экономиканың алға басуында шикізаттың,

оның ішінде мұнай мен газдың алар орны ерекше екендігін жоққа шығармаймыз. Дегенмен, Елбасымыз қадап тапсырғандай, біз бүгін минералдық ресурстарға тәуелді болудан арыла бастадық.

Ал енді бюджетте қаралған мұнай бағасына келер болсақ, оған «жастықтың астында жатқан ақша» сияқты қарауға болмайды. Еліміздегі экономистер, түрлі сарапшылар, Үкіметтегі білгір мамандар «ай қарап отырмаған» болар. Әрине, сақтану керек. Нарық, нағашың емес, күтпеген жерден «ұрып жіберуі» әбден мүмкін. Неге ертеңді ойламасақ?..

–Онда нефтедолларларды тиімді пайдалану мәселесіне келелік. Бұл орайда, «Әрбір адамға таратып беруден бастап, Голландиядан үйренейікке» дейін әр алуан пікір бар.

–Шындығында, Елбасымыз айтқандай, Қазақстан экономикасы шикізатқа тәуелді болудан арылуы қажет. Еліміздегі барлық министрліктер осы мәселені басшылыққа ала отырып, жұмыс жүргізуде.

Рас, ел экономикасы туралы айтқанда, мұнайдан түскен қаржыны емес, әр тұрғынның табысын, яғни, әл-ауқатын негізге алу қажет. Өзіңіз айтқан нефтедолларды есепке алмай, санасақ қана бүгінгі күнгі халықтың тұрмысын пайымдауға болады. Жалпы, шикізатқа иек артқанның «ұшпаққа жеткені» шамалы. Осы тұрғыдан алып қарағанда, ең бастысы өңдеу, озық технология мәселелеріне баса назар аудару қажет. Ал, мұнайдан түскен ақшаны тиімді пайдалану мәселесіне келер болсақ, «Ойпырмай, Норвегия керемет, Сауд Аравиясы мықты» деп тамсанудың қажеті жоқ. Біздің өз жолымыз бар.

–Ереке, бір-ақ партиядан жасақталған Парламентте өзіңізді қалай сезінесіз?

–Сұрағыңызға жауапты бүгінгі Парламент өте пәрменді Заң шығарушы орган деп бастасам бола ма?

–Дәлелдеп отырғанға не жетсін?..

–Рас, бұрындары депутаттар бір мандатты округтар бойынша сайланғанда «біздің депутат, менің округім» деген түсініктер болды. Шынтуайтқа келгенде ол да жаман болған жоқ. Өмір орнында тұрмайды. Оның ішінде демократия да дамиды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, партиялық тізіммен сайлану да заман талабы.

Сұрағыңыздың астарын түсініп отырмын. Бірден айтайын, менің Парламентте «өгей баланың күйін кешетін» жағдайым жоқ. Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынды, сайлады, депутат болдым.

Ал, өзіңіз айтқан «Бір партиялы» Парламентке келер болсақ, мәселе кімнің қалай сайланғандығында емес, сол депутаттардың өз өкілеттілігін қалай пайдаланатындығында болса керек. Яғни, бар ой ел үмітін қалай ақтаймынға жұмылуы қажет.

–Бірнеше ауданды басқарып, атқарушы биліктің белсенді бір өкілі бола жүріп, Парламент депутаты болып сайландыңыз. Бұл не, қазіргі заман тілімен айтқанда «имидж өзгерту» ме, әлде басқадай себептері бар ма?

–Бұл арада ешқандай астар іздеп қажеті жоқ. Өлі де ел мүддесі үшін еңбек етемін. Рас, екі ауданның әкімі болдым. Азды-көпті қызмет атқардым.

Көптеген ұлттар мен ұлыстар мекен ететін кең-байтақ Қазақстанның бір азаматы ретінде мені Халық Ассамблеясы депутат қылып ұсынса, сайласа, сол сенімнен шығу – басты міндетім. Кеңес Одағы кезіндегідей, «Партия айтты мен көндім» демей-ақ қояйын, алайда, әркімнің, оның ішінде азды-көпті билік басында жүрген азаматтардың ел алдындағы міндеті бар екендігін әсте ұмытпайық. Осы тұрғыдан алып қарағанда, «имидж де өзгерген жоқ, басқасы да өз қалпында» дей аламын.

–Парламент жанында «Қоғамдық палата» құрылатын болды. Бұл не, «Шөміштен құр қалғандарды» мүсіркеу ме, әлде, басқа да бір саяси ойын ба?..

–Алдымен, еліміздегі басқа партиялардың да үнін, пікірін халыққа жеткізу керек екендігін мойындаған абзал. Демократиялық қоғамда пікір алшақтығы, сын, ұсыныс болуы қажет. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қоғамдық палатаның қажет екендігі дау тудырмайды. Яғни, бұл арада ешқандай саяси ойын жоқ.

–Енді тұрғындарды толғандырып отырған тұрғын үй құрылысы мәселесіне келелік. Ипотекалық дағдарыс біраз абыржушылық тудырды. Абырой болғанда, Үкімет дұрыс шешім қабылдады. «Қазына» арқылы екінші деңгейдегі банктерге несие бөлініп, іс ыңғайға келетін сыңайлы. 8 пайыздық үстемемен алатын сол банктер белгіленген 12 пайызды місе тұтпай, тағы да түрлі себептерді алға тартып, қалтасын қалыңдатуды ойлап жүрмей ме? Қадағалау жағы қалай болады дегенім ғой.

–Рас, шын мәніндегі ірі құрылыс компанияларымен қатар, тек пәтер алу үшін ақшаларын салған азамат есебінен ғана құрылыс жүргізетін түрлі серіктестіктер мен басқа да кәсіпорындардың қаптағаны белгілі. Бір қарағанда, онда тұрған ештеңе жоқ. Алайда, қаржы нарығында, оның ішінде ипотекалық мәселеде қиындық туа қалған сәтте «сұраныс буына піскендер» ұшып кетті. Бұл да нарықтың қатал заңы. Жалпы, мұндай құбылыс белгілі бір кезеңде қайталанып тұрады. Ең бастысы тойтарыс беру, оған дер кезінде тойтарыс беру.

Біз де бұл тұрғыда біраз қиындық туындады. Дегенмен, жоғарыда айтып өткеніміздей, Үкімет дер кезінде кірісіп, нақты байламға келді. Осыған орай, Астанадағы барлық құрылыс нысандары толық аяқталатын болды. Ол үшін қажетті қаржы бөлінеді.

Ал абыр-сабырды пайдаланып, қалтаны қалыңдатуға келер болсақ, «аузы күйген» Үкімет бұл арада ойланар.

–Айтпақшы, Ерейментау қаласына кіре берісте орнатылуға тиісті Бөгенбай батыр ескерткішінің тағдыры не болды?

–Түрлі себептерге орай, бұл мәселенің шешілуі кешігіп тұр. Дегенмен, алаңдайтын ештеңе жоқ. Айтпақшы, Астанада Бөгенбай батырға үлкен ескерткіш орнатылды ғой. Өкініше орай, Ерейментауда бұл мәселе келесі жылға қалдырылды.

Облыс әкімі Мәжит Төлеубекұлы Есенбаевтың қадағалауында тұрғандықтан ескерткіш мәселесі өз шешімін табады деп ойлаймын.

– Егор Яковлевич, ердің жасы 50-ге келіп қалыпсыз. «Арқа ажары» газеті оқырмандары атынан мерейтойыңызбен құттықтай отырып, жұмысыңызға табыс, отбасыңызға бақыт тілеймін. Жақсылықпен жүздесейік!

– Сізге де рахмет. 90 жылдық тарихы бар «Арқа ажары» оқырмандарына мен де табыс тілеймін!

(«Арқа ажары» газеті, 24 қараша 2007 жыл).

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Бекболат ТІЛЕУХАН:**

«Рухы асқақ мұраты биік бабаларға ұқсайықшы!»

«Ұлт мүддесі – мемлекет мүддесі. Мемлекет құраушы негізгі ұлт қазақтың мүддесі – Қазақстанның мүддесі» деуінен таймай, шырылдап жүрген халық қалаулыларының бірі – Бекболат Тілеухан. Иісі қазақ баласын «жүректен кіріп бойды алар» әнімен тамсандырып, саясаттағы салиқалы ойларымен де ел көзіне түсіп жүрген азаматтан «Арқа ажары» газеті оқырмандарының атынан бірнеше сұраққа жауап беруін өтінген едік. Сол сұхбатты көпшілік назарына ұсынып отырмыз.

– Бәке, өнер мен саясатты бірге алып жүру шығармашылығыңызға кері әсерін тигізбей ме?

– «Адам жақсыға салысып жақсы болмақ» дейді Абай! Рухы асқақ, мұраты биік бабаларға «болмаса да ұқсауымен» жанына азық тауып, өмірден орнын межелемек. Иісі қазақтың баласына темірқазық меніңше, Абай тұлғасы, қала берді Махамбеттер болса керек. Қайсысын қарасаңыз да ел ісінен бой тартып қалғаны жоқ. «Қамалмай, түзу жолға кел, шық бермен» деп Абай толғанса, «Еділдің бойы ен тоғайға ел қондырып, сол елді малға толтыруды» көксеп Махамбеттер өтті шамырқанып! «Мұрты көкке шаншылып, бұрын сөйлеген», «құлым бір ұлдай киінсе», «май жемесе қонағым, қой жемесе барағым» деп ел ауқатына әлеует беруді аңсаған Ақтамберділер де өнерпаз еді. Әнмен әдептеп, әнмен әрлеп айтқанын азсынып, білегін сыбана ел ісіне араласқанын бүгін біз мін көрсек, әлбетте, жөнсіз гәп болар еді. «Ой түбінде жатқанын шер толқытып шығарған» асылдардың сара соқпағы алаштың әр баласына бағыт берсе керек-ті. Олар күресті. Олардан қалған асыл мұраның негізгі қозғаушы күші – «қара қазан, сары баланың» қамы еді. Күреске толы өмірлері өнерімен өріліп, қыры-сыры мол өмір күрестің тәсілін тереңірек білген сайын айтарлары айшықтала түскендей. Ендеше, өнерді өмірден, өмірді саясаттан бөле қараудың қисыны аздау секілді.

– Тәуелсіз ел болғанымызға 15 жылдан асты ғой. Осы біз бүгін өзіңіз нақышына келтіре орындайтын Ақтамберді жыраудың әніндегідей, «Күлдір-күлдір кісінетіп, күреңді мініп жүрміз» деп айта аламыз ба?

– Күреңді мініп жүрміз-ау. Бірақ, күреңіміз қазақи қазанат емес секілді. Иподромның жайылған жылы топырағында құйғытқанмен, Арқаның аязындағы тебінге төзімсіз, он екі градустан асқан суыққа өкпесі қабынып қалатын ағылшынның күреңін абзал танығышпыз. Сырты сұлу-ақ. Бірақ, қазақи тектілігі кем. Көз қуанғанмен, көңіл толмайды. Көкпарға көнбіс, додаға кеуделі, тобылғының түбінен, кәденің шаңды шашағынан ұшынбайтын, селеудің тікені терісін теспейтін, аламанның айғайында айран-асыр боп, айдалаға лақпай, арқасы қозып алаштың айызын қандыратын қазақы күрең болса ғой, шіркін! Қайқы кірпік ұрық без емес, «сабау кірпік, тұнық көз» қазақы күреңдер бұйығыңқырап, ұлт сипатының ері мойнына кетіңкіреп тұрғаны алаңдатады.

– 1986 жылғы желтоқсан ызғарында сіздің орындауыңыздағы ән жастарға дем беріп тұрған екен. Сол бір қаһарлы күндер сізге де ызғарын тигізген жоқ па?

– Желтоқсанның ызғары сол кезде кімнің арқасын мұздатпады дейсіз. Тондық, елегіздік, абдырадық. Қылышынан қан тамған қызыл империяның аяғы көктен келеді деп кім ойлаған?! «Үміт жақын, көңіл ақ», «бүгін-ертең көңіл алған дәулетке жетем» деген, бейнетке еті ауырмас «жастықтың оты жалындаған шақ» болса да, биік мәреден күдер үзген, меселіміз қайтып, тауымыз шағылған күндер еді ғой – 86-ның желтоқсаны. Сөйтсек, ол жаңаның басы, ескінің соңы екен. Өмір қандай қызық! Яғни, бүгінгі жетістікке тым мастану немесе қиындыққа бола салынды суға кетіру білместік екен. Әр нәрсенің қайырын күту, Жаратқанның шеберлігіне күмәнсіз түрде келтірген иман мен болашақтан күдер үзбеу, сондай-ақ, майдан даласын тастай қашпау керектігін тағдырдың өзі пендесіне нұсқайтындай. «Дұшпаннан көрген қорлығым, сары су болды жүрекке» дейтін Ақтамбердінің басты күйі – оптимизм. Арманға, мақсатқа толы. Сол асқақ мұрат сол бабаларға қамшы болды емес пе? Жаһандануға бет алған мына алапат кезең жылағанды мүсіркейтін қамқор анаң емес, жығылғанды таптап, сүрінгенді сүйретіп кететін дола дода.

–Әбден ығыр қылған сұрақ болар, дегенмен, Үкімет, Парламент қашан өз тілінде сөйлейді? Негізінен қазақ пен орыс, сосын тағы да бірнеше ұлттың өкілі мекендейтін Қазақстанды ат төбеліндей ғана басқа ұлт өкілдері бар екен деп, «көпұлттымыз» деп ұрандатудың қажеті қанша?

– «Арқада аяз болмаса, арқар ауып несі бар» дегендей, шын мәнінде қазақ тілі тиесілі мәртебесіне ие болса, ығыр қылардай қақсап неміз бар? Үкімет пен Парламент қашан қазақша сөйлейді дегеніңізге айтарым мынау. Қашан ел санасында отарсыздану процесі жүре бастайды – сол кезде. Отарлау саясаты – ұлттың улану саясаты. Уланған ағзаға не берсең де құсып тастай береді. Оған шыр бітіп, бүйрегі майланбайды. Асқазанын тазалау керек. Сүт құю керек. Басында іріп-іріп іркіт түсер. Кейін көз жанары жарқырап, қорғасын басы жеңілдеп, бойына қуат бітпек. Қазақ қазақ атанғалы, Керей, Жәнібектің заманынан бергі бес ғасырдан астам уақыттың жартысынан көбін бодандықта өткізген халықтан бірдеңе сұрар алдында отарсыздану

идеологиясын басты жолға қою шарт. Мен ойымнан бірдеңе айтып отырғаным жоқ. Бұл – тарих ғылымының нақты ережесі. «Нацию, которая некогда пребывала под колониальным гнетом спасет только деколонизация сознания». Бұл Жак Баланжье сынды тарихшы-ғалымдардың талайы айтқан заңдылық. Кеше ғана «коммунизм – это слияние наций» деген ұранға сіңісіп қалған саналар, бүгін тәуелсіздік келсе де, қосаяқтап шауып жүр.

–Қосаяқтап дегеніңізді түсіндіре кетіңізші!

–Шу асау кейде адамға көндікпей қойса, алдыңғы екі аяғын қысқа ғып тұсап, бірнеше жыл арбаға жегеді. Кейін ат лақса тартып, қартайған шағында тұсауын алып тастамай ма. Сонда әлгі ат аяғы босаса да қосаяқтап секіруін қоймайды. Соны айтып отырмын. Біздің бүгін биліктегілердің әсіре орысшылдығы сол секілді. Көпұлттылық ұраны да сол баяғы кеңестік инерцияның қарқыны. Тоқтай ма десек, үдеп бара жатқандығы алаңдатып отыр. Жалпы, сыйластық деген дүниенің біржақты болуы қашан да екінші жақтың қынжылуына себеп болады. Және ұлт мүддесі – мемлекет мүддесі. Мемлекет құраушы негізгі ұлт мүддесі – Қазақстанның мүддесі. Бұл – аксиома. Әр Аксиома дәлелге мұқтаж емес.

–Жапониялық бір маман бір сөзінде «Сіздер байлықтың үстінде отырғандықтан кедейсіздер, біз болсақ жерасты байлығы нан мүлдем ада болғандықтан ауқаттымыз деген екен. Сонда біздің шаруаға қырымыз жоқ па, әлде еңкеюге ерініп жүрміз бе? Менделеев таблицасының үстінде отырғандығымыздың игілігі қайда дегенім ғой...

–Біздің тәуелсіздік алғанымызға 16-ақ жыл. Жапония қашаннан аралда тұрып аса қатты араласқа бармаған. Етегіне берік еңселі жұрт. Олардың басына келген тауқымет елдің жұмылуына себеп болды. Оларды ешкім іштен шірітіп, емініп кіріп еліктірген жоқ. Атом бомбасы түссе де, жауы анық, жақтасы белгілі. Өзіне сенді. Ақылы мен қайратына жүгінді. Ал, бізде болса «кеткен соң өз қолыңнан, енді өз ырқың» деп Абай айтпақшы, болысыңды орыс сайлап, сол болысыңды» «арқадан қағып, мәз қылған» бағытын белгілеп берген бөтен ұлық болатын. Ел қылмаудың басты шартының өзі осы ғой. Ғасырлар бойы жүрген соқпақ ұлттың мінезін бұзады. Кілті аспандағы езгіге түскен елдің баласы қолына түскен қоректің берекесін асырып, көбейтпестен әуелі аузына тығады. Ертеңіне деген сенімсіздік «бір тойғанын шала байлық таныған» шала сауыт, шолақ ойлы құлданған санасы серпілмеген бейбақ қолындағысының құнын білмей қор болады. Өзі отырған бұтақты өзі аралаған жемқорлықтың да түп төркіні – құлдық сана! Қайта-қайта айтамын, айта берем, құлдық санадан арылмай, ашылар күн, артылар берекеден дәмеміз болмай-ақ қойсын! Ел – аманат, жер – аманат, тіл, дін, тарих – аманат екендігін ұлықтайтын ұлттық сана қалыптасса ғана, ұрпақты сол бағытта тәрбиелеп, бесігіңізді түзеткенде ғана, яғни, жиғаныңды сақтар иманымызды кемел етсек өрістер едік. Өкінішке орай, жан-жақтан ағылған, бұрын-сонды қазақ топырағын баспаған сектанттар, радикал-діндарлар ес жиып, етек жабуға мұрша бермей, тұтастығыңды бұзып, тұнығыңды лайлау арқылы қазаныңды қармап алмақ. Бұл күйді қазақ қана емес, тұрғылас елдің

біразы бастан кешіп отыр. Ал, бізге айрықша емінуі – байлығымыз көз құрты болғандықтан. Ынтымағы кеткеннің ырысы кетеді деген қазақ. Әлжуаз елдің астындағы мұнайды сорып, темірін тартып алу қашанда оңай. Соны білгендіктен де бізге «ақылшы» көбейе бермек.

–Сонау Америкада ипотекалық дағдарыс орын алып еді, тұрғын үй бағдарламасын күмәнді қыла жаздадық. Абырой болғанда, Елбасының тікелей араласуымен жағдай түзеле бастаған сыңайлы. Үкімет бар, басқа да қолында билігі жетерлік орындар Сандыбад саяхатшы айтқандай, «Аллаға сен, бірақ, түйенді байлап қой» дегенді неге ұмытады? Жаһандану заманында белгілі бір деңгейде бір-бірімізге тәуелді болатындығымыз белгілі, алайда, сақтану шаралары мығым болуы тиіс емес пе?

– Қазақстанда жылжымайтын мүлік саласында дағдарыс болатынын болжаған біраз экономистер болды. Оны билік те дер кезінде болжай білді. Алайда, жаңа бір тәуекелді қадамға баруға дәрменсіздік танытуына әрқилы себептер, әсіресе, сырттың ықпалы мұрша бермей отырған сыңайлы.

Қайсыбір экономистер ұсынған ұсыныстарды жіті саралап, Ұлттық банкі арнайы эмиссиялық есеп-шоттар ашып, облигациялар шығаратын және коммерциялық банкілерге несие беретін мемлекеттік инвестициялық банкі ашу, тек қана теңгемен ішкі айналымды жандандыратын жана бір тың қадамдарға барса, Аллаға шүкір. Қазақстанның ішкі қуаты жоқ емес қой. Менің есіме келген дүние қаржыгерлердің де есіне келер деп ойлаймын. Әрине, әлемдік дағдарыстың бізге салқыны тимей қоймайды. Ал, содан абыроймен шығу біздің азаматтарға серт!

– Бәке, қаншама жыл саясатта жүрсеңіз де ең алдымен қайталанбас әнші екендігіңіз елге мәлім. Сондықтан, қазақтың дәстүрлі әні мәселесіне келсек. Шындыққа жүгінсек, әлем мойындаған Италия әуенінен бір кем түспейтін қазақ әндерін жер-жаһанға таратуда, қарапайым тілмен айтсақ, танытуда кемшін түсіп жатырмыз-ау.

–Бүгінде американдық поп, рок музыкалар, Еуропа музыкасы адамзаттық туындының шыңы болғандықтан танымал боп тұрған жоқ. Әрине, бұл олар әлсіздеген сөз емес. Олар тудырған шығарманың танымалдығының бірден-бір себебі – сол елдердің саяси-экономикасының қуатында жатыр. Әйтпесе, әзірбайжанның мугамы, үндінің рагасы, қазақтың асқақ әні салыстырмақ түгілі, озуға лайық. Алайда, «мықтының арты диірмен тартады» деген қазақ. Қазір «Пекин операсы» әлемге қарқынды түрде танылып, қанат жаюда. Себебі, Қытайдың саяси белсенділігінің, экономикасының қарыштап дамуының қарқыны алапат. Ал, біздің музыкалық мұрамызбен шендеспек түгілі «қолына су құюға жарамайтын» дәстүрлер танылып жатса, себебін басқа жерден тану қиын емес.

–Бүгінде Парламентте оппозиция өкілдерінің орны ойсырап тұр деп ойламайсыз ба? Соны ой, тың пікір айтып, қамшылап отырған дұрыс-ау дегенім ғой.

– «Ақын ақын болар ма,

Айтары жүрек тілмесе» дегендей-ақ, ойындағысын айтып, олқысын толтырмағанды ұлт қолдамайды. Ел қамына әрекет ететін азаматтар оппозиция ішінде баршылық. Алайда, оппозиция екең, оппозицияда да оларға алдыңғы қатардан орын тимей тұрғаны көңілді тым-ақ қоңырайтады. Өз тұтарлық тұлға болмаса, «сары майдан дәмекен құр кеуденің» қырары шамалы екенін халық айтқан. «Сыпыра батыр, пәле шақыр, болдың ақыр тап-тақыр» деген Абай сөзі тағы да тілге орала береді. Яғни, бұдан «сыртқа сүйенбе, ұятқа сүйен» деген тұжырым түйіледі. Ниет түзу, мүдде дұрыс болғанда ғана Жаратқанның панасы, елінің бағасы болатынын білуіміз шарт!
(«Арқа ажары» газеті, 15 желтоқсан 2007 жыл).

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Наталья Владимировна ГЕЛЛЕРТ:
«Шешендігім болмаса да, Парламентте қазақ тілінде сөйлейтін боламын!..»

Өмірдерек: Наталья Владимировна Геллерт 1953 жылы туған. 1990 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын, 1994 жылы Ресей Федерациясы Сыртқы Істер Министрлігінің Дипломатия академиясын бітірген.

Еңбек жолын 1969 жылы Қорғалжын ауданындағы Амангелді атындағы кеңшарда механизатор болып бастады.

X-XI шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 1994-1998 жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Кадрлар басқармасының бірінші хатшысы, Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы елшілігінің екінші хатшысы, 1998-2001 жылдары Сыртқы істер министрлігі консулдық қызмет департаментінің бірінші хатшысы, 2001-2006 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Белоруссиядағы елшілігінің бірінші хатшысы, 2007 жылдың тамыз айына дейін Сыртқы істер министрлігі Әкімшілік департаментінің бөлім бастығы қызметтерін атқарған.

Еңбек жолын қарапайым механизатор болып бастап, сонау Кеңес Одағы кезінде екі мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Наталья Геллерт соңғы жылдары саяси аренада көрінбей кетіп еді. Дегенмен, біраз жылдар бойы Сыртқы істер министрлігінде, Германия мен Белоруссиядағы елшіліктерде жауапты қызметтер атқарғандықтан саясаттан сырт қалды деуге болмас.

«Нұр Отан» партиясы тізімі бойынша Парламент Мәжілісіне депутат болып сайланған Наталья Владимировнадан «Арқа ажарының» бірнеше сұрағына жауап беруін өтінген едік.

–Наталья Владимировна, өзіңізбен сұхбатымызды алдымен, Елбасының Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауынан бастасақ деп едік. Олай болса, осы Жолдаудың бұған дейінгі Жолдаулардан айырмашылығы қандай деп ойлайсыз?

–Алдымен айтарым, бұған дейінгі де, биылғы Жолдауда экономикамызды одан әрі дамытып, халықтың тұрмысын жақсарта түсуге бағытталған. Ол үшін Жолдауда дамуымыздың басым бағыттары, бірінші кезекте атқарылуға тиісті мәселелер нақты айқындала түскені қуантады.

Ал, енді өзіңіз сұрап отырған айырмашылыққа келер болсақ, биылғы Жолдау стратегиялық бағыттар емес, қысқа мерзімде жүзеге асырылуға тиісті нақты шараларға құрылған. Шынында да, 2030 жылға дейінгі дамуымыздың кең ауқымды жолдары бұған дейін анықталды ғой. Ендігі міндет, сол бағытта жұмыс істеп, қордаланып қалған мәселелерді жедел шешу. Сонымен қатар, осыдан бірнеше жыл бұрынғы жағдай мен бүгінгі ахуалды салыстыруға болмайды. Бүгінгі мүмкіндік те, талап та басқа. Осы тұрғыдан алып қарағанда биылғы Жолдауда жедел шешілуге тиіс жайларға баса назар аударылғаны өте дұрыс деп есептеймін.

–Сіздің бұрынғы КСРО кезінде екі рет Жоғарғы Кеңестің депутаты болғандығыңыз есімізде. Енді міне, тәуелсіз еліміз Парламенті Мәжілісінің депутатысыз. Қалай, ол кездегі депутаттық пен бүгінгінің айырмашылығы көп шығар?..

–Депутат болған соң ол кезде де, бүгін де алдымен үлкен жауапкершілік сезініп, тынымсыз еңбек ету керек. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, көп айырмашылық көріп тұрған жоқпын.

Дегенмен, сұрағыңыздың астарын түсініп отырмын. Ол кезде «бірауыздан қолдаймыздан аса алмадыңыздарға меңзеп отырған боларсыз. Алайда, әрбір депутаттың мойнында сайлаушылардың көптеген аманаттары болатындығың, талай мәселелерді шешуде қаншама қиындықтарды жеңуге тура келетіндігін ұмытуға болмайды. Рас, ол кезде кәсіби Парламент болған жоқ. Бірақ, заң жобаларын талқылау, оған өз ұсынысыңды қосу сынды мәселелер депутаттардың төл жұмысы болатын. Сондай-ақ, мен Әйелдер еңбегі мен тұрмысы және аналарды қорғау комиссиясының төрайымы ретінде де біраз жұмыстар атқардым. Қысқаша айтқанда үлкен мектептен өттім. Яғни, «бірауыздан қолдаудан» аса алмадық» дегеннің жөні жоқ.

–Ол дұрыс қой. Бірақ, ол кездегі депутаттық қоғамдық жұмыс болғандығы да шындық. Сіз сессияға кеткенде ауылдағы шаруа қайда қалатын дегенім ғой...

–Бұл сөзіңіздің жаны бар. Жоғарғы Кеңестің депутаты болған соң жұмыстағы көрсеткіштерің де жоғары болуы шарт. Сондықтан, ауылда жүргенде күні-түні егіс даласында болатынмын десем артық айтқандық болмас. Менің жұмысымды ешкім істеп бермейді ғой.

Жалпы, өткеннің бәрін қаралай берудің қажеті жоқ Ол кезде де талай игі істер атқарылды.

– Біраз жылдар мемлекеттік қызметте, дипломатиялық жұмыстарда болып, араға жылдар салып барып депутаттыққа ұмтылуыңызға не себеп? Бұл «көрген жерде ауыл бар» деген қағида ма, әлде...

– Есіңізде болса, мен 2004 жылы Парламент Мәжілісі депутаттығына үміткер болғанмын. Өкінішке орай, ол жолы өте алмадым. Ал өткен жылы «Нұр Отан» партиясының тізімі бойынша сайландым.

Жалпы, депутаттық мен үшін беймәлім қызмет еместігін білесіз ғой. Өткен сайлауда «Нұр Отан» партиясын сайлаушылардың басым көпшілігі қолдап, Парламент Мәжілісіндегі барлық орындарды иеленді. Партиялық тізім бойынша мен де Парламентке өттім.

Шынымды айтсам, «Нұр Отан» партиясы ұсынған тізімде болғаныммен, соңғы сәтке дейін Парламентке өтетініме толық сенімім болған жоқ. Өзіңіз білесіз, ол тізімге енген азаматтардың бәрі бірдей депутат болған жоқ қой. Бүгінгі әріптестеріммен қатар маған да үлкен сенім артылғандығы мен үшін үлкен абырой. Тіпті, депутат болмасам да, «Нұр Отан» партиясының тізіміне енуімнің өзі менің еңбегімді бағалау. Бұл кімге болса да жауапкершілік жүктейді.

Жалпы, жоғарыда айтып өткеніміздей, депутаттық тәжірибем бар, мемлекеттік, дипломатиялық жұмыстарды да атқардым, енді неге сол тәжірибелерімді тәуелсіз еліміздің игілігіне жұмсап, заң шығару органында да өз орнымды алмасқа.

Осының бәрі ескерілген болар, мен Парламент Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесімін. Алда тұрған міндет көп, жұмыс ұшан-теңіз. Ендігі мәселе – сол үрдістен шыға білу. Осы тұрғыдан алып қарағанда, мәселе «көрген жерде ауыл барда» емес, қайталап айтайың жылдар бойы жинақталған тәжірибемді қарапайым халықтың тұрмысын жақсарту түсу ісіне арнау.

– Өзіңіздің жастық шағыңыз өткен Қорғалжын ауданына бүйрегіңіз бұратын болар. Қазір сол өңірдің экономикалық ахуалы қиындау болып тұр. Осы орайда инвестиция тарту, мүмкін басқалай жолы болар, әйтеуір бір амалын тауып қол ұшын беруге болмас па? Қорғалжын – мемлекеттік табиғат қорығының ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне ену мәселесі де толық шешімін таппаған сыңайлы.

– Біраз жылдар бойы дипломатиялық жұмыстарда болып, шет жақта жүрген соң Қорғалжын ауданына, оның ішінде өзім өскен Амангелді ауылына барғанымда, шынымды айтайың, талып қала жаздадым. Жүдеген ауыл, бос қалған үйлер...

Мен Қызылорда облысының Қазалы ауданында туғаныммен, 3 жасымда әкем осы Амангелді атындағы ауылға көшіп келген екен. Міне, сол кезден бастап 1994 жылға дейінгі өмірім осы ауылда өтті. Жастық шағым сонда өтті. Сонда еңбек жолымды бастадым. Сол елде тұрғанда екі мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болдым. Балаларым да сол ауылда дүниеге келді. Яғни, Амангелді ауылы, жалпы Қорғалжын ауданы мен үшін ең қасиетті мекен. Сол жердің топырағына аунадым, сол жерде мектепке бардым, сол өңірде өмірлік жарымды таптым. Ертеректе бес-алты үй ғана

болған бұл ауыл «Дружба» кеңшарының бөлімшесі еді. Кейіннен үлкейіп жеке кеңшар болды. Тіпті, аты облысқа мәлім ірі шаруашылыққа айналғандығын да ел ұмыта қойған жоқ. Мақтанды деменіз, Жоғарғы Кеңестің депутаты болған жылдарымда талай игі бастаманы қолға алдық. Ауыл көркейді. Жасыратыны жоқ, депутаттық мандатымды пайдаланып, кей кездері «белден басып» дегендей, стол қойғыламасам да, талай басшының бетін бұрып, көптеген әлеуметтік мәселелерді шештім.

Реті келгенде айта кетейін осы ауылға су құбырын жүргізу мәселесін шешу үшін сонау Мәскеудегі министрлікте министрдің есігін күзетіп екі-үш күн жүрдім десем сенесіз бе? Жоспарға кірмеген басқа мәселелерді шешу үшін де талай табалдырықты тоздыруға тура келді. Бұл мәселелерде маған көбіне сол уақытта Қорғалжын аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Әділхан Кенжебайұлы Шабатов ақыл-кеңес беріп тұратын. Жарықтық өте іскер, білікті де, білімді адам еді ғой.

Шешімін күткен мәселелерді екшелеп, есеп-қисабын түзеп дегендей, бағытымды айқындап беріп «Қарағым, депутатсың ғой, сөзің өтеді, барып кел», – дейтін. Сол жылдары әлеуметтік сала мәселесі толықтай шешілген еді. Тек, кең де, заман талаптарына сай мектеп салу ғана орындалмай қалды.

Соның бәрі кейіннен тоз-тоз болды ғой. Бүгінгі жағдайы шынында да өте күрделі.

–Рас, 90-шы жылдары көптеген қиындықтар туындап, қолда бардан да айырылып қалдық. Дегенмен, ол жалғыз Қорғалжынға ғана келген нәубет емес қой. Басқа аудандар етек-жеңдерін қымтап алды. Ал Қорғалжында «баяғы жартас, бір жартас».

–Жоғарыда айтып өткенімдей, 2004 жылы депутаттыққа кандидат болып, сайлаушылармен кездесу барысында өз ауылыма да бардым. Сонда маған ауыл тұрғындарының бірі: «Ауылды тоздырып, қолда барды талап жатқанда Сіз қайда болдыңыз?» деген кінә артты. Бұл нені меңзейді?! Бәрі де өзімнің бауырларым ғой, ренжімеймін. Дегенмен, кінәні басқа жақтан іздеудің қажеті бар ма? Аудан, ауыл басшылары қайда, жұрт неге сырттай бақылаушы ғана болған. Өзіңіз айтқандай, басқа аудандарда тап осындай ту-талапай» байқалған жоқ. Енді келіп біреуді кінәлайды. Сонда баяғы атқарылған істер ұмыт қалған ғой.

–Мұның бәрі өтіп кеткен шаруа. Қазір мүмкіндік бар. Ел экономикасы өркендеп келеді. Бірақ, соның бәрі неге Қорғалжынды сырт айналып өтеді дегенім ғой. Тіпті, Елбасы Жолдауында айқындалған 100 мектеп пен 100 аурухана салу мәселесінде де Қорғалжын өгей баланың күйін кешіп отыр.

–Бүгінгі күні де мен депутат ретінде де, жалпы сол елдің баласы ретінде де қолдан келген көмегімді аямаймын. Бірақ, баяғыдағыдай бір мандатты округтен сайланып, «жол жөндеймін, үй саламын» дейтін заман емес қой. Парламентте негізінен заң шығарумен, ел экономикасына байланысты қадау-қадау мәселелермен айналысамыз.

Ал енді көмекке келер болсақ, аудан басшылары өздері шеше алмаған жайттар бойынша есеп-қисабын дайындап, сұраған шаруасының қажеттілігін

дәлелдеп дегендей қимылдауы қажет қой. Сенесіз бе, мен Қорғалжын ауданының әкімін ауданға барғанда ғана көрдім. «Мына мәселенің орайы келмей тұр, қайтсек екен?» деп келсе болмас па? Сайып келгенде, әркім өз жұмысын тыңғылықты атқару керек қой.

Осы орайда, бір әзілдің еске түсіп тұрғаны. Өзі қимылдамай, жұртқа алақан жая беретін біреу құдайға да ауыз салып: «Жұрттың бәріне бересің, маған ештеңе тимеді» деген ғой. Сонда құдай: «Шырағым-ау, не қыл дейсің, ең болмағанда бір лоторея сатып алмадың ғой» деген екен. Сол сияқты «өз қотырынды өзің қасумен» қатар, нарық нағашың еместігін ұмытпай, ұйқыдан арылу қажет.

Мәселен, біз депутаттық топ Қорғалжын мемлекеттік қорығы аумағындағы Табияқ, Күлшім және Абылай бөгеттерін жөндеу қажеттілігі жөнінде Премьер-Министрге депутаттық сұраныс жолдадық. Үкімет басшысынан келген жауапта бұл жұмыстар 2009 жылдың бюджетінде қарастырылатыны айтылған.

Өкінішке орай, Сабынды ауылында салынуға тиіс 420 орындық мектеп биылғы жоспарға енбей қалды. Бұл мәселеде де шикілік бар. Мәселен, бұл мектеп жайында шырылдап жүрген сол ауылдағы мектептің директорын ғана байқадым. Сонда ауданның үлкенді-кішілі басшылары қайда?! Республикалық бюджеттен қаржыландыруға тиіс мәселе туындағанда жанталасу қажет қой. Рас, Үшсарт ауылында мектеп салынатын болды. Бірақ, ол жергілікті бюджеттің қаржысына жүргізіледі.

Әрине, жоғарыда айтып өткенімдей, мен депутат ретінде қолымнан келген көмегімді аямаймын. Өз ауылыма бүйрегім бұратыны да рас. Дегенмен, Парламент Мәжілісінің депутатының «Мен мына елденмін» деуге хақысы жоқ.

–Наталья Владимировна, осы гендерлік саясат туралы ойыңызды білсек деп едік. «Әйел теңдігі» дегенді ту қылып, «асыра сілтеп» жүрген жоқпыз ба? Білікті де, білімді қыз-келіншектер былай да орын табады ғой. «Әйтеуір әйел затын көтеру, көтермелеу керек» деп, сүйрелеп бәйгеге қосудан не пайда?

– Әйелдер қауымының өкілі болсам да айтайың, сол гендерлік саясат дегенге менің де көңілім онша құлап тұрған жоқ. Осы уақытқа дейін түрлі лауазымды қызметте жүрген әйелдерге де, басқа да ел таныған апасіңгілерімізге ешқандай гендерлік саясаттың қажеті болған жоқ.

Әрине, көп жағдайда әйелдердің құқықтары бұрмаланып қалатын сәттер кездеседі. Ол былай да шешіледі. Бірақ, «Сүйреп қосқан тазының түлкі алмайтындығы» да ақиқат қой. Бұл менің жеке пікірім ғана. Сайып келгенде, уақыт өте бәрі орнына келеді. Қандай жағдайда болсын әйел адам ең алдымен өзінің табиғат берген міндетіне берік болуы қажет. Түрлі лауазым да, басқа да мәселелер дұрыс қой. Дегенмен, әйелді бөліп-жара алмай, әрдайым ана мен бала құқы, ұрпақ тәрбиесі дегенді бірінші кезекке қойған абзал Гендерлік саясат тұрғысындағы менің айтарым осы.

–Кейінгі уақытта сыбайлас жемқорлық мүлдем асқындап кетті дегенді жиі еститін болдық. Бұл өзі жазылмайтын созылмалы сырқат болып кетті-ау.

–Рас, бұл мәселе белең алып тұр. Елбасының да сыбайлас жемқорлықпен күреске баса назар аударып отырғандығы да осыдан. Жалпы, сыбайлас жемқорлыққа біржақты қарауға болмас. Көп жағдайда біраз адамдардың кез келген мәселені шешу үшін пара беруге дайын тұратындығы да жасырын емес. Тіпті, заңды түрде емес, жең ұшынан жалғасып шешкенді дәреже көретін жағдайлар жиі кездеседі. Яғни, бұл тұрғыда да бала тәрбиесі туралы айтпай болмайды. Мәселен үйде ата-анасы тамыр-таныс арқылы мәселе шешкенді мақтан тұтып отырса, бала да үлгі алуға тырыспай ма?! Енді осыған кейбір мемлекеттік мекемелердегі бюрократтық сүйрепелерді қоссақ, «бұл қайдан келді» деп таңдануға бола ма? Сондықтан, бұл дертпен ел болып күресуіміз қажет.

–Сізге сұрақтарды қазақша қойып, мемлекеттік тілде сөйлесіп отырмыз. Парламент отырыстарында орысшылап кетесіз бе, қалай?..

–Өзіңіз білесіз, мен қазақша ауызекі тілді бір адамдай білемін. Дегенмен, Парламент қабырғасында ойымды дәл де, сауатты жеткізу үшін орысшаға көшіп кететінім рас. Сондықтан, қазақшаны тереңірек оқуға, оның ішінде әдеби тілді меңгеруге күш салып жатырмын. Әсіресе, қазақша жаза білуге баса назар аудару қажет. Негізі бар ғой, әлі-ақ шешен болмасам да, Парламентте де қазақ тілінде сөйлейтін боламын. Айтпақшы, жұмыс тобының жұмысын қазақ тілінде жүргіземін.

Ойымды бірауыз сөзбен түйіндер болсам, патриоттық сезім мемлекеттік тілді құрметтеуден бастау алады.

–Бір кездері майталман механизатор ретінде атағыңыз шықты. Техниканы ұмытпаған боларсыз. Бүгінде автомобиль руліне отырасыз ба?

–Жиырма жылдан астам уақыт руль бұрадым ғой, жетер. Шынымды айтсам, бүгінде жүргізушінің қасында отырғанды дұрыс санаймын.

–Отбасыңыз жайында айта кетсеңіз.

–Екі балам бар. Қызым тұрмыста, балам үйленген. Күйеуім екеуміз үш немерені қызықтап отырған жай бар.

(«Арқа ажары» газеті, 8 наурыз 2008 жыл).

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Рамазан СӘРПЕКОВ:**

«Жоғары міндеттердің уақыты келіп жетті»

25 қазан – Республика күні мерекесі қарсаңында Парламент Мәжілісінің заң шығарушылық қызметі, конституциялық өзгерістерден кейінгі қалыптасқан жағдайлар туралы білмек болып

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Рамазан Құмарбекұлы Сарпековтен бірнеше сұраққа жауап беруін өтінген едік.

–Рамазан Құмарбекұлы, Парламент ең алдымен Заң шығарушы орган. Ал енді биліктің үш тармағы дегенге келетін болсақ, еліміздің Ата заңына өзгерістер енгізілгеннен кейін мемлекеттік басқару жүйесінде Парламенттің саяси рөлі шын мәнінде артты ма? Қарапайым тілмен айтсақ, Парламент бүгінде өзіне тән нақты билікке ие ме?

–Жалпы, Конституциялық өзгерістердің негізгі мақсаты – елімізде демократиялық құндылықтарды одан әрі дамыту екендігі белгілі. Бұл орайда, біз алдымен жаңа қоғам, жаңа мемлекет құрып жатқанымызды естен шығармауымыз керек. Кейінгі бірнеше жылда Қазақстан танымастай болып өзгерді. Яғни, жаңа жетістіктерге жету, болашаққа деген ұмтылыс қажет. Біз халықаралық қоғамдастықта өзіміздің лайықты орнымызды алуымыз үшін бәсекелестікке қабілеттілігіміз мәселесін шешуіміз керек. Ата Заңымызға енгізілген өзгерістер де осы талаптардан туындады.

Ал енді Парламенттің құқықтық мәртебесіне келер болсақ, соңғы конституциялық өзгерістердің салмағы да, сапасы да жеткілікті. Бұл өзгерістерге сәйкес Парламент депутаттарының саны көбейіп қана қоймай, оның өкілеттілігі артты. Мәселен, Үкіметтің тек қана Президент алдында ғана емес, Парламент алдындағы жауапкершілігі белгіленді. Сондай-ақ, Үкімет басшысы – Премьер-Министрді бекітуде де Мәжіліске басты рөл берілген. Сайып келгенде, бұл Президенттік басқарудан біртіндеп президенттік-парламенттік басқару жүйесіне қадам басып келеміз дегенді білдіреді. Яғни, Сіз сұрап отырғандай, бүгінде Парламент өзіне тән нақты билікке ие деуге толық негіз бар.

–Қалай ойлайсыз, төртінші шақырылымдағы Парламент тек билік партиясынан жасақталды деген сын бүгінде көп айтылмайтын болған сыңайлы. Бұл саяси науқандағы «Нұр Отан» партиясының жеңісін ақыры мойындау ма, әлде келесі сайлауға дейінгі саябырсу ма?

–Бұл сұрағыңызға Елбасымыздың Парламенттің кезекті сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде нақты жауап берілді деп ойлаймын. Онда «Нұр Отан» партиясының сайлауда басым дауысқа ие болуы – халықтың өз шешімі делінген болатын.

Ал енді, кейінгі уақытта сын пікірлердің азаюы «Нұр Отанның» сайлау алдындағы тұғырнамасында көрсетілген міндеттерінің жүйелі түрде орындалып, халықтың сеніміне ие бола білуінде деп түсінгеніміз дұрыс.

Жалпы, саяси науқан алдында болсын, одан кейін болсын түрлі сын пікірлердің айтылуы заңды құбылыс. Сайып келгенде, сындарлы пікір-таластардың дұрыс шешім қабылдауға ықпал ететіндігін жоққа шығаруға болмайды. Тек сын жалаң даттаулардан құралмай, жарқын болашаққа жетелейтін, соның жолдарын айқындайтындай жан-жақты негізделген ұсыныстардан тұрса ғана іс алға басады.

–Ата Заңымызға сол 2007 жылы енгізілген өзгерістер арқылы Парламентке берілген өкілеттіліктер бүгінде қоғамымызда белең алып отырған сыбайлас жемқорлықты ауыздықтауға ықпал ете ала ма?

–Әрине, Конституцияға Парламенттің өкілеттігіне қатысты енгізілген өзгерістер сыбайлас жемқорлықты ауыздықтауға тікелей әсер етеді деуге болмайды. Алайда, билік тұтқасын ұстаған партия мүшелері партиялық мандатына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізеді. Бүгінде «Нұр Отан» партиясы және оның Астана қаласы мен облыс орталықтарында құрылған сыбайлас жемқорлықпен күресу қоғамдық кеңестеріне мәслихаттар депутаттары да тартылып, кеңес отырыстарында көптеген мәселелер бойынша депутаттық сауалдар жолданып, заңдарға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы нақты ұсыныстар енгізіледі.

Жалпы, елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың негізгі мақсаты – мемлекеттік жүйеде жариялылықтың болуын қамтамасыз ету. Сол тұрғыдан заңға тиісті өзгерістер енгізілуде.

–Сіздің ойыңызша келесі сайлауға дейін Қазақстанның партиялық жүйесі қалай дамуы мүмкін? Кейінгі уақытта саяси партиялардың белсенділіктері мүлдем байқалмайды дегенім ғой. Яғни, саяси аренаға басқа бір күштердің шығуы мүмкін бе?

–Алдағы уақытта өтетін сайлауда жеңіске жету үшін қай партия болса да жүйелі түрде жұмыс жүргізіп, өзінің бағдарламасын көпшілікке жеткізу үшін тіршілік жасауы қажет. Ал енді сіздің саяси партиялардың белсенділіктері мүлдем байқалмайды деген пікіріңізге қосыла алмаймын. Бүгінгі таңда елімізде «Нұр Отан» партиясынан басқа 9 саяси партия тіркеуден өткен және олардың бәрі де өз бағдарламалары аясында жұмыс атқаруда. Келесі сайлауға дейін осы партиялардың өздерінің нақты ұстанымын анықтап, сайлау нәтижесінде Парламентте неғұрлым көбірек орын алу үшін барлық күштерін салатындығы баршамызға анық нәрсе. Ал қандай партияның алдыңғы саптан көрінетіндігі немесе жеңіске жететіндігі олардың қаншалықты халықтың ойынан шығуына байланысты. Саяси аренаға тағы қандай күштер шығады деген мәселе де еліміздегі жалпы ахуалға байланысты болса керек. Саяси болжам жасау, әрине, абырой әпермейтін шаруа, дегенмен, бүгін тағы бір саяси күштің немесе партияның қажеттілігін көріп тұрған жоқпын.

Өзіңіз білесіз, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Парламент сессиясын ашу кезінде сөйлеген сөзінде Парламентті кем дегенде екі партиядан, тіпті, егер екінші партия 7 пайыздық тосқауылдан өтпесе де жасақтауға мүмкіндік беретін тетік құру қажеттілігін айтты. Бұл елімізде барлық топтардың мүдделерінің қорғалуына жағдай туғызады. Яғни, «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Конституциялық заң әрі қарай жетілдіре түседі деп күтілуде.

–Мазмұнды әңгімеңізге рахмет! Жұмысыңызға табыс тілеймін!

(«Арқа ажары» газеті, 25 қазан 2008 жыл).

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Жексенбай ДҮЙСЕБАЕВ:
«Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі – жан-жақты
ойластырып, шешіп алатын мәселе»

Әлемде орын алып отырған қаржы дағдарысы, астық пен мал өнімдеріне, жалпы азық-түлікке деген сұраныстың артуы, ауыл шаруашылығы саласында әлі де болса шешімі табылмаған проблемалардың аз еместігі еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде нақты қадамдарды талап етеді.

Осы мәселе тұрғысында біз Қазақстандағы бүгінгі ахуалды білмек болып, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ж.Дүйсебаевты әңгімеге тартқан едік.

–Жексенбай Қартабайұлы, Қазақстанда халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі қандай деңгейде? Нақтырақ айтсақ, ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаруда импортқа иек артпай, өз күнімізді өзіміз көре аламыз ба?

–Бірден айта кетейін, азық-түлікпен қамтамасыз етуде ешқандай қиындық жоқ. Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сүйенсек, негізгі азық-түлік өнімдерін өндіру көлемі тұтыну мөлшерінен едәуір жоғары. Мәселен, көкөніс, бау-бақша өнімдерін өндіру елімізде тұтыну көлемінен 1,3 есе көп. Басқаша айтқанда, елімізге жылына 1,6 миллион тонна көкөніс керек болса (бір адамға 100 килограмнан есептегенде), бізде жылына 2,0 миллион тонна өндіріледі. Сондай-ақ, жылына 1,1 миллион тонна картоп, 750 тонна ет өнімдері (бір адамға жылына 48 килограмнан келеді), 4,2 миллион тонна сүт өнімдері қажет болса, ауыл шаруашылығы құрылымдары жылына тиісінше 2,0 миллион тонна картоп, 866 тонна ет, 5,3 миллион тонна сүт өндіреді. Азық-түліктің басқа түрлері бойынша да алаңдайтын ештеңе жоқ. Тек, өндірілген өнімдерді еліміздің барлық аймақтарына дұрыс бөлу, өнімнің сапасын арттыру мен өңдеу мәселесін дұрыс жолға қою керек.

–Енді тауар өндіруші мен тұтынушылар арасында делдал болып, бағаны өсіретіндерден арылу үшін бұрындары болған дайындау мекемелерін қалпына келтіру үшін не істеу керек екендігіне тоқтала кетсеңіз. Бұл туралы аз айтылып жүрген жоқ. Алайда, «баяғы жартас, бір жартастан» арыла алмай жүрміз-ау...

–Рас, сауда-дайындау кооперативтерін қалпына келтіру заман талабы. Бұл жеке меншік иелерінен өнімдерді ешқандай делдалсыз тікелей сатып алуға мүмкіндік берер еді. Яғни, елімізде сапалы, экологиялық жағынан таза, ал ең бастысы, үстеме бағасыз арзан өнімдердің мол болуына жағдай туғызады. Сондай-ақ, жеке меншік иелерінің де табыстары артып, олардың әл-ауқаттары жақсара түседі.

Бұл тұрғыда құрамына «Мал өнімдері» акционерлік қоғамы, «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамдары кіретін «Қазагро» холдингі жетекші рөл атқаруға тиіс. Жергілікті атқару органдары да сырттай бақылаушы болып қалмай, істің алға басуына ықпал етуге міндетті.

Жалпы, бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарушылардың басым көпшілігі шағын кәсіпорындардан тұрады. Сондай-ақ, шығарылған өнімнің 80 пайызы шикізат түрінде сатылады. Ал, дайын өнімдер өзіндік құнының жоғары болуы себебінен бәсекелестікке төтеп бере алмайды.

–Сонда Сіздің ойыңызша, бұл тұрғыда не істеуіміз керек?

–Ауыл шаруашылығы саласында инфрақұрылымның дұрыс дамымауы мен тауар өндірушілер үшін қаржы ресурстарының қол жетпес проблемаға айналуы ауыл тұрғындарының жігерлеріне құм құюда.

Бұл орайда, алдымен өңдеу кәсіпорындары жүйесін дамыту үшін қаржы қажет. Салық Кодексінің жаңа жобасында салық тұрғысында жеңілдіктер қарастырылған. Мәселен, өңдеу кәсіпорындары үшін қосымша құн салығын 70 пайызға дейін төмендету белгіленген. Әрине, бұл біраз жеңілдік. Дегенмен, аграрлық сала үшін ең қиын проблема несие алу болып отыр. Рас, мүліктерді заңдастыруға орай, ауыл тұрғындары банктерден несие алу үшін кепілдік мүлікке ие болуға жағдай туды. Бірақ, мәселе әлі толық шешілмей тұр. Мәселен, 2007 жылы екінші деңгейдегі банктер берген жалпы несие көлеміндегі ауыл тұрғындарының үлес салмағы тек 4 пайызды ғана құрайды.

Ал бұл тығырықтан шығар жол – жер банкіні немесе ауыл шаруашылығы банкіні ашу керек деп ойлаймын. Жоғарыда айтылған мәселелерді кешенді түрде шешіп, мәселенің мәнісіне тереңірек үңіліп барып, шешім қабылдайтын болсақ іс оңға басады.

–Жексенбай Қартабайұлы, қазір Үкімет тарапынан ауыл шаруашылығының артта қалған салаларына қандай субсидия төленеді? Жалпы, келешекте оның көлемін көбейту жағы қарастырыла ма?

–Еліміз өзін толық қамтамасыз ете алмайтын азық-түлік түрлері бойынша нақты экономикалық шаралар қабылдау қажет. Оның алғы шарттарының бірі – нақты салаларды қолдау үшін субсидия бөлу. 2008 жылы өткен жылмен салыстырғанда субсидия көлемі орта есеппен 1,3 еседен 5,0 есеге дейін өскен. Мәселен, қант қызылшасын өндіруді ынталандыру мақсатымен бір гектар алқапты өңдеу үшін бөлінетін субсидия көлемі 2,0 мың теңгеден 11,0 мың теңгеге дейін өсті. Мұндай жеңілдіктер көкөніс өндіру саласына да қарастырылған. Соның нәтижесінде тауар өндірушілердің жұмыстары жанданып, үстіміздегі жылы қант қызылшасы алқабы 5,4 мың гектарға, майлы дақылдар алқабы 82,0 мың гектарға ұлғайды.

Ал, мал шаруашылығы саласына келер болсақ, мұнда шешімі табылмаған проблемалар әлі көп. 2009-2011 жылдарға арналған бюджетте мал өнімдерін шығаратын кәсіпорындарға арзандатылған құрама жем алу үшін 8,8 миллиард теңге субсидия қарастырылған. Ал, нақты қажеттілікке келер болсақ, есеп бойынша тек құс өсіру саласына ғана арзандатылған құрама жем алуға 14,4 миллиард теңге қажет екен.

Міне, осындай көзқарастардың салдарынан шығарылатын өнімнің өзіндік құны артады да, біздің өнімдер бәсекелестікке төтеп бере алмайды. Яғни, сапасы күмәнді импорттық өнімдер қаптайды. Салыстыру үшін айта кетсек, тауықтың бір жұмыртқасы Қытайда 3 теңге тұратын болса, бізде 15 теңге.

Әрине, мұның екінші жағы да бар. Мысалы, Қазақстанда құс өсірушілер құрама жем ретінде бидайды, жүгеріні, балық сүйегінен жасалған ұнды, майларды пайдаланса, шетелдіктер түрлі гармоналды қоспалар мен генетикалық өңделген заттарды пайдаланады. Бұл өнімнің бағасын арзандатқанымен, сапасына кері әсерін тигізеді.

Осы мәселелерді ескере келе, Үкіметке құрама жем бағасын арзандату үшін субсидия көлемін ұлғайту қажеттілігі тұрғысында депутаттық сұрау жібердік.

–Жалпы, ауыл шаруашылығы саласының болашағы қандай? Осы ретте, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысында қолға алынып жатқан нақты шаралар туралы да айта кетсеңіз.

–Бірінші кезекте аграрлық ғылым мен инновацияға баса назар аударып, агроөнеркәсіптік кешенде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бөлінетін қаржы мөлшерін ұлғайту қажет. Мен мұны тек ғалым ретінде ғана емес, осы салада көптеген жылдар бойы еңбек еткен маман ретінде айтып отырмын. Ғылым мен өндіріс арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз ету үшін өндіріске алдыңғы қатарлы технологияларды енгізіп, оларды игеретін мамандар даярлау қажет.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарушыларға несие беру жүйесін жетілдіре түсу керек. Өткен жылы «Казагрофинанс» лизингтік компаниясының тікелей қатысуымен екі ірі сүт өндіру кешені пайдалануға беріліп, оларға Канададан асыл тұқымды сиырлар әкелінді. Жақын арада тағы да осындай алты кешен салынады. Ал, 4-5 жылдан соң еліміз бойынша мұндай кешендер саны 30-ға жетеді.

Бүгінгі күні еліміздегі барлық мал басының 90 пайызы шағын кәсіпорындар мен жеке меншік иелерінің үлесінде. Олар қажетті өнімнің 30 пайызын өндіреді. Сондықтан, әзірге ірі мал бордақылау және сүт өндіру кешендерін құрғанша, осыларды қолдау қажет.

Ішкі рынокты тұрақты түрде азық-түлікпен және арзан тауармен қамтамасыз етудің бірден бір жолы – ірі қалалар маңында азық-түлік белдеуін қалыптастыру. Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сүйенсек, Астана қаласы маңында азық-түлік белдеуін жасау үшін жалпы құны 7,8 миллиард теңгені құрайтын 48 жоба қаржыландырылған.

Үкімет тарапынан еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің заңдық негізі қалыптастырылуда. Бұл орайда, тиісті заң жобалары жылдың өзінде Парламентке ұсынылады. Онда астық ресурсын тұрақтандыру, жергілікті атқарушы биліктің рөлін арттыру, сондай-ақ, оларға күнделікті сұранысқа ие азық-түлік түрлерінің бағасын қалыптастыруда бақылау функцияларын беру көзделген.

Міне, осы шаралардың бәрі жүзеге асырылатын болса, елімізде азық-түлік мәселесі, ең бастысы, олардың сапасы мен бағалары тұрғысында біраз шаруаның оңға басатыны анық.

–Әңгімеңізге рахмет.

(«Арқа ажары» газеті, 11 қараша 2008 жыл).

(«Арқа ажары» газеті, 20 қараша 2008 жыл).

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Егор КАПШЕЛЬ:**

«Біздің күшіміз – ынтымақта»

Еліміздегі бүкіл дүние жүзіне үлгі болып отырған саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді сақтауда Қазақстан халқы Ассамблеясының алар орны ерекше. Осы ұйымның биылғы жылдың 26 қазанында Астана қаласында өтетін кезекті сессиясы бұл тұрғыда тағы да бірсыпыра баянды істерге он серпін берері айқын. Біз бүгін осы маңызды шараның қарсаңында Қазақстан халқы Ассамблеясы бойынша Ақмола облысынан Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланған Егор Яковлевич Каппельмен газет тілшісінің жүргізген сұхбатын оқырман назарына ұсынуды жөн көріп отырмыз.

–Егор Яковлевич, сіздің ұзақ жылдар бойы Ақмола облысында еңбек еткендігіңіз белгілі. Еңбек жолыңызды құрылысшы маман ретінде бастап, екі ауданда бірінші басшы деңгейіне дейін көтерілгендігіңіз аян. Енді міне, Парламент Мәжілісінің депутатысыз. Шаруашылықтан саясатқа ауысуыңызды өмір жолыңыздың заңды жалғасы деп білесіз бе, әлде, мұның басқа да себептері бар ма?

–Бірден айта кетейін қызмет орнымның ауысуынан ешқандай астар іздеудің қажеті жоқ. Өзіңізге белгілі мен осы уақытқа дейін депутаттыққа өз кандидатурамды ұсынған емеспін. Сондай-ақ, соңғы сайлауда да партиялық тізімде болған жоқпын. Ал, енді Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан бірнеше адаммен қатар, мен де осы депутаттыққа ұсынылсам, сенімді ақтауға тырысқанымның ешқандай айып-шамы жоқ шығар. Сайып келгенде, қай қызметте болсаң да, өз міндетінді ойдағыдай атқару керек қой.

–Өткен жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы арнайы Заң қабылданды. Бұл этноаралық қатынастар мәселесінің қазақстандық моделінің айрықша маңызға ие болып отырғандығының белгісі болса керек. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, еліміздің саяси-экономикалық дамуы тұрғысындағы Ассамблеяның алар орны қаншалықты өзгереді деп ойлайсыз?

–Елбасының өзі басқаратын Қазақстан халқы Ассамблеясының елімізді мекендейтін барлық этностарды біріктіретін, оларды ортақ мүддеге жұмылдыру тұрғысында айрықша орын алатын ерекше құрылым екендігін бүгінде әлем мойындап отыр. Бұл жай ғана мақтан үшін айтылып отырған жоқ. Шын мәнінде де жоғарыда айтып өткенімдей, әлемнің қызығушылығын танытып отырған бұл ұйым өзінің қажеттілігін көрсетуде. Бүгінгі таңда жер-жерлерде дінаралық, ұлтаралық қақтығыстар орын алып тұрғандығы белгілі. Шынын айту керек, осы келеңсіз жағдайлардың оң шешімін табу оңай болып тұрған жоқ. Бұл тұрғыдан Елбасымыздың тікелей басшылығымен қолға алынған еліміздегі халықтар достығы мен дінаралық, конфессияаралық ынтымақтастық мәселесі біздің мәртебемізді көтеріп тұрғандығын айту керек. Оның айғағы ретінде жуырда Ұлыбритания Парламентіне барғанымыздағы кездесулер барысындағы, басқа да елдерде болған пікір алысулардағы біздің Ассамблеяға берілген бағаларды айтуға болады. Жалпы, өткен жылғы конституциялық реформалар аясында Ассамблея нақты саяси мәртебеге ие болды. Өздеріңіз көріп отырғандай, оның тоғыз өкілі еліміздің жоғарғы заң шығарушы органының мүшесі. Бір айта кетерлігі, бұл тоғыз депутаттың біреуі де ешқандай саяси партияға мүше емес. Нақтырақ айтсақ, біз өз жұмысымызда жекелеген этностың емес, барлық қазақстандықтардың мүдделерін қорғауға тиіспіз. Әрине, бұдан ұлттық диаспоралар назардан тыс қалды деген ой туындамаса керек. Шындығында елімізді мекендейтін 130-ға жуық ұлттардың бірде біреуі көмекке мұқтаж емес. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе – оларды мемлекетіміздің дамуы жолындағы барлық мәселелерді бірлесе шешуге жұмылдыру.

–Ассамблеядан сайланған депутаттар Мәжілістегі түрлі комитеттердің мүшелері. Сондай-ақ, олар жұмыс сапарымен республикамыздың барлық аймақтарын аралайды. Сондай кездесулерде сайлаушылар Ассамблея құзырына жататын қандай мәселені жиі көтереді?

–Бүгінгі таңда ең маңызды мәселелердің бірі – мемлекеттік тілдің қолданылу аясын өз деңгейіне жеткізу.

–Ол үшін алдымен, сол мемлекеттік тілді меңгеру керек қой.

–Міне, мәселе сонда болып тұр ғой. Рас, қазақ тілін үйрену, оны іс-қағаздарын жүргізуде толық пайдалану мәселесінде біраз жұмыс тындырылды. Біраз аудандар, кейбір облыстар іс-қағаздарын қазақ тіліне толық көшірді. Дегенмен, олқы түсіп жатқан жайларымыз да аз емес.

Бұл орайда, жасы ұлғайған адамдарға мемлекеттік тілді неге жетік білмейсің деген талап қою артық болар. Ал енді барлық деңгейдегі басшылар, мемлекеттік деңгейдегі қызметкерлер білуге міндетті. Бұл заң талаптары ғана емес, әрбір қазақстандықтың азаматтық парызы. Әсіресе, еліміздің болашағы – жастарымыз үшін бұл бірінші кезектегі мәселе.

–Бұл жайында аз айтылып жүрген жоқ. Методикалық құралдардың жетіспеушілігі, тағы басқа да сылтауларды білеміз. Алайда, тәуелсіздік алғанымызға 20 жыл болып қалды ғой. Осы уақытта толық бір буын өсіп шықты. Ал біз болсақ, әлі «сыныққа сылтау» іздеуден аса алмай

отырмыз. Күні кеше ғана осы мәселе бойынша бір топ депутат Премьер-Министрдің атына тағы да депутаттық сауал жолдады.

–Ашына айтып отырған сауалыңызды түсініп отырмын. Бұл мәселе бәрімізді толғандыруға тиіс. Тағы да қайталап айтайын, бүгінде мемлекеттік тілді меңгергендер саны көбейді. Іс-қағаздары да қазақ тілінде жүргізіле бастады. Өзіңіз байқаған боларсыз, Парламент Мәжілісіне келгенде Премьер-Министр де, басқа да біраз министрлер хабарламаларын қазақ тілінде жүргізуге тырысуда. Олардың саны күн санап өсіп келеді. Жалпы, бұл мәселені мектепке дейінгі балалар мекемелерінен, атап айтсақ, балалар бақшасынан бастап қолға алып, мектептер мен түрлі оқу орындарында жалғастыру қажет. Нақтырақ айтсам, орта мектепті бітірген әрбір адам қазақ тілін жетік меңгеріп шығуы керек. Өкінішке орай, біздің мектеп бітірушілердің біразының (көпшілігінің десек те, қателеспеспіз) қазақ тілін білу деңгейі сонау Кеңес Одағы кезіндегі шет ел тілін меңгеру деңгейінде ғана. Осыдан барып бүгінгі жағдайға тап болып отырмыз. Яғни, бұл тек Парламент қабырғасында немесе Үкімет қабырғасында ғана шешілетін мәселе емес. Бұл мәселені бүкіл халық болып қолға алуымыз керек. Өзіңіз айтып отырғандай, әр нәрсені сылтау қылып, «ұзын арқан, кең тұсауға» салатын уақыт өтті. Талапты да күшейту керек, жағдай да туғызу керек. Ата Заңымызда мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп жазылған. Оны ескермеуге ешкімнің құқы жоқ. Мәселе осы тұрғыдан қарастырылуы керек.

–Сіз, жоғарыда айтып өткенімдей, Ақмола облысының Аршалы, Ерейментау аудандарын басқардыңыз. Біраз адамдармен қызметтес, дәмдес болғаныңыз анық. Ендеше, шаруашылықты сағынған жоқсыз ба? Әлде, депутаттық кресло жайлылық па?..

–Мен жоғары оқу орнын бітірген соң еңбек жолымды Аршалы ауданында прораб болып бастадым. Алғашқыда жас маман ретінде тәжірибелі әріптестерімнен көп нәрсе үйрендім. Шама-шарқымша өз міндеттерімді ойдағыдай орындауға тырыстым. Білмегенімді сұрап алудан ұялған емеспін. Соның әсері болар, әлде, басқа себептері бар ма, әйтеуір абыройсыз болған жоқпын. Кеңсар директоры, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудан әкімі сынды баспалдақтардан толық өттім. Облыс аудандарында қызмет істеген жылдары Қабидолла Ахмедиянов, Еркеғали Есенжолов, Марат Қойшыбаев сынды аудан, қала өкімдерімен қоян-қолтық жұмыс істедім. Сондай-ақ, Сергей Витальевич Кулагин, Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев, Жәнібек Сәлімұлы Кәрібжанов сияқты білікті басшылардан көп нәрсе үйрендім.

Шындығында, ауық-ауық өзіңіз айтқандай, шаруашылық жұмыстарымен айналысуға аңсарым ауып тұратындығын байқаймын. Бұл енді көпжылдық жұмыстарымның әсері болар. Дегенмен, алғашқыда тосырқай қарағаныммен, депутаттық мандаттың да салмағын пайымдай алатын болдық. Жалпы, «депутаттық кресло жайлылық па?..» деген емеурініңізбен келіспейтіндігімді айтқым келеді. Еліміздің заңдарына қабылдау, олардың жобаларын егжей-тегжейлі саралау оңай шаруа болмаса керек.

–Кешіріңіз, мұның өзі жылдар бойы ел басқарып, егін егіп, мал өсіріп, құрылыс жүргізіп деген сияқты қайнаған қара жұмыстың ортасында жүрген адамға Парламенттегі тірлік тосындау көрінген болар деген ойдан туындаған сұрақ қой.

–Әрине, сұрағыңыз орынды, соған сай, мен де орынды жауап бердім ғой деп ойлаймын.

–Биыл Ақмола облысы диқандары егіншілік саласында мол өнімге қол жеткізді. Сондай-ақ, жалпы еліміз бойынша 21 миллион тонна астық жиналғандығы белгілі. Өкінішке орай, ауыл еңбеккерлері алынған астықтарын өткізуде қиындықтарға тап болуда. Баға да өткен жылға қарағанда көп төмен.

–Баға тұрғысында бірдеңе деу қиын. Нарықтық қатынастар жағдайында бәрін сол нарық билейтіндігі белгілі. Ал, енді астықты өткізудегі қиындықтарға келер болсақ, алғашқыда ондай жағдайдың орын алғандығы рас. Дегенмен, бүгінде бәрі орнына келді деуге болады. Онда біздің депутаттардың да үлесі бар. Себебі Парламент Мәжілісінің бір топ депутаты Премьер-Министр Кәрім Мәсімовтің атына осы мәселе жөнінде депутаттық сауал да жолдаған болатын.

–Егор Яковлевич, оқырмандарымызға отбасыңыз жайлы да азырақ мағлұмат бере кетсеңіз.

–Әйелім екеуіміз екі ұл, бір қыз өсірдік. Бір келінім қазақ қызы. Күйеу балам татар жігіті. Осылайша қазақпен, татармен құда болып отырған жайым бар.

–Кешіріңіз, отбасыңыз да шағын Ассамблея екен ғой.

–Солай деуге де болатын шығар. Бұл жағынан алып қараған да, нағыз интернационалдық отбасы болып отырмыз.

Сөз соңында Ақмола облысының барлық тұрғындарын облыстың 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтағым келеді. Экономикалық әлеуеті жағынан еліміз бойынша алдыңғы саптан көрініп келе жатқан астаналық облыстың халықтың әл-ауқатын жақсарта тусу тұрғысында әлі де талай асулардан көрінетіндігіне сенемін. Әсіресе, Елордамызды сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуде Елбасы қойған міндеттерді ойдағыдай орындау тұрғысында жаңа жетістіктерге қол жеткізе білейік дер едім.

–Әңгімеңізге рахмет! Сізге де табыс тілеймін.

(«Арқа ажары» газеті, 17 қазан 2009 жыл).

Елімізде билік басында жүрген, Парламент қабырғасында заң шығарумен айналысатын, сондай-ақ, ірі кәсіпорын-ұйым, мекемелерді басқаратын қыз-келіншектеріміз аз емес. Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында тілшіміз сондай жандардың бірі – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Людмила Хочиевамен кездесіп, «Арқа ажары» газетінің бірнеше сауалдарына жауап беруін өтінген еді.

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты,
Заң және сот-құқықтық реформалар комитетінің мүшесі
Людмила ХОЧИЕВА:**

**«Адам қызметімен емес, адамгершілік қасиетімен
биік тұруы тиіс»**

–Людмила ханым, өмірбаяныңыздан байқасам, ауылдық жерде өскен қыз екенсіз. Еңбек жолыңызды да қарапайым жұмысшы болып бастапсыз. Кейіннен басқа да басшы қызметтерде болдыңыз. Ал, бүгінде Парламент Мәжілісінің депутатысыз. Бір сөзбен айтқанда, билікте, оның ішінде саясаттың бел ортасында жүрген әйелдердің бірісіз. Мұның бәрі сіздің еңбек жолыңыздың заңды жалғасы деп ойлайсыз ба, әлде саясатқа бұрылуыңыздың басқа себептері бар ма?

–Шынымды айтсам, жас кезімде ондай мәселелерді мүлдем ойламаппын. Сіз оны айтасыз, менің жоғары оқу орнына түсуімнің өзі де кездейсоқ болды десем, сенесіз бе?! Дегенмен, әділдік үшін айта кетейін, мектеп қабырғасында жүргенде, одан кейін жоғары оқу орнында оқығанда да қоғамдық жұмыстарға көп араласатынымын. Қысқаша айтқанда, белсенділердің бірі болдым. Соның пайдасы тиген болуы керек, жалпы мен адамдармен қоян-қолтық араласып жұмыс істегенді ұнатамын. Ал, енді саясатқа келемін деп ойлаған жоқ едім. Оның бәрі менің Қарашай-Балқар ұлттық-мәдени орталығын ашуға белсене араласуымнан бастау алды ғой деп ойлаймын.

–Ұлттық-мәдени орталық ашуға не түрткі болды? Оның мақсаты, мүддесі қандай дегенім ғой?

–Әлі есімде, бірде үйде достарымызбен отырып, теледидардан Қазақстан халықтары (ол кезде солай аталатын) Ассамблеясының сессиясы жұмысын тамашаладық. Сол кезде Болат деген бір досымыз: «Сендер, балқарлар Қазақстанда азсыңдар. Мәдениеттерің мен тілдерің жоғалып барады. Бұлай жалағаса берсе, біраз жылдардан соң сендерді «Қызыл кітапқа» енгізуге тура келеді» деді әзіл-шынын араластырып. Шынымды айтайын, әзілдеп болса да айтылған бұл сөз мені үлкен ойларға жетеледі. Сонымен не керек, мәдени орталық ашуға бел будық. Дегенмен, алғашқыда түрлі себептерге орай орталықты тіркеуден өткізудің өзі қиын болды. Өтіп кеткен шаруа ғой, біраз кедергілерге тап болдық. Әр ауылды, әр отбасын аралап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргіздік. Тіпті, ұлттық киімдер тігетін мата таба алмай, қиналған кездеріміз де болды ғой.

Жалпы, тілі мен мәдениеті жоғалған ұлттың уақыт өте өзі де жоғалатындығы ақиқат қой. Оның талай мысалдары бар. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда жалғыз біз, яғни, балқар ұлты үшін ғана емес, Қазақстанды мекендейтін басқа да ондаған ұлт өкілдері үшін мұндай мәдени

орталықтардың маңызы өте зор. Бұл арада алдымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясатын ерекше айтып өту керек.

–Сіз тілі мен мәдениетін жоғалта бастаған адамға ұқсамайсыз. Тіпті, қазақ тілін де бір қазақтан артық болмаса, кем білмейді екенсіз. Мектеп пен жоғары оқу орнын орысша бітіргенсіз. Ана тілін де жақсы білесіз. Мұныңыз түрлі сылтаулар айтатын біраз адамға үлгі болатын қасиет екен. Осының сыры неде?

–Көпке топырақ шашудан аулақпын. Әркім өз ісіне жауап береді ғой. Дегенмен, алдымен, тілдік орта қажет екендігін ұмытпайық. Әрине, орыс тілінің жайы белгілі. Жас кезімізде басым көпшілігіміз, әсіресе, қалада оқысақ та, жұмыс істесек те тек орыс тіліне жүгіндік. Бәрімізге де бірдей сондай жағдай қалыптасты ғой. Ал, енді ана тіліне келетін болсақ, бәрі отбасынан бастау алады ғой. Бұл тұрғыдан алып қарағанда бәрі тәрбиеге байланысты. Ұлт боламын, тілімді, ділімді сақтаймын деген адамға бұл басты міндет болуға тиіс. Бір кездері орын алғандай, уақытша заман ағымына ілесіп «орыс тілін білмесең адам болмайсың» деген қағиданың қайда апаратынына көзіміз жететіндей болды ғой.

Ал, енді мемлекеттік тілге келетін болсақ, Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған Жолдауында атап көрсеткендей, енді бес-он жылда елімізде қазақ тілі өзінің лайықты орнын алады. Оған өз басым кәміл сенемін. Көңіліңізге келмесін, бұл арада құр байбалам емес, нақты іс керек. Тілдік орта қалыптастыру керек. Сонда бәрі орнына келеді.

Сөз орайында айта кетейін, Қазақстанды өз Отаны санайтын қазақтан басқа ұлт өкілдерінің бәрі де қазақ халқы мемлекетіміздің керегесі болса, басқаларымыз соның уықтары екенімізді нақты сезінуі керек. Ортақ Отанымыздың жарқын болашағы біздің бірлігіміз бен ынтымақтастығымызға, ортақ мүдде жолындағы бірлескен әрекеттерімізге байланысты екендігін ұмытуға болмайды. Сіз маған қазақ тілін жақсы біледі екенсіз дейсіз. Мен «қазақ тілін қалай үйреніп алдыңыз» деген сұраққа жауап бере алмаймын. Себебі мен бұл тілді арнайы үйренген жоқпын. Мен осы тілмен өстім. Мен өскен ауылда балкарлар қазақ тілін білсе, қазақтар балкарлар тілінде сөйлей алатын. Менің тілдік орта қажет деп отырғаным осы.

– Людмила ханым, билікке жақын жүру адамды қаншалықты өзгертеді екен? Психологиялық, жалпы, адамгершілік тұрғысында, әсіресе, саясатпен айналысатын әйелдер жаратушы сыйлаған негізгі міндеттерінен алшақтап кетпей ме?

–Өз басым ондай ештеңе байқаған жоқпын. Осы уақытқа дейін барлық бұрынғы достарыммен, бірге қызметтес болған әріптестеріммен жақсы қарым- қатынастамын. Сайып келгенде, бәрі тәрбиеге байланысты. Қазақ айтпай ма, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп. Мүмкін біреулерді көп ақша немесе билік өзгертетін болар. Өз басым ондай «дерттен» аулақпын. Ал жалпы, адамдар қашан болсын, қызметімен емес, адамгершілік қасиеттерімен биік тұруы тиіс.

–Сонда да жоғары лауазымда жүрген соң күнделікті жүріс-тұрыс, киім киіс біршама өзгертін болар. Депутат базардан қытайдың арзанқол жейдесін алмайтын шығар. Жеке стилистің қызметін басқа да ауқатты адамдарға тән қызметтерді пайдаланасыз ба дегенім ғой.

–Бұл сұрағыңызға да «бәрі тәрбиеге байланысты» десем, өзімді өзім қайталағаным бола ма?! Дегенмен, шындығында солай ғой. Өзіңіз айтып отырған жүріс-тұрыс та, киім киіс те әр адамның ішкі жан-дүниесіне, таным-талғамына байланысты. Әрине, қоршаған ортаның ықпалы көп екендігі дау тудырмайды. Алайда, негізінен бәрі адамның өзіне байланысты болып келеді.

Ал, енді кез келген әйел адам алдымен өзінің әйел екендігін, айналасына мейірім шашуға жаратылған пенде екендігін ұмытпаса болғаны. Сонда әдемілікке де, әсемдікке де орын табылады.

– **«Әйел адам алдымен өзінің әйел екендігін ұмытпауы керек» дегенді өте дұрыс айттыңыз. Осы арада бүгінде көп айтылып жүрген гендерлік саясатқа деген көзқарасыңызды білгіміз келеді.**

–Бұл енді әйелдер қоғамымызда өзінің лайықты орнын алсын деген ниеттен туындаған ғой. Шындығында бізде, оның ішінде қазақ халқында гендерлік саясат әлімсақтан бар екендігін ұмытпайық. Ананы, жалпы қыз баланы сыйлау, еркелету, құрмет тұту қазақ үшін басты қағида екендігін кім білмейді. Рас, ер-азаматтың орны бөлек. Әркім өзіне тән, өзі міндетті істермен айналысуы керек. Ал енді, бүгінгі таңда қоғамымызда бұл тұрғыда кейбір кемшін түсіп жатқан жайлар болса, оларды ұранмен емес, рет-ретімен шешу керек. Сондай-ақ, әлемдік қауымдастықтың бір бөлігі ретінде Қазақстан да дамыған, өркениетті елдермен терезесі тең ел болуы үшін әлемдік стандарттарға да бей-жай қарай алмайды. Оның да өз талаптары бар. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда әлі де шешімі табылмаған мәселелер жоқ емес. Гендерлік саясат да осы мәселелерді шешуге бағытталған болар.

–**Өзіңізді бақытты әйел санайсыз ба? Жалпы, әйел бақыты деген не?**

–Әрине. Бұл арада әйел үшін алдымен отбасының маңызы ерекше екендігін айтуым керек. Сондай-ақ, мұндайда ер-азаматтың алар орны өте маңызды. Шүкір, күйеуім өзімді қадірлейді. Сайып келген де, менің депутат болуым да алдымен Алла, сосын жарымның арқасы.

Балаларым ер жеткен, немерелерімнің қызығын көріп отырған әжемін. Осының бәрі бақыт емес пе? Ендігі тілейтінім еліміздің тыныштығы, халқымыздың амандығы.

–**Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай ақмолалық қыз-келіншектерге айтар қандай тілегіңіз бар?**

–Ақмола облысы ғана емес, барша қазақстандық қыз-келіншектерге баянды бақыт, отбастарына амандық тілеймін. Отанымыздың жарқын болашағы жолында бәріміз бір жеңнен қол шығара еңбек ете берейік демекпін.

–Мазмұнды әңгімеңізге рахмет! Депутаттық қызметіңіз жемісті болсын.

(«Арқа ажары» газеті, 5 наурыз 2011 жыл).

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Жексенбай ДҮЙСЕБАЕВ:**

«Ауыл шаруасын үйлестіре отырып шешу қажет»

Кейінгі жылдары елімізде ауыл шаруашылығына айрықша назар аударыла бастады. Осының айғағы ретінде бұл салада қол жеткен табыстарымызды айтуға болады. Әсіресе, егіс саласында ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелер бар. Мәселен, Қазақстан астық өндіруде әлемде алдыңғы он елдің қатарынан көрінсе, экспортқа бидай шығаруда дүние жүзінде жетінші орын алады екен. Ал үн экспорттауда тіпті, соңғы үш жылда бірінші орыннан көрініп келеді.

Өкінішке орай, ежелден малдың қадірін білетін халық бола тұрып, мал шаруашылығын дамытуда көп мақтанатындай жағдайымыз жоқ. Соның айғағы ретінде сүттің 40 пайызын, еттің 30 пайызын сырттан әкелетіндігімізді айтсақ та жеткілікті. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімдерінің 80 пайызы тек шикізат күйінде шығарылатындығы да біраз жайды аңғартса керек.

Ауыл шаруашылығы саласындағы осы және басқа да мәселелер жайында пікір алысу ниетімен Парламент Мәжілісінің депутаты, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Жексенбай Қартабайұлы Дүйсебаевты әңгімеге тартқан едік.

–Жексенбай Қартабайұлы ауыл шаруашылығы саласына жыл сайын қыруар қаржы бөлінеді. Біраз жобалар да қолға алынды. Алайда, әзірге жағдай дұрысталды деуге ерте. Әсіресе, мал шаруашылығындағы проблемалар азаймай тұр. Төрт түлікті өсіру дегеніміз көктемде сеуіп, ауа райы қолайлы болса күзде мол өнім ала қоятын егіншілік саласы емес қой. Өз ойыңызша, бұл тұрғыдағы мүмкіндіктеріміз қандай, іс қашан алға басады деп ойлайсыз?

–Жалпы, ауыл шаруашылығын заман талаптарына сай дамыту үшін бұл саланы егіс, мал өсіру деп бөліп-жармай толыққанды, бұл саладағы барлық мәселелерді түбегейлі қамтитын кешенді бағдарлама керек. Ал бізде әзірге жан-жаққа жұлмалау басым. Нақтырақ айтсам, бірде «ауыл шаруашылығы жерлері дұрыс пайдаланылмайды» деп байбалам салсақ, енді бірде «тез арада ет өндіруді қолға алу қажет» деп қыруар қаржы бөлеміз. Алыс шетелдерден сүтті сиырлар мен асыл тұқымды бұқалар әкелгендігіміз де осы тұрғыда қолға алынған жай.

Әрине, мұның бәрі істі алға бастыру үшін өте қажет шаралар. Дегенмен, ауыл шаруашылығын өрге бастыру үшін жоғарыда айтып өткенімдей, ештеңені бөліп-жармай бірге дамытуды қолға алмай болмайды.

–Нақтырақ айтсаңыз. Неден бастаймыз, әрі қарай қалай, дегендей...

–Алдымен не бар, не жоқ, мүмкіндігіміз қандай деген мәселелерді жан-жақты зерттеу қажет. Бұл тұрғыда, әсіресе, егін егу мен мал шаруашылығының бір-бірінен ажырамас салалар екендігін басты назарда ұстау қажет. Мәселен, шетелдерден әкелінген малдарды тек шөп пен жемге қаңтарып қоймайсың ғой. Ол малдар немен азықтандырылды, ол жақта өсетін өсімдіктердің қайсысы бізде өседі, бізде жоқ азықтардың орнын немен толтырамыз деген сияқты көптеген мәселелер туындамай ма?

Әрине, шетелдерден асыл тұқымды мал әкелмей болмайды. Себебі біз қолда бар малды жоғалтып алдық. Ал бүгінгі деректерде көрсетілгендей, барлық малдың 80 пайыздан астамы жеке меншік иелерінде ғой. Нақтырақ айтсақ, ауылдардағы бірді-екілі тұяқтары бар жанұялардың қораларында. Ол малдың саны бар да, сапасы жоқ. Мал мүлдем ұсақталып кетті, өнімділіктері өте төмен. Ондай мал түрлі ауруларға да тез шалдығады. Әсіресе, біздегі сиырлардан сауылатын сүт мөлшері ешқандай сынды көтермейді. Салыстыру үшін айта кетсек, біздегі 4-5 сиырдың сүтін асыл тұқымды бір сиыр ғана бере алады. Яғни, жеген азығын ақтамайтын малды асырағаннан пайда жоқ.

–Сонда бұл тұрғыда бірінші кезектегі мәселелер қандай?

–Алдымен, қолда бар малды түгендеп, толық зерттеу жүргізу қажет деп ойлаймын. Мен бұл арада тек малдың нақты санын анықтауды ғана айтып отырған жоқпын. Сайып келгенде, жеке меншік қоралардағы малдың санын толық есепке алудың өзі оңай шаруа емес. Себебі, бес-алты қара мал ұстайтын ауыл тұрғындары әдетте қанша малы бар екендігін толық көрсетпейді. Сонымен қатар, олар қажет кезінде сойып алады немесе базарға өткізеді дегендей мал саны жиі өзгеріп отырады.

Ендігі бір мәселе ол еліміздің қай өңірінде қандай мал өсімтал келеді, қай жердің жайылымы, шөбі қандай малға пайдалы деген жайлар да ескерусіз қалмауы қажет. Кешегі Кеңес заманында да қай жерде мал бордақылау алаңдарын салу керек, қай өңірде сүтті сиырлар ұстаған дұрыс деген мәселелер бірінші кезекке қойылатын.

–Сонда мал шаруашылығын әлемдік стандарттарға сай дамыту үшін біздегі мал жарамайтын болды ғой?..

–Бұлащы да болса, шындық. Сондықтан, бір қарағанда өте қымбат болып көрінгенімен, сырттан асыл тұқымды малдар әкелмесе болмайды. Бұл тұрғыда мал шаруашылығын ірілендіру, оны өнеркәсіптік негізге көшіруді қолға алу керек. Сондай-ақ, селекциялық жұмыстар жүргізу және жоғарыда айтып өткеніміздей, шет елдерден асыл тұқымды малдар әкелу арқылы малдың генетикалық әлеуетін жақсартуға баса назар аудару қажет.

Бүгінгі таңда бұл жұмыстар қолға алынды. Мәселен, осыдан үш жыл бұрын «ҚазАгро» холдингінің қатысуымен Канададан сүтті мол беретін асыл тұқымды сиырлар әкелініп, екі ірі сүт өндіру кешені пайдаланылуға берілді. Оның біреуі осы өзіміздің Ақмола облысы, Целиноград ауданындағы «Родина» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде. Алдағы төрт-бес жылда еліміз бойынша мұндай 30-ға жуық кешен салынады деп межеленген.

–Бар қаржыны сол ірі кешендерге жұмсаймыз. Ал сонда ауылдардағы малдың жайы не болмақшы?

–Барлық малды бір сәтте асыл тұқымдыға айналдырып жібере алмаймыз ғой. Жаңағыдай ірі кешендер дами бастаған соң бірте-бірте сол маңдағы фермерлерге таратады. Оның қалай сатылатындығы немесе басқа бір тәсілдері кейін анықталатын болар. Қысқаша айтқанда, ірі кешендер нағыз ірі фабрикаларға айналуға тиіс. Өз кезегінде онда ет пен сүт қана емес, түрлі ет, сүт өнімдерін шығаратын цехтар да жұмыс істеуге тиіс.

Тағы бір назар аударатын басты мәселе шетелдерден асыл тұқымды мал әкелуден бұрын ол малдар шоғырландырылатын жерлерді зерттеп, ол маңдарда түрлі мал ауруларының жоқтығына көз жеткізген абзал. Бар болса тазалап, дұрыс жағдайға келтіру керек. Сондай-ақ, тағы да қайталап айтайын, алдымен ол малдарға қажетті сапалы азық мәселесін түбегейлі шешіп алмасақ еңбек зая кетеді. Кейіннен әкелінген малдар әбден бейімделген соң тұқым бере бастайды. Осылайша уақыт өте біздегі сапасы төмен малдар ығыстырылып, олардың орнын асыл түлік басып, малдың сапасы, яғни, өнімділігі артады.

–Мұның бәрі айтуға ғана оңай. Жоғарыда көрсетілген шараларды жүзеге асыру үшін ауыл шаруашылығы саласына қатысты кейбір заңдарға да өзгерістер енгізу керек болар.

–Әрине. Мәселен, жоғарыда өзіңіз айтып өткендей, «шөміштен құр қала ма?» деген шаруа қожалықтарының жайы да ойластырылады. Нақтырақ айтсам, «Шаруа (фермер) қожалықтары туралы» Заңның жобасы Парламент Мәжілісінің талқылауынан өтті. Сондай-ақ, алған «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» Заң да ауылдарда қордаланып қалған мәселелерді оң шешуге септігін тигізуге тиіс.

–Айталық, өзіңіз айтып отырғандай, кешенді бағдарлама қабылданып, іс қолға алынды делік. Қазірдің өзінде жоғарыда айтып өткеніміздей, біраз жұмыс тындырылды. Сонда сапалы ет өнімдерімен елімізді толық қамтамасыз етіп, шетелдерге экспортқа ет шығару қашан толыққанды жүзеге асады деп ойлайсыз?

–Өзіңіз де білесіз, бұл тұрғыда Президент қойған нақты тапсырма бар. Оны орындау міндет. Әрине, болжам айтып, сәуегейлік таныту абырой беретін іс емес. Дегенмен, озық технологиялар пайдаланып, сапалы жем-азық мәселесін шешіп, қажетті кадрлар жеткілікті болатын болса, он жылдан соң экспортқа ет шығару көлемі бірнеше есе өседі. Айтпақшы, бір кездері Қазақстан 180 мың тоннаға дейін ет өндіретін. Оның бәрі қайда кетті, Қазақстанға қанша пайда түсті, ол енді басқа әңгіме.

–Жәке, бұл мәселелердің бәрін шешуде бүгінде ғалымдардың дауыстары көп естілмейтін сияқты. Сондай-ақ, әзірге бәрі баяғыдағыдай, жоғарыдағы нұсқау арқылы ғана қолға алынуда. Сонда нарықтық қатынастарға көшкенімізге талай жыл өтсе де, әлі жоспарлаудан арыла алмай келе жатқан сияқтымыз-ау?

–Бордақылау технологиясы, селекциялық жұмыстар, әкелінген малдардың біздің ауа райымызға, берілетін жем-азыққа бейімделуі және басқа да мал шаруашылығына қатысты жұмыстар ғылыми тұрғыда негізделуге тиіс. Оның бәрі ғалымдар айналысуға тиіс жұмыстар емес пе?

Сондай-ақ, өнімділігі олардан да жоғары, суыққа да, ыстыққа төзімді малдың жаңа тұқымдары шығарылатын болар. Міне, ғылым үшін айналысатын қыруар шаруа бар. Бұл тұрғыда қолға алынған түрлі зерттеу жұмыстары да аз емес.

Әкелінген малдардан алынған төлдерді бағу, кейіннен оларды тарату қалай жүзеге асырылады деген мәселелер де басты назарда болуы керек.

Ал енді өзіңіз айтып отырған «жоғарыдан нұсқауға» келетін болсақ, бұл нұсқау емес, ауыл шаруашылығын дамытуға арналған арнайы бағдарлама деп түсіну қажет. Ауыл шаруашылығына сол үшін қыруар қаржы бөлініп отыр. Ал бөлінген қаржының қалай жұмсалатындығы қатаң бақылауда болуға тиіс. Олай болмаған жағдайда «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетуі мүмкін ғой. Сондай-ақ, жоспардан шошитын ештеңе жоқ. Сайып келгенде, қандай да болмасын істі қолға алу үшін негізгі бағыттарды анықтап, мүмкіндіктерді екшелеп дегендей, дайындық жұмыстары керек емес пе? Бұл тұрғыдан алып қарағанда негізгі бағыт дұрыс. Тек бәрін байыппен шешкен абзал.

–Сіз көп жылдар бойы Ақмола облысында еңбек етіп, шаруашылықтарға жетекшілік еттіңіз, бірнеше рет аудан басқардыңыз. Қысқаша айтқанда, облысты, соның ішінде ауыл шаруашылығындағы ахуалды өте жақсы білесіз. Сонда айтыңызшы, келешекте елімізде ауыл шаруашылығын дамытуда Ақмола облысының үлес салмағы қандай болмақшы?

–Әрине, бұл тұрғыда Ақмола облысының әлеуеті өте жоғары. Өзіңіз білесіз егіс саласында, оның ішінде астық өндіруде алдыңғы орындардан нық орын алады. Мал шаруашылығында да көштен қалатындай жайы жоқ.

Жалпы, облыста қара мал, қой өсіруге мүмкіндік мол. Сондай-ақ, жылқы өсіруге жағдай жеткілікті. Экономикасы өрге басып тұрған, озық технологиялар пайдаланатын ірі ауыл шаруашылық құрылымдары да аз емес. Жоғарыда айтып өткеніміздей, республика бойынша қолға алынған ірі жобаларды жүзеге асыруда да Ақмола облысы алдыңғы қатарда.

Олардың қатарында «Агрофирма «Родина», «Ижевск» өндірістік кооперативі және басқа да экономикасы өрге басып тұрған шаруашылықтар бар. Облыста қабылданғалы отырған «2011-2015 жылдарға арналған етті мал өсіруді дамыту» бағдарламасы аясында қолға алынатын шаралар толық жүзеге асырылатын болса, бұл тұрғыда Ақмола облысының үлес салмағы қомақты болады деуге негіз бар. Ет, сүтпен қатар, қымыз, шұбат өндіруді де мықтап қолға алса, тіпті жақсы болар еді. Себебі бүгінгі таңда әлемде қымыз бен шұбатқа қызығушылық танытылуда.

–Қымыз демекші, Қазақстанда қымыз өндіру азайып кетті ғой. Сіз де баспасөз құралдарында жарияланған бір мақалаңызда 2008 жылы Қазақстанда барлығы 21 мың тонна ғана қымыз шығарылды депсіз. Ал енді Қытайда қымызды Қазақстаннан екі есе артық өндіреді екен деген дерек біз үшін мүлдем ұят емес пе? Бұл мәселеде де тіпті, Моңғолия да бізден алда тұр. Сонда ХХІ ғасырдың қазағы сары қымыз сапыруды ұмыта бастаған дейміз бе?

–Рас, осыдан біраз жылдар бұрын қай ауылға барсаңыз да қымыз мол болатын. Тіпті, әрбір үйде бие сауылатын еді десек те, шындықтан алыс кетпегеніміз. Сондай-ақ, Ақмола облысының да Ерейментау, Сілеті аудандарына Атырау мен Маңғыстаудан түйе әкелініп, шұбат шығару да қолға алынған кезді ұмыта қоймаған шығарсыз. Бүгінде бұл жағынан ұяттымыз. Сіз көрсеткен деректерді әрі қарай сабақтасам, әлемде қымыз тұтыну 120 мың тоннадан асты. Оның ішінде Қытайда 50 мың тонна, Моңғолияда 45 мың тонна екен. Өкінішке орай, өзіңіз айтқандай біз олардан қалып қойдық. Тіпті кейінгі жылдардың өзінде көрсеткіштеріміз көбейгеннің орнына азая түскен. Мәселен, Қазақстанда 2001 жылы 30 мың тоннаға жуық қымыз шығарылса, 2008 жылы бұл көрсеткіш 22 мың тоннаға да жетпеген.

Дегенмен, бұл арада бір мәселеге назар аудару керек. Шындығында, сол кезде де, қазір де қымыз өндіру бірді-екілі шаруашылықтарда болмаса, негізінен тек жеке үйлерде ғана қолға алынатын. Бұрын да, қазір де қымыз өндіруді өндірістік деңгейге шығару өте төмен, тіпті мүлдем дамымаған деуге болады. Қымыз бен шұбатты дүкен сөрелерінен емес, тек базарларда ғана көретіндігіміз осыған байланысты.

Бұл арада «Үкімет неге көмектеспейді» деген сияқты жоғары жаққа алақан жая бермей, тұрғындардың өзі де қимылдауы қажет емес пе? Ауылда отырып, бір-екі бие байлауға ерінетін азаматтар кімге өкпелейді? Алты ай жаз бойы далада жайылатындықтан жем-азық мәселесі туындамайды ғой. Яғни, жыл бойы болмаса да, бір маусым бие сауу көп шығынды талап ететін мәселе емес. Ал, қымыз бен шұбат өндіруді өндірістік деңгейге шығару, әрине, Үкімет тарапынан қолдауды талап етеді. Бұл тұрғыда бастама да бар. Алайда, іс алға басты дей алмаймыз.

Өкінішке орай, шаруалар мен ауылдағы кәсіпкерлерге несие беру мәселесі дұрыс жолға қойылған дей алмаймыз. Мәселен, екінші деңгейдегі банктер берген несиенің тек 4-5 пайызы ғана ауыл шаруашылығы саласында істейтіндерге бұйырған. Бұл тұрғыда бар мәселе кепілдікке қоятын мүлікке тіреледі. Өзіңіз білесіз, мен бірнеше жылдан бері ауыл шаруашылығы саласында еңбек ететіндерге несие беретін Агроөнеркәсіптік банк ашу қажеттілігін айтып келемін. Бірақ, алғашқыда оң шешім қабылданатындай сыңай танытылғандай болып еді, кейіннен тағы да ұмытылды.

Дегенмен, осындай кемшіліктерге қарамастан, елімізде ауыл шаруашылығына деген көзқарас түбегейлі өзгерді деуге болады. Мәселен, ауыл шаруашылығын дамытуға 2006 жылы 90 миллиард теңге бөлінсе, өткен жылы 258 миллиард теңге қарастырылды. Мұның бәрі жоғарыда айтылған бағдарламаны, жалпы ауыл шаруашылығы саласында алда тұрған міндеттерді орындауға жұмылдырылады.

–Әңгімеңізге рахмет!

(«Арқа ажары» газеті, 14 мамыр 2011 жыл).

**Қазақстандағы Түркия Республикасының Төтенше және өкілетті
елшісі Лале ҮЛКЕР:**

«Қазақстанға, сіздердің Президенттеріңізге және Астанаға сүйсінумен келеміз!»

Осыдан 20 жыл бұрын әлем картасында Түркия Республикасынан басқа тағы да бірнеше түркітілдес мемлекеттер пайда болды. Түрлі себептерге орай, тарих тәлкегімен дербес мемлекет құру мүмкіндігінен айырылған қазақ халқы да ғасырлар бойы аңсаған арманына жетіп, бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап қалған ұлан-байтақ жеріне шынайы иелік етіп, әлемге өзінің өршіл мінезін, еркіндік құмар қасиетін көрсетті.

Сол бір қазақ халқы үшін ең қуанышты сәтте Қазақстанның тәуелсіздігін бауырлас Түркия Республикасының бірінші болып мойындағаны белгілі. Әрине, 20 жыл тарих үшін қас қағым сәт қана. Алайда, осы уақыт аралығында Қазақстан қарқынды дами отырып, әлемдегі өркениетті елдер қатарынан нық орын алды. Елордамызды Алматыдан Арқа төсіне ауыстырып, бұрынғы Ақмола жерінде Астана тұрғызығанымызға да 13 жыл толды.

Осы мереке қарсаңында Қазақстандағы Түркия Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Лале Үлкер ханымнан «Арқа ажарының» бірнеше сұрағына жауап беруін өтінген едік. Төменде елші ханымның жауабын оқырмандарымыздың назарына ұсынып отырмыз.

–Қазақстанның тәуелсіздігін әлемде алғашқы болып мойындаған бауырлас ел ретінде Түркияға деген қазақ халқының ілтипаты ерекше. Біз қазақтар ежелгі түркілердің жерінде отырсақ, сіздер атауын, иемденіп отырсыздар. Жалпы, бүгінде Түркия халқының Қазақстанға деген көзқарасы туралы айтып берсеңіз.

–Түбі бір, тілі мен тарихы, мәдениеті ортақ қазақ пен түрік халқы ортақ құндылықтарды иемденіп отыр. Яғни, ұқсастықтарымыз да өте көп. Бір сөзбен түйіндесек, түрік халқы қазақтарды бауырлас халық деп таниды.

Екі ұлт арасындағы бауырластықтың нышаны ретінде өзіңіз атап көрсеткендей, Түркияның Қазақстанның тәуелсіздігін әлемде бірінші болып мойындағандығын айтуға болады. Қазақ халқымен терең тарихи байланысы бар Түркия Қазақстанды әрдайым қолдайды және тәуелсіздігін алған сәттен бастап халықаралық қауымдастықта өзінің лайықты орнын алуы үшін барлық күш-жігерін жұмсады. Екі ел арасындағы жоғары деңгейлі кездесулерде қазақ жағының осыны әрқашан еске алуы біз үшін үлкен мақтаныш.

Арамыздағы ортақ тіл мәдениет, дін және бауырластық байланыстар елдеріміз арасындағы қарым-қатынасқа ерекше сипат береді. Түркия және Қазақстан арасындағы байланыстарды барлық салада нығайту үшін әлеуетіміз жеткілікті. Байланыстарымыз бен ынтымақтастығымызды одан әрі түрлендіріп, тереңдете түсу үшін екі елдің де қажетті саяси ерікке ие болуы қуанарлық жәйт.

–Астанадағы айтулы сәулет жобаларының жүзеге асырылуына түркиялық құрылыс компаниялары мен түрік кәсіпкерлері белсене ат салысты. Түркия кәсіпкерлерінің Қазақстан экономикасындағы алар орнын қалай бағалар едіңіз?

–Қазақстан сауда-экономикалық байланыстар тұрғысынан Түркияның өңірдегі ең маңызды әріптесі. Осы саладағы қарым-қатынасымыз күн өткен сайын артуда. Қазіргі таңда түрік мердігерлік фирмаларының Қазақстан бойынша міндеттеріне алған жобаларының жалпы құнының 14 миллиард АҚШ долларына жуықтауы, Қазақстандағы түрік инвестициясы құнының 2 миллиард АҚШ долларына жетуі, сондай-ақ, Түркиядағы қазақ инвестициясының да қарқынды түрде артуы бізді ризашылыққа бөлер жаңалықтар деп айта аламыз.

Жалпы, Қазақстанға құйылған инвестиция мен мердігерлік қызметтер республикада жұмыспен қамту жағынан да ерекше мәнге ие және осы бағытта елдерімізді жақындастыра түсуге өзіндік үлесін қосып отыр. Сонымен қатар, Түркия Қазақстанда қонақ үй бизнесі мен мейрамхана ісі секторында және азық-түлік пен дайын тоқыма салаларында көбірек жұмыс істеуде.

2009 жылы орын алған жаһандық қаржы дағдарысы кері әсерін тигізген сауда-экономикалық байланысымыздың 2010 жылы қалпына келе бастауы қуантады. Осы орайда екі ел басшылары тарапынан алдымыздағы кезеңдер үшін көзделген өзара сауда айналымын 10 миллиард АҚШ долларына көтеру мақсатына қол жеткізетін күн алыс емес деп ойлаймын.

Сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі тереңдетіп, әртараптандыру үшін мүмкіндіктеріміз жеткілікті. Алдымыздағы кезеңдерде екі елдің бизнес өкілдері осы әлеуеттің мүмкіндіктерін барынша пайдаланатындарына сенімдімін.

–Шынында да екі ел арасындағы қарым-қатынаста бизнес өкілдері біршама белсенділік танытып отыр. Сіз келтірген деректер соның айқын дәлелі. Сондай-ақ, біздің елден Түркияға туристік сапармен барушылар өте көп. Өкінішке орай, түркиялық туристер Қазақстанда көп байқалмайтын сияқты. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?

–Жалпы туризм елдерді бір-біріне жақындастыруда өте маңызды рөл атқаратын сала. Елімізге туристік сапармен келуші қазақстандықтар қатарының жыл өткен сайын артуына дән ризамыз.

Қазақстанда да, әсіресе, мәдени бағдарламалар аясында туристер тартуға мүмкіндік мол деп ойлаймын. Бұл орайда, әсіресе, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі орналасқан Түркістан аймағын Қазақстанда мәдени туризмді дамытуға ықпал етер маңызды мекендердің бірі деп санаймын. Осы шеңберде Стамбұл – Шымкент бағытында ұшақ сапарларын бастау өз пайдасын тигізеді деген пікірдемін.

–Астана күні мерекесіне орай, Қазақстанның жас Елордасы туралы ойларыңызбен бөліссеңіз.

–Заманауи ғимараттары көздің жауын алатын Астана қаласы сонымен қатар, Қазақстанның даму динамикасын да көрсетеді деп ойлаймын. Осы

көркем де заманауи қаланың ғажап келбетіне түрік құрылыс компаниялары мен жұмысшыларының зор еңбек сіңіріп, өз үлестерін қосқанын біз мақтан тұтамыз. Астана мен Анкара екі бауырлас шаһар. Қос қала бүгінде мәдениеті бір, өнері ортақ қалаларға айналды. Осыдан бірнеше күн бұрын, яғни, 25-27 маусым аралығында Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына орайластырылған Астанадағы Анкараның мәдениет күндері өткенін білесіз. Осы шарада өнер көрсеткен біздің өнерпаздар Астана тұрғындары мен қала қонақтарының ыстық ықыласы мен құрметіне бөленді. Алдағы уақытта да Анкара мен Астананың абыройын асырып, рухани бірлігін жақындастыра түсу жолында талай шаралар өткізілері сөзсіз. Осы орайда, жас Астананы 13 жасқа, қазақша айтқанда бірінші мүшел жасына толуымен шын жүректен құттықтап, әрі қарай гүлдене беруіне тілектестік білдіремін.

–Кейінгі уақытта әлемдегі түркітілдес халықтар бір-бірімен жоғары деңгейде қарым-қатынас жасай бастады. Жалпы, болашақта әлемдік аренада түркі халықтарының алар орны қай деңгейде болады деп ойлайсыз? Дүниежүзінде белең алып келе жатқан жаһандану үдерісі қалай әсер етеді дегенім ғой.

–Түркия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас тек өзара емес, сонымен қатар, өңірлік және халықаралық аренада да қарқынды түрде артуда. Қос ел Еуразия кеңістігінде бейбітшілік пен тұрақтылықтың қамтамасыз етілуі жолында үлкен ынтымақтастық жасауда. Осындай ынтымақтастықтың нақты жемісі ретінде құрметті Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысы бойынша құрылған түркітілдес елдердің ынтымақтастық кеңесі 2010 жылғы 15-16 қыркүйек күндері Стамбул қаласында өз жұмысын бастады. Ынтымақтастық кеңесінің алғашқы Саммиті қазан айында Қазақстанда өткізіледі. Саммитке орай, түркі әлемі кәсіпкерлерінің басын қосу мақсатында бизнес-форум ұйымдастыру да жоспарлануда.

Сонымен қатар, түркітілдес елдер арасында «Ақсақалдар кеңесі» деп аталатын кеңес органы құрылды. Бұдан басқа үстіміздегі жылдың сәуір айында II пленарлық отырысы Астана қаласында өткізілген Түркітілдес елдер Парламенттік ассамблеясы (ТүркПА) түркітілдес елдердің Парламенттері арасындағы ынтымақтастықты тереңдету мақсатында қызмет етеді. Ал білім, ғылым, мәдениет және өнер салаларындағы ынтымақтастықты нығайту және мәдени байланыстарды арттыру бағында ТҮРКСОЙ жұмыс істейді.

Түркітілдес елдердің ынтымақтастық кеңесі Түркия мен Қазақстан, түркі әлемі арасында саяси-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайтумен қатар әлемге түркі мәдениетін таныту жолында үйлестіруші рөл атқаратын болады. Бұдан басқа Нахчыван қаласында өткен Саммитте Президент Нұрсұлтан Назарбаев мырзаның ұсынысы бойынша түркі әлемінің мәдени құндылықтарын зерттеу мақсатында Астана қаласында Түркі академиясын құру жөнінде шешім қабылданған болатын. Бұл жоба Түркия мен Қазақстан үшін ең маңызды және алдыңғы қатарлы жобалардың бірі. Түркі академиясы үстіміздегі жылдың мамыр айында алғашқы халықаралық

шарасы – «Түркі өркениеті және тәуелсіз Қазақстан» атты конференция өткізді.

Алдағы уақытта да түркітілдес елдер арасындағы қарым-қатынас одан әрі арта түседі және екі ел арасындағы ынтымақтастық халықаралық қауымдастықта маңызды орынға ие болады деген ойдамын. Жалпы, біз Қазақстанға, сіздердің Президенттеріңізге және Астанаға сүйсінуден келеміз. Жаһандану үдерісі экономика, саясат, білім, ғылым, мәдениет сынды көптеген салаларда өзара байланыстарды арттыруға түрткі болуда. Осы үдеріс кезінде тіл, дін, тарих және мәдениет жағынан бір-біріне жақын болып келетін елдеріміз арасындағы қарым-қатынастың барлық салада нығая түсіп, тереңдеу жеңілірек болатынына сенімдімін.

–Өз басыңыз ата-жұрттағы бауырларыңыздың тілі – қазақ тіліне қалайсыз?

–Қазақ тіліндегі көптеген сөздер түрік тіліндегі сөздерге ұқсас. Түбіміз бір болған соң көп сөздердің түбірі бір екендігі заңды құбылыс қой. Мысалы, сандарды түсіну өте оңай. Мен өз кезегімде қазақ тілін жақсы меңгеру үшін арнайы сабақ алып жүрмін. Бұл орайда, түріктердің қазақ тілін басқа тілдерге қарағанда тезірек меңгеріп алатындығын ерекше атап өткім келеді. Яғни, менің де қазақ тілін жетік білетін кезім алыс болмас деп ойлаймын.

–Құрметті Лале Үлкер ханым, өзіңізге уақыт тауып, қойған сауалдарымызға емен-жарқын жауап бергеніңіз үшін «Арқа ажары» газеті оқырмандары, жалпы, астаналық облыс саналатын Ақмола облысы тұрғындары атынан алғыс айта отырып, жауапты да беделді дипломатиялық қызметіңізге сәттілік тілеймін.

(«Арқа ажары» газеті, 5 шілде 2011 жыл).

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Меруерт ҚАЗБЕКОВА:**

«Саясат маған жат емес»

Бүгінгі таңда ел экономикасының қай саласын алып қарасаңыз да, әйелдер қауымы үнемі алдыңғы саптан көрініп жүр деуге әбден болады. Бұл арада денсаулық сақтау мен білім беруді айтпағанның өзінде, бизнесте де, саясатта да қыз-келіншектеріміз белсенділік танытып жүр.

Мұны бір қарағанда, елімізде қолға алынып отырған гендерлік саясаттың жемісі деуге болар. Бірақ, шын мәнінде мұның бәрі олардың еңбекқорлықтары мен қолға алған істі соңына жеткізбей тынбайтын табандылықтарының жемісі екендігі анық.

Бизнес саласында да белгілі бір табысқа жеткен бүгінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Экономикалық

реформа және өңірлік даму комитетінің хашысы Меруерт Айтқажықызы Қазбекова осындай жандардың бірі.

Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында Меруерт Айтқажықызынан «Арқа ажарының» бірнеше сұрағына жауап беруін өтінген едік.

–Меруерт Айтқажықызы, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары мемлекеттік қызметті тастап, кәсіпкерлікпен айналысуға бет бұрған екенсіз. Бұл істеп жүрген жұмысыңызға көңіліңіз толмағандықтан ба әлде, сол кездегі үрдіске орай, «көппен көрген ұлы тойдың» әсері ме?

–Рас, бастапқыда мен Көкшетау қалалық атқару комитетінің жоспарлау бөлімінде қызмет атқардым. Сол кездері өзіңізге белгілі, жаппай жекешелендіру басталды. Осыған орай, көптеген адамдар жеке кәсіпкерлікпен айналыса бастады, шаруа қожалықтары құрылды дегендей, нарықтық қатынастарға бет бұрдық қой. Қызметтік міндеттеріме орай, нарықтық қатынастарға бұрылудың басы-қасында болдым. Нақтырақ айтсам, жаңадан ашыла бастаған кәсіпкерлік нысандарды мемлекеттік тіркеуден өткізу, құжаттарын дайындау сынды мәселелермен тікелей айналыстым.

–Нарық айдынына өзіңіз жол сілтеген кәсіпкерлердің қол жеткізген табыстарын көріп, сізге де «менің олардан қай жерім кем» деген ой келген болар мүмкін?

–Әрине, жекешелендіру белең алған кезде көп адамдардың «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деген қағида ұстанғандығы белгілі. Шынында да, зауыт-фабрикалар жұмыстарын тоқтатып, ауыл шаруашылығы мүлдем тұралаған кезде әркім өз күнін өзі көретін кез келді. Дүкен сөрелері бос, ақша жоқ. Қазір бәрі ұмыт бола бастады. Алайда, сол жылдары өмір сүрудің өзі қиындап кетті ғой. Қарапайым тілмен айтсақ, өлместің күнін көру керек болды.

Сондай-ақ, өзіңіз айтып отырғандай, кәсіпкерлікпен айналыса бастаған таныстарымның шылқыған бай болмаса да, ешкімге алақан жаймайтынын, көп жағдайда тұрмыстары былайғы жұрттан көш ілгері екендігін көрдім.

Ал мен болсам, атқару органдарында қызмет атқарсам да, жатақханада тұрдым. Ол кездегі жалақының жағдайын өзіңіз білесіз. Кімнің қатардан қалғысы келеді. Алақан жайып отыра берсең «аспаннан құймақ жаумайтындығы» белгілі ғой. Сондықтан, мен де осы жаңа іске кірістім.

–Сонымен бизнеске бет алдыңыз. Айтыңызшы, алдымен, неден бастадыңыз?

–Бастапқыда тігін-трикотаж цехын ашып, «Тілектес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрдым. Өзіміз тіккен киімдерді өзіміздің мамандандырылған дүкеніміз арқылы сатып дегендей, біраз жұмыс атқардық. Уақыт өте ісіміз алға баса бастап еді, кейіннен, атап айтқанда, 1997 жылдардан соң елімізге қытайдың арзанқол тауарлары қаптап кетіп, түрлі себептерге орай, біздің бұйымдарымыздың өзіндік құны жоғары болғандықтан өнім шығаруды тоқтатып, қызмет көрсету саласына ауысуға тура келді. Дәмхана, шаштараз ашып, жұмысымызды жалғастырдық.

Бұл енді нарықтың қатал заңы ғой. Бәсекелестікке төтеп беру керек. «Білмейтін жолдың ой-шұңқыры көп» демекші, бизнесті жаңа бастаған адамға қиын. Жалпы, алғашқы жылдары кімге болса да оңай тиген жоқ. Ол белгілі жайт.

–Ал саясатқа келуіңізге не себеп болды? Бұл айналысып жүрген шаруаларыңыздың заңды жалғасы ма, әлде «саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады» деген қағиданың әсері ме?

–Шынымды айтсам, мен жасымнан белсенді болдым. Мектепте, жоғары оқу орнында да ешкімге есемді жібермеуге тырысушы едім. Соның әсері болар, кейін де үнемі қоғамдық жұмыстармен айналысатынымын.

–Бұл арада отбасында алған тәрбиені айналып өтуге болмас. Жасыңызда көргеніңіз, ата-анаңыздың берген бағыт-бағдары дегендей. «әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» бар емес пе?

–Әкем белгілі геолог болды. Түрлі лауазымды қызметтер атқарған Ақмола, Көкшетау өңіріне белгілі тұлға еді. Өкінішке орай, ол кісі бүгін арамызда жоқ. Өзіңіз айтқандай, сол кісінің тәрбиесі шығар, өмірде кездесіп тұратын түрлі қиындықтарды еңсеру, белгілі бір мәселелерді шешу қажет болғанда, ештеңеден тайынбаймын. Әрине, «тайынбаймын» дегенде, «бас жарып, көз шығарып» емес, бәрін заң аясында, әділдікпен шешуге тырысамын. Солай бола тұра, табандылық танытпасаң болмайды ғой.

Ал енді саясатқа қалай келгенім туралы айтсам, бәрі де сол нарық айдынында «қайраңға шығып қалмаудан» туындады. Бизнеспен айналысқан соң көп жағдайда өз құқығыңды қорғай білуің керек. Мүмкіндігің болса, басқа да өзің сияқты кәсіпкерлермен бірлесе қимылдаған абзал. Міне, осындай бағытты ұстана жүріп, 1998 жылы Көкшетау облысы бойынша Іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы болдым. Осы жұмысты атқара жүріп Америка Құрама Штаттарына барып, біраз мәселеге қанығып қайттым.

Мұнан соң кәсіпкерлікпен айналысатын қыз-келіншектерге көмек көрсету мақсатында Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығын аштық.

Өзіңізге белгілі, 2002 жылы елімізде саяси белсенділік белең алып, саяси аренаға түрлі партиялар шыға бастады ғой. Міне, мен сол кезден бастап «Ақ жол» партиясының белсенді мүшесімін.

–Саяси белсенділік демекші, бір кездері «Қазақстанның демократиялық таңдауы» атты қозғалыс ашылып, еліміздің біраз жас та белсенді азаматтары суырылып алға шығып еді, кейіннен одан «Ақ жол» бөлініп шықты. Халық «бұл қалай» деп таңданып үлгерместен, «Ақ жолдың» өзі де екіге бөлініп кетті. Сондықтан, өзіңіз анда-мында ауысудан амансыз ба?

–Құрылған күннен бастап «Ақ жол» партиясының мүшесімін. Кейбіреулер сияқты «жел қайдан соғады» дейтін ойым жоқ. Осы партияның Ақмола облыстық филиалының төрайымы да болдым. Бүгінде партия төралқасының мүшесімін. Осының өзі-ақ менің бұл партияда кездейсоқ адам еместігімді көрсетсе керек.

Жалпы, өмірде жетістіктерге қол жеткізу үшін жан-жақты, терең білім қажет. Менің алғашқы мамандығым қаржыгер. Кезінде Алматы халық

шаруашылығы институтын бітіргенмін. Екінші мамандығым – заңгер. Ал, 2004 жылы Мәскеу қаласында Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын тәмамдадым. Орайы келгенде айта кетейін, саясаттану ғылымдарының кандидатымын. Осыдан кейін мені кәсіби саясаткер деп тануға болатын шығар.

Сондай-ақ, кәсіпкерлік мәселесі де бір сәт назарымнан тыс қалған емес. Оның айғағы ретінде бүгінде Қазақстан кәсіпкер-әйелдер одағының төрайымы екендігімді айтсам да жеткілікті ғой деп ойлаймын. Біздің қазақ мұндайда «қос шылбырды бірге ұстап» демеуші ме еді?..

–Парламентке де «Ақ жол» партиясының тізімімен келдіңіз. Көппартиялы Парламентте жұмыс істеу қалай екен? «Өзіңнен зор шықса...» демекші, үлкен басымдыққа ие «Нұр Отан» партиясы адымымызды аштырмайды деген қауіп жоқ па?

–Біріншіден, «Ақ жол» партиясы конструктивті оппозиция. Қарапайым тілмен айтсақ, біз кейбір партиялар сияқты байбалам салудан аулақпыз. Экономикамыздағы алға басушылықтарды көріп отырмыз, әлеуметтік саладағы қол жеткен табыстарды да білеміз. Алайда, біраз мәселелер бойынша Үкіметке, билікке орынды сын айтуға дайынбыз. Көптеген мәселелер бойынша біздің өз бағдарламамыз, өзіндік көзқарасымыз бар. Оның бәрін айтып жүрміз. Сайып келгенде, қандай да партия болмасын, елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға түсу жолына қызмет етеді. Яғни, мақсат біреу. Тек, бұл тұрғыда әрбір партия өз жолын таңдайды.

Ал енді сіздің сұрағыңызға келетін болсам, біз Парламентте басымдыққа ие болмағанымызбен, өз ойымызды ашық айтамыз, пікірлерімізді дәйектеп, дәлелдеп өткізуге тырысамыз. Жалпы, көппартиялы Парламент дегеніміз, әлемнің өркениетті, демократиясы дамыған елдерінде көптен келе жатқан жағдай ғой. Қазақстан да дамудың демократиялық жолын таңдаған соң осындай Парламент қалыптасып отыр. Әрине, түрлі пікір туындаған жерде ортақ мәмлеге келу, нақты шешім қабылдау қажет. Мәселе, сол шешімдердің дұрыс таңдалуында. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, көппартиялы Парламентте жұмыс істеу үлкен абырой, сонымен қатар, жоғары жауапкершілік жүктейді. Белгілі бір мәселелерді талқылау барысында басымдыққа ие партияның пікірі ойымыздан шығып жатса қолдаймыз, олай болмаса, өз көзқарасымызды дәлелдеуге тырысамыз. Бұл енді қалыпты жағдай.

–Кәсіпкер, депутат ретінде экономикамыздағы бүгінгі ахуалды, оның ішінде шағын және орта бизнестегі жағдайды қалай бағалайсыз?

–Жоғарыда айтып өттім ғой, атқарылып жатқан игі істерді көре білу керек. Сонымен бірге, көп жағдайда кемшін түсіп жатқан жақтарымызды ашық айтып, оларды түзеудің сара жолдарын іздестіру қажет.

Бүгінгі таңда Қазақстан экономикалық дамуы жағынан Орта Азия, ТМД елдері арасында алдыңғы қатардан көрініп отыр. Тіпті, Шығыс Еуропа елдерінен кем емеспіз деуге әбден болады.

Дегенмен, өзім кәсіпкер болған соң айта кетейін, бізде әлі де болса, «Үкімет аштан өлтірмейтін шығар» деген қағиданы ұстанып, жоғары жақтан

көмек күтуге бейімдер көп. Сондай-ақ, ешкімге алақан жаймай, өз күнін өзі көру үшін белгілі бір кәсіппен айналысып, табыс табуға ұмтылудың орнына «жылы жер» іздеу де жиі орын алады. Жасыратыны жоқ, көптеген жастар мамандық таңдағанда өзінің көңілі қалаған кәсіпті емес, «жең ұшынан жалғасуға», сол арқылы тез пайда табуға мүмкіндік беретін жағдайды көбірек ойлайды. Бүгінде көптеген жастардан «қандай мамандықты таңдайсың?» деп сұрай қалсаңыз «Қаржы полициясына барамын», «Кеденде қызмет істеген жақсы» деген сияқты жауаптар аласыз. Әрине, бұл мамандықтар да өте қажет. Бірақ, мәселе, жоғарыда айтып өткенімдей, көп жағдайда мамандықтың өзіне емес, одан көбірек пайда табуға тіреліп тұр.

–Бұл енді «заманың түлкі болса тазы боп шал» дегеннен туындайтын болуы керек.

–Сонда да өткен ғасырдың 90-шы жылдары емес, ХХІ ғасырда өмір сүріп отырғанымызды ұмытпайық. Менің айтайын дегенім, жастардың бизнеске көп ұмтылмауы. Өзіңізге белгілі, бүгінгі таңда ел экономикасындағы шағын және орта бизнестің үлес салмағы өте аз. Сайып келгенде, экономиканың тірегі ірі компаниялар немесе тек шикізаттан, оның ішінде мұнай мен газдан пайда табатын алпауыт компаниялар емес, халық тұтынатын бәсекелестікке төтеп бере алатын тауарлар шығаратын, қосымша жұмыс орындарын ашатын шағын және орта бизнес нысандары болғаны жөн.

Бұл жайында Президенттің Жолдауында да айтылды. Ендігі мәселе сөзден нақты іске көшіп, Жолдауда белгіленген тапсырмаларды мүлтіксіз орындау. Сонда бәрі ептеп орнына келеді.

–Кәсіпкер, саясаткер Меруерт Қазбекованы көріп отырмын, сұхбаттасып отырмын. Енді әйел-ана Қазбекова туралы да біле отырсақ...

–Бұл жағынан да ептеп жағдайым жақсы. Ер жеткен екі ұлым, екі немерем бар. Үй шаруасымен, бала тәрбиесімен бір әйелдей айналыстым, әлі де айналысып келемін. Нақтырақ айтсам, балаларым жас болған кезде бар уақытымды, барлық күш-қуатымды соларға жұмсадым. Нәтижесінде екі балам да жақсы білім алды.

–Бүгінгі таңда көп айтылып жүрген гендерлік саясатқа қалай қарайсыз? Әйел теңдігі деп жүріп, «үй ішінен үй тігуге» ұмтылып жүрген жоқпыз ба?

–Дұрыс қараймын. Осы арада, бұл тек әйелдерді көтермелеу деген біржақты пікір қалыптаспауы керек. Әрине, табиғат әйел мен еркекті екі түрлі қылып жаратқан. Әйел бала туады, ер-азаматтың – міндеті басқа дегендей. Бұл рас. Алайда, күнделікті өмірде құқығымыз бірдей болуы тиіс қой. Көп жағдайда әйелдердің құқықтары бұрмалалатындығы да жасырын емес. Мәселен, саясатта әйелдер мүлдем аз. Салыстырмалы түрде айтсам, елімізде электр қуатына, темір жолға, тағы да басқа мәселелерге монополия қалыптасқан ғой. Алайда, олар шектен шығып кетпеу үшін табиғи монополияларды реттейтін арнайы құрылым, яғни, агенттік бар. Ал, билікте қалыптасып отырған монополияны кім реттейді? Осы билікте жүргендердің 90 пайызы еркектер. Қазақстан халқының 52 пайызы әйелдер екендігін

ұмытпайық. Олардың білімдері мен біліктіліктері ешкімнен кем емес. Осыған қарамастан, бізде облыс әкімі болып отырған бір әйел жоқ. Бұдан кейін әйел мен еркек тең деп қалай айтасыз?

Абырой болғанда, кейінгі уақытта жағдай біршама түзелді деуге болады. Оның айғағы ретінде Парламентте бүгінгі күні депутаттардың 25 пайызы әйелдер екендігін айтуға болады. Сайып келгенде бұл халықаралық стандарттарға жақсы көрсеткіш. Қазақстан тәуелсіз мемлекет, әлемдік қауымдастықтың белді мүшесі ретінде барлық халықаралық құжаттарға қол қойған. Яғни, әлемде қалыптасқан ережелер мен нормативтерді сақтауға міндетті.

Ал енді сіздің «үй ішінен үй тігу» дегеніңізге келсек, гендерлік саясат бойынша әйелдерді жаппай саясатқа немесе бизнеске тарту қажет деген ой туындамаса керек. «Сүйреп қосқан тазының түлкі алмайтындығы» белгілі. Бұл арада әңгіме тең мүмкіндік беру туралы ғана болып отыр. Яғни, ер-азаматтардың абыржуына себеп жоқ. Сондай-ақ, Президент атап көрсеткен гендерлік теңдік мәселесін естен шығаруға болмайды.

–Меруерт Айтқажықызы, міне, 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі де келіп қалды. Сізді осы айтулы мерекемен құттықтай отырып, қиын да қызықты жұмысыңызға сәттілік тілеймін. Сөз соңында өз жерлестеріңіз, ақмолалық қыз-келіншектерге, ақ жаулықты әжелерімізге деген игі тілегіңізді білдіре кетсеңіз.

–Ең бастысы, барша әйелдер қауымына зор денсаулық, бақыт тілеймін. Өмірде қажымай, талмай еңбек етсек, бақ-дәулет, береке-ырыздық, абырой, бәрі де болады. Әсіресе, Меруертіміз депутат болды деп қуанып, құттықтап жатқан Көкшелік апайларыма, құрбы, замандастарыма мың да бір алғыс. Аmandықта жүздесейік!

–Мазмұнды әңгімеңізге көп рахмет. Жауапты қызметіңізге сәттілік тілейміз.

(«Арқа ажары» газеті, 8 наурыз 2012 жыл).

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

Айгүл СОЛОВЬЕВА:

«Әйелдерді зейнеткерлікке шығу жасы да толғандырып отырғандығын білеміз»

Біздің тілшіміз 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Экономикалық реформалар және өңірлік даму комитетінің мүшесі Айгүл Сағадибекқызы Соловьева ханымға жолығып, «Арқа ажарының» сауалына жауап беруін өтінген еді.

– Айгүл Сағадибекқызы, алдымен, Сізді көктемнің алғашқы мерекесі – Халықаралық әйелдер мейрамы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ал, алғашқы сұрағымды кейінгі кезде көп пікірталасқа түрткі болып отырған әйелдердің зейнеткерлік жасын өзгерту мәселесінен бастағым келіп отыр. Жалпы, бұл мәселенің туындау себебі неде? Осы арада біреулердің зейнеткерлікке шығуға асығатындығы мен енді біреулердің әсіресе, жаны қиналмайтын қызметтегілердің зейнет жасына келсе де, жұмыстан қол үзгісі келмейтіндігі Сізге қандай ой салуда?

– Қоғамда қандай болсын бір мәселе туындаса, оны жан-жақты зерттеп, мұқият саралап барып шешу қажет. Яғни, елімізде бүгінгі қалыптасқан жағдай, мемлекетіміздің қаншалықты дамығандығы сияқты жайлардың бәрі ескерілуі қажет.

Ал, енді сіз айтқан проблемаға келсек, бұл бізде әйелдердің ер азаматтарға қарағанда зейнеткерлікке біршама ерте шығатын жылдар бойғы дәстүрінен туындап отыр. Бұл мәселенің бір жағы. Қалыптасқан жағдайға тереңірек үңілер болсақ, шешімін күткен мәселелер аз емес. Нақтырақ айтсақ, зейнеткерлік жас тұрғысындағы қазіргі жағдайды сол күйінде қалдыру қиын болып тұр. Біріншіден, зейнетақы қорларының көлемі, олардың жалпы жағдайы заман талабына сай деуге келмейді. Екіншіден, бізде еңбек өнімділігі дамыған елдерге қарағанда бірнеше есе төмен. Үшіншіден, кейбір елдерде жұмыс істейтін бір адамға жұмыссыз жүрген бір адамнан болса, бізде еңбек ететін бір адамға тұрақты жұмысы жоқ бес адамнан келеді. Төртіншіден, Қазақстан тендік принциптерін бірінші кезекке қойған, оның ішінде әйелдер мен ерлердің құқықтары бірдей болуын сақтауды қадағалайтын көптеген халықаралық конвенцияларға қосылған. Енді осыған біраз әйелдердің жоғары жалақы алатын қызметтерде жүргендігін ескерсек, оларды жасың келді деп жылдар бойы ұмтылып, қол жеткізген дәрежелерінен айыруды әділетсіздік деп білемін.

Міне, осы мәселелерді ескере келе және еліміздің экономикалық даму қарқынына байланысты айтар болсам, бұл проблеманы рет-ретімен асықпай шешу қажет. Бұл орайда, алғашқыда әйелдерге зейнеткерлікке шығу мәселесін, яғни, зейнеткерлікке 58-де немесе 63 жаста шығатындығын өздері шешу құқығын беруге болады.

Ал енді сұрағыңыздың екінші жартысындағы «жеңіл жұмыс», «ауыр жұмыс» дегенге келетін болсақ, бұл мәселені кәсіби біліктілік тұрғысынан қарау керек. Сіз айтқандай, жақсы жалақы алатын, лауазымды қызметтердегі зейнеткерлікке шыққысы келмейтін әйелдердің білімдері де, біліктіліктері де жоғары, бәсекелестікке төтеп бере алатын мамандар екендігін ұмытуға

болмайды. Ондай әйелдер білімдерін одан әрі жетілдіріп, тәжірибе жинақтап дегендей, әркімнің қолынан келе бермейтін күрделі мәселелерді шеше алады, тіпті, кез-келген ер-азамат атқара алмайтын шаруаларды тындыруға қабілеттері жетеді. Яғни, оларға «58-ге келдіңіз, рахмет, бара қойыңыз» деу меніңше, әділетсіздік.

–Ал, енді сонда тұрмыстары ауыр, өмір деңгейін жоғары лауазымды қызметтердегі әйелдермен салыстыруға келмейтін, қазіргі зейнет жасына шаршап-шалдығып әзер жететін әйелдердің жағдайы қалай болмақшы? Қазіргі парламентте көзге ерекше түсіп тұрған оппозиция өкілдері жоқ. Бұл белгілі бір мәселелерді талқылағанда тағы да «бірауыздан қолдаймызға» ұрындырып отырған жоқ па? Әлде, «Нұр Отанның» ішінде де пікірталас болып тұра ма?

–Бұл арада алдымен, оппозицияны қалай түсінуден бастаған жөн. Егер біз оны саяси күш ретінде қарайтын болсақ, бізде оппозиция бар.

Ал енді «бірауыздан қолдаймызға» келетін болсақ, ол тек соңғы сәтте, яғни, жалпы, отырыста ғана орын алады. Ал оған дейін жұмыс топтарында қызу талқылаулар болады. Мәселен, бір заң жобасын қарау, оның маңыздылығы мен күрделігіне, қабылдау мерзіміне байланысты үш айдан бір жылға дейін созылады. Осы уақыт аралығында депутаттар жүздеген ұсыныстар айтады. Олардың көбі депутаттар арасында ғана емес мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер өкілдері арасында да қызу талқылаудан өтеді. Мұнан соң салалық комитеттерде де Үкімет мүшелерінің қатысуымен жан-жақты талқыланады. Нақты шешімдер сонда қабылданады.

Бұл орайда сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясында көптеген қоғамдық, салалық және саяси кеңестер бар екендігін айта кеткім келеді. Сонымен қатар, көптеген мәселелерді жан-жақты талқылайтын сараптау топтары мен комиссиялар жұмыс істейді. Менің ойымша, бір партия мүшелерінің бәрі бір пікірде болуы керек деген теріс ұғым. Ал енді белгілі бір бағдарлама қабылдауға келетін болсақ, бұл енді басқа мәселе. Стратегиялық бағытта бір арнаға тоғысу заңды құбылыс. Соның өзінде оларды жүзеге асыру тұрғысында партияның әрбір мүшесінің өмірлік тәжірибесі, олардың белгілі бір мәселе туралы нақты пікірі ескеріледі. Тіпті, бір отбасының өзінде бала екеш баланың да өз пікірі, ойы болады ғой. Сондықтан, жан-жақты талқылап, барлық мәселелерді ой елегінен өткізіп барып қана шешім қабылданады.

–Депутаттардың бірі өткенде «Үкімет Парламентті мойындамайды» деген пікір айтып қалды. Жалпы, Үкімет мүшелерінің көбі «Нұр Отанның» мүшесі емес пе? Яғни, олар депутаттар алдында ғана емес, партия алдында да есеп бермей ме? Әлде бұл үрдіс бүгінде мәнін жойды ма?

–Әрине, есеп бергенде қандай!.. Үкіметтің есебі Парламент депутаттары алдында да, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы алдында да тұрақты түрде тыңдалады. Ал, депутаттардың кей жағдайда Үкімет жұмысына көңілі толмай жатса, біраз мәселелерде пікір алшақтығы орын алса, онда тұрған ештеңе жоқ. Бұл демократиялық қоғамдағы қалыпты құбылыс деп түсінген абзал.

–Сіз Экономикалық реформалар және өңірлік даму комитетінің мүшесі болғандықтан, енді осы тұрғыдағы мәселелерге ойысайық. Біздің Ақмола облысының аудандары Астананы айнала орналасқан ғой. Елбасы тапсырмасына орай, бұл елді мекендерді абаттандыру, инфрақұрылымдарын жетілдіре түсу бірінші кезектегі мәселелер қатарында. Өкінішке орай, жуырда Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – Өңірлік даму министрі Бақытжан Сағынтаев облыста болған сапарында Астана маңындағы ауылдарды көркейтуге қыруар қаржы жұмсалғанымен проблемалар көбеймесе, азайған жоқ деді. Сіз бұған не дейсіз?

–Бұл орайда, бюджет қаржысының қалай жұмсалып жатқандығы және қабылданған бағдарламаны тиімді жүзеге асыру мәселесін қадағалауға тек Үкімет қана емес, тұрғындар, жалпы, барлық азаматтар да қатысуға тиіс. Олай болмаған жағдайда, қазір орын алып отырғандай, тұрғындар арыз-шағым айтумен шектеліп, Үкімет «неге бұлай?» деп отыра берсе, есіл ақша желге ұшады да, қолға алынған іс толық жүзеге аспайды. Бұл дегеніңіз, сайып келгенде, Президент тапсырмасының дұрыс орындалмауына әкеліп соғады. Басқаша айтқанда, Қазақстанның қарқынды дамыған 30 елдің қатарынан орын алуы кешеуілдейді. Сондықтан, атқарылып жатқан істерді тек сырттан бақыламай, әкімдерге, тиісті орындарға пікір білдіріп отырудан қашпау керек.

–Әдетте, лауазымды қызметтегі қыз-келіншектер мен депутат аруларға қоятын дәстүрлі сұрағымды бүгін де айналып өткім келмей тұрғаны. Айтыңызшы, осы біз гендерлік саясат дегенді алға тартып, ерлер мен әйелдерді бәсекелестіріп, пайыз қуып кеткен жоқпыз ба? Халқымыздың маңдайына біткен мақтаныштары Қарашаш пен Домалақ ана, Айғаным мен Зере күнде туа бермейді ғой. Талантты болса, ондайлар өздері-ақ жарып шықпай ма?..

–Жалпы, гендерлік саясат дегеніміз, әйелдердің кәсіби, өзіне тән лайықты қызмет атқаруына мүмкіндік беру, әлеуметтік жеңілдіктер мен адамзатқа қажетті барлық жақсылықтарға еш кедергісіз қол жеткізуіне жол ашу. Сондықтан, сізбен бұл арада келісе алмаймын. Сайып келгенде, сіз айтқан жай мен гендерлік саясат арасында байланыс жоқ сияқты.

–Сіздің депутат ретінде өңірлерді көп аралайтыныңызды білеміз. Әрі бұл сізді өзгелерден ерекшелендіріп тұратын жақсы қасиет пе деймін. Осы орайда, әкімшілік-аймақтық құрылымдар туралы сұрағым келіп отыр. Мәселен, бүгінгі таңда Солтүстік Қазақстан облысының кейбір аудандарының тұрғындары Петропавлға Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласын басып барады. Екі орта кемі 400-450 шақырым. Сол сияқты қазіргі Қарағанды облысы болса, Солтүстік Қазақстаннан екі-үш есе үлкен. Сондай-ақ, Қостанай қайда, Торғай даласы қайда?! Қалай ойлайсыз, мүмкін бір өзгеріс керек шығар?..

–Әкімшілік-аумақтық мәселе біз Парламент қабырғасына келгенге дейін-ақ анықталған. Сондықтан, бұл жайға баға бере алмаймын. Дегенмен, жоғарғы заң шығарушы органға жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң

жобасы түсіп жатса және құрылымдық өзгеріс енгізуге қажеттілік туындай қалса, бұл мәселелерді де қарайтынымыз анық.

–Енді депутат Соловьева ғана емес, әйел-ана Айгүл туралы да білсек, артық болмас еді. Депутат болғанға дейінгі қызметіңіз, отбасыңыз туралы азырақ мәлімет бере кетсеңіз.

–Менің еңбек жолым сонау Кеңес заманында басталғандықтан бәрін жіпке тізбей-ақ қояйын. Сондықтан, қысқаша айтсам, жоғары оқу орнының химия факультеті, аспирантура, Ленинград қаласында техникалық ғылым саласында диссертация қорғау, мұнан соң ғылыми жұмыс және докторлық диссертация, ғылыми-хатшы қызметі болып жалғасып кете береді. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жылдарында бизнеспен айналыстым. Кейін қоғамдық жұмыстар, енді, міне, өзіңіз көріп отырғандай, депутатпын.

–Сөз соңында «Арқа ажарының» оқырмандарына, жалпы, әйелдер қауымына деген тілегіңізді білдірсеңіз.

–Әйел, еркекке бөлмей-ақ, барлық тілектерінің орындалуын және кәдімгі адами бақыт тілеймін. Дегенмен, әйелдер қауымына ерекше айтарым, әрдайым өздерін сүйетін, сыйлайтын жақындары мен достарынан сыйға гүл шоқтарын алып тұруларын жазсын. Ешқашан мұңаймасын, барлық қиыншылықтарды жеңе білсін және әрдайым қадірлері арта берсін деймін.

– Мазмұнды әңгімеңізге рахмет!

(«Арқа ажары» газеті, 7 наурыз 2013 жыл).

Шығыс пен батыс үйлесімін тапқан қала

– дейді Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
Светлана ЖАЛМАҒАМБЕТОВА

Елордамыз – Астананың Арқа төсіне қоныс тепкеніне де 15 жыл толды. Бұл әрине, тарих үшін қас-қағым сәт. Дегенмен, сол жылы туған баланың мұрты тебіндей бастаған бозбалаға айналғанын ескерсек, 15 жыл да біраз іс тындыруға жетерлік уақыт-ау деуге болады.

Көкейде үміт пен күдік қатар өрбіген сол 90-ыншы жылдары Астананың көшірілуіне қол соға қуанғандар да, «етектен тартқан басқа да проблемаларды шешіп алмай, ойда жоқта Ұлы көш жасау не теңіміз» дегендей, күңкіл сөздердің де көп болғандығы жасырын емес. Содан бері зымырап 15 жыл өтіп кетті. Бүгін біз Елордамыз Алматыдан Ақмолаға көшірілгенде Ақмола облысы әкімінің орынбасары ретінде сол істің басы-қасында болған, бүгінде Парламент Сенатының депутаты Светлана Жалмағамбетованы әңгімеге тартып отырмыз.

–Елорда көшірілгенде сол кездегі Ақмола облысы әкімінің орынбасары едіңіз. Көшірумен айналысатын арнайы комиссия құрылғандығы белгілі. Негізгі мәселелермен осы комиссия айналысты.

Дегенмен, облыс басшыларының бірі ретінде бұл ұлы іске тікелей араластыңыз ғой.

–Иә, бұл менің өмірімдегі ең ауқымды істердің бірі ғана емес, бірегейі болды десем артық болмас. Шешім қабылданды. Көштің Алғашқы легі келе бастады. Олардың бәрін орналастыру оңай болған жоқ. Мен облыста әлеуметтік саланы басқарғандықтан, негізінен осы салаға қатысты министрліктер мен ведомстволар, мәдениет, ақпарат құралдары сынды құрылымдарды орналастырумен айналыстым.

Сол министрліктер өкілдері алдын ала Ақмолаға келіп бізбен бірге қаладағы мүмкіндіктерді саралай отырып, біздің ұсыныстарымызбен өздеріне орын таңдады. Олардың бәрін жіпке тізудің қажеті жоқ шығар. Дегенмен, кейбіреулеріне тоқтала кету артық болмас. Мәселен, Мәдениет және ақпарат министрлігі сол кездегі Саяси ағарту үйін тандаса, Көлік және коммуникация министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі Тың темір жолы ғимаратына орналасатын болды. Солай-солай біртіндеп облыстық құрылымдарды ығыстырып дегендей, қоныстандыра бастадық. Ол ғимараттарды күрделі жөндеуден өткізу, келетін адамдарды пәтермен қамтамасыз ету сияқты жұмыстар тыным таппай қимылдауды қажет етті. Бұл арада «келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады» деген қағида орынсыздау шығар, алайда, біз осы қаланың байырғы тұрғыны болғандықтан, «Ақмоланың сонасы көп болғанмен, Астанаға лайық ғимараты шамалы екен» сөзге қалмау да үлкен сын болғандығын айта кету керек. Сондықтан, «намысты қолдан бермей» дегендей барымызды дұрыс көрсете білуге тырыстық.

Айтпақшы, Елорданы Арқа төріне көшіру туралы шешім қабылданған соң-ақ, Президент барлық республикалық деңгейдегі басшыларды Ақмолаға арнайы әкеліп, түрлі кеңестер мен мәжілістер өткізіп, оларды осы жақпен жан-жақты таныстыруды қолға алды. Әсіресе, Президенттің Ақмолада жастармен кездесуі, сол арқылы жаңа Астананың сол жастар үшін салынып жатқандығын түсіндіруі істің жедел жүруіне ықпал етті.

Өзіңіз білесіз, сонау Моңғолиядан Күлтегіннің ескерткішін әкелу, Білге қағанның тасқа қашалып жазылған сөздерін баршаға паш ету де сол кезде болды ғой. Яғни, біз Астананы көшіруді арғы тегіміз Көктүріктің ұлағатты сөздерімен орайластырдық дей аламыз. Сайып келгенде бұл жаңа астанамызды халқымыздың ежелгі астаналары Сарайшық, Тараз, Отырар, Сығанақ сынды қалалардың заңды жалғасы, бүгінде қарқынды дамып келе жатқан елдігіміздің символы етіп барша әлемге көрсете білуіміздің алғы шарттары еді. Бүгін біз сол үрдістен көріне білдік деп айта аламыз деп ойлаймын.

–Кейін Ақмола облысының орталығын Ақмоладан Көкшетауға көшіру де сол «Елорда қысылмасын» деген ойдан туындаған болар. Әлі есімде «сол кезде ойда жоқта «Казахстанская правда» газетінде басылымның облыстағы меншікті тілшісі Б.Ережеповтың облыс орталығын көшіру қажеттілігі туралы мақаласы шығып еді.

– Бұл біріншіден, Ақмола облысының Елорданың көлеңкесінде қалмай, өз алдына отау тігіп, дербес орналасқандығы дұрыс дегеннен туындаған десек дұрыс болар. Президентіміз кең ойлайтын, болашақты болжай білетін дара тұлға ғой. Ақмолада Елорда тұрғызып жатқанда түрлі себептерге орай, ажары кетіп, тоқырай бастаған қалаларға, оның ішінде Көкшетау облысының таратылуына байланысты күйі қаша бастаған Көкшетау қаласының да дамуына жаңа бір серпін беруді межелеген болар. Бүгін біз бұдан екі қаланың да ұтқандығын көріп отырмыз ғой. Сондықтан, бұл арадан ешқандай астар іздеудің қажеті жоқ. Жалпы, біздің алғашқыда қандай да бір жаңалыққа шүбәлана қарайтындығымыз бар ғой. Әсіресе, мұндай ауқымды істер қолға алынғанда түрлі пікірлердің туындайтындығы заңды құбылыс. Ең бастысы нәтиже ғой. Яғни, бүгін ол шешімнің дұрыстығына ешкім күмәнданбайды.

–Сол көші-қон мәселесімен айналысып, қарбалас тірлікпен жүргенде бұрынғы Ақмоланың Елорда ретіндегі келбеті 10-15 жылда қандай болады деп ойлауға мұршаңыз да болмаған шығар. Дегенмен, сол уақытта бір сәт ойланған кездеріңіз болған шығар. Көзіңізге қалай елестетіп едіңіз дегенім ғой.

–Өзіңіз айтып кеткендей, Елорда Ақмолаға тұрақтанып, алғашқы істер атқарылған соң Ақмола облысының орталығы Көкшетауға көшті. Біз де сол жаққа қоныс аудардық. Сондықтан, кейін енді сырт көзбен қарай бастадық деуге болады. Сонда түрлі жиналыстар мен мәжілістерге қатысу үшін Астанаға әр келген сайын жаңа бір ғимараттың бой көтергенін көріп, менің де Елорда іргетасының қалануына қосқан үлесім бар деп қуанушы едім.

Жалпы, Елбасының өзі айтқандай, сол бір экономикамыздағы қиын жағдайды тез арада түзеп, істі қарқынды дамыту үшін жаңа бір идея, соны міндет қажет болды. Астананы көшіру, қиындықтарға қарамастан ғасырлар тоғысында ұлы істі қолға алу ел экономикасының қарыштап дамуына ықпал етті. Ел болып жұмылғанда алынбайтын асу болмайтындығының тағы бір дәлелі, осы Астана құрылысы болды. Шыны керек, ел астанасын бір қаладан екінші бір қалаға көшіру әлемдік тәжірибеде бар. Бірақ, олар бұл мәселені көптеген жылдарға созды. Біз болсақ, міне 15 жылда таңғажайып қала тұрғыздық. Бұл Елбасының сындарлы саясатының, халқымыздың бірлігінің жемісі.

–Рас, тез арада әсем де көрікті Астана бой көтерді. Оған ешкімнің дауы жоқ. Дегенмен шет елдің атақты сәулетшілеріне жүгініп жүргенде «қазақтың исін» жоғалтып алмаймыз ба?

–Әрине, қандай да болмасын іс тындырылғанда сыншы да, ақылшы да көп болады. Оның кей жағдайда пайдасы да жоқ емес. Бірақ, бәріне байыппен қарау керек. Қазақшылықтың жөні осы екен деп барлық ғимаратты киіз үйге ұқсатып немесе өркениетті елдерге, оның ішінде қарқынды дамыған мемлекеттерге еліктейміз деп қатар-қатар көк тіреген ғимараттарды тізе берудің де жөні жоқ шығар.

Менің ойымша Астана – Еуразия кіндігінде орналасқандықтан, Батыс пен Шығыстың озық үлгілерін игерген, екі мәдениеттің ең озық үлгілерін тоғыстырған қайталанбас қала болуға тиіс. Елбасының Астана

құрылысындағы басты идеясы да осы. Бұл арада ойланбай айта салатын «от басы, ошақ қасындағы» әңгімеге орын жоқ.

Мәселен, мен талай елдің астанасын көрдім. Соның ішінде мәдениеті өзімізге жақын Әзірбайжанның астанасы Бақы қаласымен салыстырып байқадым. Рас, онда шығыстық үлгі басым. Сондай-ақ, ғимараттар негізінен ақ түсті. Мен бұл арада ешкімді сынағым келіп тұрған жоқ. Алайда, солай бола тұра Бақыдағы ғимараттар бірінен-бірі айнымай қалғандай әсер қалдырды.

Зер салып қарасақ, Астанада да Шығыс үлгісіндегі ғимараттар аз емес. Елбасымыз отыратын Ақ Орда мен Назарбаев Мәдениет орталығы «қазақилықтан ада» деп кім айта алады? Сондай-ақ, қаладағы ірі үш Мешіт мұсылман елі екендігімізді айқындап тұр. Ал, енді Бейбітшілік пен Келісім сарайы, «Хан Шатыр» сынды ғимараттар сәулет өнерінің қайталанбас үлгілері ғой. Астанадағы ең алғашқы құрылыстардың бірегейі «Бәйтерек» қазақ аңыздарының бірінің бүгінгі көрінісі емес пе? Сондай-ақ, жоғарыда айтып өткенімдей, Еуразия кіндігінде тұрған қалада еуропалық үлгідегі ғимараттардың да мол болуы заңды емес пе? Сондықтан, кейбір бауырларымыз сияқты «бүйректен сирақ шығарудың» мүлдем қажеті жоқ. Әрине, әсемдіктің, оның ішінде сәулет өнерінің дамуында шек жоқ шығар. Дегенмен, тап бүгін Астананың келбетіне сын тағу күнә. Оның қайталанбас келбетін сәулет өнерінің майын ішкендер де, аузы дуалы талай тұлғалар да мойындаған. Әлі де талай әсем нысандардың бой түзеріне күмән жоқ. Әлемге аты мәшһүр сәулетшілер Кисо Куракава мен Норман Фостердің қолтаңбасы бар қалада өзіндік келбет болатындығына сенеміз. Сөз орайында айта кетейік, Астананың символы іспеттес «Бәйтеректің» авторы, мына тұрған Қорғалжынның тумасы, атақты сәулеткер Ақмырза Рүстембековтың ізбасарлары да бұл іске өз үлестерін қосады деп сенемін.

–Астана туралы айта отырып, Елорданың айналасын да назардан тыс қалдырмау керек қой. «Театр киім ілгіштен басталады» демекші, Астанаға кіре беріс ауылдар да соның келбетіне сай болуы керек. Бұл арада әзірге «ұяттылау» болып тұрмыз-ау.

–Рас, бұл да үлкен проблема. Бұл тұрғыда бар мәселе, Астана маңында орналасқан елді мекендерге алғашқы жылдары мойын бұруға шама болмағандығынан туындады. Дегенмен, әу бастан ойлау керек еді. Солай болмағандықтан, ол ауылдардың проблемаларын шиеленістіріп алған жайымыз бар. Оны жасырмай айту керек.

Мен Сізге айтайын, депутат ретінде бұл мәселені бірнеше рет көтердім. Осыдан біраз жыл бұрын, нақтырақ айтсам, Ақмола облысының әкімі Альберт Рау болған кезде біз арнайы бағдарлама әзірлеп оны Үкіметке ұсынғанбыз. Өкінішке орай, ол кезде Үкімет дұрыс ниет байқатпады. Кейіннен облыс әкімі болып Сергей Дьяченко келгенде тағы да осы мәселені көтердік. Ол кісі әкім ретінде өз ұсынысын айтса, мен депутат ретінде Үкіметке депутаттық сауал жолдадым. Ақыры, мұның өзі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ақмола облысына, оның ішінде Ақмол ауылында болған сапарынан соң өз шешімін тапты. Елбасы бәрін өз көзімен көріп, барлық

ахуалды байқаған соң 2011-2014 жылдарға арналған Астана маңындағы елді мекендерді дамытудың арнайы бағдарламасы қабылданды. Оған барлығы 40 миллиард теңге қаржы қарастырылды. Оның 36 миллиарды республикалық бюджеттен болса, 4 миллиард теңгесі Ақмола облысының бюджетінен бөлінуге тиіс. Бүгінде жұмыс ауқымының көбейуіне байланысты бөлінер қаржы едәуір өсті. Осы бағдарлама аясында көп жұмыс атқарылды. Қояндыда, Талапкерде мектеп салынды, Ақмол ауылында да талай ғимарат бой көтерді. Бұл орайда, әсіресе, сол ауылдарға электр жүйесін жүргізу кейінгі уақытқа дейін шешімін табуы қиын мәселе болып келді.

Бұл арада салынар ғимараттарды жоспарлауда кейбір шалағайлықтардың да орын алғандығын жасырмай айтуымыз керек. Мәселен, мектеп салып алып, кейіннен барып ол жерде су жоқ екендігін байқадық. Мұны «домбырам не дейді, мен не деймін» дегенде қайтеміз? Мәселен, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары осындай жағдайды көрген соң: «Суы жоқ жерге неге мектеп салдыңдар енді тағы қосымша ақша сұрайсындар» деген заңды сұрақ қояды. Ал біз өз кезегімізде «түйе сұрасаң бие береді» демекші, Үкімет ақшаны не үшін берді біз соны салдық дейміз. Өзіміз зорға сұрап алып тұрғанда «электр жарығы жоқ еді, әзірге мектеп салмай-ақ қояйық» десек екеуі де болмай қалады ғой. Міне, осындай түсініспеушіліктер, жобаны дұрыс даярламау сынды мәселелер, қазақша айтқанда «таңғы тамақ тәңірден» деген қағида осындай қиындықтар әкелді. Осыдан барып зәулім мектеп салдық, бірақ, су жоқ болғандықтан әжетханасы далада. Салыстыру үшін айта кетсек, үстіңе су жаңа костюм кигеніңнен не пайда, өзің жалаңаяқ тұрсаң? Үкімет «Жаңа мектеп салдық» деп есеп береді. Бөлінген ақша игерілді, бәрі тамаша. Ал, шындығында қыстың көзі қырауда оқушы дәрет сындыруға далаға жүгірсе, оның несі тамаша? Өкінішке орай, биыл да бюджеттің біршама қысқартылуына байланысты электр жүйесі мен ауыз су мәселесіне де қаржы қажеттіліктен біршама аз бөлінетін болды.

«Ауызды қу шөппен сүртпеу» үшін айта кетейін, алдағы уақытта Астананың айналасында 70 шақырым қашықтықта орналасқан елді мекендері дамытудың жаңа бағдарламасы қабылданады. Сонда орын алған осы олқылықтардың бәрінің орны толтырылып, барлық мәселе толық қамтылатын болады.

–Енді әңгімемізді басқа арнаға бұрғым келіп отыр. Сізбен сұхбаттасып отырып, зейнеткерлік реформасы мәселесін айналып өтуім күнә болар.

Мәжіліс екі оқылымда мақұлдап, Сенаттағы серіктеріңіз сеніп, Сіз бастаған төрт сенатор гана шырылдап қалғанда не ойладыңыз? Шыныңызды айтыңызшы, «түбі осы жоба қайтып келеді» деген бір үміт бүйрегіңіздің бір түкпірінде жатты ма?..

–Алғашқыда мені түсінер деген ойда болдым. Мүмкін, Үкімет заң жобасын қайтып алар, әлде депутаттар мені қолдайды деген үмітім болды. Өкінішке орай, екінші оқылымда ешқандай үміт қалған жоқ. Бәрін тізбей-ақ қояйын, бірақ мен осы жобаға өз тарапымнан жеті ұсыныс беріп едім. Оның бәрін Үкімет қабылдамады. Өзіңіз білесіз, қандай да болсын заң

қабылданарда депутаттардың оған ықпал ететін құралдары онша көп емес. Мәселен, біз өзіміздің пікірлерімізді айтамыз. Екіншіден, заңды өзгерту үшін ұсыныстар береміз. Бірақ, біздің ұсыныстарымыз қосымша қаржы талап ететін болса, ол үшін Үкіметтің келісімі қажет. Бұл Ата Заңымызда тайға таңба басқандай айқын жазылған. Мен өз тарапымнан депутаттың қолында бар барлық мүмкіндікті пайдаландым.

Сөз орайында айта кетейін, осы заң жобасын талқылау барысында маған Степногорск подшипник зауытынан 1491 адам қол қойған, Көкшетаудағы «Тыныс» кәсіпорнынан 425 адам қол қойған, сондай-ақ, Соколов-Сарыбай кенішінен, Шығыс Қазақстан облысынан, Оңтүстік Қазақстан облысынан, тағы да басқа өңірлерден көптеген хаттар келді.

Ақыры, Үкімет те өз бетінен қайтпай, әріптестерім де қолдамаған соң «Менің еш лажым қалмады, ендігі үмітім әрдайым дана шешім қабылдайтын Елбасында» деп іштей күпірлік қылып отырудан басқа лажым қалмады. Іштей уайымдасам да, Елбасыға сендім.

–Сол көпшілік «ақыры не болар екен» деп демін ішіне тарта күткен Заң жобасын Елбасы қайтарғанда өзіңізді қалай сезіндіңіз?

–Әрине, Елбасыға риза болдым. Тәубә, шүкіршілік, халықтың үнін еститін адам бар екендігіне, ол Елбасы екендігіне тағы да көзім жетті. Ешкімді ренжіткім келмейді, бірақ халықтың үнін Үкімет естімеді, Парламент естімеді. Ал, Елбасы өзінің халқымен бірге екендігін тағы да дәлелдеді.

Осы арада сіздің журналистер қауымына да айтар назым бар. Мәселен, бұрын маған көп жолай қоймайтын бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері де «Светлана Жақияқызы, комментарий беріңізші» деп қинады ғой. Мен оларға: «Бұрын айту керек еді. Енді Елбасынан кейін ақылды боп көріну ұят болады» деген ойымды жеткіздім. Бірақ, мүлдем үндемеу дұрыс болмас деп «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінде өз пікірімді білдірдім. Сонда біраз нәрсе айттым деп ойлаймын.

–Осы заң жобасы Президент алдынан қайтып келетін болса, Парламент тарайды деген де сөз шықты.

–Ол енді Президент шешетін мәселе ғой. Бір қызығы, осы заң жобасы талқыланып, біраз пікір-талас туындағанда маған оппозициялық басылымдар үйір болып кетті. Кейбіреулеріне өз ойымды айттым да. Менің сөздерімнің стенографиясын алып, толық басқандар да болды. Ал, жайшылықта мемлекет саясатын қолдайтын басылымдар болса «әліптің артын бағып» қалды. Тіпті, түпкі ойларын қайдам, «Зан жобасына қарсылық білдіру ретінде отставкаға неге кетпейсіз?» деген де журналистер болды. Ал, мен болсам бәрі менің отставкаға кетуіме тіреліп тұрмағандығын білемін ғой. Өз қарсылығыңды олайша білдірудің министрге жұмыртқа лақтырудан қандай айырмашылығы бар? Мен Президентке үміт арттым. Ақыры, үмітім ақталғандығын мақтаныш тұтамын. Жалпы, орысша айтқанда «Политика – это искусство возможного» деген бар ғой. Елбасының ақылды шешім қабылдағандығын бүгін халықтың қалай қабылдағандығынан көріп отырмыз ғой. Енді қандай комментарий керек?!. Бұл арада сол бір кезде өзімді жалғыз қалдырмай,

менімен бірге болған бірқатар әріптестеріме де ризашылығымды білдіремін. Ал, жалпы әңгіме Астананың 15 жылдығына байланысты өрбіп жатқандықтан, сізбен осы сұхбатымда да барша қазақстандықтарды тамаша мерекемен құттықтап, бақыт, бақ тілеумен аяқтағым келеді. Қазақ елі мәңгі жасап, бүкіл әлем көз тіккен Елордамыз асқақтап, жайнай берсін!

–Светлана Жақияқызы, мазмұнды әңгіменізге рахмет. Алда да осындай игі істердің басы-қасында жүре беріңіз!

(«Арқа ажары» газеті, 6 шілде 2013 жыл).

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының
Светлана ЖАЛМАҒАМБЕТОВА:**

«Мен үшін басты қағида – халықпен бірге болу»

Біздің елімізде 8 наурыз дәстүрлі түрде Халықаралық әйелдер күні мерекесі ретінде аталып өтіледі. Рас, әлемнің көптеген елдерінде мұндай мейрам жоқ. Мұны кешегі кеңестік кезеңнен қалған ескі сарын дейтіндер де жоқ емес. Сондай-ақ, өткен жылдан бері Қазақстанда Елбасы Жарлығымен Отбасы күні мерекесі белгіленді. Әрине, халық үшін мереке артық болмайтындығы белгілі. Биылғы 8 наурыз мейрамы қарсаңында осы сауалдармен Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты, қоғам қайраткері Светлана Жақияқызы Жалмағамбетованы әңгімеге тартқан едік.

–Светлана Жақияқызы, өткен жылы белгіленген Отбасы күні мерекесі мен 8 наурыз мерекесінің айырмашылығы бар ма? Бірін-бірі қайталап тұрған жоқ па дегенім ғой.

–Рас, әлемнің көптеген елдерінде 8 наурыз тойланбайды. Дегенмен, оның есесіне кейбір мемлекеттерде «Отбасы күні», енді біреулерінде «Ана күні» мерекесі аталып өтіледі. Қысқаша айтқанда, әр мемлекет аналарға, жалпы әйелдер қауымына өздерінше сый-құрмет көрсетеді.

Ал, біздегі 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні сол Кеңес заманынан бері келе жатыр. Бұл арада енді өткеннің бәрін жаман деп сырып тастаудың қажеті жоқ шығар. Өзіңіз айтқандай, мерекенің көптігі болмас.

Жалпы, осы мейрам аясында біз қыз-келіншектерімізді, бала тәрбиелеп отырған аналар мен ақ жаулықты әжелерімізді құрметтеп, олардың қоғамдағы алар орындарына мән беріп, әсірелеп айтсам, тағзым етеміз ғой.

Сол үрдіс әлі өз жалғасын тауып келеді. Ал, енді жылдар бойы қалыптасқан бұл дәстүрді «ескінің қалдығы» деп сырып тастаудың қажеті бола қоймас. Сайып келгенде, күнтізбеден бұл мерекені алып тастау қиын емес. Рас, бүгінде бұл екі мереке бірін-бірі қайталап тұрғандай. Алайда, ештеңенің байыбына бармастан жаңалық аша беру қателік болады дер едім. Сондай-ақ, жылдар бойы тойлап келе жатқан аға буын мұны қалай

қабылдайды. Сондықтан, әзірге «бүйректен сирақ шығарудың» қажеті жоқ деп ойлаймын. Мүмкін уақыты келгенде бір ретке келетін болар.

–Бүгінгі таңда Қазақстанда «әйел теңдігі» деген мәселе күн тәртібінде мүлдем жоқ қой. Солай бола тұра, гендерлік саясатты алға тартып «ана салада әйел аз, мына салада қыздар жоқ» дегендей, аруларымызды аламанға сүйреп қосу не үшін қажет?

Шынында да, еліміздің Ата Заңына сүйенсек те, басқа да жайларға назар аударсақ та елімізде әйелдер қауымының құқықтары ер-азаматтармен тең. Тіпті, бір қарағанда бұл туралы сөз қозғауға да негіз жоқ сияқты. Дегенмен, бұл тұрғыда әлі де назар аударатын мәселелер баршылық. Әрине, жоғарыда айтып өткенімдей, әйелдер үшін жұмыс істеуге барлық сала ашық. Бірақ, зер салып қарасақ, олар негізінен денсаулық сақтау, білім беру салаларында еңбек етеді. Нақтырақ айтсақ, аталмыш салалардағы әйелдердің үлес салмағы 75-80 пайызға жетеді. Ал, басшылар болса негізінен ер адамдар. Жалпы, шешім қабылдайтын жерлерде әйелдер өте аз. Бұл мәселеге кеңірек қарайтын болсақ, жалпы шешім қабылдайтын жерлерде, яғни, биліктің әр тармағында да халықтың әртүрлі топтарының өкілдері болуға тиіс деп ойлаймын. Бұл арада әңгіме тек әйелдерге ғана қатысты емес. Міне, осындай жағдай қалыптасқанда ғана қабылданатын маңызды шешімдер халықтың барлық топтарының мүдделерін толық қамтитын болады.

Сонымен қатар, бірді айтып басқа мәселеге ауысып кетті деменіз, мәселен бізде әлі күнге дейін мүгедектердің мәселелері толық шешілмей келеді. Бұған ешкім әдейі кедергі келтіріп отырған жоқ. Алайда, билікте болсын басқа да белгілі бір шешім қабылдайтын орындарда олардың өкілдері жоқтың қасы. Сол себепті, олардың біраз мәселелерінің шешілуі кешеуілдеп тұр. Менің жоғарыда айтқанымдай, шешім қабылдайтын орындарда халықтың барлық топтарының өкілдері міндетті түрде болу керек дегенім осыдан туындап отыр. Мәселен, аяғынан мүгедек адам білімі, біліктілігі болса арбада отырып-ақ, кез келген министрлікте жұмыс істей алады. Өкінішке орай, әзірге бізде мұны ойлап отырғандар шамалы. Ал, енді Сіз сұрап отырған әйелдерді «билік жаққа сүйреп қосуға» келетін болсақ, Сізбен келісе алмаймын. Рас, «инені қапқа тығып қоя» алмайсың. Қолынан іс келетін қыз-келіншектер ешқандай демеусіз-ақ бизнесте болсын, басқа да басшы орындарда болсын бөрік кигендермен терезесі тең жағдайда қызмет етіп жүр. Дегенмен, әлі де болса олардың үлес салмағы өте мардымсыз.

Жалпы, әйелдердің психологиясы ер-азаматтарға қарағанда біршама бөлектеу екендігіне шүбә келтірмейтін шығарсыз. Әйелдер табиғатына орай отбасы жағдайына, бала тәрбиесіне, жалпы әлеуметтік мәселелерге баса назар аударады. Шынында да, ер-азаматтар жанұяның, елдің қорғаны ретінде әдетте ұсақ-түйектерге мән бере бермейді де, тек күрделі де, ауқымды мәселелерді шешуге бейім. Міне, осы жағынан алып қарағанда билікте, басқа да лауазымды қызметте жүрген әйелдер қабылдаған шешім қарапайым халыққа мейлінше жақын болады. Қарапайым тілмен айтсақ, еркектер көп жағдайда ескере бермейтін жайлар әйелдердің назарынан тыс қалмайды. Сондықтан, Сіз үрке қарап отырған Гендерлік саясат дегеніміз әйелдер

қауымын міндетті түрде саясаттағы аламанға қосу керек деген қағидадан туындаған мәселе емес. Қандай да болмасын шешім қабылдауға әйелдер де неғұрлым көбірек арласса, соғұрлым қабылданатын шешімдер де елге жақынырақ болар еді деген ниеттен шығып отыр.

– Тәуелсіз ел болғанымызға 22 жылдан асқанымен, халықтың саны сол баяғы 17 миллионға жаңа жетті. Оның өзінде осы жылдары шетелдерден 1 миллионға жуық көшіп келген қандастарымызды ескерсек, аса көбеймей тұрмыз-ау, осы. Мына көрші өзбек акалар осы жылдары күрт өсті. Өзіңіз айтып отырғандай, экономикамыз алға басса, әйелдерге барлық жағдай жасалса, келіншектер бұл тұрғыда неге «кешеуілдеп» тұр? Елбасы айтқан «Мәңгілік ел» болудың алғы шарттарының бірі осы, халықтың санын көбейту емес пе? Келіншектердің бала тууға қызметтен қолдары тимей ме десем, ағаттық бола ма?

– Мұның енді себептері аз емес. Біріншіден, өзіңіз айтқандай, 90-шы жылдары біраз адам Ресей мен Германияға қоныс аударды. Сонымен қатар, экономикалық дағдарысқа орай жасыратын не бар, «байтал түгілі бас қайғы» болып, бала туу мүлдем азайды.

– Әйелдердің көпшілігі ала дорба арқалап, Түркия мен Қытайдан тауар тасуға мәжбүр болды дейсіз ғой.

– Шынында да солай болды ғой. Азаматтарымыз ренжімесін, еркектер жұмыссыздық пен қаңырап бос қалған зауыттар мен кәсіпорындарды көргенде не істерін білмей абдырап қалғанда, әйелдер белді буып тастап өзіңіз айтқандай, елімізді тауар тапшылығынан аман алып қалды ғой.

Міне, осындай жағдайда бала туу күрт кеміді. Жалпы, қандай да болсын мемлекетте экономикалық дағдарыс кезінде халықтың табиғи өсімі кемитіндігі тарихтан белгілі ғой. Қалай болған күнде де, бұл тұрғыда кейінгі уақытта жағдай жақсара бастады. Балаларға, көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы мөлшері көбейді. Бірінші бала дүниеге келгенде берілетін қаржы көлемі де біршама өсті. Ол жыл сайын өсіп келе жатыр. Сондай-ақ, жұмыс істейтін әйелдер баласын бір жасқа дейін үйде бағып отырса, оның жалақысының 40 пайызы төленіп отырады. Бұл кейінгі кезде енгізілген жағымды жаңалық. Сонымен қатар, зейнетақы қорына 100 пайыз жалақыдан қаржы аударылып отырады. Зейін салып қарасақ, бұл бүгінгі жағдайда аз көмек емес. Әрине, «бәрі керемет» деуге әлі ертерек болар. Дегенмен, әйел-ана мен балалардың Үкімет қамқорлығында екендігі дау тудырмайды. Алдағы уақытта әлі де талай жеңілдіктер жасалады. Елімізде халықтың табиғи өсуі көбейеді деуге толық негіз бар.

– Рас, бүгін жағдай жақсарды. Оған дау жоқ. Алайда, қазір де жаңа үйленген жастардың «алдымен пәтер алайық, жағдайымызды түзейік, сосын балалы болармыз» деген қағиданы ұстанатын жайы да бар екендігі байқалады. Жоғарыда айтып өткенімдей, Елбасы айтқан «Мәңгілік ел» болудың басты шарты халық санын көбейту ғой. Яғни, табиғи үдеріс бала туу дегеніміз экономикалық мәселеге айналып

кетпесе екен дегенім ғой. Шынында да, пәтер жағалап жүрген жастардың бала тууды кейінге ысыра беруіне таңдануға бола ма?

–Әрине, халық санын көбейтпесе болмайды. Жеріміз кең, ал халық саны аз. Сондықтан, көпбалалы отбасыларға жан-жақты жағдай жасап, ана мен баланың мемлекет қамқорлығында болуына баса назар аудару қажет. Бұл тұрғыда біраз игі бастамалар қолға алынғандығын жоғарыда айтып өттім ғой. Қарапайым есепке жүгінсек, Қазақстанда кемінде 20-25 миллион халық тұруы керек. Әсіресе, қазақтардың саны көбейе түссе тіпті тамаша.

Жалпы, елде тұратын халықтың бәрі дерлік, бұл арада мен еңбекке жарамдыларды айтып отырмын, экономикаға араласуы керек. Бұл жерде «Үкімет не береді?» деген қағида жүрмейді. Сондай-ақ, «портфель іздеп, шолақ белсенділікке» ұмтыла берудің де қажеті жоқ. Мүмкіндігінше шағын және орта бизнеске ден қойған дұрыс. Мәселен, халық экономикаға түгел араласпаса түрлі жұмыстарға шетелдерден адам тартуға мәжбүр боламыз. Ал, оның еліміздегі ахуалға кері әсерін тигізуі әбден мүмкін. Мысалы әлем картасына көз жүгіртсеңіз оны бірден байқауға болады. Анау Франция, тағы да басқа Еуропа елдері шетелдерден жұмысшылар тартып, ақыры дау-дамайға қалып отыр. Шынында да, кез келген мемлекетте шетелдерден жұмысқа немесе тұрақты тұруға көшіп келгендердің үлес салмағы көбейсе, ол елде қосымша проблемалар туындай бастайды. Яғни, өз үйімізді өзіміз салып, өз экономикамызды өзіміз дамытып дегендей, бәрін өзіміз жасауымыз керек.

Жалпы, әңгіме әйелдер туралы болып отырған соң тағы да қайталап айтайын, әйелдер ер-азаматтарға қарағанда белсендірек. Әйел бала туады, оларды тәрбиелеу де негізінен соларға жүктеледі, үй шаруасы да солардың мойнында. Сөйтіп жүріп ерлермен бірдей түрлі жұмыстар мен қызметтер атқарады. Осының бәрін тен ұстау оңай деп отырсыз ба? Яғни, әйелдердің өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай атқарулары үшін мемлекет те, қоғам да оларға жан-жақты қолдау көрсетуі керек. Сондай-ақ, оларға артылған жүкті ер-азаматтар бөлісуі керек қой. Әсіресе, ер балаларды тәрбиелеуде ерлердің орны бөлек екендігі ескерілуі қажет-ақ.

–Сіз көп жылдардан бері ірі лауазымды қызметтерде жүрсіз. Аудан басқардыңыз (кезінде аудандық партия комитетінің хатшысы болғаныңыз белгілі), облыс әкімінің орынбасары болдыңыз, бүгінде Сенат депутатысыз. Айтыңызшы, үлкен шенеунік болу әйел адамды қаншалықты өзгертеді? Не пайда табады, не жоғалтады дегендей...

–Бір ауыз сөзбен айтсам, өзгертін адам өзгереді. Ал, ішкі сарайы кең, өмірде түйгені мол, парасатты адам үшін қызмет, мансап дегендеріңіз кәдімгі өзі атқаруға тиіс жұмыс қана. «Қызмет қолдың кірі» деген де сөз бар емес пе? Қысқаша айтқанда, бәрі адамның өзіне байланысты. Жалпы, билікте болсын, басқа да лауазымды қызметтерде жүрген әйелдер негізінен өздерінің барлық мәселелерін өздері шешіп үйренген жандар ғой.

Бұл арада алдымен билікте жүрген кез келген тұлға адам мүддесін бірінші кезекке қоюға тиіс. Сондай-ақ, неғұрлым халыққа жақын болуы керек. Өкінішке орай, қатты кетті деменіз, бізде басшылардың басым көпшілігі

қарапайым халықтан алыстап кеткен. Тіпті, өздері атқарып жүрген қызметтерін біреу мұраға қалдырып кеткендей көретіндер бар. Сондай-ақ, «ертеңгі күнім не болады» деп қолда тұрғанда қамтып қалуды ойлайтындар да аз емес. Оның кейбір мысалдарын көріп те, біліп те жүрміз ғой. Осындай жағдайлар болмау үшін адам өзінің адамгершілігін жойып алмауын ойлауы керек. Бұл енді еркекке де, әйелге де қатысты мәселе. Сіз айтып отырған өзгеру дегеніңіз осындай тәубәні ұмытып кетуден басталады.

Ал, енді әйелдер бұдан не ұтады, не жоғалтады дегенге келсек, оның да мысалдары толып жатыр. Мәселен, Кеңестер Үкіметінің алғашқы жылдары тері күртеше киіп, маузер асынып, әйел екендіктерін ұмыта бастағандар болғандығы тарихтан белгілі ғой. Қазір ол заман келмеске кетті. Ал, жалпы қазақ әйелінің табиғатында ондай еркекшоралық жоқ деп ойлаймын. Әйел қандай қызметте жүрсе де, қандай билікте жүрсе де ол үйге келгенде әйел болып қалады. Мәселен, атын атамай-ақ қояйын, менің өмір бойы билік басында жүрген бір құрбым бар. Өзі бес баланың анасы. Сол үйіне келгенде кәдімгі қарапайым қазақтың әйелі. Күйеуінің сүйеніші, балаларының қамқор анасы, немерелерінің мейірімді әжесі. Дауысы да жұмсақ, жүріс-тұрысы да сыпайы. Бұл нені көрсетеді? Бұл тағы да айтайын, бәрі адамның тәрбиесіне, адами қасиетіне байланысты. Ал, енді «кеудесіне нан пісетіндер» болса ол олардың өздерінің проблемасы.

–Депутат ретінде ел ішінде көп боласыз. Жоғарыда айтылған қапшықтарын арқалап, шетелден тауар тасыған қыз-келіншектер өзгерді ме екен? Қазіргі жастар оны түсіне ме, түйсіне ме?

–Әрине, өзгерді. Жалпы, кезінде өзімізбен қатар Тәуелсіздік алған республикалар арасында біз көш ілгеріміз деуге болады. Әрине, бізді әзірге Батыс Еуропа елдерімен немесе сонау АҚШ-пен салыстыруға ертерек. Дегенмен, еліміз қарқынды дамып келеді. Алпауыт елдердің өзі санасатын мемлекетке айналдық. Экономикамыз дамыған сайын халықтың санасы да, көзқарасы да өзгереді. Шүкір дорба арқалау артта қалды ғой. Мәселен, шетелдерге барғанда қымбат тауарлар сатылатын дүкендерге көбіне тек қазақтар ғана барады деген сөздер естиміз. Біздің халықтың әл-ауқаты жақсарғанның бір көрінісі осы шығар. Ал, бүгінгі жастарға келетін болсақ, болашақ солардікі ғой. Өз басым жастарға сенемін. Әрине, көп жағдайда олардың көзқарастары біздікінен сәл өзгешелеу болар. Бірақ, бұл заңды құбылыс.

–Өзіңіз білесіз, сонау кеңес үкіметі кезінде Аршалы ауданын Раиса Григорьевна Коваль басқарды. Содан бері Ақмола облысында ауданда бірінші басшы болған әйел болмап еді. Енді міне, Шортанды ауданына Гүлнұр Әнуарбекқызы Сәдуақасова әкім болып тағайындалды. Қалай, сіңіліңізге қамқор болып, ақыл-кеңес айтып қоясыз ба?

–Мен өмір бойы билікте жүрген адаммын. Осы уақыт аралығында мен бір нәрсені анық түсіндім. Ол – мүмкіндігінше әйел адамдарға көмектесу, оларға әрдайым қолұшын беру. Оларды тәрбиелеу керек, ұйымдастырушылық қасиеттері жоғарыларын билікке тарту қажет. Бұл тұрғыда біраз іске бастамашы болдым деп айта аламын. Мәселен, мен Ақмола облысы әкімінің

орынбасары болған кезімде білім саласын Е.А.Дмитриенко, мәдениет саласын Н.Сейітжанова басқарды. Сондай-ақ, ішкі саясатты К.А.Байдәулетова басқарса, менің ұсынысыммен Г.Құсайынова экономика басқармасында басшылықта болды. Енді осыған облыстық «Акмолинская правда» газетінде алдымен Л.И.Леева, кейіннен В.В.Косянюк бас редактор болғандығын қоссақ, біздің облыста билікке жақын жүрген әйелдер аз болған жоқ деуге болады. Уақытында мен солардың бәрін тарттым. Бұл арада олардың да өздерінің біліктіліктерін көрсете білгендігін атап өткім келеді. Айтпақшы, аудан әкімдерінің орынбасарлары арасында да әйелдер басымдау болды.

Ал, Шортанды ауданына әкім болып тағайындалған Гүлнұр Әнуарбекқызына келетін болсақ, ол қолынан іс келетін адам. Степногорск қаласында біраз жыл білім саласын басқарса, кейіннен қала әкімінің орынбасары қызметіне жоғарылатылды. Айтпақшы, ол әкімнің орынбасары болып жүргенде қала әкімі түрлі себептерге орай қалада немесе жұмыста болмаса (ауырып қалса, еңбек демалысында жүрсе) оның міндетін уақытша атқару үнемі осы Гүлнұр Әнуарбекқызына жүктелетін. Басқа орынбасарларға қарағанда оған көбірек сенім білдіру де біраз жайды аңғартса керек. Әрине, мен оны үнемі қолдаймын, қажет болса ақыл-кеңес беремін. Басымнан өтті ғой, бірінші басшы болу өте қиын жұмыс. Сондықтан да, мен одан қолдан келген көмегімді аямаймын. Ал, сөз соңында барлық ақмолалық қыз-келіншектерді, ақ жаулықты әжелерімізді Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әйелдер қауымының жағдайы жақсы болса, еліміздегі ахуал да қалыпты деген сөз.

–Светлана Жақияқызы уақытыңызды бөліп, пікір алмасуға келіскеніңіз үшін «Арқа ажарының» оқырмандары атынан рахмет айтамын!

(«Арқа ажары» газеті, 8 наурыз 2014 жыл).

Жазушы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алдан СМАЙЫЛОВ:

«Жаңа жылды екі рет қарсы алу қате ұстаным»

Сонау көне заманнан келе жатқан Наурыз мейрамы Қазақстанда да «Жыл басы – Өз Наурыз» мерекесі ретінде тойланады. Әсіресе, еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері бүкілхалықтық мейрамға айналып келе жатқан Наурыз тойы хақында әлі де айтылар ой, соны пікір аз болмаса керек. Солардың бірі – біздің осы уақытқа дейін Жаңа жылды екі рет қарсы алатындығымыз.

Әрине, қазіргі қолданылып жүрген күнтізбе бойынша 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні әлем жұртшылығы Жаңа жылды қарсы алатындығы белгілі. Бұл үрдіс бізде де өз жалғасын тауып келеді.

Ал, сонда ежелден күн мен түннің теңелетін сәтін жаңа жылдың келуі деп түсінетін Наурыз мейрамының мәртебесі қайда қалады? Өкінішке орай, Наурызды Жаңа жыл деп қанша айтқанымызбен, әзірге оның экзотикалық мерекелердің бірі сияқты әсер қалдыратындығы жасырын емес.

Мереке қарсаңында осы және басқа да сұрақтарға жауап іздеп, белгілі жазушы, Парламент Мәжілісінің депутаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алдан Смайылға жолыққан едік.

– Алдеке, біз осы баяғы әдетпен Жаңа жылды қаңтардың басында тойлаймыз. Тіпті, оған деген дайындықтың кереметтігі соншалық, желтоқсандағы Тәуелсіздік күні де соның көлеңкесінде қалып қоятындығын көріп жүрміз. Сонда Наурыздың қадір-қасиеті қайда қалды?

– Тарихқа тереңірек үңілер болсақ, Жаңа жылды 1-ші қаңтарда тойлау ежелгі гректердің салты ғой. Сонау Юлий Цезарьдың заманында күнтізбені бір жүйеге келтіру, жаңа жыл қай күні басталады деген сияқты мәселелерді шешу үшін ғалымдарға, астрологтарға тапсырма берілген ғой. Ғалымдар мұны христиандардың жыл санауын негізге алып, жаңа жыл қаңтар айының 1-де басталуға тиіс деп ұйғарған.

–Иса пайғамбардың туған күніне де қатысы бар болып шықты ғой.

– Иә, ол да бар. Дегенмен, бұл арада бір нәрсеге ерекше назар аудару қажет. Мәселен, бізге жеткен деректерге сүйенсек, ғалымдар сол кезде де Иса пайғамбардың қай күні туғандығы туралы нақты дерек келтіре алмаған екен.

Ал, енді біздің түп аталарымыз саналатын Сақ тайпалары сол ежелгі гректермен, римдіктермен тығыз байланыста болғандығы тарихтан белгілі. Сақтың Анахарсис, Диание сынды ғұламаларының жалпы тарихтағы алар орындары ерекше екендігі тағы бар. Дианис Римде тұрған деген де мәлімет бар. Міне, сол Дианис бабамыз (бұл әрине, оның грекше аты болу керек) «Иса пайғамбар 1-ші қаңтарда туған» деген ғой. Мендегі мәлімет бойынша Сақ тайпасының ғұламасы Дианистің айтуы бойынша Жаңа жыл сол заманнан бері 1 қаңтарда тойланып келе жатыр. Айтпақшы, айлардың бәріне де жаңаша ат берген де сол Юлий Цезарь екендігін білесіз.

Әрине, 1 қаңтарды Жаңа жылдың басталуы деп барлық халық бірдей мойындаған жоқ. Алғашқыда біразы алғанымен, кейіннен естерін жия келіп, бас тартқандары да аз болған жоқ. Мәселен, Қытай, Жапония және Моңғолия күні бүгінге дейін 1 қаңтарда Жаңа жылды тойламайды. Олар өз жыл санауына сүйенеді. Ал енді, біз де осы үрдіске ден қоятын болсақ, қазақтар үшін Жаңа жыл наурыз айының 14-ші жұлдызына келуге тиіс деп ойлаймын. Оның жұрнағы еліміздің кейбір өңірлерінде әлі де сақталған. Мәселен, Қазақстанның батыс жағында «көрісу» деген дәстүр бар. Сол күні «қыстың беті қайтты, күн ұзарып жаздың алғашқы лебі байқалды» деп Жаңа жылдың басталуын тойлайды.

–Шынында да, көктің исі сезіліп, жаңадан шөп шығып, жаңадан қызғалдақтар бой көтеретін сәтті Жаңа жыл басталды деу табиғат заңына сүйенсек те логикаға жүгінсек те, өте дұрыс қағида ғой.

–Әрине. Қыс бойы ауыл-ауылдар арасында барыс-келіс, қарым-қатынас біршама бәсеңдейді ғой. Ал, енді қазақ айтатын «жер аяғы кеңіген» осы бір көктемнің алғашқы күндері алты ай қыс жолыға алмаған ағайын бір-бірімен қауышып, көріседі. «Қыс аяқталды, енді «аузымыз көкке тиеді», мал төлдей бастайды» деп мәре-сәре болып қалады. Үнемі табиғатпен тығыз байланыста болып, тіршіліктің де барлық мәселесі табиғат заңына тікелей байланысты болатын халық үшін жыл басы Наурыздың, жалпы, жыл бастауының маңызы ерекше болған.

Ал, бүгінде біз Наурызды 22-наурызда тойлап жүрміз. «Бұл неге 22-наурыз болып кетті?» деген сұраққа тап қазір нақты жауабым жоқ. Дегенмен, бір нәрсені айта кетейін. Баршаға белгілі, қазақтар Ескендір Зұлқарнайын дейтін, әлемдік әдебиеттегі Александр Македонскийге қатысты мағлұматтарды қарап отырып, мына бір дерекке жолықтым. Онда Самарқан қаласында 22 наурызда халық Наурыз тойын тойлайды деген дерек келтіріпті. Жалпы, Наурыз дегеніміз парсының сөзі ғой. Бәлкім, Жаңа жылды 22-наурызда қарсы алу солардан басталуы мүмкін.

Сол Александр Македонскийдің жанында жүрген ғалымдар «Самарқанда күнді бейнелейтін түрлі киім киген 365 адам бір қапталда, ал түнді бейнелейтін киімдер киген тағы 365 адам екінші қапталда тұрады. Ал, бір кезде кернейлер тартылып, жұрт шулай бастаған сәтте екі қапталда тұрған жаңағы адамдар бір-біріне қарсы жүріп, құшақтаса, қауыша бастайды. Яғни, олар күн мен түннің теңесуін осылайша бейнелейді» деп жазады. Міне, бұл мәліметтерге сүйенсек, еліміздің кейбір өңірінде Наурыз 22-наурызда атап өтіледі.

Ал, енді бертінгі уақытқа келер болсақ, мәселен, мен туып өскен Жаңаарқа жағында үлкен аталарымыз бен әжелеріміз де сол 14 наурызды жыл басы санайтын. Жалпы, айдың ортасын «өліара» атайтын қазақ сол 14-і күні қойдың құмалағы қарға батса көктем ерте шығады деп жорамалдаған. Тіпті, күнгеі беткейге қойдың құмалағын сеуіп тастап, байқайтын.

–Енді бүгінгі заманға келелікші. Осы біз Наурызды қалай тойлап жүрміз? Айтыңызшы, аландарға қаптатып киіз үй тігу не үшін қажет? Рас, ата-бабаларымыз киіз үйде тұрған. Дегенмен, ХХІ ғасырда «біздің тұрмысымыз осындай болды» деп жар салудың керегі не? Сайып келгенде, барлық ұлттар да бір кезде лашықта, үңгірде тұрған... Әрине, тарихымызды ұмытуға болмайды. Дегенмен, «бояушы дегенге, сақалды бояу» ...

– Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен, араға көп жылдар салып осы Астана, сол кездегі Целиноградта Наурызды алғашқы рет қалай тойлағандығымызды айта кетейін.

Сонау 1989 жылы осы қаладағы біраз азаматтар жиналып, Наурызды тойлауға әрекет жасадық. Алғашқыда билік басындағылар «бұл не той» деп, бізге тіпті, рұқсат та бермеді. Бүгінгі жастар таң қалуы мүмкін, дегенмен,

тәуелсіздік алғанға дейін сондай заман болған. Сонымен не керек, сондарынан қалмай жүріп, ақыры рұқсат алғанымызша жаз туып, маусым айының 22-інде Наурызды тойлағанбыз.

Ол кезде әрине, алдымен біз өзіміздің өткенімізге үңіліп, өзіміздің салт-дәстүрімізге деген ынтызарлықты бірінші кезекке қойдық қой. Бір қызығы, әбден сағынғандықтан болар, сол жолы біз тойды өте жоғары деңгейде өткіздік деуге болады. Наурызға барлық аудандар өкілдері келіп, киіз үйлерін тікті, малдарын сойды дегендей, дайындық мықты болды. Сондай-ақ, әрбір аудан бәйге аттарын жаратып әкеліп, қазіргі Оңтүстік шығыс шағын ауданында болған ипподромда аламан бәйге өткіздік, балуан күрестірдік. Солай біз осы Ақмола өңірінде алғашқы рет Наурызды бүкілхалықтық мерекеге айналдыруға тырысып едік. Ал, енді Сіздің сұрағыңызға келетін болсақ, менің де ол туралы айтарым бар. Шынында да, сол қаптата тігілген киіз үйлер халық үшін емес, әкім-қаралар мен үлкенді-кішілі белсенділерге арналған ба дерсің. Оған өздері кіреді, етін жеп, сусынын ішіп дегендей, «қызара бөртіп» шығып жатады. Оны көрген қаймана қазақ ренжімегенде қайтсін?!

Жалпы, бұл мәселеде ойланатын жайлар көп. Ең бастысы – Наурыз бүкілхалықтық мерекеге айналуға тиіс. Киіз үйлерге келетін болсақ, әрине, той өтетін жерде төр жақта киіз үйдің ерекшелігін, қайталанбас болмысын көрсететін бір хан ордасындай еңселісін тігу керек-ақ шығар. Бірақ, асфальттың үстіне жапырайтып қоя салу, ішіне кіруге ынтызар халықты кеудеден итеру сынды мәселелер «әп-әдемі ән еді, пұшық шіркін қор қылды» дегендей, тамаша тойдың сиқын кетіреді.

Менің ойымша бұл арада, белгілі мамандар, мәдениет саласының білгірлері, жалпы, зиялы қауым өкілдері ақылдаса отырып Наурыз мерекесін тойлаудың бір жүйеге келтірілген сценарийін дайындау керек. Бұл арада бірінші кезекте тойдың барша халыққа ортақ екендігін ойлау қажет. Наурыз көже тегін таратылса, бір бұрышта зергерлер өз бұйымдарын жасап, сатып жатса, саба-саба қымыз болса деген тілек қой. Сондай-ақ, жоғары оқу орындары мен мектептерде де міндетті түрде Наурыз тойы тойлануы керек. Мұның бәрі сайып келгенде, ұлттық дәстүрді насихаттау үшін қажет.

–Елбасы 31 қаңтар күні түнгі 12-де теледидар арқылы халықты Жаңа жылмен құттықтайды ғой. Осы дәстүр 21 наурыз күні де болса ғой деген ой бар. Мен бұл арада жылдар бойы қалыптасқан 31 желтоқсанды бір сәтте ұмытайық деп отырған жоқпын. Дегенмен, тәуелсіз елміз, өз салтымыз бар дегендей...

–Егер естеріңізде болса, осыдан 4-5 жыл бұрын болу керек, Наурыз тойында Елбасының өзі «Біз осы қаңтарды қояйық, біздің Жаңа жылымыз Наурыз, сондықтан, бірте-бірте Наурызды өзіміздің нағыз Жаңа жылымыз ретінде атап өтуге көшуіміз керек» деген болатын.

Яғни, Елбасы айтты, енді соны жүзеге асыратын біз ғой. Облыс, аудан әкімдері бар, басқа да билік басында жүргендер ойлануға тиіс. Өзіміз белсенділік таныта алмасақ, Президент айтқан мәселені қолға алуымыз қажет қой. Бұл арада идеология саласы мамандары, Ғылым және білім, Мәдениет

министрліктері бір ұйғарымға келсе болды ғой. Ол үшін арнайы Жарлықтың қажеті бола қоймас.

Бұл арада тағы бір мәселеге назар аударғым келеді. Мәселен, өзіңіз ойлаңызшы, бірде-бір әкімге «Жаңа жылға мықтап дайындал, желтоқсанның басынан бастап көшелердің бәрін «әлем-жәлем қыл» деген нұсқау бермейді ғой. Сондай-ақ, бюджет ақшасын шашып, 30-40 миллион теңгеге орталық алаңға шырша орнат деп те ешкім айтпайды. Тіпті, ел басқарып отырған сол әкімдер Жаңа жылға дайындаламыз деп, Тәуелсіздік күнін де ұмытып кетеді-ау. Сонда ұлттық намыс қайда, салт-дәстүрге, жалпы, тарихымызға деген құрмет қайда? Мүйізі қарағайдай әкімдер осылай істесе, біз жастардан не талап етеміз?!

Бұл арада мен мынаны айтар едім. Мәселен, Жаңа жылға дайындыққа, оны «айды аспанға шығарғандай» атап өтуге миллиардтап ақша шығарған әкімді жауапқа тарту керек. Тіпті, ешбір облыстың бюджетінде Жаңа жылды тойлауға қаржы қарастырылмаған. Ондай бап жоқ. Сүйте тұра істейтініміз жаңағы. 40 миллион, 50 миллион теңге тұратын шыршаларды қайдан келген ақшаға орнатып жатырмыз? Көшедегі шамдар, ағаштарға ілінетін жарқыраған әлем-жәлем дүниенің бәрі қыруар қаржы ғой. Мұның қандай идеологиялық маңызы бар?! Ол ақшаны басқа бір игі іске жұмсасақ қайтеді.

– Сізбен жолығуымызды пайдалана отырып, осы «Арқа ажары» газетінің бетінде осы мәселені талқыға салайық деген ұсыныс айтқым келіп отыр. Оқырмандар бар, басқа да мүдделі адамдар бар, идеология саласы мамандары бар, бәріміз бірлесе отырып пікір алмасайық, Парламент Мәжілісінің депутаты Алдан Смайыл осындай ой тастады, кім не айтады деген мәселе көтеріңіздер. Бұл тұрғыда бір ортақ мәмлеге келетін уақыт жетті ғой. Менің ойымша, Жаңа жылды мемлекеттік деңгейде атап өтудің де, оған қыруар қаржы бөлудің де қажеті жоқ. Оның есесіне Наурыз мейрамын шынайы халықтың мейрам деңгейіне көтеру жағын ойлайық.

–Әрине, көпэтносты мемлекет болған соң, басқа ұлттардың да дәстүрлеріне құрметпен қараймыз. Олар да өздерінің салттары бойынша қалаған уақытында Жаңа жылдарын, Иса пайғамбардың туған күні деген сияқты мейрамдарын атап өте берсін. Оған ешкімнің дауы жоқ. Бірақ, өзіміздікін бірінші кезекке қою біздің дербес мемлекет екендігіміздің айғағы болуға тиіс. Яғни, 1 қаңтарда келетін жаңа жылды мемлекет қаржысын шығарып, дүрілдетіп тойлауды доғаруымыз керек. Бұл арада, тағы қайталап айтайын, ешкімге қысым көрсететін ниет жоқ.

Айтпақшы, мен сізге тағы бір дерек айтайын. Ел арасында зерттеу жүргізгенде қараша халықтың басым көпшілігі Наурызды үйлерінде үлкен мереке ретінде тойлайды екен. Нақты деректерге сүйенсек, еліміздегі 17 миллион халықтың 75 пайызы үшін бұл ұлттық мереке. Яғни, онша мойындамай жүргендер кейбір өзге ұлт өкілдері мен «атқа мінерлер» ғана. Жә, өзгелерге өкпе жоқ, сонда өзіміздің бауырларымыз не ойлайды?!

Жалпы, біз 1 қаңтардағы Жаңа жыл мен Наурызды қатар тойлай беретін болсақ, Наурыздың қасиетін ұға алмай қаламыз. Бүгінгі таңда Қазақстан бір

жылда екі рет Жаңа жыл мерекесін тойлайтын болып отыр. Мұндай мемлекет жер бетінде жоқ. Біреуге тәуелді болған кезімізді де ұмыта алмай, өзімізге тән нәрсені де терең ұғына алмай, «жалпақ шеше» болып жүрген біз ғана шығар. Тіпті, мына іргедегі өзбек, тәжік, қырғыз бауырлар да өз дәстүрлерін ешкімге таптатпайды. «Қазақ кеңпейіл халық» дегенді малданып, өзгенікін төрге сүйреп жүргендігімізден тапқан пайдамыз осы ма?

–Енді қазақтың ұлттық киімдері дегенге келелікші. Қазақша киім десе, бірден не қызыл, не жасыл пүліш шапан көзге түсетін болды. Оның өзін қазіргі заманғы костюмнің үстінен киіп алады. Әр жағында галстугі жылтырап тағы тұрады.

Сосын той-домалақтарда қаптатып шапан жабу тағы бар? Не қазақта шапаннан басқа киім болмаған ба? Олжас Сүлейменовтің тілімен айтсақ, «Халатное отношение к чапану» болып кеткен жоқ па? «Құлын жарғақ», «қасқыр ішік», «бешпент», «саптама етік» дегендер ұмыт болды. Қазір қыз-келіншектер киіп жүрген қонышы тізеден асатын етіктердің де «түп атасы» қазақи етік шығар-ау, осы. Тымақ та модаға айналды. Бірақ, оны қазақтікі деп айтып жүрген ешкім жоқ. Барымызды жоғалтып жүрген жайымыз бар.

–Қазіргі заманғы тілмен айтсақ, «стандарт» деген бір ерекше ұғым бар. Кез-келген жабдықтың да, құралдың да белгілі бір стандарты болатындығы белгілі ғой. Сол сияқты білім берудің де өзіндік стандарты болады. Мұны айтып отырғаным, біздің қазақтың ұлттық киімдерінің де бірыңғай стандарты болу керек. Бұл арада әркім өзінше «тон пішу» жүрмейді.

Шынында да, бізде ұлттық киім үлгісінде тәртіп болмай тұр. Біреу шапан киеді, енді біреу қамзол киіп алады да, басына түлкі тымақ киеді. Мұның бәрі талғамның жоқтығынан туындап тұр. Кезінде қазақтың үш жүзінің өз киімдерінің белгілі бір үлгісі болды. Мәселен, Арқаның киімдері бірден көзге түсетін ерекше болатын. Сондықтан, қос етек көйлек қандай болған, сәукеле қандай болған, шапан қалай тігілетін деген сұрақтарға ден қоюымыз керек. Қамзолдың ішінен не киіледі, қыздың көйлегі мен келіншектің көйлегінде қандай айырмашылық бар дегенді мүлдем ұмыттық.

Ал, енді тойлардағы жаппай шапан жабуға келсек, бұл да эстетикалық талғамның кешеуілдеп қалғандығының көрінісі болар. Мен Сізге бір қызық айтайын, жаңағы тойларда берілетін шапандардың басым көпшілігі Қытайдан әкелінгендер. Қытай халқы нарыққа бейім ғой, қазақтардың шапан жабуға құмар екендігін біліп алып, арзанқол шапандарды Қазақстанға сатып, біздің дәстүріміз арқылы өздерінің бизнестерін «дөңгелетіп» отыр. Ал, Қазақстанда өнер ұжымдары үшін болмаса халыққа арнап ұлттық киім тігетін үлкен кәсіпорын бар ма? Мен ондайды естіген жоқпын.

Мысалы, италиялық немесе басқа да бір атақты фирма костюм тіккенде стандарттан бір миллиметр асып кетсе, оны экспортқа шығармайды. Тіпті, өз елдерінде де сатпайды. Бұл дегеніңіз фирманың абыройына нұқсан келмесін деген ойдан туған талап. Өйткені, ол «бренд». Оның тігісінде немесе матасында ақау кетсе, ол өтпей қалады. Ал, біз болсақ, «әйтеуір шапан болса

болды» деп қытайдың арзанқол, қалай болса солай тіге салған шапандарын місе тұтуға мәжбүрміз. Бізде де сондай талап қою керек.

Мысалы, мен бала кезімде өзім туып-өскен Жаңарқа жерінде ата-әжелеріміздің қалай киінгенін көрдім. Шынымды айтайын бертінге дейін біздің жақта жұрт көбіне қазақша киіммен жүретін. Сонда мен ақсақалдар киген шапандардың етек-жеңінен қазіргідей бей-берекет ою-өрнек көрген жоқпын. Ал, бүгінгі күні біз қазақтың ұлттық киімін бақсының киіміне айналдырып бара жатырмыз. Осыны дер кезінде тоқтату қажет. Шапан қай матадан, қамзол қалай тігіледі деген мәселелерді бір ретке келтіріп, нақты талап қою қажет.

–Осы арада, жаппай шапан жабу мәселесіне де тоқтала кетсеңіз.

–Өзіміздің ата-бабамыздың дәстүріне келетін болсақ, тойға келген адамның бәріне бірдей шапан кигізбеген. Жалпы, шапан кигізу тойдың рәсімінде жоқ. Енді шапанды кімге кигізеді дегенге келелік. Мәселен, бір ауылға Қаз дауысты Қазыбек келді делік. Ол алыстан келді, көптен бері жүздесе алмай жүр едік. Нақтырақ айтсақ, Қазыбек би тегін жүрмейді ғой. Оны үлкен бір даулы мәселені шешу үшін арнайы шақыртады ғой. Енді бірде Абылайхан Төле биді немесе Әйтеке биді шақыртты делік. Міне, осы үш би бір өте күрделі мәселені әділ шешкен жағдайда хан риза болып, олардың иықтарына шапан жауып, астарына ат мінгізген. Бұл үлкен бір істі бітірген адамға деген ықылас. Бұл күнде болатын дүние емес. Ол ерекше құрметтің белгісі болған. Талай ертегілерден өзің де оқыған шығарсың, «хан риза болып, астына ат мінгізіп, иығына шапан жауып қайтарыпты» дейді ғой.

Ал, біз бүгінде жаппай «шапанизация» деген пәлеге душар болдық. Тіпті, кейбір тойларға бара қалсақ, «шапан жаппаса екен» деп тілеп отыратын жағдайға жеттік. Ұяттау болса да айтайын, осындай тойлардан соң үйіне 10-15 шапан жиналып қалғанда оларды біреулер арқылы арзандау бағаға базарда сататындар да бар. Сонда ол шапанда не қадір-қасиет қалды?

Сосын өзіңіз білесіз, қазақта «ат-шапан айып төлепті» деген бар. Мұның да үлкен мәні бар. Шынтуайтқа келгенде, бұл жасаған ағаттыққа немесе тіпті қылмысқа орай қолданылатын жазаның бір түрі. Кінәсі үшін айыпқа иығындағы шапанын беру ол адамның сый-құрметтен айырылғандығының белгісі. Қадіріңнің кеткені соншалық, ана астындағы атыңды түсіп бер деген сөз. Міне, қандай пәлсафа жатыр. Яғни, айыптың ең үлкен түрі «ат-шапан айып» болған. Осыдан біле беріңіз шапанның қандай қасиетке ие болғандығын.

–Алдеке, кезінде ел таныған журналист едіңіз. Жазушы ретінде де Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болдыңыз. Махамбетше айтқанда «...Қай қазақтан кем едім...» дейтіндей, бір басыңызға жететін атақ-абыройыңыз бар. Қазір Парламент Мәжілісінің депутатысыз. Осы орайда, сұрайын дегенім, шығармашылығыңыз саясаттың көлеңкесінде қалып қойған жоқ па?

–Парламентке мен 2007 жылы Астана қаласы әкімдігінің өтінішімен келдім. Шынымды айтайын, менің депутат боламын деген ойым болған емес. Сондай-ақ, түрлі марапаттарға да ұмтылған жоқ едім. Мәселен, мен алғашқы

рет «Мәдениет қайраткері» деген атағымды да ойда жоқ жерде Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұсынысымен алдым.

Ал, енді Мемлекеттік сыйлыққа келетін болсақ, ол да ойда жоқ жерден болды. Менің «Тамұқтан келген адам» деген романым шыққан соң оқып ұнатқан болу керек, романды Мемлекеттік сыйлыққа ұсын деген марқұм Ақселеу Сейдімбек еді. Одан кейін Әнес Сарай ағамыз: «Әй, бала мына романыңды оқып шықтың, сыйлыққа ұсынуға жарап тұр екен» деген еді. Сол 2006 жылы осы және басқа да атақты жазушылардың итермелеуімен апарып ұсынған едім. Бірақ, ұсынуын ұсынғанымен, ала қоямын деген үмітім шамалы еді. Сондықтан, өзім Алматыға бармай-ақ, кәдімгі поштамен салып жібердім. Рас, өзім танитын жазушыларға айттым, «көз қырларыңды саларсыңдар» дегенім бар. Ал, кейбір азаматтар өздері хабарласты. Мәселен, Тұманбай Молдағалиев ағамыз өзі телефон шалып, тілектестігін білдірді. Шынымды айтсам, Тұманбай ағамен бұрын қарым-қатынасым жоқ еді. Ол кісі маған: «Сен бұрын қайда жүрген адамсың? Мына шығармаңды оқып шықтың, көркемдігі тамаша, тілі шұрайлы екен» дегенде төбем көкке жеткендей болғандығын несіне жасырайын. Сондай-ақ, Мұрат Әуезов те: «мынаны міндетті түрде басқа тілдерге аудару керек» деп ықыласын білдірді. Сонымен, бірінші айналымнан өттік. Сөйтіп жүргенде Ақселеу ағам хабарласып: «Сенің жолың болмайтын сияқты, өйткені, үш адам іріктеліп қойыпты» дегені.

Содан үмітім үзіле бастаған соң «осы әуре болып қайтемін, одан да барып, кітабымды додадан алып тастайын» деген оймен сол кезде министрлікте істеген Ербол Шаймерденовке бардым. Айтпақшы, министрліктің алдында жазушы Жолтай Жұмат жолыға кетті. Жөн сұрасқан соң ойымды айтып едім, ол: «Мұныңыз дұрыс болмайды. Сіз қазір кітабыңызды алып тастасаңыз, «Е, шамасын білген ғой» деген әңгімеге қаласыз, не болса да аяғына дейін барыңыз» деп ақыл берді. Ақыры, мен Мемлекеттік сыйлыққа ие болдым. Ол кезде қазіргідей бір адамға емес, сыйлық үш адамға берілетін. Айтпақшы, сол жолы үш дауыс жетпей, Сайын Мұратбеков өтпей қалып еді, Шерхан Мұртаза бастаған ақсақал жазушылар ол кісіге де Мемлекеттік сыйлық берілуіне қол жеткізді. Бұл енді өте әділ шешім болды деп ойлаймын.

–Мемлекеттік сыйлық берерде «жазушыларды кезекке қояды екен», «дау-дамайы көп дүние» дегенді естуші едік. Осы сөз шындыққа қаншалықты жақын?

– Кезінде Мемлекеттік сыйлықтың қадірін кетіріп ала жаздағанымыз рас. Соның салдарынан бір жылда бірталай адамға бір-ақ берген кездер болды. Өтпей қалып тұрған жерінен араға кісі салып өткендер болғаны да ащы да болса шындық. Жалпы, сыйлықтың төңірегінде біраз мәселе бар. Ол енді бөлек әңгіме.

Кейіннен мен де Мемлекеттік сыйлық беретін комиссия мүшесі болдым. Шыны керек, бүгінде жағдай өзгерді. Бірнеше рет комиссия отырысына қатыстым. Сонда көзімнің жеткені біраз адамдар айтып жүрген әңгімелердің көбі шындыққа жанаспайды. Кемшілік бар шығар, әрине, дегенмен, негізінен

әділ шешім қабылданады. Жалпы, сыйлыққа 24 адамға дейін өз шығармаларын ұсынатындығын ескерсек, ол кітаптардың бәрін зейін сала оқып шығу да оңай шаруа емес. Әрине, өтпей қалған жазушылардың сөздері көп болады. Пендешілік болады ғой.

– **Парламентке келгеніңіз туралы айтуды ұмытпаңыз.**

– Алғашқыда тосырқағаныммен, кейіннен мен осы Парламентке келгенім дұрыс болды-ау деген ойға келдім. Себебі әдебиет, тіл, мәдениет және тағы басқа да мәселелер тұрғысында ойындағынды айтып, дұрыс шешім қабылдауға аз да болса ықпал етуге Парламент мүмкіндік береді. Парламентте халықтың ұлттық дәстүрін қорғайтын, соны сақтауға тырысатын, халықтың бай ауыз әдебиетін жақсы түсінетін, ұлттық журналистиканы жақсы білетін адам қажет-ақ. Осы айтып отырған саланы қарап отыратын адам керек. Жалпы, Парламентте экономистер, бұрынғы әкімдер, заңгерлер, кәсіпкерлер бар дегендей, халық шаруашылығының барлық жағы қамтылған ғой. Солардың арасында жазушы-журналистер де отырса, одан пайда көп болады деп ойлаймын.

Мәселен, Парламентке «Мәдениет туралы» Заң келді. Сіз мына қызықты қараңыз, осы уақытқа дейін «Мәдениет туралы» Заңда «әдебиет» деген сөз болмаған. Сенесіз бе, сол әдебиет деген сөзді заңға енгізу үшін біраз тер төгуге тура келді. «Ұлттық кино» деген ұғым да кейін біздің айтуымызбен заңға енді. Сондай-ақ, қолданыстағы «Ономастика туралы» Заңға да өзім сияқты әдебиетке, мәдениетке, жалпы, қазақилыққа жақын депутаттармен бірлесе отырып өзгерістер енгіздік. Бұдан былай ономастикалық комиссияның шешімінсіз жергілікті мәслихаттар елді мекендер атауларын өзгерту мәселесін шеше алмайды. Өзіңіз білесіз, біраз ауылдар мен қалалардың атауларын өзгертуге осы уақытқа дейін жергілікті мәслихаттарда отырған кейбір депутаттар қарсы болып келді ғой. Енді жағдай түзелуге тиіс.

Ендігі бір мәселе – «Балаларды зиянды ақпараттардан қорғау туралы» Заң жобасын өткен сессияда жазып шыққан болатынымын. Сөйтіп жүргенде тарап кеттік қой. Абырой болғанда, қайта сайланып, бастаған істі аяқтауға мүмкіндік алдым. Өзірге тәуелсіз сараптамадан өтті. Мәжілісте де бірінші оқылымнан өтті. Енді қайта сараптамаға жіберілді.

Міне, осындай жағдайларды ескерсек мен шығармашылықтан қол үзген жоқпын, керісінше қайтадан түледім деп есептеймін. Осы арада тағы бір мәселені айта кеткім келіп отыр. Менің ойымша, Заңды дайындау үшін заңгер болу міндетті емес. Заңды жазатын адам сол заңда қаралатын саланы бүге-шігесіне дейін білу керек. Ал, заңгер дегеніңіз сіздің тілмен айтқанда, газеттің редакторы сияқты. «Тігісін әдіптейді, етек-жеңін қымтайды» дегендей, бір жүйеге келтіреді, заң талаптарына сай күйге жеткізеді. Мысалы, «Журналистика туралы» Заңды мықты журналист болсаң сен жазуың керек деп есептеймін. Себебі, сен оның ішкі сарайын, ерекшелігін жақсы білесің. Қиындығы қайда, осал тұсы қай жерде деген мәселені соның «ыстығына күйіп, суығына тоңған» адам ғана жақсы білетіндігі дау тудырмайды ғой. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда, мен өзімді Парламентке бекер келдім деп есептемеймін.

Бүгінде Парламент Сенатында екі жазушы – Нұрлан Оразалин мен Жабал Ерғалиев бар болса, Мәжілісте мен отырмын. Өзіңе белгілі, Жабал Ерғалиев та журналистика мен жазушылықты қатар ұстаған азамат.

–Алдеке, мазмұнды әңгімеңізге рахмет! Жұмысыңызға сәттілік тілеймін! Наурыз мейрамының Қазақстандағы ең ұлықты мереке – жыл бастауы болатындығына сенейік.

(«Арқа ажары» газеті, 20 наурыз 2014 жыл).

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Майра АЙСИНА:**

**«Ақмола көз алдымызда дүниежүзі таныған елордаға
айналды»**

Уақыт шіркін, жүйрік қой. «Қазақстанның астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілетін болыпты» деген әңгіме шыққан күннен бастап еліміздегі мұндай өзгеріске «бөріктерін аспанға атып» қуанғандар да, «Тәуелсіздік алғанымыз жаңа ғана ғой, жылы орынды суытатын кезге әлі ерте» деп шүбәлана қарағандар да аз болмағандығы есте. Бүгінде мұның бәрі тарих қойнауында қалды. Айналдырған жиырма жылға жетпейтіндей уақыт аралығында бұрынғы Ақмола, бүгінгі Астана көздің жауын алатындай әсем қалаға айналды. Бүгін біз Астана күні мерекесіне орай, Парламент Мәжілісінің депутаты, Алматыдан Ақмолаға алғашқылардың бірі болып қоныс аударған Майра Арапқызы Айсинаны әңгімеге тартқан едік.

– Тарих үшін 18 жыл дегеніміз қас-қағым сәт қана ғой. Дегенмен, аз уақытта еліміздегі басқа да облыс орталықтары сынды шағын қаланың Елорда мәртебесіне ие болуымен қатар, өте қарқынды дамып келе жатқан, әсем де өзіндік келбеті қалыптасқан арайлы Астанаға айналуы көз алдыңызда өтті ғой. Әңгімеңізді Ақмолаға қоныс аударған алғашқы күндеріңізден бастасаңыз?

– Сонау 1997 жылы Алматыдан жаңа астанамыз болатын Ақмолаға алғашқы көш келе бастады ғой. Шынымды айтайын, бастапқыда менде Ақмолаға көшу туралы ой болған жоқ. Ол жылдары мен Білім министрлігінде (ол кезде атауы сәл басқаша болатын) қызмет істеуші едім. Алғашқыда бізден Ақмолаға 20 адам барып жұмыс істей бастады. Әрине, Ақмоланың республикалық деңгейдегі мекемелер мен министрліктерді бірден қабылдай алатындай мүмкіндігі жоқ болатын. Сондықтан, бәрі ыңғайлы орын табылуына орай біртіндеп көше бастағандығы белгілі ғой.

– Сіз қалдыңыз ба?

– Айтпақшы, мені де сол кездегі министріміз Қырымбек Көшербаев шақырып пікірімді білді. Шыны керек, Ақмолаға көшуге бірден келісім бере қойдым деп айта алмаймын. «Қалай болады? Балалардың оқуы не болады? Ол жақта жолдасыма жұмыс табыла ма?» деген сияқты әркімнің де көкейінде тұратын сұрақтар мені де айналып өткен жоқ, әрине. Бірақ, 1999 жылы біздің министрлік толық көшетін болған соң мен де көшуге бел будым. Бұл арада министріміз Қырымбек Көшербаевтың да жанашыр ақылының қамшы болғандығын жасырмаймын. Сонымен, сол 1999 жылдың ақпан айында болашақ жұмыс орнымды, тұратын мекен-жайымды көрейін деп келгенім әлі есімде.

– **«Ақмоланың қыста аязы қатты болады екен, жазда масасы маза бермейді» деген әңгімелер сізге де таныс болар?**

– Мен Арқаның қызымын. Нақтырақ айтсам, кербез Көкшетаудың бір пұшпағы – Зерендіде өскенмін. Сондықтан, Арқаның аязы маған таңсық емес. Бірақ, біраз жыл Алматыда тұрғандықтан болар, сол ақпан айында Ақмолаға алғаш келгенімде басқа нәрселерді айтпағанның өзінде, бір шабадан азық-түлік алып келгенім есімде. Содан не керек, баяғы комсомолда бірге қызмет атқарған, Ақмоладағы және кейін көшіп келген таныстарымды тауып алып болашақ астанамызды, мұндағы жағдайды біраз талқыладық қой. Айтпақшы, сол әңгімемен жүріп, өзіме бөлінген жатақхананы барып көруді де ұмытып кетіпін.

– **Ақпан айында Ақмола онша «жылылық» таныта қоймайды. Арқаның қызы болсаңыз да Алматыдан соң «ішіңіз жыли қоймаған» болар?**

– Енді бір үйден екінші үйге көшсең де әжептәуір қиындықтар туындап жатады ғой. Оның жанында Елорданы көшіру дегеніміз Қазақстанда ғана емес, әлемде сирек кездесетін құбылыс қой. Ал енді, шындап келгенде, «суық екен, қала онша емес» деген сынды сөздер негізінен «ас үйдің әңгімелері» ғой. Әрине, Алматының ауа райы жайлы екендігі рас. Бірақ, Сарыарқаның салқын самалын Алматыда сезіне алмайтыныңызды неге айтпасқа?!

Қалай болған күнде де сол бір қызығы да, шыжығы да аз болмаған күндерді бүгін сағына еске аламын. Рас, біразымыздың «шамалы уақыттан соң Алматыға қайта ораламыз ғой» деп ойлағанымыз да жасырын емес. Сол кездегі 9 май көшесіндегі жатақхананың шағын ғана екі бөлмесінде тұрғанымызда шамалы ғана уақыт ішінде Ақмоланың адам танымастай өзгеретіні туралы ойладық десем, шындыққа жанаспайтын болар.

Әрине, ол кездегі Ақмола да еліміздегі басқа да облыс орталықтарынан кем түспейтін. Дегенмен, шағын қаланы аз уақыт ішінде Елордаға лайық кейіске келтіру оңай шаруа емес.

– **Содан бері біраз жыл өтті. Бүгінгі Астана 1999 жылы сіз Алматыдан келгенде өзіңіз сол кезде сезінгендей «қабағын түйе» қарсы алған Ақмола емес.**

– Әрине. Бірге келіп, біріміз жатақханаға, енді біріміз жалдамалы пәтерлерге жайғасып, жаңа Елордамызда жұмысты бірге бастаған достарымызбен, әріптестерімізбен әр бес жылда жиналып, сол бір сәттерді

еске алуды дәстүрге айналдырдық. Ақмолаға қоныс аударған алғашқы уақытта тұрмыстық жағдайларға байланысты едәуір қиындықтар болғаны рас. Министрліктерді жайғастыратын ғимараттар жетіспегендігін айтпағанның өзінде, тұрғын үй, жалпы баспана мәселесі де күрделі болды. Дегенмен, «шешінген судан тайынбас» демекші, бәріне шыдадық. Ең бастысы, біз еліміздегі тарихи шешімнің куәсі болып қана қоймай, сол шешімді жүзеге асырушылардың, жаңа Елордамыздың қалыптасуына, дамуына өз үлесімізді қосқандығымызды мақтан тұтамыз. Сонымен қатар, бірге көшіп келгендердің бәрі дерлік Астанада тұрақтап қалғандығын айта кеткім келеді. Яғни, Ақмола бізді сіз айтқандай «қабағын түйе» емес, жылы шыраймен құшағын жая қарсы алды деуге негіз бар. Айтпақшы, жастары келіп зейнеткерлікке шыққандар да бүгінде Астана тұрғындары.

– Бізде көп жағдайда Астана туралы айтқанда «асыра сілтеп» жіберуге бейіміз. Рас, бұрынғы Ақмоланы жаңғыртып қана қоймай, Есілдің сол жағалауынан көрген жұрт тамсана қарайтын әсем қала тұрғыздық. Дегенмен... Бүгінгі Астана шын мәнінде мақтан тұтатын Елордаға айналды ма?

– Енді әсірелеуге бейім халық екеніміз ақиқат. Осы тұрғыдан алып қарағанда көп мақтап жіберетін сәттеріміз жоқ емес. Алайда, барды бар деу керек. Бүгінде Астананы тек біз ғана емес, қаланы абаттандырудың, архитектураның «майын ішкен», әлемдегі талай әсем қаланы көрген мамандар да мақтайды. Көздің жауын алатындай талай ғимараттар, сәулет өнерінің озық үлгілерімен бой көтерген нысандар сөзімізге дәлел емес пе? Мәселен, басқаларын айтпағанның өзінде Астанадағы «Бәйтерек» тәуелсіз сарапшылардың айтуынша әлемдегі ең үздік 100 ғимараттың қатарынан орын алыпты. Небәрі жиырма жылға жетпейтін уақытта Елордамыздың әсемдігін әлем мойындаған, озық үлгіде қарқынды дамып келе жатқан қалалардың біріне айналуы қалай мақтасақ та тұрарлық қой. Бұл арада ешқандай «асыра сілтеушілік» жоқ деп білемін.

Ал енді, орын алған оқиқылықтары туралы айтар болсақ, әлемнің кез-келген қаласын сынға алуға болады. Яғни, «іздей берсек» кемшіліктер жоқ емес, әрине. Мәселен, жаңадан тұрғызылған сол жағалауда көшелерді біршама кең қылуға болар еді. Сондай-ақ, жаяу жүргіншілер үшін көшелерді қиып өтетін жер асты жолдарының жоқтығы да рас. Дегенмен, бұл Астана құрылысындағы алғашқы жылдары орын алған мәселелер. Кейінгі уақытта мұның бәрі ескеріле бастады.

– Ақмолаға келген алғашқы жылдары «шамалы уақыттан соң Алматыға қайтамын» деп ойласаңыз бүгінде Астананың байырғы тұрғынына айналғандығыңызды сезіп тұрмын.

– Әрине. Шынымды айтсам, қазіргі уақытта Алматыға жұмыс бабымен немесе басқа тығыз шаруалармен бара қалсам бірер күннен соң Астанаға қайтуға асығамын. Баяғы өзіммен Ақмолаға бірге келіп «шамаданның үстінде отырғандардың» да ойлары осындай.

Сіздің Астананы көп мақтауға бейіміз дегеніңізге қайта оралалық. Ақиқатына келсек, біз біріншіден ХХ ғасырдың соңына таман ел астанасын

көшірген бірден бір елміз. Екіншіден, жүз немесе одан көп жыл мемлекет астанасы болған қалалармен салыстырарда ойлану қажет. Тіпті, осы жиырма жылға жетпейтін уақыттың өзінде бүгінгі Астана әсемдігі жағынан ең алдыңғы қатардағы қалалардың біріне айнала бастағандығын біз ғана емес қаламызды көрген қонақтардың өздері айтып жүр ғой. Сондай-ақ, Астананың әлемдегі рухани орталықтардың біріне айнала бастағандығын да көріп отырған жоқпыз ба?! Әлемдегі дәстүрлі діндер басшыларының съездерін Астанада өткізу дәстүрге айналды. Он жыл бойы өтпеген Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының саммиті жоғары деңгейде өткендігін білеміз. Енді міне, 2017 жылы ЭКСПО көрмесі өтпекші. Айта берсек, мұндай мысалдар аз емес. Мұның бәрі сайып келгенде, Қазақстанның, оның ішінде әрине Елордамыз – Астананың тағы да қайталап айтайын әлемдегі рухани орталыққа айналып келе жатқандығын айғақтаса керек.

– **Ақмола Елорда мәртебесіне ие болған соң еліміздің түкпір-түкпірінен «бақытын іздеп» келушілер көп болатындығы белгілі. Біреу жұмыс бабымен, енді біреулер тағы да бір жағдайлармен дегендей... Бүгінгі күні Астанада шамамен бір миллионнан астам адам тұрады. Яғни, басым көпшілігі көшіп келгендер. Осыған орай, бүгінде «Астана тұрғыны» деген ұғым қалыптасты ма? Алғашқы кезде «алматылықпыз», «ақмолалықпыз», ... деуге бейімдер болушы еді...**

– Өзіл үшін айтылған әңгіме болар. Мен өзім Ақмолаға «тастай батып, судай сіндім» дей аламын. Өзім араласатын достарым мен әріптестерім де солай деп ойлаймын. Рас, алғашқы жылдары кездескенде «Алматыдан келдім», «Шымкенттікпін» деп жатса оны жөн сұрасудың бір жолы деу керек шығар. Сондай-ақ, әңгіме арасында кейбіреулер бөлініп жатса оған назар аударудың қажеті жоқ. Айтпақшы, біз алғашқы көшіп келген жылдары «жигули» автокөлігіміз бар еді. Сол машинамызды неге екені белгісіз үш-төрт рет тонап кетті, бірде терезелерін сындырды. Кім біледі мүмкін біреулерге машинаның алматылық нөмірі ұнамаған болар. Ақыры сол көлігімізді мүлдем ұрлап әкетті. Шындығында мұны әр қалада да кездесетін бұзықтардың ісі деп бағалау керек шығар.

Ал енді, «Астана тұрғыны» деген түсінікке келетін болсақ, нағыз Астана тұрғыны деп кейінгі жастарды айту керек. Осы қалада туған, осында өскендердің менталитеті де, қылықтары да шынайы Елорда тұрғындарына лайық болады деп ойлаймын. Ал, жалпы Елордамыз – Астана барша қазақтың бас қаласы.

– **Жұмыс бабымен немесе басқа да жағдайларға байланысты біраз елді көрген боларсыз. Сонда ол жақтағы қалаларды Астанамен іштей салыстыратын шығарсыз. Қалай, кеудеңізді қуаныш кернеу басым бола ма, әлде «әттеген-ай» да жиі орын ала ма?**

– Тым әріге бармай-ақ қояйын, дегенмен ТМД елдерінің бас қалаларының ішінде Астанадан озып тұрғаны жоқ десем ақиқаттан алыс кетпегендігім. Мәселен, Тәжікстан астанасы Душанбеде Астанадағыдай кейінгі уақытта сәулет өнерінің озық үлгісімен тұрғызылған ғимараттар жоқтың қасы.

Тәшкент бір кезде Орта Азиядағы ең әсем қала саналса, бүгінде көп өзгере қоймаған сыңайлы. Бұл тұрғыда Әзірбайжанның астанасы – Баку қаласы көз қуантады. Шынтуайтқа келгенде олардан біраз нәрсе үйренуге болады. Жалпы, қысқаша түйіндер болсам, бүгінгі Астананы «мынау біздің Елордамыз» деп әлемдегі кез-келген өркениетті елдің тұрғынына, архитектура мен сәулет саласы мамандарына ұялмай, мақтана көрсете аламыз.

– Сырттан бірінші рет келген адам Астананың қазақтың Елордасы екендігін бірден сезіне ме? Қазаққа тән бірдеңе көзге ұрып тұра ма дегенім ғой. Үйге жөндеу жүргізсек те «суроремонт» дейтін болдық қой...

– Бұл арада да Әзірбайжан елінің астанасының ерекшелігі бар. Бүгінгі Астана қазіргі заманғы үлгіде дамып келеді ғой. Рас, бұл тұрғыда бір кезде Алматыда біраз игі істер атқарылған болатын. Бірақ, қазір Алматы да өзгеріп кетті. Алдағы уақытта бұл мәселе ескерілетін болар. Жалпы, бұл жай отандық архитекторларды ойландыруға тиіс. Бүгінгі заман технологиясымен шығыс үлгісінде, оның ішінде қазаққа тән жағдайларды ескере отырып, жобаларын ұсынса кім қой депті.

Ал енді, ерекшеліктерге келетін болсақ, мәселен Сеул қаласында көшелердің атауы мен реттік нөмірлері үйлердің төбелерінде жарнама сынды көрініп тұрады. Сондай-ақ, кейбір қалаларда көпқабатты үйлердің қабырғаларына (терезелері жоқ жағына) сол елдің халқына тән суреттер салынады екен. Міне, осындай және басқа да өзімізге жарасымды болатын істерді жүзеге асыруға болады.

Қысқаша айтсақ, бүгінде Қазақстанды, оның Елордасы – Астананы әлем таниды, мойындайды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, тарих үшін айналдырған 18 жыл қас-қағым сәт қана. Міне, осы қысқа мерзімде Арқа төрінде еліміздің жаңа Елордасын тұрғызып оны әлемге паш еттік. Бүгінгідей қарқынмен дамитын болсақ, алдағы уақытта Астананың әсемдігі, оның тұрғындар үшін жайлылығы өзгелерге үлгі боларлықтай жағдайға келетіндігіне күмән жоқ.

– Майра Арапқызы мазмұнды әңгімеңізге рахмет!

(«Арқа ажары» газеті, 5 шілде 2016 жыл).

II ТАРАУ

Дағдарыстан – дамуға

Тәуелсіз еліміздің тарихында өткен ғасырдың 90-шы жылдары ата-бабамыз армандаған егемендігімізді алып, тәуелсіз даму жолына түскен кезең болып сақталып қалды. Ол кезді бүгінде өтпелі кезең деп атап жүрміз. Кеңес заманында қалыптасқан жоспарлы экономикадын нарыққа көшкен сол жылдарда ауылшаруашылығы саласында да, өнеркәсіпте де тоқырау, құлдырау көрініс берді. Баспа-бас айырбасқа түсіп, малдарынан айрылып, құрық ұстап қалған шаруашылықтар аз болмады. Жекешелендірудің жөні осы деп, бар игілікті бөліп алып, соның салдарынан шаруашылықты жүргізе алмай, көп ауылдар тарап кетті. Дегенменде, 2000-ші жылдардың басында елордамыз арқа төсіне көшіп келген соң дамуымыздың екінші кезеңі басталып, экономиканың барлық салаларында ілгері басушылық байқалды. Осы жылдарда еліміз экономикалық дағдарыстан шығып, қарқынды даму жолына түсті. Түрлі мемлекеттік бағдарламалар қолға алынып, оларды жүзеге асыру бағытында өңірлерде мақсатты жұмыстар жүргізілді. Астананың іргесіндегі Ақмола облысында да сол тұста көптеген жақсы істер атқарылған еді. Өзім куәсі болған сол бір кезең туралы жергілікті әкімдер мен кәсіпкерлерден, басқа да сала өкілдерінен сұхбаттар алып, ел тарихында елеулі орны бар жайларды оқырман назарына ұсынып отырмын.

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі
Ахметжан ЕСІМОВ:**

**«Әлемдік нарықтан өзіміздің лайықты орнымызды
аламыз»**

Өткен жылы Мемлекеттік Азық-түлік бағдарламасын іске асыруға бағытталған Ауыл жылдары да аяқталды. Әрине, бұл Қазақстан

экономикасы аграрлық саласын алға бастырудың алғы шарттарының бірі ғана. Жалпы, бүгінгі күнгі аталмыш саладағы жайға келер болсақ, көптеген алға басушылықтардың бар екендігі байқалады. Дегенмен, шешімі табылмаған мәселелер де аз емес. Осыған орай, ауыл шаруашылығы саласындағы істің мән-жайына тереңірек үңіліп, көңілде жүрген көптеген сұрақтарға жауап табу мақсатында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Смағұлұлы ЕСІМОВ мырзаны әңгімеге тартқан едік.

–Ахметжан Смағұлұлы, Ауыл жылдары өтті, біраз істің беті қайтарылды ғой. Дегенмен, Ауыл шаруашылығы министрі ғана емес, жалпы осы саланың маманы ретінде Сізді «Осы бір мәселелерге дұрыс назар аударылмады-ау» деген ой мазаламай ма?

–Бірден айта кетейін, ел экономикасының, оның ішінде аграрлық саланың алға басып келе жатқандығы ақиқат. Қожалық және фермерлік шаруашылықтар іріленіп, олардың жағдайлары жақсарып келеді. Осыған орай, ауылдық жерлерде жұмыс орындарын көбейтуге мүмкіндік туды.

Әрине, нарықтық қатынастар жағдайында әркім өз күнін өзі көруге тиіс екендігі белгілі. Алайда, аграрлық салаға олай қарауға әлі ерте. Сондықтан, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге деген көмек назардан бір сәт қалыс қалған емес. Жалпы, агроөнеркәсіптік кешенді қолдауға бөлінген қаржы ресурсының көлемі Мемлекеттік азық-түлік бағдарламасына толықтай сәйкес келетіндігін айтуымыз керек. Бұл орайда олардың қажетіне бағытталған тиімді қаржы көздерінің көп ағымды жүйесі қалыптастырылды.

Мәселен, ауыл жылдарында көктемгі егіс және орақ жұмыстарын ұйымдастыруға 17 миллиард теңге бөлінді. Сондай-ақ, кредиттік серіктестіктер жүйесі арқылы үш жылда 13,3 миллиард теңге, оның ішінде республикалық бюджет есебінен 9 миллиард теңге бөлінді. Енді осыған екінші деңгейдегі банктерден 33,7 миллиард теңге несиелер алынғандығын қоссақ, қаржыдан тапшылық жоқ деуге әбден болады. Бұл арада банктердің ауыл шаруашылығы саласына деген сенімдерінің артып келе жатқандығы қуантады. Оның айғағы ретінде 2005 жылы несиелердің 2002 жылға қарағанда 2,7 есе көп берілгендігін айтсақ та болады. Мұның нәтижесі де көп күттірген жоқ. Мәселен, 2005 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 2002 жылға қарағанда 37 пайызға артып, 764,8 миллиард теңгені құрады.

Агроөнеркәсіптік кешендегі осындай қол жеткен табыстармен қатар, әлі шешімі табылмаған мәселелер де аз емес. Оның ең бастысы еліміздегі ауыл шаруашылығы құрылымдарының көпшілігі ұсақ тауарлы болғандықтан технология жағынан артта қалып отыр. Көбінің құрал-жабдықтары, техникалары әбден ескірген. Ал өндірілген өнімнің 80 пайызға жуығы шикізат түрінде өңдеусіз сатылады. Қайта өңдеу кәсіпорындары болса қазіргі заман талаптарына сай технологияның жеткіліксіздігіне байланысты бәсекелестікке төтеп берер өнімдер шығара алмайды. Сайып келгенде,

мұндай жағдай Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болу тұрғысында көп қиындық тудырады.

Бұл проблеманы шешу үшін «Агроөнеркәсіптік кешен және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заң, Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы және оны іске асырудың 2006-2008 жылдарға арналған алғашқы кезектегі шаралар Бағдарламасы бекітілді. Қысқаша айтқанда, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болу және әлемдегі бәсекелестікке қабілетті 50 мемлекеттің қатарына енгуге бағытталған нақты жұмыстар жүзеге асырыла бастады.

–Еліміздің солтүстік өңірлеріндегі ауыл шаруашылығы құрылымдары негізінен бидай өсірумен айналысады. Ал, жүгері, сұлы, қарақұмық, оның ішінде өркениетті елдер баса назар аударатын рапс, соя сияқты дақылдар неге диқандар қауымын қызықтырмайды?

– Ауыл шаруашылығы дақылдарының аймақтар бойынша егіс көлемі негізінен екі мәселеге дақылдардың биологиялық даму ерекшеліктері мен өсімдік шаруашылығы өніміне деген сұранымға байланысты қалыптасады. Яғни, сіз сұрап отырған жүгері мен қытай бұршақ (соя) дақылдары биологиялық даму ерекшеліктеріне сәйкес еліміздің солтүстік емес, оңтүстігіндегі суармалы жерлерде өсіріледі. Егіс көлеміне келер болсақ, рас, жүгерінің егіс көлемі 1990 жылмен салыстырғанда 24,6 мың гектарға немесе 19 пайызға кеміп, бүгінде 104 мың гектарды құрап отыр. Дегенмен, қытай бұршағының егіс көлемі біршама өндіруші артқандығын атап өту керек. Ал, рапс бұрынғы жылдары тек сүрлем мен көкбалауса алу мақсатында ғана себілетін болса, қазір май өндіру үшін өсіріледі. Оның да егіс көлемі 1991 жылмен салыстырғанда едәуір ұлғайып, бүгінде 41,5 мың гектарға жетті. Әрине, мұның бәрі жеткіліксіз, дегенмен, тек бидайға ғана иек артпай, нарықтағы сұранымды зерттеп, істі соған қарай ұйымдастыру қолға алынғандығын жоққа шығаруға болмайды.

–Бұл мәселе қолға алына бастаған екен. Алайда, бір кездері әлемде теңдесі жоқ қатты бидай мақтанышымыз еді ғой. Ал бүгінде жұмсақ бидай белең алып кетті. Мұның себебі неде?

– Мұның енді біраз себептері бар. Ең бастысы, өкінішке орай, бұл дақылдың өсіп, дамуы үшін қажетті агротехникалық мүмкіндіктердің жоқтығы. Сондай-ақ, кейінгі уақытта қатты бидайға деген сұранымның да біршама төмендегендігін айту керек. Енді осыған қатты бидайдың өзіндік құнының да жоғары екендігін қоссақ, егіс көлемінің кемігендігін түсінуге болар. Дегенмен, өзіңіз атап өткендей, мақтанышымыз саналатын, қатты бидайды назардан тыс қалдырған жоқпыз. Мәселен, жоғарыда айтылған Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасында бұл жағдай ескеріліп, оның егіс көлемін ұлғайту межеленген. Сонымен қатар, бұл тұжырымдамада сұлы мен қарақұмыққа да назар аударылған. Нақтырақ айтсақ, алдағы уақытта олардың бәрі алқаптарда өз орнын табады.

–Бүгінде жыртылған миллиондаған гектар алқаптардың құнарлылығы азайып кеткендігі жасырын емес. Жерді жеке меншікке

алғандардың басым көпшілігі әзірге «күзде не аламынды» ғана ойлайды. Сонда «алаған қолым береген» қайда қалды? Басқаша айтқанда, тозығы жетуге шақ, қалған жерлерді тыңайту тұрғысында қандай шаралар қолға алынды?

–Бұл да өтпелі кезеңде орын алған қиындықтардың зардабы ғой. Бүгінде бұл тұрғыда нақты жұмыстар жүргізіле бастады. Атап айтсақ, 2002 жылдан бастап, топыраққа агрохимиялық зерттеу жүргізуге бюджеттен арнайы қаржы бөлінетін болды. 2002-2005 жылдары республикалық бюджеттен 480 миллион теңге бөлініп, осы аралықта 7,8 миллион гектар алқапта осындай зерттеулер жүргізілді. Бір айта кетерлігі, бұл шарадан ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер де қалыс қалмай, олардың қаржыларына 0,3 миллион гектар алқапта осындай жұмыстар жүзеге асырылды. Жалпы, республикадағы барлық егіс алқабының 37 пайызы зерттелді. Биыл да 3,2 миллион алқапты зерттеуге 200 миллион теңге қаржы бөлінді.

– Әр елдің өзі мақтан тұтар асы болады. Мәселен, Италияда спагетти, Голландияда картоп деген сияқты. Ал біз болсақ, қымыз бен шұбатты Наурыз тойында тігілген киіз үйлерде ғана ұсынумен шектеліп қалдық. Бұл елдігімізге сын емес пе? Әрине, жеке меншік иелері ептеп базарларда сатады. Бірақ, осы қымыз бен шұбат өндіруді өнеркәсіптік жолға неге қоймасқа, дегенім ғой.

–Бұл мәселеде әзірге ауыз толтырып айтатындай ештеңе жоқ екендігін мойындауымыз керек. Жылқы мен түйе өсіру ауыл шаруашылығының дәстүрлі салалары саналады. Оның ішінде қымыз өндіруде негізінен маусымдық сипат басым. Бүгінгі таңда бұл сусынның басым бөлігі үй шаруашылықтарында қолдан ашытылады. Алайда, мүлдем құралақанбыз деуге болмас. Мәселен, Алматы, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының бірқатар шаруашылықтарында ұзақ мерзімге (3 айдан 6 айға дейін) сақтау технологиясы қолданылып, шыны және пластикалық ыдыстарға құйылған қымыз өндіру қолға алынды. Енді осы үрдіс басқа өңірлерде де қолға алынып жатса құба құп. Шүкір, бүгінде көптеген ауыл шаруашылығы құрылымдарында қандай да болмасын технологияларды пайдалануға мүмкіндік бар ғой. Баяғыдағыдай жоғарыдан нұсқау күтпей-ақ, сұранымды зерттеп, іскер азаматтар қолға алуға тиіс қой. Сайып келгенде, тұтынушылар не күтеді, соны өндіру қажет. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, қымыз бен шұбатты молынан сапырып отыратын күн алыс емес деп ойлаймын.

–Осы мәселенің заңды жалғасы ретінде сөзіміз бен ісіміздің арасында алшақтыққа жол беріліп отырған тағы бір мәселеге келелікші. Мысалы, «Әр қазақтың баласы аттың құлағында ойнаған», «Ат – ердің қанаты» дегенде алдымызға жан салмаймыз. Бірақ, «Құлагер» мен «Тайбурылдың» тұқымдарын көрмей тұрмыз-ау. Нақтырақ айтсақ, атақты «Абсенттің» ізбасарлары қайда? Луговой мен Қостанайдағы жылқы зауыттары елді елендетпей тұр ғой. Футболдан есе жіберсек те, аламан бәйге біздің еншіміз емес пе еді?..

–Жылқы мәселесінде тап олай «ауызды қу шөппен сүрту», дұрыс емес. Еліміздегі асыл тұқымды жылқы туралы айтар болсақ, 1951 жылы Қостанай жылқы тұқымы бекітіліп, апробациядан өткен болатын. Бүгінде «Қазақ тұлпары» аталатын бұл кәсіпорында 2000-2005 жылдар аралығында жылқы саны 300 басқа жетті.

«Қазақ тұлпары» РМҚК жылқылары көптеген көрмелерге, жарыстарға қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Мәселен, Қостанай тұқымының «Форд» атты айғыры «Тайбурыл-2003» көрмесінде «Тұқым чемпионы» атағын иеленсе, «Бота (Аргон-Бандуристка)» атты бие «Абсолютті чемпион» атағын жеңіп алды.

Кейінгі үш жылда аталмыш зауыт жылқылары түрлі жарыстарда 64 рет – бірінші, 52 рет – екінші орын алса, жалпы сыйлық қоры 4500 мың теңгені құрады.

Ал, 2001 жылы құрылған «Луговой жылқы зауыты-97» серіктестігі Ахалтеке және Дон тұқымдарын өсіретін асыл тұқымды зауыт саналады. Мұнда бүгінде Дон тұқымынан 164 бас және Ахалтеке тұқымынан 30 бас бие бар. Мұндағы «Парадокс» атты айғыр 1990 жылы Пятигорск қаласында өткен 1600 шақырымдық қашықтықтағы жарыста жаңа рекорд жасаса, бірнеше рет Анилин жүлдесін, Үлкен жаздық, жүлдені, Гранит жүлдесін, Салыстыру жүлдесін жүлдесін жеңіп алды. Әзірге жеңіліп көрмеген «Гарда» атты бие зауыттың мақтанышы болып табылады. Мәселен, ол Ахалтеке тұқымы үшін белгіленген бүкіл жүлделерді жеңіп алды. Сіз айтып отырған «Құлагердің» ізбасарлары осылар емес пе. Сондай-ақ, «Пикник» атты айғыр республика чемпионы болса, «Хан тәңірі» мен «Айдахар» атты айғырлар Әлем Кубогы этапының жүлдегерлері. Айтпақшы, «Айдахар» әйгілі «Абсенттің шөбересі» болып табылады. Салыстыру үшін айта кетейін, бүкіл әлемде сұлулықтың эталоны болып табылатын Ахалтеке тұқымынан дүниежүзінде барлығы 3000 бас жылқы ғана қалса, оның 60-ы Луговой жылқы зауытында. Осының өзі-ақ, біраз жайды аңғартса керек.

–Асыл тұқымды мал туралы айтқанда, қыруар қаржыға Австралиядан әкелінген қойлардың тағдыры не болды деген сұрақты айналып өтуге болмас.

–2005 жылдың қараша айында «КазРуно» акционерлік қоғамы (президенті Қайрат Бисенқұлов) Алматы облысына қазақтың биязы жүндік көрсеткіштерін жақсарту мақсатында өз қаржысына Австралиядан «Доне», «Полварс», «Австралиялық меринос тұқымы» сияқты түрлерінен барлығы 127 бас аталық және 80 аналық қой әкелген болатын. Бүгінде олардан алғашқы төл алына бастады. Алдағы қой қырку кезеңінде олардан алынған жүннің сапасы мен көлемі де айқындалады.

Айтпақшы, сол жолы Қазақстанға бірінші рет австралиялық етті меринос қойлар да әкелінген болатын. Бұл тұқымның 2 жастағы қошқарларының өзі 96 килограмм тартса, аналық қойлар 81 килограмнан асады. Сонымен қатар, жүн талшықтары да өте жіңішке. Енді бірер жылдан соң нақты нәтижелерге қол жеткізіледі деген сенім мол. Мұның бәрі сайып кегенде, ауыл

шаруашылығы өнімдерінің бәсекелестікке төтеп беруін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар.

– **Кейінгі кезде Қазақстанда туризмді дамытуға жете көңіл бөле бастадық. Осыған орай, Бурабай мен Алатау баурайы сынды көздің жауын алар табиғат байлықтары қаржының көзіне айналмақшы. Бұл әрине, құптарлық жай. Дегенмен, «таяқтың екі ұшы бар» ғой. Пайда табамыз деп жүріп, теңізге де, мұхитқа да ұштасып жатпаған Бурабайдың сексен көліне нұқсан келтіріп-ап, кейіннен бармағымызды тістеп жүрмейміз бе?..**

Туристік сала қолда бар мол мүмкіндіктерге қарамастан әзірге әлемдік талап деңгейіне сай дами қойған жоқ. Дегенмен, жұмыс жандана бастады. Бұл тұрғыда әлі атқарылар іс ұшан-теңіз. Ең алдымен, туризм дамығанда жол берілетін рекреациялық жүктемелерді толық ескермей туризмді қауырт дамытудың белгілі бір аймақтың экологиялық жағдайына теріс әсер ететіндігін басты назарда ұстау керек. Осыған орай, еліміз аумағындағы ерекше рекреациялық маңызы бар бірегей және сирек кездесетін ландшафтарды сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы арнайы Жарлығы жарық көрді. Ол Жарлықты жүзеге асыру мақсатында Экологиялық туризмді реттейтін нормативтік-құқықтық актілер жетілдірілді. Сондай-ақ, «Щучинск-Бурабай» курорттық аймағының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің де арнайы қаулысы қабылданған. Бүгінде туристік маршруттар мен соқпақтар нақты белгіленген. Қарапайым тілмен айтсақ, ешкімге де табиғатты бей-берекет ластауға жол берілмейді.

– **Кейінгі уақытта арап елдері азаматтары, батыстың да кейбір байлары Қазақстандағы ителгі мен жас қырандарды тұзақтап әкетуді әдетке айналдырды. Оған қолұшын беретін өзіміздің азаматтар да аз емес деп естиміз. Жалпы, бұл тұрғыда арнайы заң немесе белгілі бір тәртіп бар ма?**

– Бізде жануарлар әлемін қорғау Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» арнайы Заңымен реттеледі. Осы Заңның 15-бабы негізінде жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша оларды арнайы жасалған жағдайларда өсіру және кейіннен мекендеу ортасына шығару үшін ғылыми және өзге де мақсаттарда жол беріледі.

Ал ителгілердің ересектерін де, балапандарын да республикадан тыс жерлерге әкетуге тыйым салынған. Алайда, қай салада болсын заң бұзушылық болып тұрады. Мәселен, 2005 жылғы 25 тамызда «Рубеж» бақылау бекетінде Сирия азаматы Әл-Шейх Таха Азам Аседа жүргізіп келе жатқан автомашинаны тексеру кезінде **????** табылып, тәркіленді. Өкінішке орай, мұндай заңсыздықтар кездесіп тұрады.

– **Жылда жаз айларында орманда өрт қаптайды. Бұл мәселе жайында да түрлі әңгіме өрбиді. Осының анық-қанығын айта аласыз ба?**

– 2006 жылғы 25 мамырдағы деректер бойынша Ақмола облысы әкімдігінің қарамағындағы мемлекеттік орман қорығында 37 өрт оқиғасы тіркелген. Олардың салдарынан 17 миллион теңгеден астам көлемде нұқсан келді. Жалпы, жаз маусымы басталғаннан бері «Ақкөл», «Барап», «Отрадный» мелекеттік коммуналдық орман шаруашылықтарындағы орман көмкерілген 4394 гектар алқапта өрттің 3 оқиғасы орын алды. Бұл оқиғалар бойынша тергеу амалдары жүргізіліп, кінәлілер анықталып, жауапқа тартылатын болады.

Бұл орайда, едәуір үлкен алқаптарда ірі орман өрттеріне жол берілуі Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаментінің де осы бағыттағы қанағаттанғысыз жұмысы мен мемлекеттік орман шаруашылығы мекемелерінің өрт қаупі бар маусымға деген әзірліктерінің ойдағыдай еместігін көрсетеді. Әлі де болса республика бойынша, оның ішінде Ақмола облысында бұл тұрғыдағы жағдай күрделі қалпында қалып отыр. Осыған байланысты қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау басты назарда болып отыр.

Ал өрт маңындағы түрлі қауесеттерге келер болсақ, оны тиісті орындар анықтай жатар.

– Ахметжан Смағұлұлы, жалпы ауыл шаруашылығы алға басып келеді дегенімізбен, қаңырап бос қала бастаған шағын ауылдар аз емес. Бұл да ауыл жағдайының бір көрінісі емес пе. Осыған орай, ауыл тұрғындарына ыңғайлы жағдай туғызатын арнайы бір бағдарлама немесе жоспар бар ма? Осыдан бес-алты жыл бұрынғыдай үдере көшу болмаса да, жұмыс іздеп қалаға қоныс аудару саябырлаған жоқ. Яғни, бұл проблема әлі күн тәртібінде деген сөз.

–Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының Ауылдық аймақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы бекітілген. Ондағы негізгі мақсат – ауылда қоныстануды оңтайландыру неізінде ауылдың тыныс-тірлігін қамтамасыз етудің қалыпты жағдайларын жасау.

Бұл бағдарламаны іске асыру барысында 2 жыл ішінде ауылдық аумақтарды дамытуға барлық қаржы көздерінен 126,9 миллиард теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 41.5 миллиард, жергілікті бюджеттерден 564 миллиард теңге, сондай-ақ, басқа қаржы көздерінен 28,8 миллиард теңге бөлінді. Республикалық бюджетте қарастырылған қаржы негізінен ауылдағы білім беру, денсаулық сақтау, сумен қамтамасыз ету нысандарына бағытталған. Әрине, ауылда қордаланып қалған мәселелер тек мұнымен шешілмейді. Сондықтан, басқа да шаралар қолға алына бастады. Оның ішінде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету басты назарға алынған.

Жалпы, сөз соңында айтарым, еліміздің ауыл шаруашылығы тұрақты дамып келеді. Еліміздің Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болуы мен бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына енуінің алғы шарттары бар деуге негіз бар. Қысқаша айтқанда, әлемдік нарықта өзіміздің лайықты орнымызды аламыз.

–Мазмұнды әңгімеңізге рахмет. Ауыл шаруашылығын дамыту тұрғысындағы жұмысыңызға табыс тілеймін!

(«Арқа ажары» газеті, 13 маусым 2006 жыл).

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Гүлжан ҚАРАҚҰСОВА:

«Мемлекеттің мықтылығы халықтың әлеуметтік қорғалу деңгейінен көрінеді»

Қандай да болмасын мемлекеттің даму деңгейі алдымен ондағы еңбек қатынастары, ең төменгі жалақы деңгейі, зейнетақы мөлшері деген сияқты, қысқаша айтқанда, халықтың әл-ауқатының жақсылығымен, әлеуметтік қорғалуы қаншалықты екендігімен айқындалады. Бұл тұрғыда, ТМД елдері арасында Қазақстан алдыңғы сапта тұр. Зейнетақы реформасы, басқа да тұрғындарды әл-ауқаттарын жақсартуға түсуге бағытталған шаралар өз нәтижесін беруде. Алайда, әлі де болса шешімі табылмаған проблемалар аз емес. Осыған орай, әсіресе, қарапайым, аз қамтылған тұрғындар тарапынан түрлі реніштер де туындап жатады.

Бүгін біз осы және басқа да мәселелер жайында біраз сұрақтарға жауап іздеп, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Гүлжан ҚАРАҚҰСОВАНЫ әңгімеге тартқан едік.

–Гүлжан Жанпейісқызы, әңгімемізді алдымен жуырда ғана Парламент Мәжілісінде екі оқылымда мақұлданған Еңбек кодексінен бастасақ. Бұл заңның негізгі ерекшелігі неде?

–Өзіңіз айтып отырғандай, Еңбек кодексінің жобасы Мәжілісте екі оқылымда мақұлданды. Енді регламент бойынша Сенатта қаралады. Бәрі дұрыс болса, қаңтар айының аяғында Президентке қол қоюға жіберілуге тиіс.

Бұл кодексте нарықтық қатынастар жағдайындағы еңбекке, еңбек қауіпсіздігіне, еңбек қатынастарына байланысты мәселелер толық қамтылған. Бүгінде бұрынғы Кеңестік замандағы сияқты жұмыс беруші тек мемлекет қана емес. Яғни, бұрынғы Кодексте қамтылмаған көптеген мәселелер бар. Осыған орай, түрлі түсініспеушіліктер туындап отыр. Жаңа Кодекс солардың соңғы нүктесін қоюға тиіс.

Мәселен, жаңа Кодекс бойынша мемлекет тек өз құзырындағы мәселелермен ғана айналысатын болады. Атап айтсақ, ең төменгі еңбекақы деңгейі, жұмыс істеуге дұрыс жағдай туғызу, еңбек қауіпсіздігі, ауыр жұмыстар атқаратын еңбеккерлерге көбейтілген жалақы төлеу, бала емізетін аналарға, аяғы ауыр әйелдерге қосымша демалыс беру сияқты мәселелердің орындалуын қадағалайды. Қысқаша айтқанда, мемлекет тек құқықтық базаны қамтамасыз етеді.

Ал еңбекке қатысты басқа жағдайлардың бәрі жұмыс беруші мен жұмыскердің арасындағы келісім-шартта айқындалуға тиіс.

Мәселен, еліміздегі ең төмен жалақы жыл сайын республикалық бюджетте қаралады. Биыл ол 9200 теңге мөлшерінде белгіленді. Яғни, жұмыс берушілердің жалақыны бұдан төмендетуге құқы жоқ. Айтпақшы, жұмыс берушілер мұндай төмен жалақы ешқандай мамандықты, біліктілікті қажет етпейтін жұмысар үшін ғана төленетіндігін ұмытпауға тиіс. Басқаша айтқанда, белгілі бір мамандығы бар жұмыскерлердің еңбекақысы бұдан жоғары болуға тиіс. Сондай-ақ, мемлекет еңбек қауіпсіздігіне баса назар аударады. Жыл сайынғы еңбек демалысы да 24 күннен кем болмауы керек.

Жалпы, бұл Кодекстің басты ерекшелігі – жұмыс беруші мен жұмыскердің ара-қатынасы екіжақты келісім-шартта белгіленуге тиіс.

–Ең төменгі жалақыны 9200 теңге мөлшерінде тағайындауда қандай мәселелер негізге алынды. Басқаны айтпағанның өзінде, бұл дұрыс тамақ ішуге де жетпейді ғой.

–Бұл жоғарыда айтып өткенімдей, бюджетте анықталады. Бұл орайда, ең алдымен ең төменгі күнкөріс деңгейі негізге алынады. Яғни, ең төменгі жалақы осыдан кем болмауы қажет. Нақтырақ айтсақ, қазір ең төменгі жалақы ең төменгі күнкөріс деңгейінен 20 пайызға жоғары.

–Сонда күнкөріс деңгейі дегеніміз өлместің амалы ғой...

–Олай деп, қатты кетуге болмас. Мәселен, бізде «Азық-түлік себеті» (корзина) деген түсінік бар ғой. Міне, біз сол мөлшерді біршама көбейттік. Атап айтсақ, бұрын оған 24 түрлі тағам енетін болса, өткен жылы біз оны 42-ге дейін өсірдік. Яғни, оған адам ағзасына қажетті тағам түрлері енгізілді. Сондай-ақ, сапа жағына да назар аударылды. Мысалы, бұрын оның құрамында қант, май, өсімдік майы көбірек болса, қазір жеміс-жидек, сүт өнімдерімен толықтырылды.

Сосын енді адам болған соң ең төменгі жалақыға иек артып отырмай, қимылдау керек қой. Сонда өзіңіз айтқандай, «өлместің амалы» емес, жақсы тұрмысқа жол ашылады.

–Еңбек қатынастары туралы мәселеге қайтып оралсақ. Өкінішке орай, бұл тұрғыда түсініспеушіліктер аз емес қой. Оның айғағы ретінде Атырау, Қарағанды қалаларында орын алған оқиғаларды айтуға болады. Сонда сіздердің қарамақтарыңыздағы еңбек инспекторлары қайда қарап отыр? Әйтеуір, айқай-шу көп...

–Еңбек инспекторлары жұмыс орындарындағы еңбек заңдылығының сақталуын қадағалайды. Оның ішінде еңбек қауіпсіздігі, еңбекақының уақытында төленуі, ұжымдық келісім-шарт талаптарының бұрмаланбауы сияқты талаптар бар. Біздің облыстардағы департаменттерімізде де еңбек инспекторлары қарастырылған.

– Бар екендігін білеміз. Қолдарынан не келеді? Мәселе сонда ғой.

–Өткен жылы еңбек заңдылығын бұзған 560 өндіріс нысанының жұмыстарын уақытша тоқтаттық десем, олардың «нандарын текке жеп отырмағандарына» сенесіз бе? Сондай-ақ, Әкімшілік кодексі негізінде

айыппұл саламыз. Шектен шығып бара жатса істі құқық қорғау орындарына жібереміз.

– Бұл дұрыс делік. Дегенмен, шетелдік инвесторларға «тіс бата қоймайды» деген пікір қалыптасып отыр-ау. Олардың өздерімен бірге әкелген жұмысшылары мен біздің адамдардың жалақыларындағы айырмашылық жер мен көктей ғой. Сөзіміз бен ісіміз қиыспай тұр деп ойламайсыз ба?

– Біріншіден, Қазақстан Республикасы аумағында жұмыс істейтін кәсіпорындар мен компаниялар еліміздің Заңдарын бұлжытпай орындауға тиіс. Ал енді жалақы арасындағы алшақтыққа келетін болсақ, оны тексерудің де оңай еместігін ұмытпайық. Кәсіпкерлік және жеке кәсіпкерлік туралы заң бойынша жалақы мөлшері коммерциялық құпия болып саналады.

Жұмыс берушімен арадағы еңбек келісім-шартта сіз жалақыңыздың мөлшерін құпия сақтау туралы талап қоя аласыз. Яғни, жұмыс берушінің жұмыскердің еңбекақысы туралы мәлімет беруге құқы жоқ.

– Шетелдік компаниялар қазақстандық жұмысшыларға қиянат жасап отырғанда олай «ауызды қу шөппен сүртіп» отыруға болмайды ғой.

– Атырауда орын алған оқиғаларға орай біз Премьер-Министрдің өкімімен бекітілген Үкіметтік жұмыс комиссиясы шеңберінде тексеру жүргіздік. Бір өкініштісі, айқай-шу көп, бірақ нақты дерек жоқ. Бізге ешкім де жалақы алшақтығын айғақтайтын дәйек көрсеткен жоқ. Ондай фактілер құқық қорғау органдарына да түспеген.

Рас, біз бірнеше кәсіпорында ондай олқылықтарға жол берілгендігін анықтадық. Бұл арада ондай келеңсіздікке жол бергендер арасында біздің қазақстандық кәсіпорындар да бар екендігін айту керек.

Енді осы тексерістер нәтижесі негізінде біз шетелдік инвесторлар кеңесіне жалақы мәселесінде туындаған кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныс жіберетін болдық. Қысқаша айтқанда, жұмысшыларды алалауға жол бермейміз. Ал жұмысшылар болса өз кезегінде жұмыс берушімен арадағы келісім-шартқа мұқият қарауға тиіс. Онда екі жақтың да құқықтары мен міндеттері айқын көрсетілуі керек. Сонда бәрі заң жүзінде шешіледі. Ал енді алдына қойған қағазға көзді жұмып қойып, қол қоя беру жақсылыққа апармайды.

– Гүлжан Жанпейісқызы, теріскейдегі көршіміз Ресейде екінші бала туғанда 1 миллион рубль қаржылай көмек береді екен. Бұл аз ақша емес. Біздің аналардың олардан несі кем дегенім ғой.

Біріншіден, 1 миллион емес, 250 мың рубль. Екіншіден, бала туғанда емес, ол бала 3 жасқа толғанда беріледі. Бұл оларда «аналық капитал» («материнский капитал») деп аталады. Бұл ақшаны үй алуға немесе балаға жоғары білім беруге сақтап қоюға болады. Сондай-ақ, қосымша зейнетақы қорына қосымша жарна ретінде аударуға болады. Басқаша айтқанда, бұл ақша толықтай қолға берілмейді.

Бізде әзірге мұндай жеңілдік қарастырылмаған. Алайда, бұл мәселені назарда ұстап отырмыз. Мүмкіндігінше қосымша жеңілдіктер қарастыру ойда бар.

–Өздері жеке отырған Көші-қон агенттігін комитет қылып, қайта құрып, Сіз басқарып отырған министрлік құрамына қосу қаншалықты тиімді болды?

–Шынымды айтсам, бұл бізге қосымша «бас ауруы» болып отыр. Бұрын жеке болған құрылымның басшыларын қаралап отыр деп ойлап қалмаңыз, бірақ ондағы былық-шылықтарды жөнге келтіру үшін 1 жылдан астам уақытымыз кетті. Біріншіден, көптеген құжаттар мүлдем тіркелмеген. Нақты деректер келтірер болсақ, 4000 оралманның құжаты тіркеуге алынбаған. Осының бәрін ретке келтіру оңай шаруа емес. Осыған орай, қылмысты істер қозғалды. Бірегей есеп жүргізілмеген ғой. Ал бұл түрлі былық-шылыққа жол берген. Тіпті, бір оралманның құжаттарын екі рет тапсырып, екі рет жәрдемақы алған жағдайлары орын алған.

Қазір біз Заңға өзгерістер енгізіп, оралмандарды нақты есепке алып жатырмыз. Сондай-ақ, квотаға кімнің құқығы бар екендігін айқындап алдық. Әлі де атқарар жұмыс ұшан-теңіз.

–Квота көлемі көбейді ме?

–Алдағы 3 жылға 15 мың адамнан болып белгіленді.

–Тағы да Ресейді мысалға келтірейін, біз 15 миллион дейміз, олар басқа елдерде жүрген отандастарын шақырып, тіпті 1 миллион тұрғынға арнап қала салуға ұйғарып отыр ғой.

Сіз Ресейдің кімдерді шақырып отырғандығына назар аудардыңыз ба? Олар тек, сұранысқа ие мамандықтары бар, жұмысқа жарамды адамдарды ғана шақырып отыр. Ал, зейнеткерлерге, егде жастағы адамдарға көп құшақ жайып отырған жоқ. Бір қарағанда, әділетсіздік болып көрінгенімен, бұл әлемде қалыптасқан жағдай. Бәрі де алдымен өз елінің экономикасын көтеруді ойлайды.

Көп жылғы тәжірибеге сүйенсек, отандастарын шақырып отырған Германияда да, Израильде де бұл тұрғыда проблема аз емес. Оны біз де айналып өте алмаймыз.

–Бүгінгі таңда еліміздің экономикасы біршама алға басты. Қаржы да жеткілікті. Осыған орай, зейнеткерлік жасын 55-60 жасқа қайта түсіруге болмай ма?

–Өзіңіз білесіз, Қазақстанда зейнетақы жүйесін реформалау жүзеге асырылуда. Реформаның стратегиялық бағыты ынтымақты зейнетақы жүйесінен жинақтаушы жүйесіне біртіндеп көшу. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі еңбекке қабілетті әр адамды өзінің қарттығын өзі қамтамасыз етуге міндеттейді. Қарапайым тілмен айтсақ, қартайғанда алатын зейнетақыңды өзің жинап аласың.

Ал зейнеткерлік жасын тағайындауда елдегі демографиялық тенденциялар (халықтың қартаюы), жұмыспен қамтудың ауқымы мен нысандардың өзгеруі (заңсыз және ішінара жұмыспен қамтудың таралуы),

зейнетақымен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттің шығын үлесінің көбеюі сынды мәселелер ескеріледі.

Бұл тұрғыдан алып қарағанда қазіргі уақытта қолданылып жүрген зейнетақы жасының белгіленуі экономикалық, заңнамалық тұрғыдан негізді деп есептеймін.

Ал ең бастысы – елімізде бүгін жұмыс істейтін бір адамға зейнеткерлік жасқа жеткен, жәрдемақы алатын үш адамнан келетінін ұмытпайық. Бұл көрсеткіш Кеңес Одағы кезінде бір жарым адамнан еді. Осының өзі-ақ, біраз жайды аңғартпай ма? Бір сөзбен айтқанда, әзірге зейнеткерлік жасын төмендетуге ешқандай мүмкіндік жоқ.

–Онда мәселенің екінші жағынан келелік. Мәселен, бүгінде әрбір жұмыс істейтін адам жалақысының 10 пайызын зейнетақы қорына аударады. Халықтың басым көпшілігінің жалақысын ескерсек, қартайғанда қажетті қаржы жиналады деп айту қиындау ғой... «Былай тартсаң – арба сынады, былай тартсаң – өгіз өледі» деген осы емес пе?.. Мүмкін, 20 пайызға көбейту керек шығар.

Бұл арада проблема бар екендігі рас. Сіз айтып отырған 20 пайыз да мәселені толық шешпейді.

Бұл арада бүгінгі күні жастары 40-тан асқан азаматтарға біршама жеңіл. Себебі, олар мемлекет тарапынан бұрынғы жүйе бойынша ынтымақты зейнетақы да алады және жинақтаушы қордағы ақшасын да алып тұрады. Ал жастарға келер болсақ, шынында да қажетті мөлшерде қаржы жиналмайды. Қарапайым есепке жүгінер болсақ, қазіргі жалақымен (қарапайым адамдар) ең төменгі зейнетақы алып тұру үшін кем дегенде 35 жыл жұмыс істеу керек екен.

Осы мәселелерді ескере отырып, Президентіміздің қолдауымен біз осы жылдың 1 маусымынан бастап барлық зейнеткерлердің алып жүрген зейнетақысына қосымша төленетін 3000 теңге мөлшеріндегі «базалық зейнетақы» жүйесі енгізілді. Сонымен, 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап орташа зейнетақы мөлшері мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін қосқанда 11887 теңге болып отыр. Оның мөлшері 2020 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейіне тең болады. Бұл жұмысы мен еңбек өтіліне қарамастан барлық адамға төленеді. Енді осыған зейнетақы қорында жиналған қаржыны қоссаңыз әжептәуір зейнетақы алып тұруға жағдай туады. Мұндай түсінік мәселен өркениетті ел саналатын Германияда да бар. Бірақ, онда базалық зейнетақы алу үшін сіз зейнеткерлік жасына келгенше кем дегенде 25 жыл Германияның азаматы болуға тиіссіз. Біз де уақыт келе сондай шектеулерге барамыз.

–Сонымен зейнетақы реформасы өзін толық ақтады деп айта аламыз ба?

–Бұл тұрғыда біз негізгі мақсатымызды орындадық. Ол уақыт талабы. Нарықтық қатынастар жағдайында басқа жол жоқ. Ал енді кейбір кемшіліктерге келер болсақ, стратегиялық бағытымыз айқын. Енді жетілдіре түсеміз. Бұл тұрғыда ізденіс үстіндеміз, жұмыс жүріп жатыр.

– **Гүлжан Жанпейісқызы, әңгімемізді басқа арнаға бұралық. Сіз ең көп сыналатын министрдің бірісіз. Депутаттар да Сізге көп шүйлігеді. Оның себебі де жоқ емес шығар. Қолыңыздан іс келетін мамансыз. Жан-жақтан қыспаққа түскен сондай бір сәттерде басқа бір тыныштау жұмысқа ауысуды ойламайсыз ба?**

– Шындыққа жүгінсек, қай мемлекетте болса да әлеуметтік сала министрі сын тезіне көбірек ұшырайды. Әлеуметтік салаға Үкіметтен ақша сұрасаң да жақпайсың, алғаныңды үлестіргенде өзіңіз айтып отырған депутаттардың да, зейнеткерлердің де көңілінен шықпайсың. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, адам қызыға қоятын қызмет еместігі де рас.

Дегенмен, «қасқырдан қорқып, орманға жоламай кетуге» болмайды ғой. Маған бұл жұмысты Елбасымыз тапсырды. Яғни, бұл жұмыс қолымнан келеді деп сенген болар. Мен Президенттің командасындағы адаммын. Ол кісінің тапсырмасын орындау менің парызым. Қысқаша айтқанда, «Гүлжан Жанпейісқызы, Сізге рахмет, басқа жұмысқа ауысыңыз» дегенше, өз міндетімді атқаруға барлық күш-жігерімді жұмсаймын. Сіз дұрыс түсініңіз, бұл жалаң ұран емес, шын сөзім.

– **Айыпқа бұйырмаңыз, бірақ көкейге тағы бір қолайсыздау сұрақ келіп тұрғандығы. Сіз де орыс тілді министрлердің бірі едіңіз, қазір ана тіліңізді жақсы меңгеріп алыпсыз. Амандық болса бұл тұрғыда әлі самарқаулық танытып жүрген әріптестеріңізге мемлекеттік тілді үйретуге болатын шығар.**

– Мен 5 жасқа дейін әжемнің бауырында тәрбиелендім де, мүлдем орысша білмедім десем сенесіз бе? Кейіннен бала бақшасы да, мектеп те орысша болды. Сосын ол кездегі жағдайды білесіз ғой, «Адам боламын десең, орысшаға ден қой» деген саясат та өз әсерін тигізді.

Әрине, бұл бізді ақтамайды, дегенмен, шүлдірлеп жүріп, ана тілімізден алшақтағанымызды мойындау керек. Енді міне, шүкір ана сүтімен дарыған тіліме қайтып оралдым. Марқұм әкем Жанпейіс Қарақұсов университетте тарих пәнінен сабақ берген еді. Ол кісі екі тілді бірдей меңгерген адам болды. Өкінішке орай мен кезінде біржақты кетіп қалдым. Енді соның орнын толтыруға талаптанып жүрмін. Алла жазса, қазақша ұялмай сөйлейтін жағдайға келетін шығармын.

Ал әріптестерімізге келсем, ештеңе айта алмаймын. Шындығында, қазақ елінде тұрып қазақша білмеу әбестік екендігін бәрі де түсінуге тиіс. Ал қазақ баласы үшін кешірілмес күнә десем артық айтпағандық болар.

– **Қазір оппозицияда жүрген азаматтардың көбімен кезінде бір кемеде болдыңыз. Көбін жақсы танысыз. Қазіргі қарым-қатынастарыңыз қалай? Кездесіп, пікір алмасып дегендей...**

– Иә, мен оппозицияда жүрген азаматтардың көбін білемін, жұмыс бабымен кездесіп тұрдық. Мәселен, мен Президенттің көмекшісі қызметін атқарғанда Жармахан Тұяқбай Республика Бас прокуроры болды, Ораз Жандосовпен де жақын таныспын. Басқа азаматтарды да білемін.

Біз құқықтық, демократиялық мемлекет құрудамыз. Бізде сөз, ой бостандығы бар. Яғни, әркім өз көзқарасын айтуға құқылы. Ал, саясатпен

айналысқан соң ашық пікір-таластар болып жатады. Бұл заңды құбылыс. Тек, өз ойымды білдірудің жөні осы екен деп, «бет жыртысудың» қажеті жоқ деп ойлаймын. Ешкім періште емес, яғни, «менікінің бәрі жөнге» де бой ұру алысқа апармайды.

Ал енді ол азаматтармен ара-қатынасыма келер болсақ, сәлеміміз түзу, адамгершілік қатынасымызды үзген жоқпыз. Белгілі бір мәселе бойынша келіспеуге болар, бірақ өзара сыйластық болғанға не жетсін. Бірінді бірін жамандау, «тырнақ астынан кір іздеу» сияқты әрекеттер әлсіздің амалы деп ойлаймын. Өз ойыңды айту, өз пікіріңнің дұрыстығын дәлелдеу бір басқа да, «мені тындамағанның бәрі» жау деген бір басқа.

Оппозицияда жүрген азаматтарға айтарым, «Сынаңдар, ойларыңды айтыңдар, бірақ «сыңарезулеп, жоқ жерден жау іздемеңдер». Үнемі «мынау дұрыс емес» деп даурыға бергеннен, оны дұрыстаудың жолын айтқан дұрыс қой. Өкінішке орай, әзірге оппозиция тарапынан салиқалы ойдан гөрі жалаң сын басым.

Сөз орайында айта кетейін, әсіресе, әлеуметтік сала көп сыналады. Бізге ұрыспайтын адам жоқ. Әскери тілмен айтсақ, біздің министрлікте тыл жоқ. Мәселен, Үкімет үшін біз ең шығыны көп министрлікке жатамыз. Әлеуметтік саладағы сәл бір оң өзгеріс қыруар қаржы талап етеді. Бұл арада ел арасында «Үкімет қосқан 500-600 теңге не болады деген пікір туып жатады. Есептей келсек, оның өзі Мемлекет үшін жүздеген миллиард теңге қаржы. Оны ойлап жатқан кім бар?

Ал енді әуірімдеп алған сол қаржыны Парламентке ұсынғанда тағы да бізге «халықтың қамын ойламайды» деген кінә артады. Осыған орай, әлеуметтік сала министрі де барлаушы сияқты «ыстық жүректі, салқынқанды» болу керек дегім келеді. Қарапайым тілмен айтсақ, аз қамтылған, тұрмысы төмен адамдарға барынша молырақ көмек көрсетуге ұмтылу керек және «көрпеге қарай көсілу» қажеттігін де ұмытуға болмайды. Сайып келгенде, көтере алмайтын шоқпарды білекке ілудің қажеті жоқ. Ал салқынқандылық жан-жақтан анталаған сынға төзу үшін керек.

Ендігі бір мәселе, әлеуметтік қорғау мен арамтамақтықтың аражігін айыру. Мәселен, батыстағы өркениетті елдерде әлеуметтік салада біздегіге керісінше реформалар қолға алына бастады. Оның себептері көп. Бүгінгі күні экономикасы жоғары дамыған елдерде жұмыс істеп бас ауыртпай, үйде отырып, әлеуметтік көмекпен-ақ уайым-қайғысыз өмір сүру етек алып барады. Нақты мысал келтірер болсақ, АҚШ-та 4 миллион адам үшінші әулетінен бері мүлдем жұмыс істемейді екен. Олар әлеуметтік төлемақыға арқа сүйеп алған. Үкімет беретін ақша тамаққа, киімге, үй-жайға жетеді. Соны місе тұтып отырады.

–Бізге ондай қауіп төніп тұрған жоқ қой.

–Әрине, әзірге біздің мемлекетте ондай топтар жоқ. Дегенмен, бізде де «Үкімет не береді» деген ындын байқалып қалады. Қандай мемлекет үшін болсын мұндай маргенальді топтар өте қауіпті. Сондықтан, мемлекеттің басты міндеті – әлеуметтік көмек көрсету ғана емес, мүмкіндігінше жұмыс

істеп, ақша табуға жағдай жасау. Сонда ғана халықтың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік туады.

– Бүгінге соңғы сұрақ болсын, отбасыңыз жайлы оқырмандарға азмаз мағлұмат бере кетсеңіз.

–Отбасымда екі ұл, бір қызым бар. Олардан төрт немере сүйіп отырған әжемін. Уақыт келе мен де әлеуметтік сала министріне өкпе-наз айтатын зейнеткердің бірі болармын. Әзірге жағдай осындай.

–Гүлжан Жанпейісқызы, мазмұнды әңгімеңізге рахмет! Сұрақтар туындап жатса тағы да жолығып, ой бөлісерміз деген сенімдеміз.

(«Арқа ажары» газеті, 7 желтоқсан 2006 жыл).

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
Ақылбек КҮРІШБАЕВ:**

«Қазір елімізде ауыл шаруашылығын өркендетуге ерекше көңіл бөліне бастады»

Қандай да болсын мемлекеттің әлемдік қауымдастықта алар орны алдымен оның әлеуметтік-экономикалық дамуының қай деңгейде екендігімен бағаланатындығы белгілі. Оның ішінде азық-түлік қауіпсіздігінің де алар орны ерекше екендігі аян.

Бұл мәселе Қазақстанда да бірінші кезекте шешілуге тиісті жайлардың бірі. Осыған орай, ауыл шаруашылығының бүгінгі ахуалы, атқарылған және орындалуға тиісті мәселелер жайында толығырақ білмек болып Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі Ақылбек Күрішбаев мырзаны әңгімеге тартқан едік.

–Кейінгі уақытта азық-түлік қауіпсіздігі туралы көп айтатын болдық. Бұл әрине, әлемде қалыптасып отырған қаржы дағдарысы және басқа да жағдайларға орай туындаған мәселе болар. Шындығында Қазақстанның өзін-өзі қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етуі қай деңгейде? Осы заманғы бәсекелестікке төтеп бере алатын азық-түлік шығара аламыз ба?

–Бірден айта кетейін, елімізде азық-түліктің негізгі түрлеріне, атап айтқанда, майлы дақылдар, қант қызылшасына деген сұраныс (жеміс-жидектерді қоспағанда) отандық өндіріс есебінен қанағаттандырылады. Рас, қажетті кейбір шикізаттар мен дайын өнімнің жетпеген бөлігі импорт есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл орайда нарықтық қатынастар жағдайында Қазақстанның импорттық өнімдерден толық бас тарта алмайтындығын ескеру қажет. Жалпы, импорттың негізін жақын шетелдерден әкелінетін терең қайта өңдеу өнімдері құрайды. Оның ішінде, әсіресе, қайта өңдеу өнеркәсібіне жоғары деңгейде қолдау көрсетілетін Ресей, Украина, Беларусь елдерінің үлесі қомақты.

Біздің елімізде де азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату, өндіріс көлемін арттыру және ішкі тұтыну нарығында импорт үлесін төмендету мақсатында нақты нәтижелерге бағытталған кешенді мемлекеттік саясат жүзеге асырылуда. Бұл дегеніміз, стратегиялық жағынан алғанда ауыл шаруашылығы саласының индустриалдық негізге көше бастауы болып саналады.

–Осы мәселеге кеңірек түсінік берсеңіз?

Бұл егін шаруашылығында қазіргі заманға сай ылғал мен ресурс сақтау технологияларын енгізу, өндірістің негізгі қорын, ең алдымен машина-трактор паркін жаңарту. Мал шаруашылығында өндірісті ірілендіру, оны өнеркәсіптік негізге көшіру, сырттан жоғары өнімді мал әкелу арқылы малдың тектік мүмкіндігін жоғарылату, сондай-ақ, ветеринария жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру. Ал, жоғарыда айтып өткеніміздей, қайта өңдеу саласын дамыту мақсатында техникалық және технологиялық жағынан қайта жабдықтау және халықаралық сапа стандарттарына көшу қажет. Міне, осының бәрі іске асқан жағдайда өзімізді өзіміз сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай, сыртқа да сапасы бәсекелестікке төтеп бере алатын өнімдер шығаруға жағдай туады.

Ал енді әзірге еліміз өзін-өзі толықтай қамтамасыз ете алмайтын өсімдік майы, жеміс-көкөніс өнімдері мен қант қызылшасы өндірісін ынталандыру мақсатында кәсіпорындардың қаражат айналымын толықтыруға берілетін несиелердің сыйақы ставкасын төмендету және шығындардың белгілі бір бөлігін субсидиялауға берілетін несиелердің қолжетімділігін қамтамасыз ету сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындардың басымдыққа ие 8 саласына қосымша құн салығын төлеуде 70 пайызға дейін жеңілдік қарастырылған. Бұл агроөнеркәсіптік кешен саласына бағытталған мемлекеттің тікелей қолдау шарасы.

–Осы арада отандық тауарлардың бәсекелестікке қабілеттілік деңгейінің төмендігінің нақты себебі неде деген сұрақ көкейден кетпейді.

–Кейінгі уақытта мұның бірден-бір себебі – дүниежүзілік қаржы дағдарысына байланысты екінші деңгейдегі банктер беретін несие көлемінің күрт азаюы. Мәселен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәліметтеріне сүйенсек, үстіміздегі жылдың өткен 9 айында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарына жалпы сомасы 143,0 миллиард теңге несие берілген екен. Бұл бір қарағанда қыруар қаржы болғанымен, өткен жылдың осынша кезеңімен салыстырғанда 35 пайызға кем. Осының өзі-ақ біраз жайды аңғартса керек. Қаржы жетіспеген жағдайда іс алға баса ма?

Дегенмен, қаржы жетіспеушілігін толықтыру мақсатында «ҚазАгро» Ұлттық холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары арқылы қайта өңдеу кәсіпорындарына 12,4 миллиард теңге қаражат бөлінді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы экономикасын жандандыру жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында қабылданған шешімге сәйкес «Қазына» орнықты даму қоры» қоғамы агроөнеркәсіптік кешен

нысандарының басым салаларын несиелендіру мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы тағы да 13,4 миллиард теңге көлемінде қаржы бөлді.

–Қазір өз еліміздің астыққа деген сұранысы толық қанағаттандырылып отырғандығын білеміз. Сонымен бірге, экспортқа да сапалы астық шығарып жатқанымызбен, көбінесе бидайдың жұмсақ түрін молынан өндіріп, әлемде тендесі жоқ қатты бидай өндіру назардан тыс қалып отырған жоқ па?

–Жалпы, әлем бойынша қатты бидай сорттарының егіс көлемі шамамен 22,0 миллион гектарды немесе барлық бидай егістігінің 10 пайызын құрайды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде қатты бидай алқаптары негізінен Ресейдің Поволжье, Орынбор облысында және Қазақстанда орналасқан.

Нарықтық қатынастарға көшкенге, яғни, 1990 жылға дейін Қазақстанда қатты бидай 1 миллион гектарға дейінгі алқапта өсірілетін. Кейінгі жылдары қатты бидайдың биологиялық ерекшеліктеріне, атап айтсақ алқаптардың арамшөптерден мүлдем таза болуы, ізашар алғы дақылдарға, қоректік заттар мен ылғалға жоғары сұранымы мен ауыл шаруашылығы дақылдары ауруларына тез шалдығатындығы сияқты қасиеттеріне орай өзіндік құны жоғары болуы себебінен егіс көлемі азайды. Осындай жағдайларға байланысты 2000 жылы қатты бидайдың егіс көлемі 104,3 мың гектарға дейін кеміді.

–Бұл шегірткеден қорқып егін екпеудің кебі емес пе?

–Заман ағымына орай туындаған қиындықтар ғой бұл. Бүгінгі таңда бұл тұрғыда біраз іс қолға алынды. Қазіргі таңда қатты бидайдың егіс көлемін арттыру мақсатында біраз шаралар қолға алынды. Мәселен, 2007 жылы қатты бидай егістігінің көлемі 238,8 мың гектарға жетіп, 2000 жылмен салыстырғанда 2,3 есеге артса, биыл оның көлемі 252,5 мың гектарға жеткізілді. Нақтылы істер қолға алынды.

–Осы тақырыпты әрі қарай жалғастырсақ, жүгері, сұлы, оның ішінде ауыл шаруашылығы дамыған елдер баса назар аударатын рапс сияқты дақылдар неге назардан тыс қалды?

–Жоғарыда айтып өткенімдей, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға арналған бағдарламаларға сәйкес басты майлы және жем-азықтық дақылдар қатарындағы өзіңіз айтқан рапс, жүгері және сұлының егіс көлемдерін көбейтуге тиісті шаралар жүзеге асырылуда. Нақты деректер келтірер болсақ, 2007 жылы рапс, жүгері және сұлының егіс көлемі тиісінше 170,7 мың га, 92,7 мың және 170,6 мың гектарға жетіп, 1999 жылмен салыстырғанда (бұл осы дақылдардың егіс көлемі ең төмен болған жылы) едәуір көбейді. Яғни, бұл тұрғыда да ештеңе назардан тыс қалған жоқ деуге негіз бар.

–Бір кездері егін себілген алқаптардың біразы қараусыз қалды. Нақтырақ айтсақ, арамшөп басып, жарамсыз күйде жатыр. Осы алқаптарды қалпына келтіру тұрғысында белгілі бір бағдарлама немесе жоспар бар ма?

–Қазіргі таңда Қазақстанда шамамен 4-5 миллион гектар бонитеті төмен жерлер егістік айналымынан шығарылған. Бұлар негізінен, кезінде «әйтеуір

егіс көлемін ұлғайту керек» деген қағидамен жыртылған жерлер ғой. Бұлардың басым көпшілігі өнімділігі төмен, орташа және сортаң жерлер. Оларды айналымға енгізу, сондай-ақ, мелиорациялау арқылы құнарлылығын арттыру алдағы уақыттағы шаруа. Оның өзінде сапалық құрамы бойынша қарау қажет.

Ал енді жарамсыз және тыңайған жерлерді түгендеу, жарамдылығы мен басқа да қасиеттерін анықтау Үкіметтің 2006 жылғы 6 наурыздағы арнайы қаулысымен бекітілген агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бірінші кезектегі шараларда нақты белгіленген.

–Келесі орақ науқанына дейін нан бағасын тұрақтандыру қажет деген қағидамен Азық-түлік корпорациясы ауыл шаруашылығы құрылымдарынан шектеулі бағамен астық сатып алады. Әрине, бірінші кезекте қажет тауарлардың, оның ішінде нан бағасының шарықтап кетпеуін қадағалағандұрыс та шығар. Бірақ, көп жағдайда ауа райына тәуелді болып отырған астық өндірушілерге қиянат жасап отырған жоқпыз ба?

–Елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы қаулысымен жыл сайын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен мемлекеттік ресурсқа астық сатып алынады. Бұл – мемлекеттік саясат. Яғни, ешқандай бөтен әңгімеге орын жоқ. Биыл ішкі нарық бағасы ескеріле отырып 1 тонна астықтың бағасы 30,4 мың теңге болып белгіленген еді. Ал аталмыш корпорацияның 1 тонна астықты 30,0 мың теңге деңгейінде сатып алғандығы белгілі.

Жалпы, ішкі нарықта қалыптасқан бағаға қарағанда жоғарыда көрсетілген шектеулі бағаның біршама жоғары екендігін ескерсек, ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарушылар қиянат көрді деуге негіз жоқ.

–«Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» мен Астық Одағының (Зерновой Союз) аражігін айырып беріңізші. Бидай өсіретін диқан мен нан жейтіндер арасындағы дәнекерлер (делдалдар десек дұрыс болар) тым көп емес пе?

–Бұл арадан астар іздейтін немесе қауіптенетін ештеңе жоқ. Біріншіден, «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» акционерлік қоғамының мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі өкілеттікті жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме екендігін ескеру қажет. Аталмыш корпорацияның басты міндеті азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және отандық ауыл шаруашылығы құрылымдарынан рыноктық бағамен мемлекеттік ресурсқа астық сатып алу. Бұл сайып келгенде, отандық тауар өндірушілерге мемлекеттік қолдау болып табылады. Мәселеге біржақты қарауға болмайды.

Ал енді Астық Одағына келетін болсақ, ол құрамына астық өндірумен айналысатын ірі компаниялар өз еріктерімен кіретін, солардың қойған мәселелерін шешумен айналысатын, нақтырақ айтсақ, солардың мұң-мұқтаждарын жоқтаумен айналысатын қоғамдық бірлестік. Яғни, мақсаты да,

міндеті де бөлек құрылымдарды шатастырудың қажеті мүлдем жоқ. Қысқаша айтқанда, «Әркім өз қотырын өзі қасиды».

–Соңғы жылдары шет елден бағасы қымбат асыл тұқымды мал көбірек сатып алына бастады. Австралиядан қой алып келдік. Канададан сиыр сатып алып жатырмыз. Сол малдан өсім, табыс бар ма?

–2005 жылы қазақстандық биязы жүнді қой тұқымдарының жүндік көрсеткіштерін жақсарту мақсатында елімізде жүргізіліп жатқан асылдандыру жұмыстарына қолдану үшін Австралиядан – 129 қошқар және 93 саулық қой әкелінген болатын. Осы уақыт аралығында саулық қойлар қашырылып, олардан төл алынды. Бүгінде бұл қойлар Талдықорған қаласы маңындағы «Екі-аша» қонысында бағылуда. Барлық селекциялық жұмыстар ғалымдар назарында.

Бір назар аударарлығы, бірінші рет Қазақстанға әкелінген австралиялық етті меринос тұқымды қойлардың 2 жастағы қошқарларының салмағы шамамен 86 келі болса, аналығы 68 келіге дейін тартады. Енді осыған осындай жоғары салмақта бола тұра жүндерінің талшықтары өте жіңішке (19-20 мкм.) екендігін қоссақ, өзіңіз айтқан қыруар қаржының «желге ұшпағандығын» пайымдауға болады.

Бұл орайда мәселеге атүсті қарамай, мәселенің мәнісіне тереңірек үңілген қажет дер едім. Мәселен, әлемде үлкен сұранысқа ие меринос қойларының жүнімен қатар, бүгінде үлкен сұранысқа ие таза қозы етін өндіруге, тоқыма бұйымдары мен түрлі маталар шығаруға мүмкіндік алатындығымыз біздің бір күндік пайданы емес, болашақты ойлағандығымыздың айғағы болса керек. Сондықтан да, «кеше әкелдің, бүгін нәтиже қайда» деу артықтау болар.

–«Құлагер» мен «Тайбурылдай» сәйгүліктердің ізбасарлары көрінбейтіндігі Сізді толғандырмай ма? Әлемге әйгілі Абсент тарих еншісінде ғана қалды ма? Луговой мен Қостанайдағы жылқы зауыттары баптаған сәйгүліктер қайда дегенім ғой.

–Бұл мәселеде біраз кешеуілдеп қалғанымыз рас. Дегенмен, кейінгі уақытта біршама алға басушылық бар. Мәселен, 2008 жылдың 1 қазанына дейін асыл тұқымды жылқылар саны 35,4 мыңды құрады. Салыстыру үшін айта кетсек, бұл 2004 жылмен салыстырғанда 32 пайызға көп.

Елімізде 139 шаруашылық асыл тұқымды жылқы өсірумен айналысса, оның 17-сі асыл тұқымды жылқы зауыты және 122-сі мал асылдандырушы шаруашылықтар.

Әлемге әйгілі Ақалтеке, Қостанай жылқысы, сонымен қатар, орыс және Орлов желіс жылқысы таза қанды ағылшын, арап, доң, қарабайыр, қазақтың жабы жылқысы, мұғалжар, көшім, қабі және адай жылқысы тұқымдары біздің жылқы зауыттарында бар.

Әрине, екі жылқының бірі Абсент бола бермейді. Дегенмен, бізде де ешбір елдегіден кем түспейтін жылқы тұқымдары бар екендігін баса айтқым келеді.

–Ауыл шаруашылығы министрлігі құрамындағы Орман және аң шаруашылығы комитетінің бір кездері Экология және қоршаған ортаны

қорғау министрлігі құрамында болғандығы белгілі. Ауыл шаруашылығы министрі емес, ғалым ретінде айтыңызшы, аталмыш саланың қай министрлік қарамағында болғаны дұрыс?

–Жалпы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың қалыптасқан жүйесі. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау бойынша мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруы өз нәтижесін беріп отыр. Ал, Экология және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құзырына келетін болсақ, табиғатты пайдаланушылардың жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлеміне залалын тигізбеуін, ерекше қорғалатын аймақтарда табиғатты қорғау режимінің сақталуын қадағалайды. Экологиялық талаптардың орындалуын да аталмыш министрлік қадағалайды. Яғни, «ала қойды бөле қырқып» отырған жайымыз жоқ. Әркім өз құзыры аясында жұмыс істейді.

Сөзімізді әрі қарай сабақтай түссек, мемлекеттік бақылау функциясын экология және қоршаған ортаны қорғау министрлігі құзырына беру тәжірибесі бұрын да болған. 2012 жылға дейін қоршаған ортаны қорғауға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғауға мемлекеттік бақылау жасауды осы министрлік жүзеге асырған болатын.

Ал, аталмыш комитеттің қай министрлік құзырында болғаны дұрыс деген сұрағыңызға келетін болсақ, АҚШ пен Түркияда аңшылық шаруашылығы секторының ауыл шаруашылығы министрліктері басқаруында екендігін айтқым келеді.

–Бір кездері халықтың ауылдан қалаға үдере көшуі белең алғандығы белгілі. Ол кезде Үкімет те, басқа билік орындары да сырттай бақылаушы ғана болды. Бүгінде бұл үрдіс саябырсыды. Енді ауылға назар аударып, белгілі бір бағдарлама қабылдау қажеттілігі туындаған жоқ па? Әлде әлі де әліптің артын баға тұрамыз ба?

–Ауыл қараусыз қалды деп, ауызды қу шөппен сүрту мүлдем қате пікір. Қазіргі уақытта ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Яғни, әліптің артын бағып отырған жоқпыз, керісінше 4 жылдан бері ауыл тіршілігін жақсарту түсу тұрғысында нақты істер атқарылуда. Алдымен ауылдық елді мекендерді паспорттау негізінде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша бүгінгі ахуалға талдау жасау. Одан әрі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандарын салуды қолға алу. Сонымен қатар, ауылдық елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлеріне орай жіктеу. Енді осыған ауыл тұрғындарының қоныс аударуға ынталандыру бағдарламасын іске асыруды қоссақ, біраз іс тындырылды деуге болады. Ал ең бастысы, ауылдық қоныстанудың тиімді моделін әзірлеу және оны жүзеге асыру.

–Кейінгі уақытта өзен-көлдерден ауыз су алып келген көптеген ауылдарға су құбыры жүргізілгендігін айтуға болады. Дегенмен, осы іске министр ретінде көңіліңіз тола ма?

–Жоғарыда айтып өткенімдей, бағдарлама екі кезеңге бөлінген. Бүгінде оны орындаудың бірінші кезеңі аяқталды. Яғни, ауыл тұрғындарына әлеуметтік игіліктердің көкейге қонымды деңгейінің негізі қаланды. Ал екінші кезеңде, яғни, 2007-2010 жылдар ауыл тұрғындарын тіршілікке ең қолайлы жерлерге қоныстандыру.

Әрине, мұның бәрі оңай шаруа емес. Сондай-ақ, жылдар бойы қалыптасып қалған көзқарастарды да икемге келтіру оңай емес. Бірақ бір нәрсе айқын. Ол – ауылға деген оң көзқарастың қалыптасқандығы. Сәтін салса, қолға алған ісіміздің бәрі де жүзеге асады.

–Мазмұнды әңгімеңізге рахмет!

ӨМІРДЕРЕК

Қайреден Кәрібаев 1936 жылғы сәуірдің 18 жұлдызында Астрахан ауданының Новочеркасск селосында туған.

Орта мектепті бітірген соң еңбек жолын интернатта тәрбиеші болып бастап, зоотехниктік, ғалым-агрономдық білім алған соң, комсомол жұмысын да жалғастырып, кейіннен бөлімше басқарушысынан облыстық атқару комитеті төрағасына дейінгі баспалдақтардан өтті. Бүгінде де Қазақстан Республикасы алдында айрықша еңбек сіңірген дербес зейнеткер – Қайреден Кәрібайұлы «Қыпшақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы ретінде ауыл шаруашылығын дамытуға қомақты үлес қосып жүр.

Қайреден КӘРІБАЕВ:

**«Өмірден орнымды алу үшін талпындым,
ешнәрсеге өкінбеймін»!..**

Арқа өңіріне танымал басшы, ауыл шаруашылығы саласының білікті маманы, аудан, облыстық деңгейде басшы қызметтерде болған абзал азамат, ел ағасы – Қайреден Кәрібаев 70 жасқа толды.

Зейнеткерлікке шықса да, күнделікті күйбің тірлікпен шектеліп қалмай, әлі де іргелі ауыл шаруашылығы құрылымын басқарып отырған аптал азаматпен кездесіп, өмірден түйгендері, кешегі мен бүгінгі жайлар туралы ой бөліскен едік.

Соғыс жылдары және одан кейінгі қиын-қыстау заманда жоқшылықтың ащы дәмін татып, күнкөрістің қаншалықты қиын екендігін жан-тәнімен түсінген Қайреден Кәрібаев еңбекке ерте араласты. «Әркімнің өз тағдыры – өз қолында» деген қағиданың шындыққа қаншалықты жақын екендігін қайдам, дегенмен, Қайреден Кәрібаевтың өмірде өз жолын табарда ешкімге иек артпай, тек өзіне ғана сенгені ақиқат.

Еңбек жолын мектеп-интернатта тәрбиеші болып бастап, өзінің біліктілігімен іскерлігі, табандылығы мен қайсарлығы арқасында облыс басшысы қызметіне дейін көтерілген Қайрекең бүгінде 70 жас деген асқаралы асуға келіп отыр.

Әрине, мұндай абзал ел ағасы туралы қалай қалам сілтесең де, қалай мадақтасаң да артық емес. Дегенмен, өмірде көргені де, тоқығаны да жетерлік, жастарға айтар ақылы да мол ағаны тек мадақтаумен шектелмей, ақсақалдың мағыналы да, мазмұнды өмірі жайында өз аузынан естімек болдық.

–Қайреден аға, Сіз өз кезінде төрт бірдей ауданды басқардыңыз. Облыстық атқару комитетінің төрағасы да болдыңыз. Шыныңызды айтыңызшы, облысқа бірінші хатшы бола алмай кеттім-ау деген өкінішіңіз жоқ па?

– Жасыратыны жоқ, ол уақытта кадрларды қалай жылжытады, келесі жолы қандай қызметке жіберуі мүмкін екендігін алдын ала болжап, біліп отыратынбыз. Басқа қонған бақ болар, сосын өзім де онша қара жаяу болмасам керек, әйтеуір талай қызметтің басын қайырдым. Өзің айтқандай, бөлімше басқарушысынан аудан, облыс басшысына дейінгі лауазымдардан өттім. Әрине, пендешілікке бой ұрсаң, тәубәнді ұмытып кетесің. Ал, оның соңы жақсылыққа апармайды. Бірақ, құдайдай шыным, ол кезде де, бүгін де «облысты уысымда ұстамадым-ау» деген астамшылыққа бой ұрған емеспін.

Мүмкін бүгінгі танда ерсілеу көрінер, бірақ ол кезде «Партия солдаттымыз, партия қайда жіберсе, сол жерде еңбек етеміз» деген бұлжымас қағида болатын. Сосын жалпы ол уақытта кадр саясаты бүгінгіден өзгешелеу еді. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, менің қызмет сатыларымен жоғарылауым сол саясаттың аясында болды. Мәселен, мен облыстық атқару комитетінің төрағасы болғанға дейін оның алғы шарттары барлық қызметтерден өттім. Басқаша айтқанда, ол уақытта кеңшар басқармай, аудандық атқару комитетіне немесе аудан басқармай, облыстық деңгейдегі қызметтерге бару мүмкін емес еді. Рас, кей жағдайда «секіріп» өтіп жатқандар да болды. Бірақ мен облыстық, атқару комитеті төрағасы лауазымына дейін ешбір баспалдақтан секіріп кетпей, аттамай жеттім.

Айтпақшы, мен алғашқыда аудандық комсомол комитетінде екінші, бірінші хатшы болып, онан соң аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып дегендей, таза партиялық жұмыстарда жүрдім ғой. Жастықтың әсері болар, кеңседе отырып «қағаз кеміру» (басын ашып айту қайда, іштей ойым ғой) көңіліме онша қонбай жүр еді. «Іздегенге сұраған» дегендей, бір күні аудандық партия комитетінің хатшысы Аманжол Халықов шақырып алып: «Сен әлі жассың, райкомда қағаз тасып отыра бермей, шаруашылыққа бар», – деп Өндіріс ауылына бөлімше басқарушысы қызметіне жіберді.

–Басшылықтың дәмін тата бастауыңыз осы сәттен басталды ғой деймін...

– Басталуын басталды ғой, бірақ 3 жылдан соң тағы да аудандық партия комитетіне шақырып алып, «Образцовый» кеңшарына партком хатшысы

болып барасың деді. Ішім қылп ете қалды. Бұл кезде жан-жағымды танып дегендей, шаруашылықтарда, жалпы, аудан көлемінде болып жатқан мәселелерді пайымдап, өзімше баға бере бастаған кезім ғой. Сондықтан, партком хатшысы шыдамай, бірінен соң бірі ауысып жатқан шаруашылыққа барғым келмеді. Бірақ, «бармаймын» деп ашып айту оңай емес. Алайда, «ұялған тек тұрмасқа» басып: «Барсам шын мәніндегі хатшы болайын, ал кеңшар директорының нұсқауларын орындап, шапқылап жүретін жайым жоқ», дедім. Сонымен келісіп, аталмыш кеңшарда партия ұйымын басқарып, кейіннен «Жарсуат» кеңшарына директор болып тағайындалдым.

–Өзіңіз бірінші басшы болған, өзіңіз ашып, ұйымдастырған Теңіз ауданына келелікші. Сол аудан неге жабылып қалды? Халқы андамында шағымданып еді, оларынан ештеңе де өнбеді ғой...

–Бұл 1977 жылғы ақпан айы еді. Сол кездегі Целиноград облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Николай Ефимович Кручина шақырып алды да: «Жаңадан ашылатын Теңіз ауданына бірінші хатшы болып барасың» деді. Бұл өзі сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамет Қонаевтың ұсынысымен СОКП ОК Саяси Бюросының шешімімен ашылған аудан еді. Өзіңіз білесіз, Қазақстанда қой санын 50 миллионға жеткізу керек деген бастама орайында осы өңірде қой өсіруді қолға алу үшін ашылған аудан еді.

Аудан құрамындағы 6 кеңшар тұрғындарының 96 пайызы қазақтар болатын. Жаңадан бастаған қандай болсын жұмыс оңай тимейді ғой. Дегенмен, жергілікті тұрғындардың қолдауымен іске құлшына кірісіп, біраз шаруаның бетін қайтардық. Бұл арада қиындық тудырған мәселе ауданның жаңадан ашылғандығы ғана емес, ең алдымен кадр мәселесі күрделі болды. Рас, обкомдағы басшылар маған кадрды басқа аудандардан да әкелуге рұқсат берді. Осыған орай, біраз мамандар келді де. Дегенмен, ең алдымен кейіннен біз бастаған істі жалғастыратын жергілікті мамандарды дайындау қажет болды. Бірақ бұл орайда, екі басшының біреуі міндетті түрде орыс ұлтының өкілі болу керек деген бұлжымас қағида болатын. Сол себепті бірінші хатшы мен болсам, атқару комитетінде Калашников, екінші хатшы Миллер деген азамат болды. Ал, орта және кіші буын мамандарды өзіміз іздестірдік. Тіпті, осындай мақсатпен бір жылы Целиноград мемлекеттік педагогика институтына арнайы келіп, оқу бітірген 16 жас маманды ауданға жұмысқа қабылдадық. Олардың басым көпшілігі бертінге дейін сол елде қалды. Біразы сол ауданда жүріп тәжірибе жинақтап, кейіннен лауазымды қызметтерде істеді. Теңіз ауданын 8 жыл басқардым. Біраз жұмыс атқарып, біраз нәрсеге қол жеткізгенімізге ел куә.

– Теңіз өңірінде өзіңіз тәрбиелеген сол жігіттердің арасында бүгінде елге танымал кімдер бар?

–Олардың бірі Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Сансызбай Есілов. Сондай-ақ, «Астана су арнасы» кәсіпорнын басқарып отырған Жаңбыршы Нүркенов еңбек жолын сол ауданда комсомол-жастар бригадасында бастаған. Қорғалжын ауданының әкімі Айтмағамбет Мұқышев та сол Теңізде шыңдалған жігіт.

– Теңіз ауданы неге жабылып қалды деген сұраққа қайта айналып соғалықшы. Өтіп кеткен жағдай ғой, дегенмен ондай шешім қабылдау не үшін және кімге қажет болды?

– Кімге, не үшін деп қазбалаудың қажеті бола қоймас. Бірақ, менің ойымша сол өңірден ашылған Шұбаркөл шахтасының әсері болды-ау, сірә. Сосын, Қарағанды облысының басшылары бұл жерден шахта ашқан соң ауыл шаруашылығына мүлдем назар аудармады десем, артық айтқандық болмас. Назардан тыс қалған соң, шаруашылықтар да шайқалақтай бастады. Сондай-ақ, алғашқыда сол шахтаның өзіне жұмыскерлерді вахталық тәсілмен Қарағандыдан әкеліп жүрді ғой. Қысқасы, ауданға деген осындай немқұрайды көзқарас алдымен тұқыртып, кейіннен жабылуына апарып соқты. Талай уақыт өтіп кеткен соң сынап жату артық болар, алайда, менің ойымды білгіңіз келсе, Теңіз ауданын жабу дұрыс шешім болды дей алмаймын. Сол Шұбаркөл шахтасының өзі-ақ Теңіз ауданының біраз жыртығын жамауға жетер еді. Амал не?..

–Аға, осы Сіз облыстық атқару комитетінің төрағасы болған кезде Целиноград облысы (қазіргі Ақмола) республикадан дотация алмай, өз күнін өзі көретіндердің бірі болған жоқ па еді? Қазір де облыс экономикасы біршама алға басты. Әлі аттан түскен жоқсыз, өз күнімізді өзіміз көретіндей жағдай бола ма?

–Жалпы, ол уақыт пен қазіргі кезенді салыстырған дұрыс бола қоймас. Заман басқа болды ғой. Ол кезде облыстағы барлық шаруашылықтар мен өндіріс орындары бірқалыпты жұмыс істеп, тұрақты өнім беріп тұратын. Мал да едәуір көп болатын.

Кейіннен жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшу жағдайында көп өзгерістер болды. Сол өтпелі кезеңнің қиындықтары өз әсерін тигізді. Сондай-ақ, жасыратын не бар, «Шаш ал десе, бас алып» дегендей, біраз орашалақ шешімдер де кері әсер етпей қойған жоқ. Бұл 90-шы жылдары белең алған құбылыс қой. Ауылдар тоқырап, жаппай қалаға көшу белең алды. Шаруашылықтар «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» дегендей «ту-талақай» басталды. Өндіріс ошақтары да осындай күй кешті. Сондай жекешелендірудің ащы дәмін таттық қой. Ақмола облысының да «қысқа жіп күрмеуге жетпей» күй кешкендігі соның зардабы. Абырой болғанда, бәрі түзеле бастады.

Бүгінгі күні ауыл да Аллаға шүкір, «есін жиып, етегін қымтап» шаруасын түзеп алды. Енді іс алға басады деуге нық сенім бар. Дегенмен кадр мәселесінде проблема өте көп. Сенесіз бе, бүгін мал бағатын адам, комбайнға отыратын маман жоқ. Алмағайып заманда жастардың бәрі бақыт іздеп қалаға кетті. Ауылда тек үлкендер қалды. Мәселен, біздің ауылда еңбек ететіндердің орташа жасы 53-те. Сонда, енді 5-6 жылда не болады?!

–Өткен «Ауыл жылдарында» қыруар қаржы құйылды. Соған қарап, ауыл құлпырып кетті деуге негіз бар ма?..

–Бұл арада ауылда қордаланып қалған проблемаларды 3 жылда шешеміз деу әбестік болар. Рас, қиындықтар әлі көп. Дегенмен, басқаны айтпағанның

өзінде Ақмола облысындағы ауыл-селоардағы оң өзгерістерді байқамау мүмкін емес.

Ал, бөлінген қаржы мәселесіне келсек, талан-таражға түскен техниканы қалпына келтіруге, күтім көрмеген жерді өңдеуге дегендей, бірінші кезекте тұрған мәселелерді шешуге қыруар қаржы қажет. «Қысқа жіптің күрмеуге келмегені» сияқты, бәрін 1-2 жылда түзеу мүмкін емес қой. Өткен жылы Елбасымыз біздің облысты аралап, ауыл шаруашылығының мән-жайымен танысқанда, бұл тұрғыдағы өз ойымды жеткіздім. Шын мәнінде, соңғы 2 жылда ауылдың жағдайы едәуір жақсарды. Оны ашып айту керек. Бүгін қимылдаған адамға, басшысы істі дұрыс ұйымдастыра білген шаруашылық үшін алақан жаюдың қажеті жоқ.

Сондықтан, түскен қаржы бірінші кезектегі мәселелерге жұмсалып жатқандығын ескеріп, «қи неге шығарылмады, көшеде неге асфальт жоқ, үй неге салынбайды» дегендей, бір күнде «коммунизм орнатамыз» деудің реті жоқ екендігін түсінген абзал. Бәрі рет-ретімен іске асырылады. Мәселен, біздің ауылдағы мектепті күрделі жөндеуден өткізуге 44 миллион теңге ақша бөлінді. Мұны неге көрмеске?

–Ауылға көмек бар, тек соны дұрыс пайдалана біл демексіз ғой.

–Әрине. Тағы да қайталап айтайын, ауылдағы барлық мәселелерді шешу үшін «Үкімет не береді?» аздық етеді. Бөлінген ақша бар, өз қаржың бар, бәрін тиімді жұмсай білу керек. Сондай-ақ, бүгінгі күні талай шаруашылықтарды қарамақтарына алған ірі құрылымдар аз емес қой. Олар да ауылды «сора» бермей, әлеуметтік-мәдени салаға көңілді көбірек бөлсе деймін. Сайып келгенде, «алаған қолым – берегенді» ұмытпау керек қой.

–Сіз де бұл қағиданы ұмытпаған боларсыз...

–Нақты дерек керек болса айтайын, өз қаржыма ауылда жас мамандарға арнап үй салдырдым. Сондай-ақ, көшіп кеткен бір тұрғынның үйін 110 мың теңгеге сатып алып, күрделі жөндеуден өткізіп, фельдшерлік-акушерлік пункт аштық. Ұлы Отан соғысында қаза болған жерлестерімізге белгі орнаттық.

–Қайреке, облыс басқарып жүріп зейнеткерлікке шықтыңыз. Кәсіпкерлікпен айналысуға бел буған соң, бөлімше емес, үлкен бір кеңшарды неге алмадыңыз? Әлде...

– Тым асып айтты деменіз, менің ойымда тасы өрге домалап тұрған кеңшарды немесе басқа да бір шаруашылықты алсам деген ой болған жоқ. Мен ең алдымен, көш соңында қалып бара жатқан өзім жетілген Өндіріс ауылын алға бастырсам деген ойды ұстандым. Шынын айтсам, зейнеткерлікке шыққанда, менің қалтамда көп қаржы да болған жоқ. Ал, «әйтеуір алсам болдыны» малданып, белден басуға арым жібермеді. Зейнеткер болып, 1-2 ай балалар мен келіндердің ортасында «ақылшы» болып көрген соң, «жыланның үш кесе де кесірткедей шамасы болатындығын» көрсеткен абзал деп шештім.

–Өз қолыңызда билік тұрғанда қаладан бір кәсіпорынды, автобазаны дегендей, «майлы жерді» иемденіп алып та туған ауылға көмектесуге болушы еді ғой. Ондай мысалдар жоқ емес...

–Ондай қулыққа бармадым. Қандай да болмасын кәсіпорында жүздеген адамның маңдай тері бар. Билікте болғандығымды пайдаланып, ондай әрекетке баруды дұрыс санамадым.

–Сонда сіздің бұрынғы облыс орталығы, қазіргі Астанада ешқандай мейрамханаңыз, қонақ үйіңіз дегендей жоқ па?

–Жоқ.

–Бұл билікте жүргенде қомағайлық танытпаған басшыға жарасымды болса да, бүгінгі кәсіпкер үшін мақтанарлық жай емес. Бизнесті кеңейту керек емес пе?

–Бұл енді басқа шаруа. Кәсіпкер ретінде ойға алған істер аз емес. Оның бәрі іске асып жатса, көрерміз...

–Қайреке, тағы бір шегініс жасалық, сіз облыс деңгейінде қызметте жүргенде талай айтыс-тартыс, пендешілікке бой ұру деген де аз болмаған дейді ғой... Сондай сәттерде дұрыс шешім қабылдау оңай болмаған шығар...

–Бірден айта кетейін, мен өмірімде ешкіммен айтысқан адам емеспін. Жалпы, қазақта «Басқа пәле – тілден» деген мақал барын білесіз ғой. Яғни, мәселенің мәнісіне терең бойламай тұрып, атүсті пікір айту негізсіз сынау, артық-ауыз сөз айту сияқты мәселелер қосымша қиындықтар тудырады.

Дегенмен, құдайдың берген мінезі болар өз ойымды қандай да болмасын жағдайда ашық айтудан тайған емеспін. 5 жасымда әкемнен жетім қалып, өмірдің алда не дайындап тұрғанын білмей, өз күшіммен өз орнымды табуға тырысқан мен үшін біреудің көңіліне қарап, ойым бір жаққа, сөзім бір жаққа кету жат еді.

–Айтыс-тартыстан ада болсаңыз да ертеңгі күнді ойлап, балаларыңызға жағдай жасадыңыз ба?

–Бұл сұраққа жауап беру үшін мына бір мәселені айта кетейін. Мәселен, мен Теңіз ауданында бірінші хатшы болып жүргенде ауданда орта мектепті бітірген жастарды қой бағумен айналысатын комсомол-жастар бригадасына жіберу үрдісі бар еді. Менің балаларым да сол бригадаларда еңбек етті. Оны айтасыз, сол жылдары менің әйелім жыл бойы қой төлдету науқанында қойшыларға көмек берді. Жауапты науқан кезінде аудан болып жұмылып жатқанда неге менің әйелім тыс қалады? Одан кеміп қалған жоқ. Осыны көрген соң «Қызымды, келінімді сақманнан алып қалсам екен», деп «жең ұшынан жалғасушылар» сап тыйылды.

Сондай-ақ, балаларым міндетті әскери борыштарын да жұрт қатарлы атқарды. Рас, бір балам Ауғанстанда болған соң, екінші баламды ол жаққа жібергім келмей, тиісті орындарға айттым. Оның айып-шамы жоқ болар.

–Қарапайым болудың жолы осы екен, деп бірінші хатшының өз әйелін сақманға жіберуі артықтау болған жоқ па?..

–«Қазақта «Байын билеген әйелдің – ел билегісі келеді» деген сөзі бар. «Бірінші хатшының әйелі» деген лауазым жоқ қой. Сондықтан, «көппен көрген ұлы тойдың» ешқандай айыбы жоқ.

–Біраз жыл ел басқардыңыз. Жаманды да, жақсыны да көрдіңіз. Айтыңызшы жұмыс бабымен, әлде бір басқа жағдаймен болсақ та бүгін

өкінетіндей, біреуге қиянат жасаған жоқсыз ба? Тапсырылған іс орындалмай жатқанда, партиядан қуып, жұмыстан алып «артына шынжыр байлап» дегендей...

– Жұмыс болған соң, әркімнің көңіліне қарап, сызылып отыра алмайсың. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, жетесіне жеткізе айтқан кездерім аз болмаса керек. Біреу қатты айтасың, біреуге тәтті айтасың дегендей жұртқа жағамын деп, «жалпақ шешедей болатын жағдай жоқ қой. Жасыратын не бар «істей алмасаң, кет» деп талай айттық. Бірақ, өзің айтқандай, ешкімнің «артына шынжыр байлаған» жоқпын.

Айтпақшы, бір мысал келтіре кетей ауданның бір бөлімшесін Анас Әубәкір деген азамат басқарды. Бірде күзде егін орағы қарсаңында егін-жайды аралап жүрсем, сол Анас басқарған бөлімшеде әлі пісіп-жетілмеген бидайды орып жатқандарының үстінен түстім. Олар өздерінше «мал азығы мол болсын» деген қағидамен іске кіріскен ғой. Мұндайды көрген соң, «жұмыстан да кетесің, партбилетіңді де столға қоясың» дегендей, біраз «қуырдым. Кейін ашу басылды. Мәселенің мән-жайын пайымдау керек қой. Ал, Анас болса, «жұмыстан қуылдым» деп үйінде сары уайымға салынып жатса керек. Түсіністік. Ол қатесін білді, жұмысын жалғастырды. Мұндай жағдайлар болып тұратын. Бірақ, «бас жарылып, көз шыққан» жоқ.

– Кезінде басшы қызметте болғандар мемуар жазуды әдетке айналдырған сыңайлы. Бір қызығы, олардың кейбіреулері кезінде қатар жүргендерді сынап, түрлі ой өрбітеді. Сіздің де айтатындарыңыз бар шығар?

– Ондай мемуарлардың біразын оқыдым да. Ол енді әркімнің өз шаруасы ғой. Жалпы, өзің журналистсің білесің, мақала жазу да оңай емес қой. Ал енді, өткен-кеткеннің бәрін тізіп, жұртқа ұсына беру абырой әпәре қоймас. Оның ішінде, өзің айтқандай, өзіңді асқақтатып, біреуді төмендетіп дегендей, ақылсудың тіпті қажеті жоқ. Сосын оған уақыт та керек қой. Уақыт көрсетер, мүмкін жазармыз. Әзірге, шығармашылықпен айналысуға уақытым да, зауқым да шамалы.

Ал жаңағы өзіңді асқақтатуға келер болсақ, «бір күн дәм татқанға қырық күн сәлемді» ұмытып, уақытында айтпағаныңды бүгін «бықсыту» ақылдының ісі емес. Сайып келгенде, әркім өз заманының пендесі.

– Қайреден аға, әңгімеңізге рахмет. «Арқа ажары» газетінің қалың оқырмандары атынан өзіңізге денсаулық, отбасыңызға амандық, ісіңізге табыс тілеймін. Сіз 80-нің сеңгіріне шыққанда, тағы бір ой бөліссек деймін.

– Алла соған жазсын!

(«Арқа ажары» газеті, 15 сәуір 2006 жыл).

ӨМІРДЕРЕК

Егор Яковлевич Каппель 1957 жылы Целиноград облысындағы Астрахан ауданында туған. 1980 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтын бітірген соң Вишнев (Аршалы) ауданында прораб болып еңбек жолын бастады. Кейіннен кеңшар директоры, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. 1995 жылдың қазан айынан 2004 жылға дейін Аршалы ауданының әкімі болды. 2004 жылдың мамыр айынан бастап Ерейментау ауданының әкімі.

**Ерейментау ауданының әкімі Егор Каппель:
«Алдағы қыруар істер қызықтырып,
еліктіріп барады»**

Ерейментау десе, жүрегі қазақпын деп соққан әрбір азаматтың селт етері сөзсіз. Әрі-бері тарихты қазбаламай-ақ, барша қазақтың хас батыры – Қанжығалы қарт Бөгенбайды, халқының шежіресі болған Үмбетей жырауды, бір ауыз сөзбен бітпес дауды тоқтатқан Саққұлақ би Бапан биді айтсақ та, Ереймен атты қасиетті өлкенің алты алаштың баласына қаншалықты қымбат екендігін пайымдауға болар.

Бүгінде де Ерейментау ауданы – Ақмола облысындағы ең іргелі аудандардың бірі. Осы ауданның тыныс-тірлігімен таныспақ болып аудан әкімі Егор Яковлевич КАППЕЛЬДІ әңгімеге тартқан едік.

–Егор Яковлевич, алдымен ауданның бүгінгі ахуалына қысқаша тоқталып өтсеңіз.

–Ерейментау өңірінің тарихы әріден басталатынын өзіңіз де білесіз. Оның бәрін қазбалап жату артық болар. Шүкір, бүгінде де Ерейментау ауданы облысымыздағы іргелі аудандардың бірі. Нақты деректерге жүгінер болсақ, 1 миллион 800 мың гектар алқапқа қанатын кең жайып жатқан Ерейментау алқабы облысымыздағы ең үлкен аудан.

Жалпы ауданда 36 мың тұрғын болса, соның 15 мыңы аудан орталығында тұрады. Өзіңіз білесіз, бір кездері аудан тұрғындарының біразы түрлі себептерге орай республикамыздан тыс жерлерге қоныс аударды. Осыған орай кейбір елді мекендер бос қалуға шақ қалды. Бүгінде алдымызда сол ауылдарды сақтап қалу ғана емес, бұрынғыдан да көркейте түсу міндеті тұр. Оның ішінде, әрине, аудан орталығының талап деңгейіне сай болуы қажет. Осыған орай біраз жұмыстар атқарудамыз. Мәселен, аудан орталығындағы орталық көшелерге асфальт төсеп, жол жиектерін қымтадық. Көптеген гүлзарлар жасалды. Олардың бәрін күтіп, баптайтын арнаулы адамдар бар.

–Оның бәріне қыруар қаржы қажет қой. Жалпы, аудан бюджетін толықтыратын кімдер деген мәселеге ойыссақ...

–Әрине, аудан қазынасын толтыру үшін өндіріс орындарының жұмыс істеуі қажет. Осыған орай бір кездері тоқтап қалған қиыршық тас заводын қайта іске қостық. Сондай-ақ, кварцит шығару жұмысын да жандандырдық. Қолдан-қолға өтіп, әбден қалжыраған «Сельхозхимия» кәсіпорнын сатып

алып, оның негізінде кірпіш заводын іске қоссақ, бұрынғы «Сельхозтехника» кәсіпорны негізінде Польша кәсіпкерлерімен келісіп, тротуар плиткаларын жасауды қолға алудамыз. Бүгінде олар монтаж жұмыстарын аяқтауға жақын. Сонымен қатар, «Толқын бидай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде шұжық өндіру цехын іске қосар күн де алыс емес.

–Әрине, кәсіпорындар жұмыстары жанданып, ауыл шаруашылығы құрылымдары дами бастаса аудан экономикасының алға басары сөзсіз.

Ал Ерейментаудың көз жауын алар жоталары, талай ақынның жырына арқау болған «Сұңқарқияның» өзі неге тұрады? Осыншама байлықтан неге пайда таппасқа? Нақтырақ айтсақ, ауданда туризм мәселесі қолға алынды ма?

–Ауданда туризмді дамыту тұрғысында арнайы жоба бар. Жуырда облыс әкімі Мәжит Есенбаевтың қатысуымен арнайы мәжіліс өті. Онда осы мәселеге байланысты барлық жұмыстар нақтыланды. Егер инвесторлар табылып жатса, бұл мәселе де өз шешімін тауып қалар. Біз өз тарапымыздан оларға жер бөліп, жұмыс істеулеріне жағдай туғызамыз. Өкінішке орай, әзірге бұл мәселеге бел шешіп кірісіп жатқан ешкім көрінбей тұр. Дегенмен, ынта білдірушілер бар. Ендігі мәселе бұл жұмысты жандандыру.

Жалпы, біздің аудан аумағындағы табиғи заказникте аң-құс атуға рұқсат жоқ. Дегенмен, туризмді дамыту тұрғысындағы жұмыстар қолға алынса, демалуға келушілерге белгілі бір шектеулі мөлшерде рұқсат беруге болады. Бұл да біз үшін әрине, қосымша қаржы көзі.

–Ауыл шаруашылығы жағдайы қалай?

–Жалпы, егіс саласы болсын, мал өсіру болсын, алдымен жағдайды толық зерттеп алған абзал. Мәселен, біздің ауданда «қайтсем бидай сатамынға» жүгініп, онды-солды егін егу мүлдем тиімсіз. Осыған байланысты біз аудандағы егіс алқаптарына мониторинг жүргіздік. Соның нәтижесінде біздің ауданда 150 мың гектар алқаптан артық жерге дән сіңіру тиімсіз екендігіне көз жеткіздік. Сондықтан, ауданда мал бастарын көбейтуді қолға аламыз.

Бүгінгі күні ауданымызда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын он фирма жұмыс істейді.

– «Жарылқаймын, қатырамын», – деп келіп тақырға отырғызатын фирмалар да болады. Инвесторлар қаншалықты сенімді?

–Бұл тұрғыда алаңдайтын ештеңе жоқ. Біздің де көрінгенге жем болатын жағдайымыз жоқ екендігін түсінген дұрыс. Ал енді бізге инвестор болған фирмаларға келер болсақ, «Қалқаман», «Бірсуат» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері, «Адал нан», «Сілеті-2» және тағы да басқа фирмалар бар. Олардың бәрі де нарықтық экономикада өз орындары бар белгілі фирмалар.

–Салық төлеу мәселесі қалай? Жоғарыда аттары аталған фирмалар қайда тіркелген? Қарапайым тілмен айтқанда, инвестор айран ішіп, сіздер шелек жалап қалмайсыздар ма, дегенім ғой...

–Бұлардың бәрі біздің ауданда тіркелген. Яғни, салық мәселесінде ешқандай сұрақ туындамайды. Сондай-ақ, біз олармен аудандағы әлеуметтік мәселелерді шешу тұрғысында да нақты келісімге келдік.

–Олай болса аудандағы кезегін күткен проблемаларға келелік. Олар қалай шешіледі?

–Бұл алдымен ауыз су мәселесі. Көптен жанды жеп келе жатқан бұл проблеманы биыл шеше бастадық. Мәселен, Еркіншілік ауылына су құбырын жүргізу үшін 70 миллион теңге қаржы игердік. Келесі жылы тағы да біршама қаржы игереміз. Сонымен қатар, Торғай елді мекенін де ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстарына 74 миллион теңге қаржы жұмсалды. Нақты айтар болсақ, ауданымызда төрт ауылды таза ауыз сумен қамтамасыз еттік.

– Бұл қайдан келген қаржы?

–Жоғарыда айтылған мәселелерді пысықтай келе, біз қажетті жұмыстар жобасын жасадық. Онда көрсетілген істердің бәрін дәлелдеп, шешім қабылдайтындардың көздерін жеткізбесең, «ала ғой» деп тағы ешкім айтпайды. Әбүйір болғанда, біздің жобамыз қолдау тапты. Соның нәтижесінде облыстық және республикалық бюджеттерден қаржы бөлінді. Енді міне, Звенигородка, Өлеңті ауылдарында ауыз су бар.

Айтпақшы, қаржы мәселесінде тек облыстық бюджетке қарап отырған жоқпыз. Бұл тұрғыда республикалық бюджет, Азия Даму Банкі тағы да басқа қаржы көздерімен жұмыс істеудеміз.

–Қаржы табылған соң басқа да істерді қолға алған боларсыздар?

–Әрине. Мәселен, қаладағы Бөгенбай атындағы мектеп ғимаратына қосымша спорт залын, асхана салдық. Сонымен қатар, 2006-2008 жылдары Үкіметтің қаулысына орай Малтабар ауылында бүгінгі заман талаптарына сай жаңа мектеп салынатын болды.

Ауданымызда атқарылып жатқан бұл жұмыстардың бәрі тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға септігін тигізеді. Сондай-ақ, жаңа жұмыс орындары пайда болып, тұрғындардың басқа жақтарға көшуі тоқталады.

Дегенмен, шешімі табылмаған проблемалар да баршылық. Мәселен, телефон байланысы, оның ішінде спутниктік байланыс жүйесін іске қосу міндеті тұр. Сондай-ақ, автомобиль жолдарын жөндеу де бірінші кезектегі жұмыстардың бірі. Бұл орайда ауданымыздағы шаруашылық құрылымдарының, аудандық бюджеттің есебінен біраз жұмыстар атқардық. Алайда, өзіңізге белгілі жол жөндеу қомақты қаржыны талап етеді. Енді осыған жоғарыда айтып өткенімдей, аудан аумағының өте үлкен екендігін қоссақ, қанша қаржы қажеттігін пайымдауға болар. Жалпы, ауданымызда облыстық дәрежедегі 128 шақырым жол бар. Сонымен қатар, елді мекендер аралықтарындағы жолдар тағы бар. Тағы да қайталап айтайын, мұның бәрін талап деңгейіне сай қалыпта ұстауға ауданның шамасы жете бермейді.

–Ерейментау ауданы бүгінде қаржылай қажетін өзі өтей алмайтын аудандар қатарына жатады. Нақтырақ айтсақ, дотацияға иек артасыздар. Жалпы, ауданның өз күнін өзі көретін мүмкіндігі бар ма?

–Бүгінгі күні біздің бюджетіміз 729 миллион теңгені құрайды. Әзірге шамамен 150 миллион теңгедей дотация аламыз. Ал енді аудан бюджетінің кіріс бөлігіне келетін болсақ, бүгінгі күні жоспардағыға шамамен 16 миллион теңге ғана жетіспейді. Біз мұны таяу күндері толық жабамыз деп айта аламын. Жалпы, аудан бюджетін негізінен темір жол, қиыршық тас заводы,

вагон жөндеу заводы, әскери завод сияқты өнеркәсіп орындары және жоғарыда айтып өткен инвесторлар толтырады. Аталмыш кәсіпорындардың бүгінгі жұмыс қарқынына қарап, бюджет мәселесінде іс алға басады деуге болады. Шындыққа жүгінсек, қандай да болсын аудан өзін-өзі толық қаржыландыруға тиіс. Алақан жайып отыру ешкімге әбүйір әпермейді ғой. Бәріміздің алдымызда тұрған басты міндет осы.

–Әңгіме арнасын тағы да әлеуметтік мәселелерге бұралық. Бір кезде тек аудан орталығының өзінде ғана 11 бала бақшасы болған еді. Бүгін бір ғана бақша жұмыс істейді бұл туралы не айтасыз?

–Биыл біз қалада 48 балаға арналған балабақшасын аштық. Ол үшін бос қалған бақша ғимаратын толық жөндеуден өткіздік. Мұның бір ерекшелігі ол мектеп-бақша деп аталады. Нақтырақ айтсақ, бірінші сынып осы балалар бақшасында оқытылады да, олар мектепке екінші сыныпқа барады. Сондай-ақ, Благодат селолық округі мен Олжабай ауылында да осындай мектеп-бақша ашуды межелеп отырмыз. Бұл орайда бұрынғы балалар бақшалары жабылып қалғанымен, ғимараттарын толық сақтап қалдық. Яғни, жаңадан ғимарат салудың қажеті жоқ, тек күрделі жөндеуден өткізсек жеткілікті.

Ал денсаулық сақтау саласына келетін болсақ, мұнда да жағдай біршама жақсарды. Жалпы, денсаулық сақтау саласы бүгінде облыстық бюджеттен қаржыландырылады. Дегенмен, аудандық аурухананы күрделі жөндеуден өткізуге қаржыны аудандық бюджеттен бөлдік. Осының нәтижесінде аудандық аурухана бүгінгі күннің өскелең талаптарына сай деңгейге жетті деп нық сеніммен айта аламыз. Сондай-ақ, барлық селолық округтерде жанұялық дәрігерлік амбулаториялар жұмыс істейді. Олар негізінен автокөлікпен қамтамасыз етілген, қысқы маусымға толық дайын.

–Сіз біраз жылдар бойы Аршалы ауданында әкім болдыңыз. Тәжірибелі басшы ретінде айтыңызшы, Сіз үшін қай ауданда жұмыс істеу жеңілрек болып сезіледі?

– Біріншіден, мен жоғары оқу орнын бітіріп келген жас маман ретінде еңбек жолымды Аршалы ауданында бастадым. Жалпы сол ауданда 25 жыл еңбек еттім. Сондай-ақ, Аршалы ауданының аумағы да тым үлкен емес. Астананың іргесінде орналасқандықтан, инвесторлар да көбірек ынта білдіреді. Осы тұрғыдан алып қарағанда ол ауданда жұмыс істеу жеңілдеу болды десем артық болмас. Дегенмен, Ерейментау ауданының да мен үшін орны бөлек. Мұндағы қыруар іс те қызықтырып, еліктіріп әкетіп барады.

– Сіздің әкім болғаныңызға 10 жыл болыпты. Тәжірибе жеткілікті, дәулет те бар шығар. Бизнеске кетсем деген ой келмей ме?

–Өзірге ондай ой жоқ. Айтпақшы, Аршалы ауданы әкімі қызметінен босатқан соң бір тәулік бойы әрі-сәрі күй кешкенім рас. Себебі, міндетімнен босатқан сәтте қызмет ұсынылған жоқ. Дегенмен, бір күннен соң Ерейментау ауданы әкімі қызметіне тағайындалдым. Жұмыссыз отырған бір тәулікте түрлі ой келгені рас. Әрине, әкімдікке ешкім жабысып қалмайды. Өзірге сенім артылған жұмысты атқарып жатқан жайым бар.

–Мәдениет саласында қандай істер атқарылуда?

–Біздің ауданымыз тарихи құндылықтарға өте бай екендігі белгілі. Біз жалпы мәдени мұраларға үлкен қамқорлықпен қараймыз. Мәселен, биыл жазда Бөгенбай батырдың үзеңгілес жолдасы Олжабай батырдың 300 жылдығын атап өттік. Сонымен қатар, аудандық сот ғимараты алдында Саққұлақ би мен Бапан бидің мүсінін орнатуды жоспарлап отырмыз. Кейінгі жастарымыз үшін мұның тәрбиелік мәні өте зор. Себебі, олар қазақ жерінде адам құқын қорғаудың тамыры өте тереңде екендігін білулері керек. Енді көптен ойда жүрген мәселе Бөгенбай батырға ескерткіш орнату. Сәтін салса, ол күн де алыс емес деп ойлаймын.

–Егор Яковлевич, ауданда өнеркәсіп дамып келеді екен. Бұл әрине, қуанарлық жағдай. Ал, мал шаруашылығы қай деңгейде. Бір кездері жылқы мен қара малды айтпағанда, Ерейментауда түйе өсіріліп, шұбат сапырылып еді ғой.

–Шындығында да, біздің аудан мал өсіруге өте қолайлы. Сондықтан, мал бастарын көбейтуді қолға ала бастадық. Мәселен, «Жолбасшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі несиеге 800 бас жылқы алды. Сонымен қатар, «Адал нан» серіктестігі де мал өсіруге баса назар аудара бастады. Бұл орайда малдың асыл тұқымды болуы қажет екендігін естен шығармау керек. Яғни, Астанаға сапалы ет, пакеттелген сүт жібере аламыз. Өкінішке орай, әзірге мал өнімдерін тереңдете өңдеу мүмкін болмай отыр. Дегенмен, Астанаға жақын орналасқандықтан, ет пен сүтті күн сайын жібере аламыз.

–Егор Яковлевич, әңгімеңізге рахмет. Алға қойған міндеттеріңізді абыроймен орындап шығуларыңызға тілектеспін.

(«Арқа ажары» газеті, 24 қыркүйек 2005 жыл).

ӨМІРДЕРЕК

Қайырбек Айтбайұлы ӨСКЕНБАЕВ. 1964 жылғы 24 қазанда туған. Білімі жоғары. КСРО Ішкі істер министрлігі Қарағанды Жоғары милиция мектебін, Ақмола аграрлық университетін, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетін бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты. Облыстық ішкі істер басқармасы тергеу бөлімі бастығының орынбасарынан бастап, Ақмола аумақтық мемлекеттік мүлік комитеті Бюросының директоры, Ақмола облысы бойынша мемлекеттік мүлікті басқару комитетінің төрағасы сынды жауапты қызметтер атқарған.

2006 жылғы шілде айынан бастап, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің төрағасы.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Қайырбек ӨСКЕНБАЕВ:

**«Қазақ даласының туризм орталығына
айналатындығына күмәнім жоқ»**

Бүгінгі таңда өркениетті елдер қатарына қосылу үшін осы заман талаптарына сай озық технологияларды игеру, нарық сұраныстарын үнемі

қадағалап отыру, шығаратын өнімдерінің күн сайын үдеп келе жатқан бәсекелестікке төтеп беруін қамтамасыз ету сияқты қағидаларды басты назарда ұстау қажет екендігі баршаға белгілі. Сондай-ақ, қандай да болмасын ел экономикасының негізі саналатын орта және шағын бизнестің қарқын алуы қажет.

Дегенмен, туризмді де қыруар қаржы көзіне айналдырып, ел экономикасының қарқынды дамуын қамтамасыз етіп отырған мемлекеттер аз емес. Қазақстанның да бұл тұрғыдағы мүмкіндіктері мол.

Ата-бабаларымыз аттың жалында, түйенің қомында жүріп, талай қанды шайқастарды бастан кешіріп, құрып кетуге шақ қалса да батыстағы қарт Каспийден таулы Алтайға, Сібір-сібірден өрікті-мейізді Талас пен Шу өзендеріне дейінгі ұлан байтақ кеңістікті найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды ғой. Енді соны дұрыс пайдаланып, тек жер қойнауындағы байлықтарды игеріп қана қоймай, табиғат сұлулығын да кәдеге жарататын кез келді.

Елімізде осы бағытта қандай игі шаралар іске асырылып жатыр, туризм саласының дамуы қай деңгейде деген сияқты сұрақтарға жауап іздеп, Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Қайырбек Айтбайұлы Өскенбаевты әңгімеге тартқан едік.

– Бізде де туризм саласы мемлекет қоржынына қомақты қаржы түсіруге тиіс дегенді көп айтамыз. Бұл өзгелерге еліктеу ме, әлде шынында да туризм саласында әлемдегі қалталыларды қызықтыра алатын мүмкіндігіміз бар ма?

– Бұл тұрғыда ісіміз алға басып келе жатқандығын дәлелдеу үшін алдымен бірер дерек келтірейін. Мәселен, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2006 жылы республикамыз бойынша барлығы 11 миллион 889 мың туристік қызмет көрсетілген екен. Әрине, бір қарағанда бұл онша үлкен көрсеткіш емес. Алайда, бізде туризмнің жаңа дамып келе жатқандығын ескерсек, көңілге үміт ұялайды. Біріншіден, бұл оның алдындағы жылмен салыстырғанда 11,6 пайызға көп.

– Көбейгені дұрыс, ал қалтаға не түсті деймін ғой?..

– 2006 жылы туристік саладан түскен табыс мөлшері 44,7 миллиард теңгені құрады. Бұл да оның алдындағы жылмен салыстырғанда 46,3 пайызға артқан. Сондай-ақ, туристерге қызмет көрсететін туристік фирмалар саны да артып отыр. Мысалы, 2005 жылы елімізде осындай 846 фирма болса, өткен жылы 921 туристік фирма қонақтарға, ішкі туризмге қызмет көрсеткен. Сырттан келетін туристермен қатар, халықтың әл-ауқатының жақсаруына орай елімізде ішкі туризм де дами бастады. Қарапайым тілмен айтқанда, тұрғындарымыз да ақшаларын тек материалдық қажеттілікке ғана емес, мазмұнды демалуға да жұмсай алатын жағдайға жетіп қалды.

– Мұндай жағдай сырттай бақылаушы болып қалмай, белгілі бір бағдарлама жасауға итермелейді ғой. Бұл тұрғыдағы Сіздердің әрекеттеріңіз?..

– Біздің Туризм және спорт министрлігі еліміздің позитивті туристік имиджін қалыптастыру мақсатында арнайы бағдарлама дайындады.

Аталмыш бағдарламада түрлі халықаралық форумдарға қатысу, туристік мәселелер бойынша көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыру, EuroNews, BBC, CNN сияқты әлемдік телеканалдарда жарнамалық бейнероликтер орналастыру және трансляциялау, сонымен қатар шетелдік БАҚ өкілдері үшін ақпараттық турлар ұйымдастыру мен басқа да жарнамалық-ақпараттық өнімдер шығару қарастырылған.

– Бұл министрлік тарапынан атқарылып жатқан тірліктер ғой. Мемлекеттік деңгейде ше?..

–Бәсекелестікке қабілетті туристік индустрияны қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бар. Бұл бағдарламаға орай, Қазақстан 2011 жылдың аяғына таман Орталық Азия аймағындағы туризм орталығына айналмақ.

–Сонда іс жүзінде қандай жұмыстар қолға алынады?

–Бұл тұрғыда қолға алынатын істер ұшан-теңіз. Нақтырақ айтар болсам, Ұлы Жібек жолының бойында және басқа да ірі туристік бағыттарда II, III жұлдызды деңгейдегі қонақ үй нысандарын салу, Түркістан қаласында мейманхана жүйесін, керуен-сарайлар салу сынды ауқымды жоспарлар бар. Сондай-ақ, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық туристік ұйым және ЮНЕСКО шеңберінде жүзеге асырылатын шаралар бар. Енді осыған Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында тау шаңғысы базаларын салу, туристік салада кадрлар дайындау сияқты істерді қосып айтсам, «ауызды құрғақ шөппен сүртіп отырмағандығымызға» сенетін боларсыз.

Ақмола облыстық «Арқа ажары» газеті оқырмандарына Щучье-Бурабай курорттық аймағында да туристік орталықтар салу үшін инвесторлармен келіссөздер жүргізіліп жатқандығын айта кеткім келеді.

–Араб шейхтері, басқа да байлар кең даламызды мекен ететін қаршыға, ителгі сынды қыран құстарымызды заңға сәйкес те, «жең ұшынан жалғасып» та алып кетуге құмар. Оған ақшаға қызыққан біздің мүмкіндігі бар кейбір азаматтарымыз да «үлес қосады» дегенді естіп жатырмыз. Бұл сұрақты Ауыл шаруашылығы министрлігіне де, Экология және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне де қойған едім. Өкінішке орай, «өгіз де өлмесін, арба да сынбасын» деген сыңайдағы жауап алдым. Мүмкін «перденің бетін сіз ашарсыз?..» Әлде бұл сіздің құзырыңызға жатпай ма?

–Шынында да бұл Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аң шаруашылығы комитетінің құзырындағы мәселе. Сондықтан, біреудің «қазанына қол сұға алмаймын». Дегенмен, біздің министрлік тарапынан аңшылық туризм мен ұлттық спортты жетілдіру мақсатында жыл сайын Алматы облысында, Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында қазақы тазылар мен қолдан баптаған қыран бүркіттеріміздің аңды қалай аулайтындығын тамашалауға мүмкіндік беретін «Бүркітші», «Сонар» атты шаралар өткізіп тұрамыз.

– Кейінгі уақытта Экологиялық туризм дегенді көп айтатын болдық. Бұл тұрғыда біраз жұмыстар тындырылған сыңайлы. Алғашқы нәтижелер туралы сөз қозғауға бола ма?

– Экологиялық туризм дегеніміз жалпы туризмнің бір бағыты. Мұндағы туристердің негізгі мақсаты – ашық табиғат аясына шығып, таза ауамен тыныстау, өздерінің танымдық, ғылыми және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Туризмнің бұл саласына баса назар аударылып отырғандығының себебі, бүгінгі таңда әлемдегі туристердің бұл бағытқа ерекше бейім қоюы.

–Біз оларға не ұсынып отырмыз?

–Қазақстанда экологиялық туризмді ерекше қорғалатын табиғи қорықтарда ұйымдастыруға кең мүмкіндік бар. Мәселен, еліміздегі 10 мемлекеттік табиғи қорық, 9 мемлекеттік ұлттық табиғи парк, 2 мемлекеттік орман табиғи резерваты, 50 мемлекеттік табиғи заказник, 26 табиғи ескерткіш, ботаникалық бақтар кімді де болса таң қалдыра алады.

Осыған орай, біз ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда 100-ге тарта жаяу жүру, атпен серуендеу, автомобиль және су жолдары бағыттарын қарастырдық. Олардың жалпы ұзындығы 4000 шақырымды құрайды.

Жалпы, бұл тұрғыда әлі де атқарылуға тиіс жұмыс өте көп. Оның ішінде Шығыс Қазақстан облысындағы Белуха тауындағы Рахманов бұлақтарын қалпына келтіру, Алматы облысындағы таулы аймақтарда курорттық жүйені жетілдіру жұмыстары бар.

Ал толығырақ айтар болсам, экологиялық туризм инфражүйесін қалыптастырудың бас жоспарын жасау қажет. Сонда қолға алған істер өз кезегінде жүзеге аса бастайды.

–Әйгілі қоқиқаздың (фламинго) мекені Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының туризм саласындағы орны қалай болмақ?

–Жалпы аумағы 258963 гектар жерді алып жатқан Қорғалжын қорығы аумағындағы көлдер жүйесі Орталық Азия-Үнді және Сібір-Шығыс Африка құстарының ұшу жолдары қиылысында орналасқан. Бұл көлдерді фламингоны айтпағанның өзінде, қызыл кітапқа енген басқа да көптеген аңқұстар мекен етеді. Сондай-ақ, балықтың 17, аз ұшырасатын және эндемикалық өсімдіктердің 7 түрі кездеседі. Енді осыған аталмыш қорықтың Бүкіләлемдік Табиғи мұра тізіміне енгендігін қоссақ, оның алар орны ерекше болатындығы айқын. Тек, мұнда да туристерге қолайлы жағдай туғызу қажет. Сонда ол өзінің лайықты орнын алады.

–Арқаның кербез сұлу Көкшетауының (Бурабай) жақын арада сауықхана орталығына айналатын түрі бар. Осыған орай, онсыз да ұйымдастыру мәселесінің бапты болмауына орай, едәуір ластанып қалған мақтанышымыздың «тамырына балта шауып» жүрмейміз бе, деген күдік жоқ емес...

–Өзіңіз айтып отырғандай, Щучье-Бурабай курорттық аймағында туристік орталық салу жоспарланып отыр. Осыған орай, бұл аймақта қонақ үйлер, мейрамханалар, сауық орталықтары, спорттық және әкімшілік

кешендері пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, жоғарыда айтылғандай, ойын бизнесі нысандары салынады.

Жалпы, әлемдік тәжірибе бойынша туристердің саяхаты кезінде олардың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін туристік бағыттағы нысандардың бір жерде болғаны дұрыс.

Ойын бизнесін арнайы бөлінген аймаққа көшіру өркениетті елдерде бар тәжірибе. Бұл орайда, әсіресе, әлемде өз орнын тапқан Макао қаласының тәжірибесі көңілге қонады. Макао – ашық порт, ірі қаржы орталығы. Ол өзінің казиноларымен, ипподромдарымен, түнгі клубтарымен әйгілі болып отыр. Неге бізге де осындай бір орталық ұйымдастырмасқа?..

Ал енді, сіз айтқандай, табиғатқа келуі мүмкін зардаптарға, келер болсақ, оның бәрі ескерілген, арнайы бағдарламамен белгіленген жоспарда барлық жағдай есепке алынған.

Ал ең бастысы, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес туристік орталықтар құрылысын жүргізуде, Бас жоспарды қабылдауда, олардың бәріне техникалық-экономикалық негіздеме жүргізуде экологиялық сараптама жасалады. Экологиялық Кодекске сәйкес «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасы шеңберінде бәрі қадағаланады. Сондықтан, бұл тұрғыда алаңдайтындай мәселе туындамайды деуге әбден болады.

–Қайырбек Айтбайұлы, мазмұнды әңгімеңізге рахмет. Туризмді дамыту тұрғысындағы жұмысыңыз жемісті болсын.

(«Арқа ажары» газеті, 26 маусым 2007 жыл).

**Астана қаласының әкімі Асқар МАМИН:
«Әлемнің сегізінші кереметі деп
текке айтылып жүрген жоқ!..»**

Бүгінгі таңда Астана қаласының өзіндік бет-бейнесі, қайталанбас келбеті айқындалып қалды. Сарыарқа төрінде, төрт жолдың торабында, Еуразияның кіндігіне қоныс тепкен қаламыз күн санап көркейіп келеді. Бұл жайында Елордамызға алыс-жақын шетелдерден келетін қонақтар да тамсана айтады. Әрине, Астананың Елорда мәртебесіне ие болғандығына әлі он жыл да толмағандығын ескерсек, алдағы уақытта талай таңдай қақтырар құрылыстар бой көтеріп, талай қайталанбас сәулет үлгілері бой көтеретіндігі хақ.

Осыған орай, астаналық, облыс саналатын Ақмола өңірінің тұрғындары да Елорданың тыныс-тірлігімен, ондағы ахуалмен жақынырақ таныссын деген ниетпен Астана қаласының әкімі Асқар Ұзақбайұлы Маминнің біздің тілшімізге берген сұхбатын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

–Асқар Ұзақбайұлы, Елордамыздың Сарыарқа төріне қоныс тепкеніне де 9 жылдан асып барады. Әрине, тарих тезіне салсақ, бұл қас-қағым сәт болып көрінуі мүмкін. Алайда, осы уақыт ішінде бұрынғы

Ақмоланың адам танымастай өзгергеніне өзіміз куәміз. Қалай ойлайсыз, бүгінгі Астана шын мәнінде Елорда болып қалыптасып үлгерді ме?

– Рас айтасыз, Ұлы тарихтың қас қағым уақытында бұрынғы қарапайым облыс орталығы таңдай қақтырар қайталанбас заманауи қалаға айналып отыр. 1999 жылы жаңа астананың көлемді құрылысына небәрі екі жыл толғанда ЮНЕСКО шешімімен Астанаға «Әлем қаласы» деген мәртебелі атақ берілген болатын. Бұл сол кездегі соны өзгерістер мен қала дамуының қарқындылығына қарап берілген баға еді. Шынында да, содан бергі уақыт ішінде Елордамыз әлем таныған алып шаһарға айналып, өзін жас тәуелсіз мемлекеттің әкімшілік орталығы ретінде мойындатып үлгерді. Бүгінгі таңда Елордамыз ел астаналарына жүктелетін халықаралық стандарттарға сай дамып келеді, яғни, қарқынды дамушы қалалардың арасынан өзіндік орынға ие болды.

– **Елбасы бір сөзінде: «Астана – менің мақтанышым, қуанышым, бел балам» деп еді...**

– Шынында да, Астанада бой көтерген әрбір маңызды нысан мен ғимарат Президенттің тікелей басшылығымен салынып келеді. Атап айтқанда, қала тіршілігін қамтамасыз ету, инженерлік және көлік инфрақұрылымы, әлеуметтік маңызы бар балабақша, мектеп, аурухана құрылыстары және мемлекеттік бағдарлама бойынша бой көтеріп жатқан тұрғын үйлер, осының бәрі Елбасының қатаң бақылауында.

– **Алдағы уақытта қала маңында орналасқан Александровка, Ақмол, Шортанды, Ақкөл елді мекендерін серіктес қалалар ретінде қалыптастыру жоспарланып отыр. Бұлардың бәрі қалаға жақын орналасқан ғой, мүмкін алдағы уақытта бұл елді мекендер қала құрамына кіретін шығар. Олай болған күнде Астананың Бас жоспарын қайта жасау қажеттілігі туындамай ма?**

– Жапон сәулетшісі Кисе Курокава Астана қаласының Бас жоспарын әзірлеу кезінде түрлі жағдайлар мен себептерге байланысты Елорданы дамытуды қала аймағындағы оның әсері тиетін елді мекендерді дамыту мәселесінен бөлек қарастырды. Қазіргі уақытта Астана қаласын және оның аймағындағы елді мекендерді бірегей елордалық агломерация ретінде байланыстыра дамытуды ескере отырып, қаланың Бас жоспарына түзету енгізу тұрғысында ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстары қолға алынды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуі бойынша қала шекарасы 710 шаршы километр аумақты құрайды. Қала халқының орташа тығыздығын Мәскеу қаласымен салыстырар болсақ, бұл аумаққа 5-6 миллион тұрғын оңай сиып кетеді екен. Сондықтан да, алдағы уақытта қала аумағын жақын маңдағы елді мекендер территориясын қосу арқылы ұлғайту жоспарда жоқ. Ал, өзіңіз айтқан Александровка, Ақмол, Шортанды, Ақкөл кенттерінде Астананың агломерациясына қосатын үлестеріне орай, құрылыс жұмыстары жалғаса беретін болады.

– **Қазақта «сырт көз – сыншы» деген сөз бар. Елорда құрылысына талайлар тамсанғанымен, кейде қаланың шет аймақтарында ыбырсыған қоқыс, бір-біріне жапсарласып салына берген ретсіз**

дәмханалар мен дүңгіршіктер туралы сырттан келгендердің сын-пікірлерін де құлағымыз шалып жататыны бар. Қала сыртындағы тазалық мәселесі әлі де шешімін таппай келе жатқан тәрізді. Бұған сіз не айтар едіңіз?

– Қаланың сәулеттік стилі өз алдына бөлек әңгіме. Бізде толығымен батыстық сәулет стилистикасына бет бұрып отырмыз деген теріс пікір қалыптасқан. Елордамыздың құрылысына отандық сәулетшілерімізбен қатар, төрткүл дүниеге танымал Шығыс пен Батыстың хас шеберлері атсалысуда. Біздің сәулетшілер архитектура саласына ұлттық қолтаңбасын қалдыруға тырысады. Менің ойымша, Астанада қайталанбас еуразиялық сәулет стилі қалыптасып келеді. Бұл стиль еуропалық, азиялық архитектураның ең үздік жетістіктерін бойына сіңіре отырып, ұлттық сәулеткерліктің төлғума келбетін дамытуда.

Қаланың шет аймақтарындағы өткен ғасырдың 40-50 жылдарында салынған үйлерге ретсіз жалғанған дүкендер мен дәмханалар шынында да, қаланың ажарын бұзып тұр. Өткен ғасырдың 90-жылдары бұрынғы КСРО территориясында орын алған бірыңғай жоспарлы шаруашылықтың ыдырауы мен қоғамның нарықтық қатынастарға көше бастаған шағында қала халқын тауармен және азық-түлікпен қамтамасыз ету, жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы шарттар жасау қажеттілігі туындады. Әрине, қалыптасқан жағдаймен күресу үшін қала әкімшілігіне халықтың қалыптасқан ділі мен қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың тілектерін орындауға тура келді. Осыған орай, өткен ғасырдың 40-50 жылдарында салынған үйлердің бірінші қабаттарын дүкен немесе дәмханаға лайықтап қайта жоспарлауға және қайта жабдықтауға келісім беріле бастады. Бірақ, ол кезде коммерциялық нысандардың сәулеттік келбетіне, қала архитектурасына аса мән беріле қойған жоқ.

Бүгінгі таңда ел экономикасы дағдарысты ахуалдан шығып, өрлеу үстінде. Қала халқының материалдық және қаржылық жағдайы біршама жақсарды. Сондықтан, ендігі жерде біз өз пәтерлерін дүкен немесе дәмханаға айналдырам деушілердің өз нысандарын Елордамыздың архитектуралық келбетіне сәйкес келтіруін қатаң қадағалайтын боламыз.

–Соңғы кезде тұрғындарға жер телімдерін бөліп беріп, кейіннен «бұл жерде Астанаға қажетті ғимарат тұрғызылады» деп, салынып қойған үйлерді бұзуға дейін барған жағдайлар орын алып жатыр. Мәселен, Б.Момышұлы даңғылының бойы мен Оңтүстік-шығыс ауданындағы осындай оқиғалар туралы не айтар едіңіз?

–Жапон сәулетшілері әзірлеген Бас жоспарда қаланың Оңтүстік-шығыс бөлігінде жеке тұрғын үй салуға рұқсат берілген болатын. Қазіргі уақытта Елорданың нақты мүмкіндіктеріне және қажеттіліктеріне орай Бас жоспарға елеулі түзетулер енгізуге тура келіп отыр. Алдағы уақытта қала халқының саны жоғары көрсеткіштерге жететіндігін ескере келіп, қазіргі жер үйлердің орнына осы заманға сай көп пәтерлі тұрғын үй кешендерін тұрғызу қажет деп табылды.

–Қазіргі кезде қала құрамына енген Ильинка ауылының маңында XII ғасырда үлкен қала болғандығы анықталды. Егер қала құрылысы құлашын кеңге жаятын болса, осы қала орнының тағдыры қалай шешілуі мүмкін?

–Иә, 1999 жылы белгілі археолог Кемал Ақышевтың Ильинка кенті маңында орта ғасырлық қалашықтың орнын тапқаны белгілі. Кейіннен жүргізілген археологиялық қазбалардың нәтижелеріне орай, халықаралық археологиялық семинар өткізілді. Онда қаланың тарихи-мәдени құндылықтары IX-XI ғасырларға тиесілі дүниелер екендігі анықталды.

Енді бас жоспарға енгізілетін өзгерістер бойынша бұл қалашықтың орнына, негізінен, этно-мемориалды мұражай ашу көзделіп отыр. Аталмыш қалашық Астана территориясының шекарасына жатқызылады. Сол себептен бұл ауданда келешекте қарқынды құрылыс жұмыстары жүргізіле бастайды.

–Ал, қала маңындағы қазіргі «Лесозавод», «Чугунка» шағын аудандары қалай дамымақ?

– «Лесозавод», «Чугунка» аудандарында кеңестік кезеңде бір қабатты үйлер салу қарқынды жүргізілген. Астана Ақмолаға көшірілгеннен кейін де мұндай құрылыс жалғаса берді. Нәтижесінде негізгі аймақтан темір жол магистралімен бөлінетін, жағымсыз экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдағы өнеркәсіптік-қоймалы ауданда бір қабатты үйлерден тұратын кенттер пайда болды. Бұл елді мекендер ретсіз салынғандықтан қарапайым абаттандыру мен инженерлік желілер жоқ. Көшелер де жүйесіз орналасқан.

Қазіргі таңда Бас жоспарды түзетумен айналысып жатқан жобалаушылар осы аудандарды неғұрлым тиімді дамыту жолдарын іздестіру үстінде. Жалпы, экологиялық және санитарлық жағдайларды ескерсек, бұл аудандарда тұрғын үйлердің құрылысына жол берілмеуі тиіс. Ал, өнеркәсіп орындарын салу өте тиімді шешім болар еді.

Алайда, мұнда көптеген отбасылар қоныс тепкен. Сондықтан, рұқсатсыз құрылыстарды тоқтату, өнеркәсіптік аумақты кеңейту үшін өтемақы мүмкіндіктерін есептеу, яғни, осы жерді тұрақтанған халықты жаңа баспанамен қамтамасыз ету қажет. Бұл мәселелерді шешу енді біздің міндетіміз.

–Қала басшысы ретінде Астананың алдағы 10 жылдан кейінгі келбетін көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Мүмкін сол кезде өз бастамаңызбен тұрғызылған нысандарға мақтанышпен қарайтын сәт туатын шығар.

–10 жылдан кейін Астана жанға жайлы, жасыл желекке оранған қала болады деп сенімді түрде айта аламын. Елордамыз ғылым, білім, өнер мен жоғары технологиялардың қаласы болады. Сондай-ақ, Еуразия кеңістігіндегі мәдени, экономикалық және саяси қарым-қатынас орталығына айналады.

Өзім осы қалада туып, өскендіктен, қала тұрғындарының алдындағы аса үлкен жауапкершілігімді сезінемін. Елбасы тапсырмасы бойынша Астана XXI ғасырдың үлгілі, бетке ұстар қаласына айналуы тиіс. Менің түсінігімде қала тек сыртқы келбетімен ғана қызықтырмауы тиіс. Елордамыздың зәулім

үйлері мен ғимараттары ғана көзге ұрып тұрмаса деймін. Қала қонақтары тек сәулет өнерін ғана тілге тиек етпеуі қажет. Еліміздің жүрегі Астана халықты өзінің ішкі сұлулығымен баурап, бірде-бір қонақты бейжай қалдырмауы керек. Менің ойымша, қала ең алдымен, тұрғындардың өмірі үшін жайлы да, ыңғайлы салынуы тиіс.

Сондықтан, назарға алуға болатын бастамалар қатарында мен қаланы басқарған аз ғана уақыт ішінде әзірленіп, жүзеге асырылып жатқан 2007-2010 жылдарға арналған Астананың әлеуметтік қорғалатын тұрғындары тобын тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламасын атаған болар едім.

–Нақты деректер келтіре кетсеңіз...

–Нақтырақ айтсам, 2010 жылға дейін әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын тұрғындарға арналған 20 мыңнан астам пәтер салу жоспарда бар. Бұл бастама осы салада қордаланып қалған мәселелердің біразын шешуге септігін тигізеді. Аталмыш шара 2008-2010 жылдарға арналған Астана қаласының тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылады.

Астана аулаларын абаттандыру және балалардың спорт алаңқайлары мен футбол алаңдарын салу бағдарламалары да кезек күттірмейтін іс-шаралар. Бүгінге дейін Астананың 330 ауласын абаттандыру жұмыстары мен балалар алаңқайларын орнату, 75 футбол алаңының құрылысы ойдағыдай аяқталды. Бұл бағдарламалардың барлығы да мыңдаған астаналықтардың өмір сапасын жақсарту жолындағы қарышты қадамдарымыздың бастамасы ғана болмақ. Алда әлі талай ауқымды істер тұр.

–Асқар Ұзақбайұлы, мазмұнды әңгімеңізге рахмет. Ісіңізге табыс тілеймін!

(«Арқа ажары» газеті, 18 тамыз 2007 жыл).

Бас қаламыздың нақты даму идеологиясы бар
Ол – Елордамызды халықаралық ынтымақтастық пен туризм
орталығына айналдыру мүддесі

Баир ДОСМАҒАМБЕТОВ,
Астана қаласының бас жоспары ғылыми-зерттеу жобалау
институтының директоры

Ғасырлар тоғысында, нақтырақ айтар болсақ, мыңжылдықтар айрығында Еуразияның кіндігінде бой көтере бастаған Қазақ елінің бас қаласы Астана бүгінде өзінің сән-салтанатымен, сәулет өнерінің қайталанбас туындыларымен толығып, көптің көзайымына айналып келеді. Әрине, бұрынғы Ақмоланың Елорда мәртебесіне айналғанынан бергі 14 жыл тарих үшін қас-қағым сәт қана. «Мәскеу бір күнде салынған жоқ» деген қағидаға сүйенсек, Астананың әлемдегі ең әсем

қалалардың біріне айналар күні әлі алда. Яғни, әлі де талай құрылыстар салынады, небір ғажап нысандар бой көтереді. Астана күніне орай, Елордамыздың болашағы, даму үрдісіндегі ерекшеліктері, қандай болмақ деген сұрақтарға жауап іздеп, «Астана қаласының бас жоспары ҒЗЖИ» кәсіпорнының директоры Баир Досмағамбетовпен сұхбаттасқан едік.

– «Хан Шатыр», «Бәйтерек», «Астана-арена» және тағы да басқа сәулеті қайталанбас нысандар бүгінде Астананың көркіне айналды. Бұлардан басқа да кептеген ғимараттар бой көтерді. Алайда Астананың кезінде атақты жапондық сәулетші Кисе Куракава дайындаған Бас жоспары біраз өзгерістерге ұшырағандығы белгілі. Оған не себеп болды?

– Қаланың өсуі мен дамуы бақылауға және реттеуге бағынбайтын стихиялық үдеріске айналмауы үшін қала құрылысы құжаттары, соның ішінде ең маңыздысы Бас жоспар негізінде қала құрылысын реттеу қажет.

Бас жоспардың мақсаты аумақты жоспарлы, үйлесімді түрде дамыту, адамдар үшін жайлы, қауіпсіз тіршілік ортасын құру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі №310 Жарлығымен бекітілген Елбасының Қазақстан халқына Жолдауындағы 2005-2007 жылдарда жыл сайын іске асырылуы тиіс негізгі бағыттардың (шаралардың) жалпы ұлттық жоспарының 75-тармағын орындау үшін Астана қаласының әкімдігі 2007-2008 жылдары Астана қаласын дамыту бас жоспарының бірінші кезеңіне түзетулер енгізу ұйымдастырды. Түзету енгізу Астана қаласының бас жоспары ҒЗЖИ» МКК ұжымына тапсырылды. 2009 жылғы қаңтардан бастап 2010 жылғы желтоқсан аралығында 2011-2030 жылдарды қамти отырып Астана қаласының бас жоспарына түзету енгізу бойынша жұмыстар жалғасты.

«Астана қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы №1604 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 шілдедегі № 884 қаулысымен 2030 жылға дейінгі Астана қаласының бас жоспарына түзетулер бекітілді.

Қаланы реттеуші құжаттарға түзету енгізу қажеттілігі Астана қаласының қарқынды экономикалық және қала құрылыстық дамуынан және елорда тұрғындарының саны мен еліміздің экономикалық даму көрсеткіштерінің жылдам өсуінен туындады. Нәтижесінде доктор Кисе Куракаваның бас жоспарында көрсетілген 2010 жылға арналған қала құрылысы көрсеткіштері 2002 жылы халықтың саны жағынан және 2005 жылы өңірлік ішкі жалпы өнім көрсеткіші бойынша асып кетті. Қолданыстағы бас жоспарға жаңа жағдайлар мен мүмкіндіктерді ескере отырып түзетулер енгізу қажет болды. Дегенмен, доктор Кисе Куракаваның бас жоспарында көрсетілген негізгі идеялар, аумақтың құрылысы қағидаттар күшінде қалып отыр.

Басқаша айтқанда, ел экономикасының қарқынды дамуы және елорда құрылысының жылдам өсуі халық саны мен тұрғын үй құрылысы көлемінің

өсу шапшаңдығын анықтап берді, яғни, жапон халықаралық ынтымақтастығы агенттігі (ЖХЫА) әзірлеп, 2001 жылы бекітілген бас жоспар шешімдерімен сәйкессіздік туындады.

–Сіздер тек жобалау емес, толыққанды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізесіздер. Бұл орайда Астанада құрылыс жүргізудегі басты талаптар қандай? Бұл арада ауа райының қаталдығы, Астанадағы жер бедерінің ерекшелігі құрылыс жобаларына қандай өзгерістер немесе ерекше талаптар қояды дегенім ғой («Үйлер суық, сапасы төмен» деген мәселе жиі айтылатын болып жүр).

–Тұрғын үйлер, ғимараттар мен құрылымдар құрылысының сапасы қазіргі уақытта өте өзекті болып тұр. Бұл жобалау-зерттеу жұмыстары мәселесінен айырып қарастыруға болмайтын кешенді мәселе болып табылады. Тек нормативтік құжаттар әзірлеу құрылыс сапасын жақсартуға мүмкіндік бермейді. Ол жобалау, зерттеу жұмыстарының сапасы, құрылыс технологияларының сақталуын бақылаудың толық жүйесі. Мұнда нобай жобаларының жұмысшы жобалау құжаттамалары, түбегейлі жоспарлау жобалары және бас жоспарға сәйкес келуіне бақылау жасау маңызды. Өз құзыретіміз шеңберінде осы мәселелерді қадағалап отырамыз.

Біздің жобалау институты өз күшімен 2007-2008 жылдары «Астана қаласын жоспарлау және салу» ҚР ҚНЖЕ 3.01-01Ас-2007, «Астана қаласы аумағын кешенді абаттандыруды жобалаудың нормалары мен ережелері» ҚР ҚНЖЕ 3.01-02 Ас-2008 әзірлеп шықты және белгіленген тәртіпке сәйкес бекітті. Аталған нормативтерді әзірлеу кезінде климаттық және басқа да талаптар ескерілді.

2008-2009 жылдары алдыңғы қатарлы елдердің құрылысы саласындағы халықаралық нормативтік-техникалық құжаттар мәліметтерінің базасын жасау жұмыстары жүргізілді және жобалау құжаттамаларын әзірлейтін заңды және жеке тұлғалардың жалпы алаңдық сызбаларды (бас жоспарлар, құрылыс объектілерін абаттандыру) жобалау нормаларын сақтауына мониторинг жүргізуді ұйымдастырды.

2010-2012 жылдары аталған жұмыстар жүргізілмейді, өйткені, жергілікті бюджетте осы мақсатқа қаражат болмады. Солай десек те, 2010 жылы Астана қаласының құрылысын жүргізу ережелері әзірленді және белгіленген тәртіпте бекітілді.

Сонымен қатар, 2011 жылы басқа аспектілермен қатар қасбеттерді безендіру бойынша нұсқау әзірленген Астана қаласын сәулеттік-көркемдік безендірудің кешенді сызбасының жобасы әзірленді және бекітілді.

Астана қаласының кешенді құрылысын ұйымдастырылуын бақылауды камтамасыз ету үшін Астана қаласының қала құрылысы кеңесі тұрақты жұмыс істейді, елорда объектілерінің нобай идеясына халықаралық сәулеттік және қала құрылысы конкурстары ұйымдастырылады, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы елорданың Сәулет кеңесінің отырыстары ұйымдастырылады.

Елорда объектілерінің нобай жобаларын Астана қаласының қала құрылысы кеңесінің қарастыруы кезеңінде сертификатталған құрылыс

материалдарын пайдалану мәселесі қатаң қадағаланады. Мысалы, қазіргі уақытта алюкобонд (барлық объектілерде) және керамогранит (биік объектілерде) сияқты әрлеу материалдарын пайдалануға тыйым салынған. Травертин, әрлеу кірпіші, майлау, мәрмәр, тегістелген гранит, юникс және т.б. материалдарды қолдануға ұсыныс береді.

Жобалаушы және құрылыс компанияларына замануи сертификатталған материалдар, құрылыс материалдары және құрылымдар туралы ақпарат беру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы тұрақты негізде (ай сайын) семинарлар өткізіп тұрады. Семинарларға Астана қаласының жобалауды ұйымдастыру және құрылыс компаниялары, шығармашылық және кәсіптік одақтар қатысады.

Мысалы, 2010-2012 жылдары Астана қаласы бас жоспарының ҒЗЖИ шынылау және сөре орнату материалдарын шығаратын «Қазақстандағы SCUCO» неміс компаниясының және басқа да компаниялар өкілдерімен семинарлар өткізді. Семинарлар барысында шынылау, сөрелер салу, қуаттың балама көздері бойынша материалдардың тұсаукесері болды. Аталған материалдар жоғары сапасымен, өртке қауіпсіздігімен, жылу мен шудан қорғандық жоғары деңгейімен ерекшеленеді. 2010 жылдың наурызында Лак-бояу зауытының (Ресей, Санкт-Петербург қаласы) өкілдері шақырылған осыған ұқсас семинар өткізілді. Жоғары сапалы және қауіпсіз құрылыс және әрлеу материалдарын Қазақстанда шығаратын және жеткізетін неміс және ресейлік компаниялардың қатысуымен барлығы 20-дан астам семинар өткізілді.

Қазіргі уақытта нормативтік құжаттарды әзірлеумен Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі тұлғасындағы орталық уәкілетті орган айналысады.

–Тұрғындарды көп толғандыратын мәселелердің бірі – көпқабатты үйлер маңында автотұрақтардың жетіспеушілігі. Жалпы, Астанада бұл мәселе өткір тұр. Бұл жай болашақта қаншалықты ескерілмекші?

–Астана қаласының бас жоспарында қабылданған нормаларға сәйкес негізінен көп қабатты үйлердің астынан автотұрақтар және паркингтер салу қарастырылған және оларды орналастыру орындары да көзделген. Жобаланатын объектілердің сәулеттік-жоспарлау тапсырмаларына жобаланған объектілерде паркингтердің, интернетке қолжетімділіктің, орталықтандырылған ауа баптағыш, қуат көздерін үнемдейтін технологиялар қолдану туралы міндетті талаптар және басқа да халықаралық стандарттарға сәйкес талаптар енгізілген.

Олардың тәжірибеде іске асырыла бермейтіндігі өзге мәселе.

Елорданың барлық объектілерінің нобай жобасын Астана қаласының қала құрылысы кеңесінде қарастыру кезінде сәулеттік-жоспарлау тапсырмаларындағы жоғарыда аталған талаптардың орындалуына ерекше назар аударылады. Осы орайды белгіленген талаптарға жауап бере алатын құрылыс объектілерінің аяқталуын 2013-2014 жылдарға қарай болжап отырмыз.

Көлік қою орындарын салу және пайдалануға беру өткен жылы олардың санын 2010 жылдың аяғымен салыстырғанда екі есеге көбейді.

Астана қаласының тұрғын үй қорын көлік қою орындарымен қамтамасыз етуін талдау Астана қаласының қалыптасқан бөлігінде осы мәселе өзекті болып отырғандығын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай құрылыс аудандары көлік қою орындарымен қамтамасыз етілмеген.

*60 жылдардың ортасына дейін салынған 2-3 қабатты тұрғын үй қорының аудандары;

*1970 жылдардан бастап 1990 жылдарда салынған көпшілікке арналған блок-панелді үй құрылысы аудандары;

*Тұрғын үй кешендері жобаларының құрамына паркингтерді кіргізу талабы міндеттелмей тұрып, 2005 жылдарға дейін салынған тұрғын үйлер;

* Әлемдік қаржылық дағдарыстан шығу кезеңінде (2007-2011 жж) экономиканы тұрақтандыру жөніндегі шаралар шеңберінде жүзеге асырылған және тұрғын үйді пайдалануға беру басым міндетке айналған кезде құрылысын аяқтау жүзеге асырылған тұрғын үйлер.

Астана қаласының қалыптасқан бөлігіндегі жоғарыда аталған аудандарда паркингтер мен гараждар орналастыру ұсынылған 150-ден астам алаңқай анықталды және резервтелді. Қазіргі уақытта жоғарыда аталған алаңқайларды іргелес тұрғын үйлердің тұрғындарына қызмет көрсетуге арналған көп қабатты, жер беті және жер асты паркингтерін салуға бөлу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осылайша, қазір бар паркингтерді есепке ала отырып және жаңасын сала отырып 2015 жылға қарай 52 мың көлік орнына паркингпен қамтамасыз ету жоспары бар. Осы бағыттағы жұмыстар жалғастырылуда.

–Әбден жауыр болған сұрақ шығар, дегенмен, Астананың Қазақстанның елордасы екендігін айқындап тұратын нысандар қандай болуы керек деп ойлайсыз? Қаладағы кейінгі уақытта салынған құрылыстардың әсемдігіне ешкімнің дауы жоқ шығар. Алайда «қазақтың исі шығып тұратын» дегендей бір ерекшелік болуға тиіс емес пе?..

–Астана қаласының сәулетінде Шығыс пен Батыстың мәдени ерекшеліктерінің идеясы үйлесімді өріліп жатыр. Астана Еуразияның жүрегінде бой көтергенін Мемлекет басшысы бірнеше рет қайталап айтқан болатын. Бас жоспардың тұжырымды негізін мен бір сөзбен «Үйлесімділік» деп атар едім. Барлық нәрсенің: табиғат пен қаланың дамуында, жаңашылдық пен дәстүрдің бірігуіндегі, адам мен қала тірлігінің, техника мен адамның қарым-қатынасындағы үйлесімділігі. Біздің қаламыздың нақты даму идеологиясы бар, оның мәні Астананы халықаралық ынтымақтастық пен туризм орталығының біріне айналдыру.

Қазақстанның жаңа елордасының көркемдік образы жиырма бірінші ғасырдың сәулеттік стилінің жаңа бағыттарына сай келуі тиіс және сонымен қатар Республикамызда тұратын түрлі халықтардың мәдениеті мен этностарының элементтерімен және нысандарымен үйлесім табуы тиіс. Яғни,

қала өзінің көркемдік құрылымы бойынша Еуразиялық кеңістіктегі мәдениет пен халықтардың симбиозын құрауы тиіс. Жиырма бірінші ғасырдың сәулеттік дамуының жаңа деңгейіне өтуді біз әлемнің көрнекті сәулет шеберлерін қаланың бірегей және елеулі объектілерін жобалауға тарту арқылы бағындырамыз деп есептейміз. Атап айтқанда, осының бір мысалы заманымыздың көрнекті сәулетшісі Норманн Фостердің жобасы бойынша салынған Бейбітшілік пен келісім сарайы болып табылады.

Осылайша, Астананың сәулеті үшін ізденіс, инновация және рухани әлемге саяхат жасау тән құбылыс. Қазақстанның сәулетшілері өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып Астана қаласын жаңа идеялар мен қала құрылысы тұжырымдамасының үлгісі мен генерациясының алаңына айналдырып жіберді. Нақты алғанда, қазіргі уақытта шығармашылық ортада сәулеттегі өзіндік ізі мен ұлттық нақышты іздестіру мәселелері қызу талқыға түсуде. Осындай үлгінің бірі заманауи техникалық құралдардың терең көркемдік-эстетикалық құндылықтарынан көрініс беретін хай-тек пен ұлттық деңгейдегі симбиоздың қайталанбас үйлесімі болып табылады. Астана келешекте Орталық Азиядағы ғылым, мәдениет пен халықаралық ынтымақтастық пен қарым-қатынас орталықтарының біріне айналады.

Қазақстанның елордасы ұзындығынан да, енінен де тоқтаусыз және қуатты өсіп келе жатыр әрі барлық жұртты таң қалдырып, таңдай қақтыруда. Жаңалықтарды батыл ендіріп, дәстүрлерді сақтаудың негізінде және жоспарлар мен бағдарламаларға қажетті түзетулер мен өзгерістерді жедел енгізе отырып салынып жатқан Астана – келешек қаласы.

Қаланың сәулеті туралы сауал жеке, жан-жақты жауапты талап етеді. Қысқаша айтқанда, батыстың сәулет стилистикасын толық ұстану туралы ұғым дұрыс емес. Қала құрылысына біздің сәулетшілерімізбен қатар, Батыс пен Шығыстың әлемдік сәулет шеберлері қатар қатысады. Бірегей объектілер тек Норманн Фостер және Манфреди Николетти сияқты тек Еуропа сәулетшілерінің жобасымен ғана емес, Кисе Курокава және басқа да Азиядан келген атақты әріптестеріміздің жобасымен де салынып жатқанын көріп жүрсіздер. Өз сәулетшілеріміз сәулеттегі қазақстандық ұлттық стильді іздейді. Батыс сәулетшілері өз тәжірибесімен және жетістіктерімен бөліседі, Елордамызға Еуропа стилін енгізеді, Шығыс сәулетшілері олармен жарысып, заманауи Азия рухына жақын ғимараттар мен құрылымдар жасайды. Астанада Еуропаның да, Азияның да ең үздік сәулет жетістіктерін бойына сіңірген, сонымен қатар өзінің ұлттық сәулет белгілерін де дамытатын қайталанбас стилі қалыптасады деп ойлаймын.

Қол жеткізілген нәтижелер туралы айтатын болсақ, Астанада кейінгі жылдары сәулеті жағынан бірегей және ерекше айшықталған объектілер көптеп бой көтергенін сөз қылар едім. Олардың арасында биік тұрғын үй кешендері де, қоғамдық ғимараттар ансамблі де бар. Астананың еліміздің тұрғындары үшін ғана емес, алыс-жақын шетел туристері үшін де қызықты да тартымды қалаға айналуына жобалары бойынша осындай заманауи сәулет ғимараттары мен құрылымдары бой көтерген сәулетшілер зор еңбек сіңірді. Соның ішінде, Цирк ғимаратын, Ислам мәдениет орталығын, Жоғарғы сот,

Дөңгелек алаң ансамблінің ғимараттары кешенін, кейінгі жылдары бой көтерген стадион, велотрек, мұзды сарай және басқа да спорт объектілерін айта кетуге болады.

–Кейінгі уақытта Елордамызда салынуға тиіс аспалы жолдар туралы көп айтылып жүр. Оның құрылысы қашан басталады?

–Сіз ЖРТ – жеңіл рельсті трамвай құрылысын айтып отырған боларсыз? Егер ол болса, ЖРТ трассасының сызбасы жер үсті немесе эстакада, сондай-ақ, жер беті тәсілін де болжап отыр. Қазіргі уақытта жоба әзірленді, осы жобаны іске асырумен айналысатын және ол туралы жан-жақты және толық айтып бере алатын «Астана-LRT» ЖШС құрылды.

ЖРТ құрылысы елордадағы қоғамдық көлік жүйесін дамыту үшін өте маңызды екендігін және көліктік қолжетімділік мәселелерін шешуге, қаламыздың тартымды болуына мүмкіндік жасайды, елорда тұрғындары үшін де, қонақтар үшін де қолайлы жағдай жасайтынын ғана айтқым келеді.

–Астанаға серіктес қалалар болуға тиіс Ақмола облысы аумағындағы «Жібек жолы», «Ақмол», «Бозайғыр» елді мекендерінде ешқандай өзгеріс байқалмайды.

–Әңгіме дәл Сіз атап отырған елді мекендерде серіктес қалалар жасау туралы болып отырған жоқ. Қазіргі уақытта біз Астана қаласы қала маңы аймағының қала құрылысын дамытудың кешенді сызбасын әзірлеу үстіндеміз. Жобалау жұмыстарын аяқтау мерзімі – ағымдағы жылдың желтоқсаны. Қазіргі уақытта біз қала маңы аумағының ресурстық әлеуетін зерттедік және осы талдау негізінде жобалау шешімдері дайындалатын болады.

Серіктес қалаларды қай бағытта дамыту керек екендігі туралы ұсыныстарды әзірлеу кезінде қолда бар ресурстарды, оның ішінде еңбек және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану ескерілуі керек. Осылайша біз бұл серіктес қалаларды қай бағытта дамыту туралы ұсыныстар енгіземіз, көлік-логистикалық орталықтар, емдеу-сауықтыру, ғылыми-зерттеу, көрме орталықтары және т.б. дамуы мүмкін контрмагниттерін қарастырамыз.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі елорда шекарасынан 30 шақырым радиуста орналасқан елді мекендерді дамытудың қала құрылысын ерекше реттеу қағидаларын бекітті. Бұл Астанаға іргелес жатқан ауылдарда стихиялы құрылыстарды болдырмау арқылы аумақтың үйлесімді дамуын қамтамасыз ету, елді мекендердің құрылысына көзқарасты өзгерту қажеттігінен туындаған, осылайша, жергілікті билік келіп орналасатын халықты еңбекпен қамтуды ойлауы, балама жұмыстармен қамту үшін жағдай жасауды, әлеуметтік және инженерлік-көліктік инфрақұрылымды дамытуды ойлауы керек.

–Қаланың «Лесозавод» сынды шет аймақтарында қандай құрылыстар бой көтереді? Жалпы ескі үйлер көп шоғырланған қаланың ескі бөлігінің болашағы қандай?

–Астана қаласының әкімдігі қаланың шет аймақтарын дамыту бойынша арнайы бағдарлама қабылдағаны және іске асырып жатқаны белгілі, көлік

және инженерлік инфрақұрылым жобалануда және салынууда, шет аймақ тұрғындарына медициналық қызмет көрсету мәселесі шешілуде.

Ескі, қираған үйлердің мәселесіне қатысты шетелдердің тәжірибесін ескере отырып, Астананың қалыптасқан бөлігін қайта жаңарту жобасын әзірлегенімізді айта кету керек. Анкара (Түркияның астанасы) қаласының қалалық ортаны жаңарту және әлеуметтік тұрғын үй салу тәжірибесі назар аударарлықтай, осы бағдарлама шеңберінде жаңа тұрғын үйлердің жартысы бұзылатын үйлердің орнына беріледі екен, ал қалған бөлігі сатуға шығарылады.

Біз Астана қаласы бойынша мемлекеттік кәсіпорындардың қираған үйлерді бұзуды ұйымдастыруы және олардың орнына жаңа көп қабатты тұрғын үй кешендерін салуы бойынша осыған ұқсас ұсыныстар әзірледік.

Жалпы алғанда Астана қаласының қалыптасқан бөлігінде 42 қайта жаңарту ауданына бөлінген 3000-ға жуық үй қайта жаңартуды талап етеді. Онда өткен ғасырдың ортасында салынған бір, екі, үш және төрт қабатты үйлер бар.

Астана қаласының әкімдігі бұзу және бұзылған үйдің орнына жаңа тұрғын үйден алаңы бірдей үй ұсыну механизмдерін әзірледі, шараның тиімділігі есептелді және мұны серпінді жоба ретінде «Қолжетімді баспана-2020» республикалық бағдарламаға енгізу бойынша ұсыныстар енгізді. Аталмыш жоба сараптамадан өткізіліп, орталық мемлекеттік органдармен келісілген соң жүзеге асырылуға тиіс.

–Мазмұнды әңгіменізге рахмет! Өзіңіз айтқандай, Бас жоспардың негізгі тұжырымы жаңашылдық пен дәстүрдің бірігуі, қала құрылысындағы жалпы үйлесімділікті жүзеге асыру жолындағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

(«Арқа ажары» газеті, 5 шілде 2012 жыл).

Целиноград ауданының әкімі Бақберген МӘУЛЕНОВ:

**«Елорда келбетіне сай болуымызға үкімет те ынталы,
облыс, аудан да ұмтылып келеді»**

Ақмола облысының Целиноград, Аршалы, Шортанды аудандарына қарасты елді мекендердің біразы Елордамыз – Астана қаласын айнала орналасқандығы белгілі. Яғни, аталмыш аудандар шаруашылықтарының еліміздің бас қаласын сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етудегі алар орны ерекше. Ал, ең бастысы, Астананы айнала орналасқан ауыл-селолардың Елорда келбетіне сай болуы. Бұл мәселе жайында түрлі деңгейде талай әңгіме айтылды, бірнеше меже белгіленді. Өкінішке орай, олардың басым көпшілігінің сөз күйінде қалғандығы да жасырын емес. Енді міне, Елбасы тапсырмасына орай, Үкімет Қаулысымен арнайы бағдарлама қабылданып, атқарылуға тиіс

істер белгіленді. Бұл үшін қыруар қаржы бөлінді. Осыған орай, облысымыздың Целиноград ауданындағы ахуал қандай, не тындырылды, не істелмей бар деген сияқты сұрақтарға жауап іздеп, Целиноград ауданының әкімі Бақберген Бөлдешұлы Мәуленовты әңгімеге тартқан едік.

–Бақберген Бөлдешұлы, Сіздің Целиноград ауданына әкім болып тағайындалғаныңызға онша көп уақыт өте қойған жоқ. Дегенмен, «келгенім кеше ғана» деуге де болмас. Істеген адамға біраз шаруа тындыратындай уақыт өтті. Оқырмандарымыз, оның ішінде, әсіресе, аудан тұрғындары біле жүрсін. Айта отырыңыз, ой қандай, жүзеге асқан іс қандай? Ал, ең бастысы, ауданда қордаланып қалған мәселелер қашан оң шешімін табады?

–Шынында да, ауданда шешімін күткен мәселе өте көп. Әрине, қай ауданда болсын, проблемалар жетіп артылатын шығар. Ал, өзіңіз білесіз, біздің ауданның қиындығы да, қызығы да өзгелерден сәл басқаша. Астанаға үш бағытта келетін күре жолдар біздің ауданға қарасты ауылдарды басып өтеді. Енді осыған Елорданы сағалап келген азаматтардың Астанаға жақын жерлерде жаппай үй сала бастағандығын қоссақ, ол құрылыстардың заман талаптарына сай болу қажеттілігі де біраз қиындықтар туғызып тұр.

Алайда, «ауызды қу шөппен сүртпей», әңгімемізге «тұздық болсын», алдымен атқарылған жұмыстарға тоқтала кетейін. Өзіңізге белгілі, өткен 2013 жылғы қараша айының 30 жұлдызында Үкімет Қаулысымен Астана маңындағы елді мекендерді абаттандыру, оларды Елорда келбетіне сай деңгейге көтеру туралы арнайы бағдарлама қабылданды. Оған барлығы 37,7 миллиард теңге қаржы бөлінді. Ендігі мәселе – бағдарламада межеленген жұмыстарды рет-ретімен жүзеге асыру. Бұл орайда, әсіресе, әлеуметтік мәселелерге баса назар аудару қажет екендігі белгілі.

–Бағдарлама қашан қабылданады деп отыра бермеген шығарсыздар. Өткен жылы да біраз істің беті қайтарылған сияқты ғой.

–Иә. Нақтырақ айтсам, Талапкер, Қоянды, Қараөткел және Қосшы ауылдарында бүгінгі заман талаптарына сай мектеп салынды. Сондай-ақ, сол Қоянды, Талапкер, Қосшы ауылдары мен №96 разъезде бала бақшасы пайдалануға берілгендігін айта кетуім керек. Енді осыған «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында Қабанбай, Максимовка ауылдарында сапалы ауыз су мәселесі шешілгендігін қоссақ, өзіңіз айтқандай біраз істің беті қайтарыла бастады деуге болатын шығар. Айтпақшы, біраз әңгімеге арқау болған Қоянды, Талапкер ауылдарында электр желісін толық жүргізуге тиісінше 3 және 2 миллиард 200 миллион теңге қаржы бөлінетін болды.

–Әрине, бірінші кезекте әлеуметтік мәселелерге назар аударылғандығы дұрыс. Дегенмен, оның бәрі былай да атқарылуға тиіс жұмыстар ғой. Мен бұл арада сізден біраз дау-дамай тудырған жер мәселесін сұрағым келіп отыр. Әсіресе, кезінде бей-берекет салынған жатаған үйлердің жайы қалай шешілетін болды? Мәселен, Қоянды ауылындағы ешқандай құжатсыз тұрғызылған үйлердің, үйлердің емес-

ау, сол үйлерді паналап отырған тұрғындардың тағдырлары не болады?..

–Мен ауданға әкім болып келген соң тұрғындармен кең ауқымдағы кездесуімді Қоянды ауылынан бастаған едім. Шыны керек, ол кездесу «сіз-біз» деген сыпайы сол жолығу емес ашынған жұрттың айқайымен басталып, өзара пікір алмасқан соң бір мәмілеге келгендей толыққанды жүздесу болды десем ақиқаттан алыс кетпегендігім.

Кездесуге жиналған тұрғындар сапалы ауыз судың тапшылығы, көшелерде «толарсақтан саз кешуге» тура келетіндігі, мектеп пен бала бақшаның жоқтығы сынды проблемалар көтерген болатын. Бүгінде олардың басым көпшілігі өз шешімін тапты. Мәселен, Астана-Павлодар тас жолынан Қоянды ауылына дейінгі 3,6 шақырым жол жөнге келтірілсе, тағы да 41 миллион теңгеге 11 шақырым жол салынды. Мектеп пен бала бақша іске қосылғандығын жоғарыда айтып өттім.

–Ежелден қазақ халқы үшін «жер дауы, жесір дауы» дегеніміз «жан алып, жан беріп» дегендей, өте қиын шешілетін мәселе ғой. Бүгінде «жесір дауы» деген түсінік тарих қойнауына кетсе де, жер дауы көкейкестілігін жойған жоқ. Оның бір айғағы, Қояндыға қоныс тепкен бауырларымыздың жанайқайы. Қалай, «Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай» шешуге бола ма екен? Әлде?..

–Нақты дерекке сүйенсем, бүгінде сол Қояндыда азаматтар заңсыз иемденіп, үй салған барлығы 167 жер телімі бар. Мәселенің ушыққаны соншалық бұл жағдай облысқа да, республикалық деңгейге де белгілі болып отыр. Алғашқыда осы ауылдың жанында шетелдерден көшіп келген бауырларымыз үй сала бастағандығы белгілі. Кейіннен олардан көріп «бұл не деген батпан құйрық, айдалада жатқан құйрық» дегендей, ешқандай рұқсатсыз, «кейін құдай бір жөнін береді» деген қағидамен әркім өзінше там тұрғыза бастады. Енді осыған «қазақтың кең сахарасынан ұлтарақтай жер алуға құқымы бар» деген желеумен, шындығында өзіне онша қажет болмаса да, кейіннен сатып жіберуді ойлап жер алғандарды қосыңыз. Олардың «қолтықтарына су бүркіп», өздерінше қамқор болып көрінгісі келгендердің де аз болмағандығы белгілі. Сондай жөнсіздіктің салдарынан бүгінде үлкен проблема туындап отыр.

–Сонымен?..

–Сонымен, қалай болған күнде де бұл түйінді шешу керек. Ол үшін алдымен барлық деректерді анықтап, нақтылап облыс әкімін құлағдар еттік. Бүгінде мұндағы жайды Үкімет те, Президент әкімшілігі де біледі. Мәселені заңды түрде дұрыс шешу үшін арнайы комиссия құрылған.

–Алғашқы нәтижелер бар шығар.

–Әрине. Жоғарыда айтылған 167 жер телімінің 78-і мемлекет қорына берілетін болды. Сондай-ақ, әзірге заңсыз салынған деп танылған 15 үй бұзылатын болды. Сондай-ақ, әзірге үй салынбаған, бірақ тағаны тұрғызылған жер телімдері де толық тексерілетін болады. Басқа да заңға қайшы деп танылған үйлердің, нақтырақ айтсақ, иелерінің істері сотқа жіберілді. Сонан соң сот шешіміне сәйкес шара қолданылатын болады.

–Жер туралы айтқанда тек тұрғын үй салатын телімдермен қатар, жылдар бойы пайдаланылмай, арамшөп басып кеткен алқаптардың жайын да айналып өтуге болмас. Бұл тұрғыда Үкімет деңгейінде де мәселе көтеріліп, нақты тапсырма берілді ғой.

–Иә, бұл да әбден қордаланып қалған мәселелердің бірі. Бұл орайда арнайы түгендеу жұмыстары жүргізіліп, соның нәтижесінде 58,6 мың гектар алқап мемлекет меншігіне қайтарылды. Ал, жоғарыда айтылған жеке меншік үй салуға арналған жер телімдері туралы деректерді айтсам, мүлдем бейберекеттікке жол берілген. Мәселен, пайдаланылмай жатқан осындай 2915 жер телімі анықталды. Бұл дегеніңіз, үлкен бір елді мекеннің аумағы ғой. Сайып келгенде, ол жер телімдерін кезінде «қолы ұзындар» үй салу үшін емес, сату үшін алған ғой. Соның зардабын бүгін көріп отырмыз. Бүгінде де, қолдарына жер теліміне берілген мемлекеттік актілерін ұстап, үй салатын ойлары жоқ болса да тамыр-таныс арқылы жерді өз меншігінде қалдыру үшін «есік жағалап» жүргендер аз емес. Тек одан ештеңе шықпайды. Тағы қайталап айтайын, бәрі заң аясында шешіледі.

–Әрине, бұл дұрыс қой. Алайда, әр мәселенің артында адам тағдыры тұр. Құжаттарын түзеп алмай, өз бетінше үй сала бергендердің әрекеттерінің «заңға томпақтау» келетіндігі рас. Бірақ, кешіріңіз, мұрнының астында не болып жатқанын көрсе де көрмеген болып отыра берген шенеуніктер, жасыратын не бар, жұртқа жер таратып, «мұртын майлағандар» миығынан күліп жүр. Айласынан аңқаулығы басым біраз жұрт енді мүлдем баспанасыз қалады. Мұны ойлайтын кім бар? «Жарылқаймыз деп ақша алғандар құтылып, оларға сеніп, үй салғандар тұтылып» қалды-ау дегенім ғой бұл...

–Бұл арада «заңсыз алған жерін тартып алып, өзін тентіретіп жібереміз» деген әңгіме жоқ. Сіз айтып отырған «құтылғандардың да, тұтылғандардың да» мәселесі заңмен ғана шешілуге тиіс. Обал мен сауапты ұмытып отырған ешкім жоқ. Алайда, заң баршаға бірдей. Бұл арада кейбір демагогтардың «отқа май құйып» ұрандатуға бейім екендігін де білеміз. Одан ештеңе шықпайды.

Тағы да қайталап айтайын, арнайы құрылған комиссия бәрін саралап, анықтаған соң мәселе рет-ретімен шешілетін болады. Мәселен, қазірдің өзінде ол азаматтарға үй салуға басқа маңнан жер телімі беріледі. Нақтырақ айтсам, мына іргедегі Қорғалжын ауданының Сабынды селосынан жер бөлінетін болды. Әрине, басқа жерден жер бөлу біздің құзырымыздағы мәселе емес. Бұл арада облыс әкімінің арнайы шешімі шығатын шығар. Жалпы, бұл жай облыс әкімі Қосман Қайыртауұлының басты назарында.

Айтпақшы, осыдан бірнеше жыл бұрын Үкімет Қаулысымен құжаттары жоқ жылжымайтын мүлік, шыққан көзі күмәнділеу қаржы дегендей біраз мәселе заңдастырылды (легализация) ғой. Сол кезде осы Қояндыда да 88 жер теліміне заңды құжаттар берілген. Бірақ онда да белгілі бір тәртіп болды. Ал, енді бүгінге дейін ешқандай рұқсат қағаздары жоқ жер телімдері, ол жерлерде Бас жоба ескерілмей қалай болса солай тұрғызылған үйлер, иелері ренжімесін, Астана маңының сиқын кетіріп тұр. Оған ешкім жол бермейді.

Сосын жоғарыда айтып өткенімдей, ол азаматтар аудан, облыс әкімдіктері, басқа да құзырлы органдардың ұсыныстарына орай, жолы, суы дегендей, барлық инфрақұрылымы бар мандардан жер алып үй салуларына болады. Сонда, ешқандай жобасыз айдаладан үй салып алып, кейіннен «су қайда, жарық қайда, әкім қайда қарайды?» деген сияқты ереуілдердің жолы кесіледі. Шынында да, кейінгі уақытта «өзім» дегенде керемет демократ болып, жауапкершілік дегенде ештеңе сезбей қалатындар аз емес қой. Саяси баға жинау үшін оларды айдап салуға, тіпті сол үшін ештеп ақы төлеуге бейімдер де жоқ емес.

–Сайып келгенде, заң бар, түрлі мәселелерді реттейтін заңдық актілер бар, Үкімет бар, облыс, аудан әкімі бар ғой. Қандай да болмасын жұмысты бастарда арнайы тәртіп пен ережелерге сүйену керек қой. Бұл арада арзан айқай, жалаң қиқудан пайда жоқ. Әр азаматтың құқығымен қатар жауапкершілігі де бар емес пе?

Айтпақшы, осы Қояндыдан қоныс тебеміз деп үй салғандардың көбі Моңғолия мен Қытайдан көшіп келген қандастарымыз. Әрине, ата-баба жерін аңсап келген бауырларымызға көмек көрсету керек. Бірақ, ол да белгілі бір тәртіппен жүзеге асырылады ғой. Мәселен, Қояндыдағы оралман бауырларымыздың біразы Қазақстанға көшіп келгенде квота алған екен. Тексере келе олардың Алматы, Солтүстік Қазақстан және басқа да облыстарға орналасулары керек екендігін анықтадық. Олар сол облыстарға квота да алған, үй салуға қаржылай көмек те алған. Бірақ, олар оны місе тұтпай, «бәлен жерде бақыр бар...» дегендей, Астананың маңын сағалауды жөн көрген. Нақтырақ айтсақ, осы маңнан жер алған туыстарын көріп «менің қай жерім кем» деп ешкімнен сұрамай-ақ қалаған жеріне үй сала берген ғой. Тіпті, көпшілігінің салғандарын үй деуге ауыз бармайды. Ұзындығы алты метр, ені төрт метр ғана болатын қалай болса солай сала салған уақытша баспана. Мұның атын «екі жеп биге шығуға ұмтылу» демей ме, қазақ. Ондай бей-берекеттіктің зардабын өздері көріп отыр, әкімдікті де әуреге салып қойды. Бүгінде әсемдігіне бәріміз таңқалатын Елордамыздың іргесінен Астананың Бас жоспарына да, ешқандай архитектуралық талаптарға сай келмейтін ондай құрылыстарға ешкім жол бермейді. Қайталап айтайын, бұл арада кейбіреулер айтатындай «қазаққа қазақтың кең даласынан бір тілім жер бұйырмай ма?» деген сияқты жалаң ұранның қажеті жоқ. Ондай даурығудың пайдасынан зияны көп. Біреудің тағдырымен ойнап арзан саяси ұпай жинауға бейімдердің пиғылдарына сенбей бәрін заңға сәйкес шешуге тырысса проблема шешіледі.

–Бүгінгі күні Астана маңынан, оның ішінде Целиноград ауданы аумағынан үй салуға жер телімін беру тоқтатылған болар.

–Әрине. Әзірге жер телімін бөлуге мараторий жарияланды. Бұл арада бір мәселені баса айтқым келеді. Ол бизнеспен айналысамын, өндіріс орындарын саламын дегендерге жер берілетіндігі. Яғни, әсіресе, шағын және орта бизнесті дамытамын деушілерге есік ашық, дұрысырақ айтсам, жер беріледі.

–Жуырда Астана қаласының әкімі – Иманғали Тасмағамбетов бір сөзінде «Бірнеше жылдан соң Астана айналасында орналасқан елді

мекендердегі тұрғындар саны 2,5 миллион болуы әбден мүмкін» деп қалды. Әрине, бір миллион бола ма, екі миллион бола ма, әйтеуір, Астана маңына ағылу әзірге толастамайтындығы хақ. Проблеманың «көкесі» сонда болмай ма?..

–Өзіңіз байқаған боларсыз, бүгінде Қосшы ауылының жанында көп қабатты үйлерден шағын аудан да салынып жатыр. Астананы аңсап тұратындар сол үйлерден пәтер сатып алсын. Ол үйлердің сапасы Астанадағыдан кем емес, ал бағасы едәуір арзан. Бір шаршы метрі 1200 АҚШ доллары Елорда жанындағы үйлер үшін қымбат емес шығар деп ойлаймын. Мұндай шағын аудандардың әлі талайы салынады. Енді ХХІ ғасырда Астананың іргесінде бүгінгі заман талаптарына сай үйде тұру керек қой. Сосын «көрпеңе қарай көсіл» деген де бар. Салақ әйелдер құсап, төр үйді жинап қойып, ауыз үйді ыбырсытып қоюға ешкім жол бермейді.

Мұндай үйлер тек Қосшыдағы «Лесная поляна» ғана емес, Талапкер, Қоянды маңында да салынатын болар. Осылайша бәрі рет-ретімен шешілуге тиіс. Сонымен қатар, Астана маңынан түрлі кәсіпорындар ашу, құрылыс жүргізу сынды мәселелерге инвесторлар тартудамыз. Жалпы әлемдік тәжірибе бойынша ірілі-ұсақты кәсіпорындардың бәрі қаланың сыртында орналасады. Ал, кәсіпорын бар жерде инфрақұрылым дамиды. Үй де, мектеп те, балабақша да салынады, жол құрылысы да қарқын алады.

Мәселен, бүгінде біздің аудан халқының 80 пайызы ауданда емес, Астанада жұмыс істейді. Яғни, салықты да Астанаға төлейді. Ал, жоғарыда айтып өткенімдей, Астананың айналасында, оның ішінде біздің ауданда кәсіпорындар ашыла бастаса халықтың басым көпшілігі Елордаға сабылмай өзіміздегі зауыт-фабрикаларда жұмыс істейтін болады. Бұл қиял емес, қолға алса жүзеге асатын мәселе. Бүгінде Елбасының тапсырмасына орай, облыс әкімі Қосман Қайыртайұлы алдымызға нақты міндеттер қойды. Олардың жүзеге асырылу барысын өзі күнделікті бақылап отыр.

Құрғақ сөз деп қалмаңыз, бір мысал келтіре кетейін. Мәселен, біздің ауданға қарасты Астанадан 20 шақырым ғана қашықтықта орналасқан Максимовка ауылында аяқ киім фабрикасының филиалы ашылды. Онда 200 адамға жұмыс ашылғандығы, бізде тіркелгендіктен салықты да бізге төлейтіндігі жаңағы айтып отырғанымның бастамасы ғой. Бұл үрдіс алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады. Осы фабрикада жұмыс тапқан сол адамдар да осы уақытқа дейін жұмысқа күнде Астанаға сабылатын.

Сондай-ақ, осы ақпан немесе наурыз айында Ақмол ауылында да газ-бетон шығаратын зауыт ашылмақшы. Онда да шамамен 60 адамға жұмыс орны ашылады. Айына 90-100 мың теңге жалақы алатын болса, олар Астанаға 150 мың теңгенің жұмысына да қызықпайтын болар. Оның себебін өзіңіз білесіз, жолақысы, түстік асы бар дегендей... Сосын күн сайын әрі-бері 80 шақырым жол жүру де оңай шаруа емес қой. Осы өткен 2013 жылы біз осындай 6 жоба дайындағанбыз. Қосшы ауылында Беларусь Республикасымен бірлескен кәсіпорын – ет комбинаты салынуға тиіс. Онда 120 адам жұмыс істейтін болады. Басқа да жобалар өз кезегінде жүзеге асырылатын болады.

–Бір кездері өнімдерін сонау Мәскеуге дейін жөнелтетін Ақмоладағы құс фабрикасының, яғни, «Ақмола-Феникстің» бүгінде аты көп естілмейтін сияқты.

–Бүгінде мұнда үш фабрика жұмыс істейді. Нақты деректерге сүйенсек, жылына Астанаға 55 миллион дана жұмыртқа жібереміз. Алдағы уақытта фабрикаға қайта жаңарту жасалатын болады. Сол кезде тек жұмыртқа мен тауық еті өндіріліп қоймай, бройлерлер өсірілетін болады. Ол үшін Голландиядан арнайы қондырғылар мен құрал-жабдықтар әкелінуде. Сондай-ақ, қара мал басын көбейтуді қолға аламыз. Мәселен, 2011-2015 жылдарға арналған даму жобасы аясында Қоянды ауылында құны 600 миллион теңге тұратын мал бордақылу кешені салынады. Бәрі ойдағыдай болса аталмыш нысан 2016 жылы пайдаланылуға беріледі.

–Аудан орталығында аудандық сот, прокуратура және таяуда ашылған ішкі істер басқармасының ғимараттары көз қуантады. Тағы қандай құрылыстар күн тәртібінде тұр?

–Сәтін салса аудан орталығында үлкен мешіт салынады. Сондай-ақ, Ұлттық қауіпсіздік комитеті ғимараты мен 5 қабатты аудандық әкімдік үйін салу жоспарда бар. Ақмол, Қараөткел ауылдарында мешіт салу да күн тәртібінде тұр. Сондай-ақ, Ақмол ауылындағы жолдарға жеткілікті қаржы бөлінді. Бір-екі жылда бәрі жөнге келетін болады.

Сөз орайында айта кетейін, ауыл шаруашылығы, оның ішінде егіс саласында да жағдайымыз жаман емес. Мәселен, осы өткен жылы барлығы 230 мың гектар алқаптан 315 мың тонна сапалы астық бастырдық. Мұның бәрі әлеуметтік мәселелерді оң шешуге ықпал етеді. Мәселен, біз 2020 жылға дейін ауданда барлығы 23 мектепті күрделі жөндеуден өткізуді межелегенбіз. Сәтін салса біз бұл жоспарды алдағы екі-үш жылда бітіретін боламыз.

–Аудан өз күнін өзі көретін жағдайға жетуі мүмкін бе? Бюджеттің қаншасын өздеріңіз табасыздар?

–Нақты цифр тілімен айтсам, аудан бюджеті 2,8 миллиард теңге болса, оның ішінде өзіміздікі дегені, яғни, салықтан және басқа да төлемдерден түскені 860 миллион теңге. Бұл әрине, тым мақтанатындай көрсеткіш емес. Дегенмен, біраз аудандарға қарағанда көш ілгері екендігі де рас.

Айтпақшы, өткен жылы 90 миллион теңге кіріспен шыққандықтан, кей мәселе бойынша «өз қотырымызды өзіміз қаситындай» жағдайға жеттік. Мәселен, бұрынғыдай облысқа иек арта бермей керекті отынның басым бөлігін өз қаржымызға сатып алдық. Жоғарыда айтылған 23 мектептің жобалық-сметалық құжаттарын жасауға қажетті қаржыны да облыстан сұрамай, аудандық бюджет есебінен жабатын болдық. Сондай-ақ, ауылдарды абаттандырудың сметалық құжаттарын жасауға керек қаржыны да аудандық бюджеттен алатын болдық.

–Бақберген Бөлдешұлы, біраз әңгіменің бетін қайтарған сияқтымыз. Мазмұнды ой-пайымдарыңызға рахмет. Целиноград ауданына қарасты елді мекендер де, аудан орталығының өзі де Елорда көркіне сай болатын күн алыс емес деп сенейік.

(«Арқа ажары» газеті, 1 наурыз 2014 жыл).

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
жазушы-драматург Әнес САРАЙ:
«Ендігі әдебиет басқа бағытта дамитын сияқты»**

Өмірдерек:

Әнес Төлендіұлы Сарай 1937 жылы 21 қарашада Ресей Федерациясының Астрахан облысы Володар ауданындағы Қармалай ауылында туған. Жазушы-драматург, 1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Тырнақалды туындылары республикалық баспасөз беттерінде 1963 жылдан жариялана бастады. 1969 жылы жарық көрген «Мұнаралар шақырады» атты мақалалар жинағы әдеби әлемде жоғары бағаланды. Кейінгі жылдарда «Қараша өткен соң» (1971), «Бозқырау» (1973), «Тосқауыл» (1976), «Алтын арал» (1984), «Ақ тымық түн» (1987), «Еділ-Жайық» (1994), «Асылдың сынығы» (1996), «Мұхаммед пайғамбардың өмірі» (1994), «Исатай мен Махамбет» (1997), «Адайлардың арғы тарихы» (1998) және орыс тілінде «Қараша айы келгенде» (1989) кітаптары жарық көрді.

Әнес Сарай драматургия саласында да өнімді еңбек етіп келеді. «Қу тазша», «Ару Алматы», «Мұным менің», «Тотиын қалды», «Аңсау» пьесаларын және «Біз – жастармыз», «Атаман Анненковтың күйреуі» фильмдерінің сценарийлерін жазды. Соңғы жылдары тарихи тақырыптарға да қалам тартып, «Қазақ атауының ізімен», «Ер Еділ», «Жылан бапы патшалығы», «Арғындардың тайпалық жыры» сияқты шығармалары жарық көрді.

Жазушы шығармашылығының шоқтығы – «Еділ-Жайық» романы. Әнес Сарай идеологиялық мұраттарға бұра тартпай, тарихи шындықты бояусыз баяндау арқылы әділетсіздіктен тынымсыз айқасқа түскен, жан алысып, жан беріскен саяси топтардың олардың жетекшілерінің тарихи бейнесін жазады. 1996 жылы «Еділ-Жайық» романы үшін көрнекті қаламгерге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Тырнақалды туындысы сонау 1963 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарық көрген «Дауылдадан» бастап, Мемлекеттік сыйлыққа лайық деп танылған «Еділ-Жайық» трилогиясына дейінгі шығармаларының барлығы дерлік өзіндік жазу стилімен, көркем бейнелеу әдісімен ерекшеленетін белгілі қаламгер Әнес Сарайдың қазақ әдебиетіндегі орны бөлек десек артық айтпағандығымыз болар.

Бүгінде 75 жасқа толып отырған жазушы әлі де қаламын нық ұстап, шығармашылығын өрістете түсуге бел бұғандай. Әнаған өзі айтқандай,

бес жасынан әкесінің інісі Оразбай көкесіне еріп теңізге шығып жүргенде көрген шет-қиыры көрінбейтін көсілген су, арқыраған атжал толқындар, аспанды шарқ ұрған шағала қиялының шарықтап, көкжиегінің кеңеюіне әсер еткен. Сондықтан, авторлық қолтаңбасы да өзгелерден оқшаулау тұр.

Қарымды қаламгерден біз мерейтойы қарсаңында «Арқа ажары» газеті бетінде өзін толғандырған мәселелер бойынша ой бөлісуін өтінген едік.

–Әнеке, осы бүгінде «классик жазушы» дейтін ұғым бар ма? Әлде ондай түсінік әдебиет арнасынан ығысып, тарих қойнауында қалды ма?

–Дүние жүзінде озық әдебиет үлгісін көрсеткен классиктер болды. Бұл ұғым өмір бойы сақталады. Сонымен бірге, классиканың өзі әлемдік классика және ұлттық классика болып бөлінеді. Біріншісінің сауырына қол артқандар өте сирек. Ал қазақ әдебиетіне келер болсақ, «Абай жолы» арқылы әлемге қазақты танытқан Мұхаң – Мұхтар Әуезов әлемдік классиктер қатарында, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафин сынды жазушыларымыз ұлттық классиктеріміз. Жалпы, бұл ұғым әдеби өміріміздің бір шыңы, рухани өлшемі болып қала береді. Енді, бүгінгі заманға келер болсақ, жағдай өзгешелеу ме деп ойлаймын. Нақтырақ айтсам, сол өзің айтып отырған классиктер болмайтын заманда отырған сияқтымыз.

–Неге деген сұрақ туындайды ғой. Бұл не әдебиеттің тоқырауы ма, әлде басқа да себептері бар ма?

–Жалпы, аумалы-төкпелі заманда әдебиет онша қарқынды дами қоймайды. Алайда, аударыс-төңкерістердің де «айғайлап» біраз жерге жететін өзінің жаршылары болады.

–Онда сұрақты нақтылау қояйын. Бүгін арамызда жүрген қаламгерлер арасында кімді классик жазушы деуге болады?

–Қиындау сұрақ екен. Әрине, ірі жазушылар бар. Әлемде бүгінгі таңда қалам ұстағандардың бірінен де кем түспейтін, тіпті кейбір жағдайда олардан озық тұрған жазушыларымыз бар. Ал, енді классик дегенге келсек... Оны уақыт екшейді. Менің замандас қаламгерлерімнің әдеби салмағын өлшейтін «таразы» уақыт әлі келе қоймаған сияқты.

–Сонда классик деген ұғым шынында да әдебиет арнасынан ығысып қалғанға ұқсайды-ау өзі.

–Жалпы өмірдің өзі де бірде өрге тартатын, бірде төмен сүйрейтін шеңбер сияқты ғой. Әдебиет те сондай. Мұнда да жаңа, соны бағыт пайда болатын шығар деген ойдамын. Нақтырақ айтсам, ендігі әдебиет бұрынғыдай реалистік бағытта емес, идеологиясы, көркемдік нысандары да басқашалау өрбитін болар. Мәселен, Батыс Еуропада кейбір жазушылар «поток мыслей» деген бағыт ұстанып, біраз шығармалар ұсынды. Бізде де әртүрлі жанрды бір арнаға тоғыстырғандай, бәрінің басын қосқан «эссе» деген жанр етек алды. Бұрынғыдай белгілі бір оқиғаларды, өмірде болған құбылыстарды баяндай отырып, оны ұлттық мақсатқа бағындыра жазу, сол арқылы идеология майданында өз үнін қосу сияқты бағыт кейінгі буын қаламгерлерді

қызықтырмайтын сияқты. Әрине, көркемдік жағы ақсамайтын болар, тіпті әдебиет бүгінгіден де жоғары деңгейге көтерілсе таңдануға болмайды. Бірақ, бір нәрсе айқын. Ол – әдебиеттің қазіргіден өзгешелеу болуы. Мұны да заңды құбылыс деп қабылдау керек шығар.

Міне, осының бәрін пайымдай келе, классик жазушы деген түсінік енді басқаша сипат ала ма деп ойлаймын. Өмір де, адамдар да өзгереді. Құндылықтар да да басқа... Сайып келгенде, бәріне уақыт төреші ғой.

–Жазушылар шығарма жазарда нені басшылыққа алады? Алдына қандай мақсат қояды дегенім ғой.

–Кешегі Кеңестік заманда жазушылар сол кездегі «социалистік реализм» бағытын ұстана отырып-ақ ұлт мүддесін бірінші кезекке қойды. Осы мақсатты басшылыққа алып, шығарманы бастарда оның цензурадан қалай өтетіндігін ойламады деуге болмайды. Осындай қатаң бақылаудың кесірінен көптеген шығармаларда ащы шындықты ашық айту мүмкін болмады. Бірақ, ұлт болашағын ойлаған саңлақ жазушыларымыз соның өзінде сыналап болса да шындықты тұспалдап жеткізуге тырысты. Көзі қарақты оқырман оны түсінді.

Осылайша кезінде сол ағаларымыз қазақта астарлы әдебиетті дамытты. Жоғарыда айтып өткенімдей, цензура деген пәле талай шығарманы «жіліктеп», бір жерін қысқарттырып, бір жағын екшелеп дегендей, талай жұлмалады ғой. Соның өзінде қазақтың әргі-бергі тарихынан құнды мәлімет беретін, мәдениетімізді дәріптейтін талай шығарма дүниеге келді. Жалпы творчество адамы үшін ең үлкен қолбайлау – толық еркіндіктің болмауы десек, «піскен асқа тік қасық болып» мән айтумен қатар, саясаттың ығынан шықпауға мәжбүрлейтін уақытта әлемдегі әдебиеттің озық үлгілерінің қатарынан нық орын алған туындылар әкелген қазақтың классик жазушыларын қалай дәріптесек те артық етпейді. Ал, әдебиеттің бұдан былай қалай болатындығын уақыт өзі көрсетер.

–Цензура сіздің де шығармашылығыңызға әсерін тигізген болар...

–Жоғарыда айттым ғой, бізде астарлы әдебиет қалыптасты деп. Мен де сол ізбен жүріп, «бүйректен сирақ шығарып» бұра тартқан жоқпын. Алайда, жастау кезімде «асыра сілтемесем» де шығармаларымда өз ойымды ашық айтуға тырысатынымын. Айтпақшы, жалпы мазмұнында тың игеру туралы айта келіп, «ең болмағанда Қазақстанның оңтүстік өңірлерін сақтап қалмасақ, қазақ деген ұлт құриды» деген ой айтылған бір дүнием «Жұлдыз» журналында жарияланған соң басылымның бас редакторының орынбасары Жәрдем Тілеков ағамыз «Әнес Сараевтың мына шығармасы ұлтшылдық идеяға толып тұр ғой, қалай байқамағанмын» деп біраз тулап еді. Ондай жағдай ол кезде көптеген жазушылардың басынан өтіп тұратын.

Мәселен, Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романын алып қараңыз. Сол кездегі көзқараспен қарасаңыз, бұл туындының оқырманға жол тартуының өзі бір ерлік. Түсініп оқыған адам оның бір қарағанда, қазақтардың орыстарға деген көзқарасының дұрыс екендігін көрсететін сияқты болғанымен, ішкі мазмұнында Ресейдің отаршылдық саясатын әшкерелеп тұрғандығын байқамауы мүмкін емес. Абырой болғанда, цензурамен айналысатын

шекпенділердің біреулерінің оны түсінуге өресі жетпесе, енді бірі көрсе де көрмегендей сыңай танытқан болар. Жалпы, жалғыз бұл роман ғана емес, басқа да ірі жазушыларымыздың тарихи тақырыптарға жазған шығармаларының барлығының дерлік бірден көзге ұратын сырты бір бөлек те, ішкі астарлы мазмұны бір бөлек еді ғой. Жоғарыда айтқан астарлы әдебиет қалыптасты деп отырғаным осы. Енді халыққа шындықты жеткізудің сол кездегі ең тиімді әдісі осы болды десем қаталеспеспін, сірә.

–Әнеке, сол өткен ғасырдың 60-шы жылдары әдебиетке суырылып бір шоғыр жазушы келді. Бәрінің аттарын тізбей-ақ қояйын, оларды оқырмандар жақсы біледі. Солар бүгінде 70-тен асты. Ол шығармаларды жұрт қолдан-қолға жүгіртіп таласа оқушы еді. Олардан кейін шыққан жазушылар да аз емес. Дегенмен, тап солардай әрбір шығармасы оқырманды дүр сілкіндіретін, кілең сайдың тасындай іріктелген жазушылар байқалмай кетті. Сіз де олардан бірер жас қана үлкенсіз. Айтыңызшы, бірінен-бірі өткен, қазақ әдебиетіне соны леп әкелген сол ағаларымыздың көш бастауына не себеп болды?

–Өмірге соғыс балалары келді. Бұлар балалық шақтары қиын заманға тап келіп, қанша қиындық көрсе де тырбықтан өскен сексеуіл сияқты тырбанып жүріп өсті. Олардың өмірге, діттеген істеріне талпыныстары мықты болды. Сол соғыс кезіндегі 6-7 бала өсе келе үлкен әдебиет жасады. 60-шы жылдардың жылымығын білесің ғой. Сол кездері орыстың Бәла Ахмадулина деген 16 жасар ақын қызы СОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Никита Хрущевпен болған кездесуде залда орнынан атып тұрып «Революция больна» деп ашына айтқан сөзін естіген боларсың. Бұл не деген сөз?! Яғни, оны не емдеу керек, болмаса бас тарту керек. Оған дейін ондай сөзді ешкім, еш жерде айтып көрмеген болатын. Ашына айтылған осы бір сөз біраз зиялы қауым өкілдеріне ұран болды.

Міне, соның лебі шығар, сол жылдары әдебиет қатты өркендеді. Талай саңлақтар шықты. Талай туынды оқырманға жол тартты. Сондай-ақ, Роберт Рождественский, Андрей Вознесенский, Евгений Евтушенко сынды айтулы тұлғалар біздің ақын-жазушыларымызға да әсер етті. Қалай дегенмен де, ол кезде бәріміз бір қазанда қайнадық қой. Мен бұл арада ұлтты емес, жалпы әдебиетті айтып отырмын. Ал енді, осы арада мен саған тағы бір мәселе айтайын. Бір назар аударарлығы, сол әсерден нәр алған қазақ жазушыларының 70- 80-інші жылдары жарық көрген әңгіме-повестері көркемдік жағынан басқа одақтас республикаларды айтпағанның өзінде, өзімізге бір кездері жылы леп берген орыс жазушылары шығармаларынан да жоғары тұрды. Мұны мен ғана айтып отырған жоқпын. Мұны көзі қарақты, әдебиетті бүге-шігесіне дейін білетін мамандар да талай айтты, мойындады. Сөзім дәлелді болу үшін бір мысал келтірейін. Бірде Грузияға барып екі апта жүрдім. Надер Думбадзе онда Лениндік сыйлық алған болатын. Сол жолы болған кездесулерде грузин жазушылары қазақ әдебиеті, оның ішінде, әсіресе, әңгіме-повестер шетінен шедевр деген сөз айтты. Біздің әдебиетке берген мұндай бағаны мен әзірбайжан жазушыларынан да естідім.

Сөз аужайынан байқап отырған боларсың, сол жылдары Қазан төңкерісінің идеалдарына сенімсіздік білдіретін толқын келді. Бұл өз кезегінде бұрынғыдан өзгешелеу, айтар ойы айқын, бағыты белгілі, шымыр да шынайы әдебиетті дүниеге әкелді. Жоғарыда өзің айтқан қарымды қаламгерлер легінің әдебиет аренасына жүлқына шығуының бір себебі осы ма деп ойлаймын. Сайып келгенде, қоғамға, ондағы жағдайға деген сенімсіздік жазушының ішкі рухани күшін оятты, оған жаңа бір серпін берді. Мен тіпті, осыдан жиырма жыл бұрын Кеңес Одағының ыдырап, тоталитарлық жүйенің құрдымға кетуі, сөйтіп, одақтас республикалардың тәуелсіз мемлекет болуының өзі сол кезден бастау алды дер едім. Баршаға белгілі, төңкерістер болсын, қоғамдағы бейбіт жағдайдағы өзгерістер болсын алдымен, соған бастамашы болатындардың бастарында, яғни, миында пайда болады, пісіп, жетіледі.

Мәселен, Расул Гамзатовтың «Егер менің тілім ертең өледі десе, мен бүгін өлер едім» деген сөзі есінде болар. Бұл сөздің астарында қаншама трагедия жатыр. Яғни, ұлтын сүйу, тәуелсіздікке ұмтылу. Жалпы, еркіндік идеясы әр уақытта халық қамын ойлаған ұл-қыздарымыздың жүрегінде болады. Бұл идея әбден пісіп-жетілген соң іске асады.

–Рас, тоталитарлық жүйенің қандай бағыт ұстанғандығы баршаға мәлім. Дегенмен, өзіңіз айтып отырғандай, ол кезде де зиялы қауым тұспалдап болса да шындықты жеткізе білді. Ол нәтижесіз болған жоқ. Енді бүгінгі буын өкілдері туралы да пікіріңізді білсек.

–Бұл арада алдымен поэзиядан бастасам, біршама жақсы дүниелер бар. Дегенмен, әр адам өзінің жеке дүниетанымын, өз сезімін, көзқарасын білдіретін бағыт алған сияқты. Салыстыру үшін айта кетсек, бұрындары қалай болған күнде де саясаттың ығынан көп шыға алмайтын. Әрине, ештеңеден қаймықпай, айтар ойын көркемдеп жеткізіп, ішкі қыжылын тұспалдап болса да бере алатын ақындарымыз аз болған жоқ. Ал, бүгін шын мәнінде ұмытылыңқырап бара жатқан адами сезімдер көп көрініс таба бастады. Жалпы, поэзия солай болу керек. Мүмкін біреулерге ұнамас, дегенмен, патриоттық поэзия, тағы да басқа түрлі поэзия деген түсінік дұрыс емес.

–Астана туралы өлең жазу, біреудің мерейтойына арнау шығару дегендердің әдебиетке «үш қайнаса сорпасы қосылмайды» дейсіз ғой.

–Әрине. Жалпы, ақын деген халық стихияға жақын адамдар ғой. Кейінгі уақытта пессимизм басым туындылар көп жарық көре бастады. Бір қарағанда мұңға, шерге толы болып көрінгенімен, менің ойымша бұл дұрыс шығар. Шындыққа жүгінсек, бұрын бізде пессимизмнен гөрі ұрандатқан, екпіндеткен өлеңдер көбірек болды.

Ертедегі зар заманның ақындары Дулат, Шортанбайлардан кейін бұл үрдіс бәсеңсіп қалып еді. Сондай-ақ, Мұрат Мөңкеұлы де солардың қатарында. Сол ақындар өз өлеңдерінде келе жатқан қауіп-қатерден сақтандыратын, елді, билік басындағыларды ойлануға шақыратын туындылар әкелді. Ал, енді прозаға келетін болсақ, бұл да менің жеке пікірім ғана, соңғы уақытта айшықты проза шыға қойған жоқ.

–Бүгінде шүкір, еркіндік бар, тақырып та толып жатыр. Желтоқсан оқиғасынан бастап шығармаға арқау болатын мәселелер жеткілікті ғой. Бірақ, өзіңіз айтқандай, айшықты проза байқалмайды.

–Әрине, «мүлдем ештеңе көрінбейді» деу күпірлік болар. Мәселен, жуырда Мырзағали Өмірбаевтың Желтоқсан көтерілісінің желісімен жазған үш томдық романын оқып шықтым. Бұл шығарма Мемлекеттік сыйлыққа да ұсынылды. Бірден айта кетейік, өте сәтті шыққан туынды деп бағалап отырмын. Сондай-ақ, Рақымжан Отарбаевтың «Ақ көбелек» атты туындысын да осы қатарға қояр едім.

–Әнаға, осы Қазақстанда соңғы дерек бойынша 777 жазушы бар екен. Мен бұл арада ақшаның күшімен әкесі, атасы, өзі туралы кітап шығарғандарды есепке алып отырған жоқпын. Осы Жазушылар одағы мүшелерінің екі жүзге жуығы Астанада екен. Осынша жазушы Батыс Еуропаның бүкіл мемлекетін қосқанда жоқ шығар. Бұл кәдімгі зиялы қауым ғой. Оқырман үлгі алады, елге ақыл айтады деген осы ағайындар көбіне дау-дамайдың ортасында жүреді. Бірін-бірі мойындамау, топқа бөліну, тағы сол сияқты жағдайлар толып жатыр. Жазушылардың соңғы съезі де осы тұрғыдағы біраз әңгімеге арқау болды.

–Ғабит Мүсіреповтен кезінде «Қазақстан үшін 60 жазушы көп емес пе?»– деп сұрағанда Ғабен: Оны білмеймін, бірақ, Қазақстан үшін сапасы болса, 60 жазушы көп емес, елдің атын шығаратын болса, 6 жазушы да аз емес» деген екен.

Өзің айтқандай, күні кеше мен де Жазушылар одағының съезіне бардым. Шынымды айтайын, көбін танымаймын. Әдебиетте аты жоқ, әкесі, атасы туралы жазған кітаптары, біреудің 70 жылдығына, тағы біреудің мерейтойына шығарған өлеңі барлар жазушы болып жүр. Осыны айта-айта шаршадық. Тіпті, араз болдық, біреулерге жеккөрінішті болдық.

–Ендігі бір мәселе кейбір танымал, халыққа өздерін барынша мойындатып жүрген Мұхтар Мағауин мен Мұхтар Шаханов сияқты жазушылардың арасындағы түсінбеушіліктер. «Халықтың көзі қырағы» деп тегін айтылмайды. Соның бәрін көреді, байқайды ғой...

–Бізде өзі ірі тұлғалардың, оның ішінде танымал ақын-жазушылардың арасында түрлі кикілжің болып тұрады. Кезінде Ғабит Мүсірепов пен Сәбит Мұқановтың арасында да кикілжіңдер болды. Бірақ, олар соны сыртқа шығармауға тырысатын. Ал, ең бастысы тым ұзаққа созбай кейін түсінісіп, достасып кететін. Сайып келгенде, ондай ірі тұлғалардың достасқаны, түсініскені ел үшін керек. Кейінгілердің арасында да алғашқыда сөзге келіп қалғанымен, кейін татуласқандары болды.

Ал енді екі Мұхтарға келетін болсақ, білмеймін тым ұзаққа созылып кетті. Болса да сұрадың ғой, Әбдіжәмил Нүрпейісов пен Қабдеш Жұмаділов те сотқа дейін барып, ұяттау болды. Бұл енді олардың жеке мәселелері ғой. «Ананікі дұрыс, мынанікі бұрыс» деп баға бермей-ақ қояйық.

Ал, мен екеуімен де жақсымын. Қайда барар дейсің, татуласар. Ол туралы көп сөз қозғап, ушықтырып қажеті жоқ.

–Енді сәл шегініс жасалық. Сіз Ресейдің Астрахан облысында дүниеге келдіңіз. Сол жақта мектеп бітірдіңіз. Елге қашан, қалай оралдыңыз?

–Иә, мен Астрахан облысы, Володар ауданының Құрманғазы атындағы колхозға қарасты Қармалай деген ауылда дүние есігін ашқанмын. Мен оқыған мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен басқа пән тек орыс тілінде оқытылды. Яғни, менің орысшам да жаман болмауға тиіс. Осы арада бүгінде Қазақстанда көкейкесті болып тұрған тіл мәселесі туралы айта кетейін. Егер адамда өз ұлтына деген сүйіспеншілік болса, «мен қазақпын» деген намысы болса, ана тілін ұмыту мүмкін емес. Ал, ол болмаса, екі күнде орыс болып шыға келеді. «Жағдай солай болды, орыс арасында өстік», «қызыл империяның салқыны» деген сылтаулардың бәрі бос сөз. Оның бәрі өз кінәсін мойындамай, бар пәлені басқа біреуге үйіп-төгу. Міне, мен қазақ тілі мен әдебиетінен басқа пәндерді орысша оқысам да, ешкім маған ана тілімді ұмыттыра алмады.

Менің барлық өмірім теңізде өтті. Әкемнің інісіне еріп бес жасымнан бастап теңізге шықтым. Каспий теңізін жағалай орналасқан қалалардың бәрін көрдім. Жас кезімде ешқашан қара сөзбен сөйлемейтін, ойын үнемі өлеңмен білдіретін қарияларды көрдім. Ыбыр ата деген ақсақал болды. Ол кісі Қашаған жырауды да көрген екен. Сол кісілерден көп үйрендім, аталы сөздерін көп тыңдадым.

Сондай-ақ, біздің елде кезінде ел аузында «Мақаш правитель» атанып кеткен бір ғұлама өткен екен. Ол 1911 жылы «Жаңа үлгі» деген кітап шығарыпты. Ол кітапқа Шалкиіз жыраудың шығармалары да енгізілген екен. Өзі Ресей география қоғамының мүшесі болған. Сол кісі ұзақ жыл правитель болған кезінде бергі беттегі қазақтың бейіттеріндегі құлпытастарды қаздырып алып, түнде түйемен паромға апарып арғы бетке аттандырып жібереді екен. Сонымен екі-үш жыл шұғылданған. Содан қазақтар пароммен арғы бетке қарай шұбырады ғой. Мұндай үлкен лекті көрген орыстар «Қайда барасындар» деп сұраса қазекендер: «Ата-бабамыздың басына құран оқимыз» дейді ғой. Содан Астрахан генерал-губернаторы тексере келе шынында да арғы бетте қазақ бейіттерінің көп екендігін көріп рұқсат берген ғой. Міне, байқайсың ба, қазақтың жерін кеңейте түсу үшін осындай қулыққа барған. Алайда, сайып келгенде, ол жақ қазақтың жері ғой. Осылайша, Астраханның өз басынан басқа айналасының бәрі қазақтың жері болып қалды.

Байқап отырған боларсың, тағдыр тәлкегімен қазақ топырағынан жырылып қалған, ежелгі тарихи кезеңдердің жәдігерлеріндей хазар, ноғайлы, қазақ қорымдары аралас-құралас жатқан экзотикалық өңірде туып өстім. Кейін етек жиған соң Қазақстанға келдім, Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдадым.

–Сіздің үйдегі Алтыншаш апамыз да белгілі жазушы-драматург. Айтпақшы, ол Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтының түлегі. Шындығында ол оқу орнын бітірген қазақ шамалы ғой деймін. Олжас ақынның өзі толық бітірмеген. Қалай, бір үй екі жазушыға тарлық қылмай ма?

–«Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды деуге ұялып отырған шығарсың. Мүйіздерін қағып тастаса сыяды екен. Сыйып отырмыз, сыйысып отырған жайымыз бар.

–Шығармаларыңызды алдымен апамыз оқитын шығар, кейбір сын-ескертпелерін де айтатын болар?..

–Бұрындары оқитын, пікір айтатын. Мен де оның барлық шығармаларын, орысшасын да, қазақшасын да оқығанмын. Әйелін мақтап отыр деме, Алтыншаш тамаша жазушы, мықты прозаик. Психологиялық, лирикалық иірімде, артық ештеңе қоспай өзінше жазады. Жылқышының қызы ғой. Оның драматургиясы шетелдік сахналарда да қойылды.

Ал, менің шығармаларыма келетін болсақ, айттым ғой, бұрын оқитын, ойын білдіретін деп. Ал кейінгі тарихи шығармаларыма шынын айту керек онша «тісі бата қоймайды».

–Әнеке, елу жылға жуық уақыт шығармашылықпен айналысып келесіз. Жас келген сайын жазу стилі өзгере ме екен. Көзқарас та өзгеше болуы мүмкін деймін де...

– Көзқарас өзгермейді. Ал, жазу стилінде өзгеріс пайда болады. Уақыт өте, жас ұлғайған сайын жазуда сезім азайып, ақыл көбейеді. Жас кезімде жазғандарымды қайта оқығанда оларда алып ұшпа сезімнің мол екендігін байқаймын. Бірақ, жазғандарымды терең редакцияламаймын. Қайта-қайта жөндей берсең, сезім құрғақтанып кетеді. Әрбір сөздің өзінің қуаты болады. Сондықтан «ондаймын деп жондап алуың» әбден мүмкін.

–Өмірде достарыңыз кімдер? Әсіресе, өзіңіз қатар жүрген қаламдастарыңыздың арасынан...

–Достарым көп. Олардың ішінде Мұхтар Мағауин, марқұм Рымғали Нұрғалиевпен жақсы сыйластым. Ақселеу Сейдімбеков те кимас досым еді. Бексұлтан Нұржекеев пен Төлен Әбдіков аса қадірлейтін әріптестерім.

–Әнес аға, мазмұнды әңгімеңізге рахмет! Әлі де талай құнды туындыларыңызбен оқырмандарыңызды қуанта беріңіз!

(«Арқа ажары» газеті, 13 қараша 2012 жыл).

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
жазушы, профессор Әнес САРАЙ:**

**«Наурыз әр отбасы үшін үлкен мейрам саналуы
керек»**

Жылдар жылжып, айлар сырғып міне, тағы бір Жаңа жыл табалдырықтан аттағалы тұр. Бұл арада біз қаңтардың басында келетін күнтізбенің алғашқы күнін емес әрине, Шығыс халықтарының көпшілігіне ортақ – Әз Наурызды айтып отырмыз. Сонау ықылым замандарда жыл бастауы ретінде кеңінен тойланып, кейіннен

ұмытылып дегендей, өткен ғасырдың аяғына таман халықпен қайта қауышқан Наурыз мейрамы бүгінде төл мерекемізге айналды. Осыған орай, біз Наурыз мейрамының шығу тарихы, қайда, қашан бастау алған деген сияқты мәселелерге қатысты ойларын білмек болып, белгілі жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Әнес Сарайды әңгімеге тартқан едік.

– Әнес аға, оқырман қауымға танымал басқа шығармаларыңызды айтпағанның өзінде, 1994 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болған «Еділ-Жайық» трилогиясы Сіздің қаншалықты қарымды қаламгер екендігіңізді айғақтап тұр. Сондай-ақ, тарихымыздың ақтаңдақ тұстарына да ден қойып, тарихи тақырыптарға қалам тербегеніңізді білеміз. Олай болса, бүгінгі әңгімеміз әдебиет емес, тарих, оның ішінде Наурыз мейрамының шығу тарихы, ерекшеліктері сынды мәселелер жайында өрбісе деген тілек бар.

– Бірден айта кетейін, бүгінде баршаға белгілі болып отырғанындай, Наурыз әу бастан-ақ Шығыс халықтарының мерекесі. Әрине, қай жылы, қай күні дегендей, алғашқы тойланған жылын, айын тап басып айту мүмкін емес. Дегенмен, тарихты зерделеп қарасақ, біраз жайға қанығуға болады. Жалпы, белгілі болып отырғандай, бұл мереке сонау біздің дәуірімізге дейінгі екі мыңыншы жылдардан бастау алады деуге негіз бар. Нақтырақ айтсам, Парсы елінің бірінші патшасы Таймураздың кезінде тойлана бастаған сынайлы. Сол бір кезеңде Парсы елі өзінің экономикасы, мәдениеті, рухани мәселелері жағынан біршама дамып, жан-жағындағы елдерге ықпал ете бастаған. Кейіннен билікке Ахменит әулеті келгенде де сол замандағы озық дамыған елдердің алдыңғы сапында болып, Ескендір Зұлқарнайын заманына дейін сыртқа өз мәдениетін тарататындай мықты мемлекет болғандығы тарихтан мәлім.

Күн мен түннің теңелуіне дәл келетін күнді таңдап, Наурыздың аяғына таман Наурыз мейрамын тойлауы да сол кезде-ақ ғылымның, мәдениеттің дамығандығын айғақтаса керек. Сайып келгенде, Наурыз сөзі сол парсы тілінен бастау алып отыр. Мәселен, «Нау» парсы тілінде – жаңа, ал «Руз» – жыл дегенді білдіреді ғой.

– Өзіңіз жоғарыда айтып өткендей, Парсы елі жан-жағындағы елдерге ықпал етіп, оның мәдениетіне өзгелерден қоя бастаса, көршілес елдер де тойлай бастаған болар...

– Әрине. Мысалы, Индияда, Грецияда, ежелгі Арменияда да Наурызға ұқсас мерекелер болған. Жалпы, Шығыс Азияда сол кезде Наурыз мерекесі тойлана бастады деген дерек бар.

– Сонда сол кездің өзінде-ақ, Наурыз мейрамы жайдан-жай шықпаған, белгілі бір деңгейде ғылыммен дәйектелген деуге бола ма?

– Біріншіден, адам баласы қай кезде де, оның ішінде, әсіресе, ерте заманда табиғатпен тығыз байланыста, көп жағдайда оған тәуелді болғандығын ескеру керек. Жыл маусымдарының ауысуы, күн мен түннің

алмасуы, жыл бойы табиғатта болатын өзгерістер ой-санасы дамыған адамды ойландырмай қоймайды ғой.

Ал, Наурыз айына келетін болсақ, табиғаттың өзі барлық жан дүниенің жандануы, мал төлдеп, өсімдіктің гүл шаша бастауы, бір сөзбен айтқанда, жаңалық атаулының басталар шағын көрсетіп тұрған жоқ па? Наурызды жыл басы деуге осының өзі-ақ жеткілікті емес пе?! Жер бетіндегі пендеге ой-сана берілген соң айналаға ойлана қараумен қатар, «неге?», «қалай?» деген сынды сұрақтарға жауап іздеу заңдылық қой. Осы тұрғыдан алып қарағанда қай жағынан алсақ та, Наурыздың жыл бастауы екендігі ақиқат. Бұл арада табиғат заңдылықтарымен қайталанып келіп тұратын жыл мезгілдерінің ерекшеліктері де ескерілген, яғни, қазіргі тілмен ғылыми тұрғыда дәйектелген десек, артық айтқандық емес.

– Яғни, қазақ сахарасына да Наурыз мейрамы парсылардан келді деуге болады ғой?..

– Жалпы, сонау көне заманда біздің ата-бабаларымыздың Шығыстағы халықтармен, оның ішінде парсылармен қарым-қатынасы өте жақсы дамығандығы тарихтан белгілі. Көптеген қазақ ауыз әдебиетіндегі «қызылбастар» аталатын халық та сол парсылардың бір бөлігі. Тағы да тарихқа зер салсақ, парсылардың Фаридун дейтін ұлы патшасының Тұр, Сәлім және Ирадис атты үш ұлы болған деген дерек бар. Кейбір деректерге сүйенсек, Тұр дегеніміз Түрік. Оның тұрған жері Шаш қаласы екен. Ал, Шаш дегеніміз бүгінгі Тәшкен шаһарының орнында болған. Тағы да қатпар-қатпар тарих қойнауына зер салсақ, ол патшалық Әмудария өзенінен бастап жылан жейтін елге дейін тарап, яғни, Цин елін де билеген. Бұл қазіргі Қытайдың да бір кезде Парсыларға, кейіннен Түркілерге бағынышты болғандығын айқындайды.

Енді бір ерекше назар аударатын мәселе, Ирандардың түсінігінде біз түркі халықтары оларға ағайын болып келеміз. Нақтырақ айтсам, жоғарыда айтып өткенімдей, Фаридун патшаның ең үлкен ұлы Тұр, яғни, түркіден тараймыз. Тұрдан көптеген ұрпақ тарап, ең соңында Афрасияп, түркі тілінде Ер Торған аталады. Осы Ер Торған туралы аңыздар түркілерге жеткен. Оның ұрпақтары Қашқарда, Турфанда, Қотанда отырып қалған дейді. Яғни, Шығыс Түркістанды мекен еткен.

– Тарихтағы басқа деректерге сүйенсек, біздің ата-бабаларымыздың парсылармен тығыз қарым-қатынас орнатқанымен туыстығымыз шамалы сияқты...

– Рас, біздің түсінігімізде, шежіреге сүйенсек (көп деректер ауыз әдебиетіне, шежіреге сүйеніп айтылады ғой) біздің ирандықтармен генетикалық байланысымыз жоқ дегенге саяды. Әрине, мұның бәрі ғылыми тұрғыдан дәлелдеуді қажет етеді. Дегенмен, халықтың жадында сақталып қалған деректерді де ескерусіз қалдыруға болмайды.

Мына бір дерекке назар аударалық. Мәселен, олар кезінде «Тұран елінің құдайы – Арғын паша» деп жазған екен. Одан әрі олар өздері көшпелі өмір сүреді, мал бағады дегенді келтіреді. Сондай-ақ, кейбір жазбаларында «Арғын пашаның ұрпақтары бізге жау» дегенді де келтіреді. Бір жорықтан

соң бір жорық жалғасқан, жер үшін талас туындаған кезде талай жауласуға тура келетін аумалы-төкпелі заманда мұндай қайшы пікірлердің туындауы заңды құбылыс. Бірақ, бір нәрсе айқын. Ол біздің ата-бабаларымыздың Шығыс халықтарымен тығыз қарым-қатынаста болып, мәдени алмасулардың орын алуы.

– Сонда сонау Сақ, Ғұн замандарында қазіргі қазақ жерін мекендеген тайпалар тек Шығысқа назар аударып, теріскейге мойын бұрмаған ба?

– Әрине, қандай халық болса да, айналасындағы елдермен бірде тату, бірде жауласып дегендей, қарым-қатынас орнатады ғой. Дегенмен, ол заманда біздің теріскейімізде қызығатындай ештеңе болмаған сыңайлы. Қазіргі Ресейге, Ібір-Сібірге қарайтын жерлерде халықтың даму деңгейі назар аудартатындай дәрежеде бола қоймаған. Жалпы, әлем мәдениеті, өркениет Шығыстан басталғандығы баршаға аян ғой. Сондықтан, ауыз әдебиетінде болсын, тарихта болсын, біздің теріскейімізге байланысты деректердің мардымсыздау екендігіне таңдануға болмас.

– Қалай болған күнде де, түркілер мен парсылар тығыз байланыста болып, мәдениетте, өздерінің жалпы дамуында бірін-бірі толықтырып, аралас-құралас болған деген пікір туындайды ғой.

–Иә. Мәселен, Түркінің бір баласы Пшан болса, оның Ертонға атты баласы Парсыны 16 жыл билеп, патша болған. Кейіннен парсылар Тәшкенді шауып алған. Мұндай алма-кезек жауласулар, бірде жақсы қарым-қатынаста болу тарихта жиі кездеседі. Бұған байланысты деректер Фирдаусидің «Шахнамасында» айтылады ғой. Сондай-ақ, Бундахшин және тағы да басқа тас жазуларда бар. Енді осыған Дак, Данап сынды біздің Арал теңізінің айналасын мекендеген тайпалардың түркілерге жақын екендігін қоссақ, тағы біраз мәселенің беті ашылады. Міне, сол тайпалар кейіннен парсылардың негізін құрған деген де деректер кездеседі. Тарих қойнауынан сыр шертетін осындай деректерден соң біздің ата бабаларымыздың жалпы, осы өлкені мекендеген ұлыстардың Шығыс мәдениетіне етене жақын екендігін пайымдауға болады. Өзің айтып отырған Наурыз да осы мәдениеттің бір жұрнағы. Яғни, қазақтың төл мерекесі, Жаңа жылды қарсы алатын ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан мейрамы деуге негіз бар.

– Ал, сонда қаңтардың басында тойлау дәстүрге айналған қолданыстағы Жаңа жыл не болды?

– Бұл да бүгінде баршаға аян мәселе ғой. X-XII ғасырларда әлемде едәуір өзгерістер орын алды. Бәрін жіпке тізбей-ақ қоялық, алайда, Юлий Цезарь патша заманында күнтізбеге өзгеріс әкелінді. Сайып келгенде, Жаңа жылды Иса пайғамбардың туған күніне бейімдеуден туындаған мәселе ғой. Деректерге сүйенсек, Христос біздің дәуірімізден бұрынғы 93 жылдары дүниеге келген деген мәлімет бар. Бірақ, туылған айы, күні туралы ақпар жоқ. Бүкіл Еуропаның Христостың туған күнін желтоқсанның 20-сынан бастап, қаңтардың басына дейін тойлайтыны да осындай күмәннен туындаған болу керек. Бұл енді бөлек әңгіме. Логикаға сүйенсек те, табиғатпен санассақ та, жыл бастауы Наурызда келетіндігі дау тудырмайды. Ал, енді қолданыстағы күнтізбеге келетін болсақ, оған уақыт төреші. Сайып

келгенде, онда тұрған ештеңе жоқ. Әрине, Жыл басы ретінде Наурызды дүние жүзі бірге тойласа, дұрыс болар еді. Оны уақыт көрсете жатар.

– Әнеке, Наурызды айтамыз деп тарихты біраз қаузалардық-ау. Енді бүгінгі күнге келелікші. Біз өзі осы мерекені дұрыс тойлап жүрміз бе?

– Бұл арада «мынауымыз дұрыс, мынау бұрыс» дегендей баға беруден аулақпын. Біраз жыл шалғай ауылдарда ептеп еске алынғанымен, елдің көпшілігінде ұмыт қалған Наурыз өткен ғасырдың 90-ыншы жылдары қайта жаңғырды ғой. Өзіңе белгілі, бізде әдеттегідей Наурызды да зиялы қауым қолға алып, сонан соң барып жаппай атап өтіле бастады ғой. Бүгінде бұл мейрам жыл басы ретінде тек Қазақстан ғана емес, түркітілдес елдерде түгел кеңінен тойланады.

– Біз енді негізінен жаппай киіз үй тігіп, Наурыз көже пісірумен, ән мен күйге ерік берумен айналысамыз. Сондай-ақ, еліміздің батыс өңірінде наурыздың орта шенінен, нақтырақ айтсақ, 14-інен бастайды. «Көрісу» деген дәстүр де сол өңірде көп тараған. Бір жүйеге келе алмай жатырмыз ба, қалай?..

– Өзің айтып отырған «Көрісуге» келетін болсақ, бұл да Наурыз тойының ажырамас бір бөлігі деп түсінген абзал. Бұл әсіресе, көп уақыт көшпелі өмір сүріп, мал бағуды кәсіп қылған қазақ халқы үшін ерекше құбылыс. Ол уақытта, әсіресе, еліміздің солтүстік өңіріндегі халық қыс айларында қыстауға көшеді ғой. Яғни, алты айға жуық уақыт ел мен ел арасында қарым-қатынас азаяды. Ал, жер жібіп, «жер аяғы кеңіген» шақта жайлауға үдере көшу басталмай ма? Сол көш наурыздың орта шеніне дәл келіп, ағайын-жұрт бір-бірімен жолығады, көріседі. Бір-бірін қонаққа шақырады дегендей, араласады. Міне, «көрісу» дегеніміздің осыдан туындағаны дау тудырмайды. Сайып келгенде, негізгі той күн мен түн теңелетін 21-інен 22-іне қараған күні ғой.

Ал, енді Наурызды тойлауда салт-дәстүрді, жылдар бойы қалыптасқан тәртіпті ұстанған дұрыс қой. Өзің айтып отырған айнала киіз үй тігу сынды мәселелер де соған жатады. Алайда, салт-дәстүрлерді сақтай отырып, заман ағымын да бажайлап отыруды ұмытпаған абзал. Жалпы, кез-келген дәстүрді уақыт талаптарына сай өзгертпей, бұлжымас қағидаға айналдырсақ, оның тоқырауға алып баратындығын ескермеске болмайды. Киіз үйдің ғасырлар бойы қазақтарға баспана болғандығы белгілі. Өзінің құрылымы, қайталанбас ерекшелігі жағынан әлемді тамсандыратыны да рас. Дегенмен, бүгінгі сәулет өнерінің дамыған шағында ХІХ ғасырдағы баспананы дәріптеуден не ұтамыз? Бүгінде киіз үй үлгісімен жасалған неше түрлі архитектуралық құрылыстар бар. Сайып келгенде, кезінде барлық халықтар да лашықты, үңгірді, тағы да басқа баспаналарды пана қылды. Әрине, киіз үйдің кезінде архитектуралық ғажап шешім болғандығын әлем мойындады. Бірақ, киіз үйді еш өзгертпей, баяғы заманғы материалдарды қолдана отырып паш ете беруден не ұтамыз?

– Даму ерекшеліктерін ескеру керек дейсіз ғой. Рас, бүгінде Наурыз елімізде кеңінен тойланады. Дайындық та өз деңгейінде деуге болады. Солай бола тұра, Әз Наурыз бүкілхалықтық мерекеге айналды деу...

Шындыққа жүгінсек, қаңтардағы Жаңа жылды күткендей аласапыран байқалмайды-ау...

– Олай болу үшін Наурыз әр отбасы үшін үлкен мейрам саналуы керек. Ол енді отбасындағы тәрбиеге, қоғамдағы Наурызға деген көзқарасқа байланысты ғой. Әрбір ұл мен қызды сол әулеттің жақсы қасиеттерін ұғындыра отырып тәрбиелеген сияқты жастарға ұлттық құндылықтарымызды сіңіре білуіміз керек. Патриоттық сезім отбасынан бастау алады. Жалпы, идеология жанұядан бастау алады. Осыны түсініп, түйсініп Наурызды қанға сіңіру қажет. Жаңа жыл бастауы – Өз Наурызды әр отбасы ерекше күтіп, арнайы дайындалатын болса, ол әр жанұя үшін ерекше күнге айналады. Ал, ол түсінік өз кезегінде Наурызды бүкілхалықтық үлкен мейрамға айналдырады. Өкінішке орай, әзірге Наурызға экзотикалық мейрам деп қарау байқалады. Дегенмен, «ауызды құр шөппен сүртуге» болмас. Бүгінде балабақшалар мен мектептерде, оқу орындарында аталып өтіледі ғой. Қалалар мен ауылдар көшелері безендіріледі, жоғарыда айтып өткеніміздей, киіз үйлер тігіліп, концерттер ұйымдастырылады. Қысқасы, Наурыз кеңінен аталып өтілуде. Ал, енді оның бүкілхалықтық сипат алуы, әр отбасының ерекше күтетін мерекеге айналуы уақыт еншісінде.

– Әнес аға, мазмұнды әңгімеңізге рахмет! Наурыз мейрамы құтты болсын!

(«Арқа ажары» газеті, 22 наурыз 2016 жыл).

МАЗМҰНЫ

I ТАРАУ

Байбол Өтепбаев: «Белсенді болудың жөні осы екен деп жоқ жерден дау шығару табиғатымда жоқ қасиет...»

Зәуре Қадырова: «Мәселені шешу үшін жалаң белсенділік емес, тынымсыз жұмыс қажет»

Серік Қонақбаев: «Спорт та, саясат та төзімділікті қажет етеді»

Егор Каппель: «Біздің күшіміз – ынтымақта»

Людмила Хочиева: «Адам қызметімен емес, адамгершілік қасиетімен биік тұруы тиіс»

Серік Қонақбаев: «Кемшілікті өзгеден емес, өзімізден іздейік»

Байбол Өтепбаев: «Депутаттар қатарын көбейтудің қажеттілігін көріп тұрған жоқпан»

Жексенбай Дүйсебаев: «Ауыл шаруасын үйлестіре отырып шешу қажет»

Лале Үлкер: «Қазақстанға, сіздердің Президенттеріңізге және Астанаға сүйсінумен келеміз!»

Меруерт Қазбекова: «Саясат маған жат емес» Бас қаламыздың нақты даму идеологиясы бар

Айгүл Соловьева: «Әйелдерді зейнеткерлікке шығу жасы да толғандырып отырғандығын білеміз»

Светлана Жалмағамбетова: «Шығыс пен батыс үйлесімін тапқан қала»

Жексенбай Дүйсебаев: «Депутат болу дәреже емес, тынымсыз еңбек»

Егор Каппель: «Астана мен Ақмола – егіз ұғым»

Бекболат Тілеухан: «Рухы асқақ мұраты биік бабаларға ұқсайықшы!»

Владимировна Геллерт: «Шешендігім болмаса да, Парламентте қазақ тілінде сөйлейтін боламын!..»

Рамазан Сәрпеков: «Жоғары міндеттердің уақыты келіп жетті»

Жексенбай Дүйсебаев: «Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі – жан-жақты ойластырып, шешіп алатын мәселе»

Светлана Жалмағамбетова: «Мен үшін басты қағида – халықпен бірге болу»

Алдан Смайылов: «Жаңа жылды екі рет қарсы алу қате ұстаным»

Майра Айсина: «Ақмола көз алдымызда дүниежүзі таныған елордаға айналды»

II ТАРАУ

Ақылбек Күрішбаев: «Қазір елімізде ауыл шаруашылығын өркендетуге ерекше көңіл бөліне бастады»

Ахметжан Есімов: «Әлемдік нарықтан өзіміздің лайықты орнымызды аламыз»

Гүлжан Қарақұсова: «Мемлекеттің мықтылығы халықтың әлеуметтік қорғалу деңгейінен көрінеді»

Қайырбек Өскенбаев: «Қазақ даласының туризм орталығына айналатындығына күмәнім жоқ»

Асқар Мамин: «Әлемнің сегізінші кереметі деп текке айтылып жүрген жоқ!..»

Қайреден Кәрібаев: «Өмірден орнымды алу үшін талпындым, ешнәрсеге өкінбеймін»!..

Егор Каппель: «Алдағы қыруар істер қызықтырып, еліктіріп барады»

Әнес Сарай: «Ендігі әдебиет басқа бағытта дамиды сияқты»

Бақберген Мәуленов: «Елорда келбетіне сай болуымызға үкімет те ынталы, облыс, аудан да ұмтылып келеді»

Әнес Сарай: «Наурыз әр отбасы үшін үлкен мейрам саналуы керек»

Техникалық редактор:

Қалкөз Жүсіп.

Дизайнер:

Мырзабек Заңдыбай.

Корректор:

Раушан Омарова.

Кітапты «Ақиқат» вебсайтының Кітаптар бетінен жүктеп алуыңызға болады. Мына сілтеме арқылы өтіңіз:

<https://akikat01.com/wp-admin/post.php?post=91&action=>

